

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

ӘОЖ 297 (09):17
құқығында

Қолжазба

МАХМЕТ МҰРАТХАН

Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеялары

6D020600-Дінтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
PhD доктор, қауымд. профессор
Қ.С. Ержан

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD доктор, профессор
Сайфеттин Ершахин
Анкара университеті, Анкара қ. Түркия

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ АЛҒЫШАРТТАР	11
1.1 Діни дүниетанымды зерттеудің тарихи, әдістемелік негіздері	11
1.2 XIX-XX ғасырдағы Қытай қазақтарының діни, тарихи жағдайы және оның Ақыл діни дүниетанымның қалыптасуына әсері	19
1.3 Ақыл Үлімжіұлының өмір тарихы мен шығармашылығы және тұлғалық болмысы	37
II АҚЫТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР	54
2.1 Ақылтың діни көзқарастары мен теологиялық ұстанымдары	54
2.2 Ақыл шығармаларындағы діни ілім және этикалық құндылықтар ..	76
2.3 Ақыл Үлімжіұлының қазақтың діни ағартушылығы жолындағы еңбегі мен қызметі	90
III АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН ҚОЛДАНБАЛЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ..	103
3.1 Ақыл Үлімжіұлы шығармаларының қазақ әдебиетіндегі діни жанрдың дамуына ықпалы	103
3.2 Ақыл Үлімжіұлы шығармаларындағы діни-этикалық ой-тұжырымдардың өзге ойшылдарымен сабақтастығы	116
3.3 Ақыл Үлімжіұлы шығармаларының бүгінгі таңдағы өзектілігі	134
ҚОРЫТЫНДЫ	148
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ	151

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысында қазіргі Қытай Халық Республикасына қарасты Алтай өңірінде дүниеге келген Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеялары кешенді талданып, ойшыл мұрасындағы діни, мәдени және әлеуметтік көзқарастар терең сараланады. Сондай-ақ, оның қазақ қоғамындағы тарихи рөлі талдап көрсетіледі. Сонымен қатар, Ақыт Үлімжіұлының шығармаларына текстологиялық тұрғыдан зерттеу жасала отырып, ақын мұрасының қазақ мәдениеті мен діни дүниетанымдағы орны бағамдалады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, елдегі ұлттық бірегейлікті, көпэтносты және көпмәдениетті қоғамның бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз ететін рухани, мәдени және тарихи құндылықтарды қайта жаңғырту еліміз үшін маңызды міндеттердің біріне айналды. Осыған орай, ұлттық бірегейлікті сақтау мен қамтамасыз етудің ең басты тетігі ретінде халқымыздың сан ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан дәстүрлі дінін берік ұстануға баса назар аударылды. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың «Ата жолын сақтаймыз десек, ғасырлар бойы бабаларымыз ұстанған асыл дінімізді сақтайық. Дәстүрлі ислам – халқымыздың ұлттық бірегейлігін танытатын басты құндылықтың бірі. Біз оны берік ұстану арқылы экстремизмге және кертартпалыққа қарсы тұра аламыз» - деген тапсырмасы елдегі дәстүрлі діни құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын анық көрсетеді [1].

Қазақстан территориясының тыс жерлерде өмір сүріп жатқан қандастарымыз тарихи отанымен тығыз байланысқан этникалық топ. Олардың ұлттық бірегейлігін, тілін, мәдениетін және салт-дәстүрлерін сақтау - қазақ халқының біртұтастығын нығайтудың маңызды тетіктерінің бірі. Қазақстанның ұлттық бірегейлігі шетелдегі қазақтардың да өзіндік мәдени ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Бұл жағында Қытайдағы қазақтардың рухани мәдениетті өркендетудегі рөлі туралы Дүниежүзі қазақтарының ІІ кезекті Құрылтайында Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.Назарбаев: «Қытайдағы бір жарым миллионнан астам бауырларымыздың бүгінгі таңдағы ұлттық өркендеу үрдісі жақсы. Ана тіліміздің бай, шұрайлы ортасы сонда қалыптасқан. Қазақтың ежелгі мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы қаймағы бұзылмай сақталып отыр. Қазақ халқының баға жетпес асыл мұрасы – ауыз әдебиетінің де басты бір бөлігі – Қытайдағы бауырларымызда» – деп ерекше атап көрсеткен болатын [2, 601 б.]. Қытайдағы қазақтардың өзіндік ерекшелікке ие діни, мәдени жағдайын зерттеу – дәстүрлі ислам құндылықтарының қазақ қоғамындағы орны мен рөлін бағамдауға мүмкіндік береді. Бұл бағытта Ақыт Үлімжіұлы сынды аталған өңірдің ғұламаларының діни дүниетанымын анықтау өте маңызды. Қандай да бір тұлғаның шығармалары мен әдеби мұрасының дәуірлік мәнін, қоғамдық құнын ішкерлей тану және баға беру арқылы бір ұлттың әлеуметтік, діни және саяси жағдайын зерттеуге мүмкіндік туады. Демек,

Ақыт мұраларындағы діни ұстанымдарды зерделеу – Қытайдағы қазақтардың сол дәуірдегі жағдайын сипаттауға жол ашады.

Еліміздің көрші елдермен және қазақтар шоғырлы қоныстанған елдермен тығыз дипломатиялық байланысы нәтижесінде, шетелдегі қазақтардың тарихы мен мәдениетін тереңірек зерттеуге мүмкіндік туды. Осы орайда, Қытайда туылып, сонда ғұмыр кешіп, күллі қазақтың ақыны, ойшылына айналған тұлға – Ақыт Үлімжіұлының діни-ағартушылық қызметі мен діни дүниетанымын бағамдауға жаңаша жол ашылды.

А.Үлімжіұлының шығармалары қазақ халқының мол рухани мұрасының бір бөлімін құрайды. Оның діни өлеңдері ислам негіздері мен ілімдерін терең түсіндіріп, дәстүрлі қазақ қоғамы мен мәдениетіне діни білімді тереңдеуге өзінідік ықпалын тигізді. А.Үлімжіұлы шығармалары ислам дінінің қазақ халқының өмірі мен тұрмысына әсерін, халықтың әлеуметтік, мәдени және моралдық құндылықтарына ықпалын саралауға мүмкіндік береді. Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымы арқылы шетелдегі қандастардың сол дәуірдегі діни және саяси жағдайы туралы кеңірек мәлімет алуға болады. Өйткені, А.Үлімжіұлы сынды отаршылдық саясаттың қысымына ұшыраған ойшылдардың діни дүниетанымын зерттеу сол кезеңдегі діни қысымға қарсы рухани күрес пен діни және ұлттық бірегейліктің рөлін айқындауға болады. Ақыт шығармаларында дәстүрлі ислам құндылықтары мен халықтың сенім жүйесі үйлесімді көрініс тапқан. Бұл өз кезегінде халқымыздың діни дүниетанымындағы ерекшеліктерді түсінуге, қазақ салт-дәстүрлерінің ислам шариғатымен сабақтастығын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Ақыт Үлімжіұлы – ақын, ойшыл болуымен қатар, бүкіл ғұмырын қазақ халқын өнер-білімге, оқуға шақырған, халықтың діни білімін арттыруға қызмет еткен ағартушы ұстаз. Сондықтан, Ақыттың діни дүниетанымын зерттеу қазақ тарихындағы діни білім берудің тарихы мен жағдайын анықтауға жол ашады.

Ақыт дүниетанымын зерттеудегі келесі бір мәселе оның поэзиясы діни тақырыптарды қозғап қана қоймай, сонымен бірге исламның моральдық және этикалық құндылықтарын насихаттайды. Оның діни өлеңдері қазақ әдебиетінің діни жанрларының дамуына ықпал еткен, бұл қазақ халқының ежелден келе жатқан әдеби мұрасын зерттеу үшін де өзіндік маңызға ие.

Демек, Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымы қазақтың діни-рухани өмірінің ерекше кезеңін көрсетеді. Оның еңбектерін зерттеу арқылы қазақ халқының діни көзқарастары мен олардың даму жолдарын тереңірек түсінуге жол ашады. Оның діни дүниетанымын зерттеу арқылы қазақтың діни дәстүрлері мен құндылықтарын сақтап қалуға, сондай-ақ өткеннің рухани тәжірибелерін бүгінгі ұрпаққа жеткізуге болады. Бұл сан ғасырлық тарих барысында қалыптасып, бүгінге жеткен елдің ұлттық бірегейлікті сақтау үшін өте өзекті болып саналады.

Зерттеу жұмысының нысаны мен пәні. Зерттеу нысаны – Қытайдағы қазақтардың діни, әлеуметтік ахуалы және А.Үлімжіұлының өмірі мен

шығармашылығы. Зерттеу пәні – Ақыттың діни дүниетанымдық идеялары, ақын шығармаларындағы діни, мәдени және әлеуметтік ұстанымдары, сондай-ақ, оның қазақ қоғамындағы тарихи рөлі.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеяларын кешенді түрде зерттеу арқылы оның шығармашылық мұрасының мәні мен қазіргі қоғамдағы маңызын анықтау. Зерттеу барысында Ақыттың діни көзқарастарының қазақ халқының рухани, мәдени және әлеуметтік өміріндегі рөлін, сондай-ақ, оның басқа ойшылдармен сабақтастығын талдау.

Осы мақсатты жүзеге асыруда төмендегідей міндеттерді шешу көзделеді:

- XIX-XX ғасырдағы Қытай қазақтарының діни, әлеуметтік жағдайы және оның Ақыт шығармашылығына әсерін анықтау;

- Ақыт Үлімжіұлының өмір тарихы мен шығармашылығын зерттеу;

- Ақыт дүниетанымындағы теологиялық мәселелерді анықтау;

- Ақыт шығармаларындағы діни этикалық құндылықтарды зерделеу;

- Ақыт Үлімжіұлы шығармаларының өз кезеңіндегі діни әдебиетке ықпалын көрсету;

- А.Үлімжіұлы шығармаларындағы діни-этикалық ой-тұжырымдардың өзге ойшылдарымен сабақтастығын салыстыру;

- Ақыт Үлімжіұлы шығармаларының бүгінгі таңдағы өзектілігін айқындау.

Зерттелу деңгейі. А.Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеяларын зерттеуде көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен ақынның өзі жазып қалдырған еңбектері негізі дереккөзі ретінде қолданылды. Қарастырылған мәселелер мен зерттеу ерекшеліктеріне байланысты осы бағыттағы зерттеулерді төмендегідей топтастыруға болады:

- А.Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеяларын зерттеудің негізгі дереккөздері оның шығармалары мен жазба мұраларынан алынған мәліметтер болып табылады.

- Ақыт Үлімжіұлының шығармалары туралы еңбектер. Бұған Ақыттанушы ғалымдар Ғ.Ақытұлы, Қ.Жәнәбілұлы, Қ.Нұртазаұлы, К.Жанбозұлы, Ә.Қалиұлы, Б.Жұмабайұлы, Б.Бопайұлы, Д.Капұлы, Г.Омарова, А.Кірішбаев қатарлы зерттеушілердің еңбектері теориялық және әдіснамалық бағдар ретінде алынды. Сондай-ақ, Н.Катанов (Ресей), Нергис Бирай (Түркия) т.б. шетелдік ғалымдардың еңбектері маңызды үлес қосты.

- Қытай қазақтарының саяси, діни және мәдени жағдайы туралы Су Бихай, М.Исахан, Я.Құмарұлы, Ж.Шәкенұлы, Joseph Esherick қатарлы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қолданылды.

- Қытай қазақтарының әдебиеті мен мәдениеті, философиясы туралы Н.Мыңжани, Р.Мағазұлы, У.Қыдырханұлы, Ж.Мырзаханов қатарлы зерттеушілердің еңбектері арқылы сол кездегі қоғам жағдайымен терең танысуға, сол арқылы Ақыт дүниетанымының қалыптасуының тарихи, мәдени факторларын зерттеуге болады;

- Діни дүниетаным ұғымын анықтау үшін М. Элиаде, В. Дильтей, Рассел Бертран, В.Н. Топоров, М.Ахундов, Ә.Тұрғынбаев, С. Мырзалы, Н. Байтенова қатарлы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстары пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілдері. Зерттеу жұмысының алдына қойылған міндеттер мен мақсатқа қол жеткізу барысында тарихи салыстырмалы, компаративистикалық, герменевтикалық, феноменологиялық әдістері кеңінен қолданылды.

- тарихи салыстырмалы әдіс (А.Үлімжіұлының еңбектерін тарихи тұрғыда зерделеп, оның діни дүниетанымының қалыптасуына әсер еткен тарихи және мәдени жағдайларды зерттеу үшін);

- компаративистикалық әдіс (Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеяларын өзге ойшылдардың идеяларымен немесе басқа діни-философиялық жүйелермен салыстыру үшін);

- герменевтикалық әдіс (Ақыт еңбектеріндегі діни мәтіндерді талдап, дұрыс интерпретация жасау үшін);

- феноменологиялық әдіс (Ақыт дүниетанымын, діни тәжірибесін және философиясын жан-жақты және бейтарап тұрғыда түсіну үшін).

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

Зерттеу жұмысында Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі, дін және қоғам қайраткері, діни ағартушы, ақын, философ Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеялары тұңғыш рет дінтанулық талдау жасалынды. Зерттеу нәтижесі ретінде төмендегі ғылыми жаңалықтар ұсынылады:

- Қытайдағы Шыңжаң өңіріне қазақтардың қоныстануы, аталған өңірге ислам дінінің таралуы және Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік, діни жағдайына әсер еткен ішкі және сыртқы себептері анықталды.

- XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қытай қазақтары арасында діни білім беру жүйесінің қалыптасуы мен оның халықтың діни, әлеуметтік жағдайына көрстекен әсері қарастырылды.

- Ақыт Үлімжіұлы діни дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік, саяси және діни факторлар талданып, сараланды.

- А.Үлімжіұлының діни дүниетанымына кешенді талдау жүргізілді. Оның шығармаларындағы діни-этикалық ойлардың ұлттық және мәдени негіздері анықталды, Сол арқылы Ақыт еңбектерінің қазақ халқының рухани мұрасындағы орны мен маңызы айқындалды.

- Ақыт Үлімжіұлының әдеби шығармаларындағы діни және моральдық-этикалық мәселелер талданып, оның діни көзқарастарының көркемдік ерекшеліктеріне әсері, Діни идеялардың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ықпалы анықталды.

- Ақыт Үлімжіұлының діни ойларының тарихи кезеңмен және сол кездегі қоғамдық-саяси жағдаймен байланысы жан-жақты қарастырылды. Оның діни көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен факторлар, тарихи тұлғалардың әсері зерттелді.

- Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымының, діни-этикалық ойларының қазіргі қоғам үшін маңыздылығы, оның қазақ халқының рухани жаңғыруына қосар үлесі ғылыми тұрғыда талданды. Оның көзқарастарының заманауи діни, мәдени және әлеуметтік мәселелерді шешудегі ықтимал қолдану аясы анықталды.

Қорғауға ұсынылған ғылыми тұжырымдар.

Ақыт Үлімжіұлы шығармаларындағы дүниетанымдық көзқарастарға талдау жасалғанда, зерттеу жұмысының тақырыбына, мақсат-міндеттеріне, зерттеудің негізгі нәтижелеріне және ғылыми жаңалығына байланысты төмендегідей тұжырым жасауға болады:

1) Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен алғашқы фактор – отбасы мен қоршаған ортасы. Ақын өмір сүрген ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың орта кезі Шыңжаң өңірі саяси дүрбелеңге толы кезең болуымен ерекшеленді. ХІХ ғасырдың соңында Алтай қазақтары Пекинге төте қарап, Манжурлік Цинь империясынан уаңдық, күндік шен алып, өз өңірінің билігі ресми тұрғыда осы шен иелері мен халық арасынан сайланған төрт бидің иелігінде болды. Кейін өңір 1912-1928 жылдары Яң Зыңшин, 1928-1933 жылдары Жин Шурын, 1933-1944 жылдары Шэн Шицай қатарлы Шыңжаңның жергілікті милитаристерінің билігіне өткеннен кейін, халықтық еркіндік тұмшаланып, ғылым, білімге шектеу қойылды. Мұның ішінде дін және руханият саласы да тоқырауға ұшырады. А. Үлімжіұлы шығармаларында осы кезеңдегі қазақ халқының діни, саяси жағдайлары баяндалады. Сондықтан, Ақыт өмір сүрген осы кезеңінің әлеуметтік және саяси жағдайын зерттеу – қазақстандық исламтану мектебін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу қорытындысы ХІХ-ХХ ғасырлардағы Қытайдың діни саясаты мен халықтың өз діни құндылығын қорғау жолындағы әрекеттері үшін жасалатын зерттеулерге өз септігін тиігізеді.

2) Алтай, Қобда өңіріне исламның таралуы ерте басталғанымен, халықтың толық мойындап, діни оқу орындарын салып, дінге бет бұруы кеш басталды. Бұған Шыңжаң билеушілерінің халықты надандықта ұстау саясаты, сыртқы әлемнен оқшаулану және халық арасынан шыққан зиялы қауымды қуғындау саясаты қатарлы бірқанша себептер ықпал етті. Бұл факторлар елдегі әлеуметтік және діни жағдайдың дамуына өз кедергісін келтірді. Алайда, осыған қарамастан, ел ағалары мен ауқатты адамдар жұртты ояту мен ел бірлігін сақтаудың жалғыз жолы – халықты сауаттандыру деп білді. Осының нәтижесінде өңірлерде мешіттер мен медреселер ашылып, халық арасындағы сауатсыздықты жоюға бағытталған шаралар жедел қолға алынды. 1870 жылы Алтайда алғаш рет «Жотақажы» медресесі ашылып, осыдан кейін Қытай қазақтары шоғырланған аймақтарда медреселердің саны жылдан-жылға арта түсті. Кей жерлерде халықтың тұрмыстық жағайына байланысты көшпелі білім беру тәсілдері қолданылды. Аталған білім беру орындары тек діни білім ғана берген жоқ. Сонымен бірге, олар қоғамның мәдени, әлеуметтік және рухани салаларына да елеулі ықпал етті. Қытай қазақтарының діни білім беру жүйесін зерттеу – қазақ халқының

дүниетанымына сай дәстүрлі исламның ғылыми-теориялық негізін дамыту үшін аса маңызды.

3) А. Үлімжіұлы өзі ғұмыр кешкен қоғамның кері кеткен сиқына, «қағынған қоғамға» қарсы философиялық ой толғады. Жастайынан алған діни білімі және сол арқылы араб, парсы, шағатай және түрік тілдерін жетік меңгеруінің арқасында шығыстық ойшылдармен, ақындармен ерте танысты. Қазақ ақыны Абай еңбектерімен танысуы да ақын шығармашылығына өзгеше реңк, өзгеше шабыт береді. Алла сөзін өлеңмен жырлай отырып, Ақыт халықты имандылыққа, білімге шақырды. Ғұмырының соңына дейін ағартушылықпен айналысып, Қытайдағы қазақ зиялылары шоғырының қалыптасуына үлкен ықпал етті.

4) А.Үлімжіұлының еңбектері – Қазан баспасынан шыққан кітаптарынан және халық аузынан жиналып, реттеліп, бүгінгі күнге неше том болып жеткен құнды мұра. Алмағайып заманда өмір сүрген ақынның шығармаларының халыққа аман-есен жетуі де – бір бақыт. Өйткені, А.Үлімжіұлы шығармашылығы – қазақ поэзиясының діни, ағартушылық және философиялық бағыттарының тоғысқан шыңы. Араб-түркі мұсылман әдебиетінде қалыптасқан тассауф әдебиеті ақын шығармашылығымен, қазақы дүниетанымға сай болмыспен кеңінен жырланған. Ақыттың әрбір жырынан Орта Азияға кең таралған Матуриди кәләм мектебінің ұстанымын байқауға болады. Адамгершілік және этикалық қағидастар тұрғысынан алғанда, тариқатқа тән рухани кемелдену принциптері де айқын байқалады. Ақын шығармасында Пайғамбарымыздан өзіне дейінгі рухани силсиланы өлең түрінде жеткізеді. Өзі «дін күтіп» отырмаса да, нақшбанди тариқатының ілімдерін халықты адамгершілік, имандылық, өзін-өзі кемелдендіруге шақырудың әдістемелік құралы ретінде пайдаланады. А.Үлімжіұлының діни дүниетанымын зерделеу – сол кездегі қазақ халқының діни және мәдени жағдайын бағамдауға, өңірдегі діни ахуалды сипаттауға мүмкіндік береді. А.Үлімжіұлының бүгінге дейін жеткен шығармалары осы көзқарасты айшықтаудағы әдіснамалық негіз бола алады.

5) А. Үлімжіұлы – қазақ жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Оның шығармашылығының басты тақырыбы болған этикалық және діни көзқарастар қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. А.Үлімжіұлы еңбектерінде Құран мен хадиске сүйене отырып, Алланың бірлігін жырлайды, діни құндылықтарды дәріптеп, адамгершілік, этикалық қасиетті адам жүрегіне жеткізуге талпынады. Оның шығармаларында лирикалық түспен рухани тереңдік қатар көрініс таба отырып, Аллаға махаббат, өмірдің мәні, сенімнің шынайы болмысы туралы теологиялық мәселелерге нақты жауаптар беріледі. Ақыт шығармашылығының қазақ әдебиетіне қосқан тағы бір үлесі – діни, шариғи мәселелерді халыққа түсінікті, табиғи формада жеткізуі. Бұл ақынның Абай шығармаларына еліктеп өлең жазуында да анық көрініс тапқан. Демек, Ақыт Үлімжіұлы – ақын, ағартушы, ойшыл, дін қайраткері және кітаби ақын.

б) Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымының қалыптасуына әсер еткен факторлар – қоғамдық орта, отбасы тәрбиесі, Науаи, Низами қатарлы шығыс ақындарының еңбектері мен Әл-Фараби, Ясауи, Абай сынды түркі, қазақ ойшылдарының шығармалары. А.Үлімжіұлы аталған ойшылдардың еңбектерімен таныса отырып, өз шығармашылық мұрасы арқылы өшпес із қалдырды. Зерттеу жұмысында А.Үлімжіұлының моральдық философиясындағы Әл-Фарабимен ұқсастықтары, Қожа Ахмет Ясауи, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларымен үндестігі туралы салыстырмалы зерттеу жасалынды. Сондай-ақ, Ақыт Үлімжіұлының Абай шығармаларымен танысуындағы саяси жағдайлар және Абай еңбектерінің Ақыт шығармашылығына ықпалы туралы баяндалып, Ақыттың тек оқушы ғана емес, Абайды Қытай қазақтарына танытқан ірі тұлғалық болмысы қарастырылды. А. Үлімжіұлы діни ақын ғана болған жоқ. Сонымен бірге, ол қоғам қайраткері болды. Жері мен елі тозған халықтың мұңына күйіне отырып, білімісіздік пен дінсіздік жайлаған қоғамды ашына жырлайды. Осылайша, ол Шортанбай Қанайұлы бастаған «Зар заман ақындарының» қатарын толтырады. Демек, Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымын зерттеу – халықтың сол кезеңдегі діни және әлеуметтік жағдайын терең талдауға жол ашары сөзсіз.

Зерттеу жұмысының практикалық, теориялық маңызы. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер дінтанулық тұрғыда әлі күнге дейін толық зерттелмеген Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық ұстанымдарын, философиялық жүйесін зерттеуге қажетті ғылыми әдебиет ретінде ұсынуға болады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Қытайдағы қазақтардың сол кезеңдегі діни мәдени жағдайы мен саяси, әлеуметтік ахуалына қатысты зерттеулерге өз үлесін қоса алады. Қазақ еліне көшіп келген қандастарымызды бейімдеу, оларға діни ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуде көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижесінің апробациясы. зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, скопус базасындағы ғылыми журналдарда көрініс тапты: Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша 13 ғылыми мақала жарияланды. Соның ішінде Web of Science Core Collection деректер қорына енетін жарияланымда 1 мақала:

1. The importance of religious education in consolidating kazakh identity in China: An historical approach // Web of Science: Religious Education. – 2021. Vol. 116, Iss. 5. – P. 521–530. (квартиль – Q-1, процентиль - 78).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 5 мақала:

1. Матуриди ақидасының Ақыт Үлімжіұлы шығармаларында көрініс табуы. ҚазҰУ хабаршысы, Мәдениеттану сериясы, №4 (62) 2017. – 147-154 б.

2. Қытай қазақтарының діни білім беру жүйесіндегі «Абақия» медресесінің орны. ҚазҰУ Хабаршы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. №1 (63). 2018. – 178-186 б.

3. Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымындағы ерекшеліктер. ҚазҰУ Хабаршы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. №2 (68). 2019. – 171-179 б.

4. Relationship between Religion and Customs Law in Traditional Kazakh Society. ҚазҰУ Хабаршы. Дінтану сериясы. №3 (31) 2022. – 36-44 б.

5. Дуальность социума «гармония – дисгармония»: взгляд через призму Коранического откровения. ҚазҰУ Хабаршы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №1 (63). 2018. 78-88 бб.

Отандық және шетелдік конференцияларда 7 мақала:

1. The formation of religious educational system of kazakhs in China. Materials of the XIII International scientific and practical Conference Science without borders – 2018. – 54-59 б.

2. XX ғасырдағы Қытай қазақтарының діни жағдайы және Қытай компартиясының діни саясаты. Исламтану және араб филологиясы мәселелері. халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. XVII том. 2019ж. – 73-83 б.

3. Қазақ даласына буддизмнің таралуына тарихи-дінтанулық шолу. «Дәстүр мен жаңашылдықтың діни қырлары әлемдік және қазақстандық болмыс аясында» Республикалық ғылыми конференция материалдарының жинағы, 2022ж. – 173-181 б.

4. А.Үлімжіұлының өмірімен шығармашылығындағы діни дүниетаным эволюциясы. Recent scientific investigation. Proceedings of XLI International Multidisciplinary Conference. - February, 2023. – 135-144 б.

5. Ақыт Үлімжіұлы дүниетанымындағы діни-этикалық ой-тұжырымдар. «Ислам өркениеті кеңістігіндегі Хусамуддин әс-Сығнақи мұрасы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2023. – 140-146 б.

Халықаралық, Республикалық танымдық журналдарда 2 мақала:

1. Ақыт Үлімжіұлы шығармаларындағы кемел адам концепциясы. «Ақиқат» журналы. - 2023ж. сәуір. №4. – 78-81 б.

2. Әл-Фараби мен Ақыт Үлімжіұлының моралдық философиясының рухани сабақтастығы. «Исламтану зерттеулері» журналы. №1 (001) 2024. – 165-174 б.

Ғылыми жұмыстың құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен және қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші және екінші бөлім екі тараудан, ал соңғы бөлім екі тараудан құралған. Жұмыстың жалпы көлемі – 159 бет.

І АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАР

1.1 Діни дүниетанымды зерттеудің тарихи, әдістемелік негіздері

Әлемдік өркениеттерде адамның рухани-адамгершілік дамуы мен оның негізі болып табылатын білім мен тәрбие мәселелері қашанда шешуші мәнге ие болды. Өртүрлі халықтар мен ұлттардың мемлекеттік дамуындағы рухани-тәрбиелік өзгерістер олардың өзіндік ерекшеліктері негізінде жүзеге асса да, сайып келгенде, олар адамзат дамуының жалпы заңдылықтары мен тенденцияларын айқындайтын тұтас қоғамдық-саяси процесс ретінде көрінеді. Адамзаттың басты мақсаты – жайлы, бақуатты өмір сүруді қамтамасыз ету болғандықтан, рухани фактордың маңызы мен ықпалы арта түсуде. Әсіресе, жаһандану үдерістері қарқынды дамып жатқан қазіргі жағдайда адамзаттың көркемдік деңгейінің шегі саналатын рухани құндылықтар мен оларға деген сұраныстың артуы адамның діни дүниетанымын зерттеудің өзектілігін одан сайын арттыра түсуде.

Дін – көп қырлы, күрделі әлеуметтік құбылыс. Діннің басты қызметі – дүниетаным. Зерттеу түйінінің ерекшеліктеріне сай дүниетанымды ғылыми және діни дүниетаным деп бөліп қарастыруға болады. Діни дүниетаным адамның субъективтілігінің абсолютті модельділігіне, құндылықтар мен идеалдар жүйесіне негізделсе, ғылыми дүниетаным барынша максималды объективтілік пен минималды құндылық компонентіне ұмтылуымен ерекшеленеді [3, 197 с.].

Әлем руханиятты жоғалтудың жаһандық проблемасына тап болған бүгінгі күн үшін діндердің құндылықтар жүйесін зерттеу де маңызды рөл атқарады. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы дүниетанымдық дағдарыстың пайда болуымен сипатталады. Адамзат руханиятының басына түскен дағдарыстың бір себебі – болмыстық принциптен, адамдарды біріктіретін мұраттар мен идеялардан айырылудан көрініс табуда.

Осы себепті, діни дүниетаным мәселесін зерттеп, зерделеу, адамның немесе қоғамның діни құндылықтар жүйесін саралау өзекті тақырыпқа айналды. Діни дүниетанымды зерттеудің тарихи, әдістемелік негіздерін зерттеу үшін жалпы дүниетаным ұғымына қысқаша анықтама бере кету керек.

Жалпы, дүниетаным терминін қазіргі мағынасында болмаса да, сөз ретінде алғаш рет неміс философы Иммануил Кант өзінің «Таза ақылға сын» (Kritik der reinen Vernunft), «Практикалық ақылға сын» (Kritik der praktischen Vernunft) және «Пайымдау қабілетіне сын» (Kritik der Urteilskraft) еңбектерінде «weltanschauung» (дүниетаным) деп қолданған. Мұндағы welt сөзі әлем, дүние деген мағынаны білдірсе, anschauung сөзі таным, түсінік, көзқарас деген мағынаны білдіреді [4, 777 б.]. Кейін бұл ұғымды неміс философы Вильгельм Дильтей ғылыми айналымға енгізді [5, 135-152 сс.]

Дүниетаным терминінің одан кейінгі қолданылуы XVIII ғасырдың басында неміс философтарының еңбектерінде, сонымен қатар

Ф.Э.Шлейермахердің «Дін туралы сөздер» атты еңбегінде кездеседі. Г.В.Гегель «Рух феноменологиясы» еңбегінде «адамгершілік дүниетаным» туралы кеңінен сипаттаса [6. 322–330 бб]. «Эстетика туралы дәрістерде» (бірінші кітап) Гегель «діни дүниетанымды» қарастырады [7, 329-330 б.]. Сол еңбегінде Гегель суретшінің идеялық позициясын сипаттау үшін «теориялық дүниетаным» ұғымын қолданады [8, 192 б.]. Осылайша, Гегель дүниетанымның әртүрлі түрлерін ажыратуға тырысты. Э.Дюринг метафизиканың орнына дүниетаным теориясын жасады. Г.Гомперцтің пікірінше, дүниетаным – бұл жеке ғылымдарда дамыған идеяларды дәйекті түрде түсінуге мүмкіндік беретін «космотория» және практикалық өмір фактілер.

Адамдардың өз дүниетанымдарына деген берік сенімі қашан да адам өмірі үшін маңызды саналады. Сондықтан адам психикасы өз дүниетанымын сақтауға және қорғауға мүдделі және бейім келеді. Айталық, өзінің көзқарасы мен ұстанымына қайшы келетін ақпаратқа тап болған кезде когнитивтік процестер мен мінез-құлыққа белсенді түрде қатысады немесе адамдар өздерінің дүниетанымымен келіспейтін өзге адамдардан аулақ болады [9, pp. 28-84]. Төтенше жағдайларда адамдар өздерінің дүниетанымына қауіп төніп тұрғанын сезгенде, тіпті дүниетанымын бұзушыларға қарсы зорлық-зомбылықты қолдайды [10, 547-566 бб.]. Осылайша, адамдар өздерінің дүниетанымын сақтауға ынталы болады және бұл үшін басқаларды кемсітеді және тіпті агрессия жасайды.

Дүниетаным – адамның өмірлік қажеттіліктерімен, мақсаттарымен, мүдделерімен және қоршаған ортамен күнделікті тәжірибесіне байланысты болатын, адам өмірінің ішкі детерминанттарының салыстырмалы автономды және тұрақты жүйесі. Ол адамның өмірі үшін фундаментальды функциялары бар, тұтас, көп деңгейлі, күрделі ұйымдастырылған әлеуметтік қатынастар жүйесі түрінде пайда болады. Дүниетаным жүйесі ойлар мен сезімдерді, мотивацияны (ерікті) және әрекетті, саналы және бейсаналы, сөз бен істі біріктіреді. Дүниетанымды саралаудың үш тәуелсіз критерийін анықтауға болады. Олардың біріншісін гносеологиялық деп атауға болады, өйткені ол дүниетанымның ғылыми, ғылыми емес және ғылымға қарсы түрлерін білдіреді. Екінші критерий табиғаты жағынан объективті болып табылады. Мұнда нақты немесе дүниетанымда өзінің жалпыланған теориялық көрінісін алатын табиғи немесе әлеуметтік шындық туралы айтылады. Үшінші критерий – әмбебап синтетикалық, яғни табиғи және әлеуметтік шындықты қамтитын біртұтас жүйе.

Дүниетанымның келесі бір маңызды қызметі адам болмысын, оның өмірі мен өскен ортасын, ғұмыры және осы ғұмырындағы адам баласының бойында қалыптасқан дүниеге көзқарасын бағамдау. Демек, дүниетаным түсінігі әлемге, әлемдегі құбылыстарға, адамдарға, адамның әлемдегі орнына, қоғам және қоғамның жекелеген салаларына, таным процесіне негізделген көзқарастарға экономикалық, әлеуметтік, саяси, құқықтық,

этикалық, көркемдік, діни, философиялық және басқа да салалар бойынша анықтама беру үшін қолданылған.

Дүниетаным адамның өмір сүру формасын, іс-әрекетін, моральдық және рухани құндылықтарын айқындайды. Сол арқылы адамға ең жоғары дәрежедегі ақыл иесі деген анықтаманы береді. Айталық, қазақ даласынын шыққан ойшыл Ақыт Үлімжіұлы өлеңдерінде, ғазелдерінде, мақал-мәтелдерінде, әдеби шығармаларында адам ең биік, асыл жаратылыс ретінде танылады. Оның пікірінше, адам барлық жаратылыстардың ішіндегі ең сұлуы, оның ойлау қабілеті қайталанбас көркемдік-эстетикалық мұраны сақтап қана қоймай, оны сақтап, келешек ұрпаққа мұра ретінде қызмет етеді. Адам бұл дүниедегі болмыстың сырын ұғыну сияқты жаратылыстың нәзік тұстарын жүрегінде сезінеді. Осының негізінде адам Аллаға деген сүйіспеншілікті сезіне бастайды. Ақыттың Абай өлеңдері негізінде жазған «Дәләйлул Ғақлия» өлеңінде:

Адамдық ақылға еріп өзін жеңбек,
Жақсылыққа жанасып жақын келмек.
Шығандап, шыға ойлайтын талабы жоқ,

Рас жаһил қысылса көпке көнбек [11, 107 б.]– деп баяндауының сыры осында жатыр.

Демек, дүниетаным – адамның дүниеге көзқарасын және ондағы орнын қалыптастыратын ортақ сенімдерді, көзқарастарды және құндылықтарды сипаттайтын жалпы термин [12. 7 б.].

Сондықтан, дүниетанымды қоғамдық сананың жалпы және жоғарғы деңгейі ретінде қарастыруға болады. Ол философиялық, ғылыми, саяси, гуманистік және эстетикалық көзқарастардан тұратын өз түрлеріне тән бірнеше элементтерден қалыптасады:

1. Мифологиялық дүниетаным: Шындық туралы мифологиялық білімдер жинақталып, жүйеленген кезеңде жасалды, ол сол дәуір адамдарына тән болмыстың адам санасындағы қиялдық көрінісі ретінде көрінеді. Олар шындықты әртүрлі әңгімелер мен аңыздар негізінде суреттеп, оны батырларды, зұлымдық пен жақсы күштерді бейнелейтін бейнелер түрінде көрсетеді. Табиғаттағы жансыз заттарды, отты, суды, ауаны, табиғат құбылыстарын жандандыру белгілі бір тірі бейнелердің көрінісі деп саналды.

2. Діни дүниетаным: әлемдегі оқиғалар мен құбылыстардың себептерін құдайлық, табиғаттан тыс күш арқылы сипаттайды. Діни сенім, сезім, діни сенімге сену, илаһи күштерге табыну – діни көзқарастың маңызды қасиеттерінің бірі.

3. Атеистік дүниетаным: дүниені түсіндірудің ғылыми, логикалық және эмпирикалық әдістеріне назар аудара отырып, құдайлық күштер мен табиғаттан тыс құбылыстардың бар екендігін жоққа шығарады.

4. Гуманистік дүниетаным: адамдардың құндылығын және барлық адамдар үшін әл-ауқат пен бақытқа ұмтылуды растайды, көбінесе парасат, этика және әлеуметтік әділеттілік принциптеріне негізделген.

5. Философиялық дүниетаным: Шындық пен оның табиғатын қабылдауға әсер ететін идеализм, материализм, рационализм және басқалар сияқты философиялық ұғымдар мен идеяларға негізделген.

6. Экзистенциалды дүниетаным: жеке болмысқа, өмірдің мәніне және таңдау еркіндігіне баса назар аударады, көбінесе жеке адамның өз болмысын жасаудағы күшін атап көрсетеді.

7. Мәдени дүниетаным: белгілі бір мәдениетке немесе қоғамға тән дәстүрлер, құндылықтар және мәдени нормалар арқылы анықталады [13, 11 б.].

Жоғарыдағы анықтамалардан дүниетаным ұғымының адамның әлемге, қоршаған ортаға, кез-келген құбылысқа қарата ұстаған көзқарасы екенін байқауға болады. Дүниетанымның барлық түрлері жеке адам өмірінде бір-бірін тоғыстырып, толықтыра алады.

Діни дүниетаным өзге дүниетанымдардан адамдарға өмірдің мәні мен мақсатын табуға көмектесуімен, адамдарды біріктіріп, қауымдастық құруға ықпал етуімен, моральдық және этикалық нормаларды ұсынуымен, медитация, дұға, ғибадат сияқты рухани тәжірибелер арқылы ішкі тыныштық пен үйлесімділікке жетуге мүмкіндік берумен, қиын жағдайларда үміт пен жұбаныш беруімен ерекшеленіп тұрады. Сондықтан, дінтану ғылымы аясында қалыптасқан діни дүниетаным қоғамға немесе адамға дүниеге түпкілікті көзқарас ортану бойынша жүйелі бағдар бере алады. Сонымен қатар, адамның алдына қойған мақсаттарына жетуге жол сілтейді. Адам тіршілігіндегі өмірлік мән мен құндылықтарды таба алады.

Адамзаттың даму тарихындағы ғылыми жаңаланудың нәтижесінде мифологиялық санадағы тайпалық құдайларға табынудың орнын ендігі жерде тағдырға сенім мәселесі алмастырды. Бұл құбылыс философия саласында космогония және онтология ілімдерімен ерекшеленетін жаратушы бір күштің бар екендігін мойындауға ұласты.

Ғаламның жаратылысы туралы мифтік сана тек ежелгі дәуірдің танымдық мұқтажыдығын ғана көрсеткен жоқ, сонымен бірге сол қоғамдағы әлем ахуалын, ғалам жаратылысымен байланысты болды.

Әлем бос кеңістік хаостан пайда болып, кейіннен формаға, шынайы қалыпқа айналғаннан кейін, осы қалып қашан да қасиетті сипат алады. Ағылшын ғалымы М. Элиаде «Кеңістікке, уақытқа, нәрселерге, адамдарға және т.б. қасиеттілік сипатын берудің сансыз әрекеті, шынайылыққа деген ұмтылыстан, алғашқы қауымдық адамның болуға деген құмарлығынан хабар береді» [14, 38 с.].

Дін заңды құбылыс ретінде пайда болды және адамның табиғаттан тыс заттар мен құбылыстарға деген сенімін қанықтыратын терең тамыры бар. Діннің де психологиялық, гносеологиялық, әлеуметтік және саяси тамырлары бар.

Кейбір адамдар үшін дін олардың шешімдеріне, қарым-қатынасына, ойлауына және өмір салтына әсер етіп, өмірінің негізіне айналады. Басқалары үшін бұл неғұрлым шектеулі әсер етуі немесе мүлдем болмауы мүмкін.

Діни дүниетаным тарихи даму кезеңдері бойынша мифологиялық сананың негізінде политеистік және пантеистік сипаттарын сақтай отырып пайда болады. Аталған политеистік және пантеистік сипаттар уақыт өте келе әлемдік діндердің пайда болуымен бірге біртіндеп жүйеленеді. Бұл туралы лингвист, филолог В. Топоров «Тарихы дамуының алғашқы кезеңінде «мифтер сол заман адамдарының рухани мұқтаждығын, зерделі жанның күнделікті өмірден туындайтын практикалық сұраныстарына ғана жауап беріп қоймай, трансценденттіктен де кет әрі емес болды» - деп сипаттайды [15, 52 с.].

Діни дүниетанымның өзіне тән ерекшелігі туралы философия ғылымдарының докторы, профессор Серікқажы Мырзалы оны мифологиямен салыстыра отырып былай деп анықтама береді:

- Мифологиямен салыстырғанда, діни дүниетаным адамның ойлау қабілеті мен таным дәрежесінің жоғары болуын талап етеді;

- Адамның өмірде көрген зәбірінің жақсылық пен мейірімге қарағанда көбірек болуы – адам баласының бұл дүниені арғы әлемге салыстыруға бейім тұруына әкелді;

- Адам ғұмырының қысқалығы – пенденің мәңгі өмірге деген аңсарын арттырып, соңы немесе ақыры болмайтын бақытты дүние болуы керек деген ынтызар ойдың қалыптасуына себепші болды [16. 11 б.].

Діни дүниетаным діни сенімге негізделген сенімдер, құндылықтар мен тәжірибелер жүйесін зерттей отырып, адамның дүниеге, өмірдің мәніне және жоғары күштерге деген көзқарасын анықтайды. Діни сенімдер христиандық, ислам, буддизм, иудаизм және басқалар сияқты дәстүрлі діндерге немесе руханилықтың қазіргі және бейресми формаларына негізделуі мүмкін. Сондай-ақ, діни дүниетаным әдетте табиғаттан тыс күштерге немесе болмыстарға сенуді, рәсімдерді, дұғаларды, медитацияны және ғибадат етудің немесе жоғары күштермен қарым-қатынастың басқа түрлерін қамтиды. Сондай-ақ ол адамның күнделікті өмірінде басшылыққа алатын мінез-құлық нормалары мен этикалық принциптерін белгілей алады.

Діни дүниетанымның негізі және басты қайнар көзі саналатын дін сөзі араб тілінен аударғанда «сенім» дегенді білдіреді. Мифологиялық дүниетаным мифтік күштерді танумен байланысты болса, діни дүниетаным құдайлық күштерге сенумен байланысты қалыптасады. Сондықтан адам жүрегіндегі мына жағдайлар дүниетанымның бұл формасын анықтайды:

- Эмоционалдық және психикалық күйлер;
- Шекті және шексіз таным;
- Іс-әрекетте сенім білдіру [17, 8 б.].

Діни дүниетаным әр дәуірде белгілі бір әлеуметтік міндеттерді атқарып келеді. Мифпен салыстырғанда діннің функциялары күрделірек. Діннің функцияларының ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- Дүниетанымды қалыптастыру функциясы. Бүкіл болмыс қашан және неге пайда болды және онда табиғаттан тыс күштің рөлі қалай көрінді деген сұрақтарға жауап береді.

- Коммуникативтік функция. Қарым-қатынас пен тұлғааралық қарым-қатынастың белгілі бір түрін қамтамасыз етеді, қоғамның біртұтастығы мен тұтастығына ықпал етеді.

- Реттеуші функция. Адамдардың мінез-құлқын реттейтін тиісті нормалар мен ережелерді анықтайды.

- Компенсаторлық функция. Ақпараттың, назардың, қамқорлықтың жетіспеушілігін өтейді, өмірдің мағынасының жоқтығын сезінбейді, перспективалар және т.б. жасайды [18, 115-125 б.].

Діни дүниетаным ұғымының мәні мен маңызын және зерттеу нысанын анықтап алғаннан кейін, оның тарихи, әдістемелік негіздері мен зерттеу әдістеріне тоқталамыз.

Діни дүниетанымды зерттеу – философия, тарих, әлеуметтану, психология, дінтану және мәдениеттану сияқты ғылымдардың түйісу нүктесінде жатқан көп қырлы процесс. Діни дүниетанымның құрылымын, дамуын және оның қоғамдағы рөлін зерттеу үшін тарихи және әдістемелік негіздер қажет. Бұл зерттеулердің мақсаттары, әдістері мен тәсілдері әртүрлі болуына байланысты, діни дүниетанымды зерттеудің негіздерін бірнеше аспект бойынша қарастырылады:

Діни дүниетанымның тарихи негіздері мен тарихи аспектілерін зерттеу оның шығу тегі мен дамуын, мәдениет пен қоғамдағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Осы тұста діни дүниетаным тарихы мен қалыптасуы туралы төмендегідей жіктеп көрсетуге болады:

- Діни дүниетанымның алғашқы формалары – фетишизм, тотемизм, анимизм, натурализм, шаманизм сияқты алғашқы наным-сенімдерден тұрды. Бұл кезеңдегі діни дүниетаным адам баласының өзі қасиет тұтқан киелі табыну объектісіне және соған негізделген құлшылық пен сенім негізінде қалыптасты. Бұлардың бір мысалы ретінде тотемизмді қарастырып көрелік. Тотемизм – адамдар мен жануарлар немесе өсімдіктер сияқты табиғи нысандар арасында туыстық қатынас немесе жұмбақ байланыс бар деген сенімге негізделген ойлау және мінез-құлық жүйесі. Жалпы, тотемдік жануар немесе өсімдік пен қоғам мүшесінің арасында туыстық қатынас орнайды. Бұл қатынас мифологиямен қуатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады. Бұған мысал ретінде ежелгі түркілердің көкбөрі мен аққуды киелі тұтқан сенімін келтіруге болады. Сөйтіп, өсімдіктер мен жануарларға берілген қасиеттіліктің арқасында табиғат киелі және қарапайым деп екіге бөлінеді. Қасиетті және қасиетті емес арасындағы айырмашылық тотем-жануар немесе тотем-өсімдікті кездейсоқ тұтытуда да көрінеді. Бұларды тек діни рәсімдерде ғана қолдануға болады, әйтпесе тотем-жануарға немесе тотем-өсімдікке қол тигізуге болмайды. Бұлардың бойында ата-баба рухтары өмір сүреді деген сенім – адамдарды жоғары күшке ие болады деген сенімге жетелейді. Тотемизмнің Орта Азия халықтары арасында да қалыптасқанын көрсететін көптеген деректер бар. Олардың ең маңыздысы – кейбір тіршілік иелері немесе заттар тотем ретінде қабылданады. Түрік антропологы Махмұд Тезжанның айтуынша, тотемнің қоғамда үш түрлі маңызы белгісі болады:

біріншісі, рудан шыққан деп саналатын қасиетті тұлға. Ол ру мүшелерінің арғы атасы болып саналады. Екіншісі, рудың атын жасайды. Үшіншісі, тотемдер рудың белгісін көрсетеді [19, 114 с].

Демек, діни сана, діни қызмет және діни ұйымдары жоқ болғандықтан, дін категориясына кірмейтін, наным-сенімдік жүйелердегі діни дүниетаным әр адамның өзі қасиет санаған рух, аң, құс, табиғат күштері, ағаштар мен тастар және жансыз заттарды қасиетті санауынан туындайды. Осы негізде адам баласының қоршаған ортаға, әлемге деген өзіндік көзқарастары қалыптасқан.

- Діни дүниетанымның қалыптасуындағы екінші бір тарихи кезең – антикалық Грекиядағы философиялық мектептер, буддизм, христиандық, ислам сияқты діни дәстүрлердің қалыптасуы мен олардың дүниетанымдық аспектілері.

Антикалық философия немесе ежелгі грек философиясы біздің дәуірімізге дейінгі 700-ші жылдардан басталып, біздің дәуіріміздің 500-ші жылдарына, яғни орта ғасырға дейінгі тарихи кезеңдегі философия тарихын қамтиды. Ол ежелгі грек және рим мәдениеттеріне негізделген философиялық тенденциялар мен ілімдерден тұрады. Оны классикалық антикалық философия деп те атауға болады. Бұл кезең ежелгі дәуір философиясынан грек және рим мәдениеттеріне тәуелділігімен ерекшеленеді. Қазіргі немесе модерн деп аталатын ойлау стилі мен философиясы осы кезеңдегі философиялық дәстүрде эмбриональды түрде ашылды деп болжанады. Ежелгі философтар білімнің мәніне, ақиқат деген не, ізгілік нені білдіреді, ғалам мен өмірдің мәніне күмән келтіріп, философиялық сұрақтарды қалыптастырды.

Сократ, Платон, Аристотель сынды ғалымдарымен ерекшеленетін антикалық философия кезеңіндегі діни дүниетанымда бақыланатын дүниені және ондағы барлық нәрсені адамдардың өміріне қызығатын өлмейтін құдайлар жаратты деп қаралады. Адамзат осы құдайларға дұға және ғибадат арқылы берген дұғалары үшін алғыстарын айттады және бұл уақыт өте келе храмдар, діни қызметкерлер және рәсімдер арқылы институционалды болды деп сипаттайды. Бұл діни дүниетаным жүйесін грек ақыны Гесиод (б.з.б. VIII ғ.) «Теогония» еңбегінде ашса, грек ақыны Гомер (б.з.д. VIII ғ.) «Илиада» мен «Одиссея» шығармаларында жан-жақты сипаттаған [4, 35 б.].

Буддизм және христиандық сияқты діни жүйелерде діни дүниетаным Будда және Иисус Христос сынды хаизаматикалық тұлғалардың құдайлық сипатына байланысты қалыптасқан. Аталған екі діни жүйе моральдық бағдар, рухани кемелдену және өмірдің уақытша екендігін мойындау қатарлы ұқсас ерекшеліктерді сақтай отырып, жартылысты түсінуге өзіндік бағдар сілтейді.

Ал, исламдық дүниетаным ислам дінінің негіздерін басты тірек ете отырып, жаратылыс, адам, адам өмірінің мәні және пенде мен Алла арасындағы байланысты түсіндіреді. Исламдық дүниетанымның іргетасы – Алланы бір және барлық болмыстың бастауы мен соңы – Алла деп мойындауда жатыр. Сондай-ақ, Алла Тағалаға барлық жаратылыс мұқтаж

және серігі жоқ екен мойындау ислам дінінің басты сенім негіздерінің біріне жатады. Жақыпбек Алтаев, Альберт Фроловтың «Ислам философиясы» атты кітабында исламдық дүниетанымның батыстың тұтыну парадигмасына сәйкес келмейтінін алға тартады. Сонымен қатар, адам баласының табиғат алдында өз жауапкершілігін сезініп, оны сақтауы керектігін айтады. Қазақы болмыстағы исламдық шеңбердегі дүниетаным табиғатпен үйлесімді болуы керек [20, 72 б.].

Демек, исламдық дүниетаным – мұсылман өміріндегі эткалық, рухани және практикалық салаларды қамтитын біртұтас жүйе. Ол адам өмірін ретке келтіріп, саналы түрде Алламен және қоршаған ортамен берік үйлесім орнатуға үндейді. Сонымен қатар, исламдық дүниетаным мұсылман адамның жеке жауапкершілігін нығайтып, рухани кемелденуге жетелейді.

- Қайта өрлеу, реформация, модернистік қозғалыс сияқты діни реформациялар мен қайта құру үдерістері кезеңі. Еуропа қоғамын, жүйеден христиандық бағытты қайта құруға негізделген қозғалыстар шын мәнінде Батыс қоғамына көптеген өзгерістер алып келеді. Еуропа қоғамы Орта ғасырлық шіркеу қыспағынан құтылып, гуманизммен, еркіндік, теңдікпен қауышты. Бұл өзгерістер адамдарды адамның өмір сүруіндегі мәні не деген сұраққа қайта үңілуге мәжбүр етті. Сонымен қатар, аталған кезеңдер – теоцентризмнен антропоцентризмге, шіркеу билігінен гуманизмге ауысуымен ерекшеленді [4, 549-550 бб.].

Діни дүниетанымның адамзаттың даму тарихы бойындағы қоғам және мәдениетпен арақатынасын зерттеу арқылы діннің әлеуметтік рөлін анықтауға болады. Бұл төмендегі салалар бойынша:

- Діни институттардың қоғамдық өмірдегі рөлі: мешіттер, шіркеулер, монастырлар және басқа да діни ұйымдардың әлеуметтік құрылым мен мәдениетке әсері.

- Дін мен саясат: діннің саяси жүйелер мен билік құрылымындағы орны, діннің идеологиясы.

- Діни толеранттылық пен диалог: діни қауымдар арасындағы қарым-қатынас, конфессияаралық диалог, діндер арасындағы қарым-қатынастың тарихи аспектілері.

Қазақ халқының рухани өмірінің құрмалас бөлігі ретінде діни дүниетаным ұлттың моралдық құндылықтары мен адамгершілік қағидаларының қалыптасуына үлкен әсер етті. Ол халықтың тұрмыс-салтында, ауыз әдебиетінде, өлең, жыр, дастандарында берік көрніс тапты. Сондай-ақ, қазақ халқының дүниетанымы ата дәстүр еретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінге дейін жеткен ұлы құндылық. Өзінің қалыптасу және даму тарихында қазақ халқының дүниетанымы өзіне тән төмендегідей ерекшеліктерді қалыптастырды:

1. Қазақ халқының дүниетанымы табиғатқа қожалық емес, бағыншты болуды таңдаған;

2. Болмыс және таным мәселелеріне қарағанда адам мәселесіне баса назар аударады;

3. Адам мәселесі экзистенциялық негізде сарапталады. Яғни, мұнда адам баласының өмірінің мәні, жеке бас еркіндігі, таңдау құқығы және жауапкершілігі зерттеледі;

4. Ұлттық болмысымызға сай теңдікке негізделген әділеттілік ұстанымы дәріптеледі;

5. «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» ұстанымы құпталады;

6. Халықтың көшпенді тұрмыс салтына сәйкес, ұжымдық мүдде жеке мүддеден жоғары тұрады;

7. Көшпелілік және жауінгерлік өмір сүру салты халыққа батырлық пен ерлікті жоғары қояды үйретті;

8. Қысқа ғұмырды мәнді де бағалы өткізуге шақырады;

9. Достыққа адал, қиналғанға қамқор болуға үндейді;

10. Үлкенге – құрмет, кішіге – іззет ұстанымы дәріптеледі [21, 12 б.].

Қандай да бір тұлғаның діни дүниетанымын зерттеу ең алдымен сол кезеңдегі тарихи контекстке байланысты туындайды. Мұнда жеке тұлғаның ғұмыр кешкен кезеңі мен қоғамдық жағдай зерттеудің негізгі түйіні болып саналады. Өйткені, бұл критерилер тұлғаның саяси, мәдени және діни дүниетанымының қалыптасуына әсер етеді. Екіншіден, ойшыл немесе тұлға дүниетанымына әсер еткен философиялық ілімдер мен дәстүр құндылықтарын зерттеу маңызды түйін саналады. Келесі бір түйін – тұлғаның бастан кешкен оқиғалары мен ізденістері және діни тәжірибесі зерттелуі керек. Сол арқылы, тұлға өмірі мен тәжірибесі қарастырылады. Төртінші түйін, тұлғаның еңбектері зерттеледі. Бұл оның діни дүниетанымының шынайы көріністері көрінетін алаңы. Мұны тұлға діни дүниетанымын зерттеудің негізгі дереккөзі деп қарастыруға болады. Бесінші түйін, тұлға еңбектерінде қолданылған тілдер мен мәдени тұстары оның идеяларын дұрыс интерпретациялау үшін өзекті. Соңғы түйін, тұлғаның өмір тарихы мен зерттеуші ғалымдардың еңбектері мен шығармаларын зерттеу. Осы арқылы жеке тұлғаның діни дүниетанымына толық әрі кешенді баға беруге болады.

Діни дүниетаным діннің әсерінде қалыптасатын күрделі процесс болғандықтан, оны зерттеуде қолданатын әдістер де дінтану саласында қолданылатын зерттеу әдістерімен бірдей болып келеді. Айталық дінтануда қолданылатын тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, эмпирикалық әдіс, феноменологиялық әдіс, теологиялық әдіс қатарлы зерттеу әдістерін қолдана отырып, діни дүниетанымының діни, тарихи аспектілеріне талдау жасауға болады.

Бұл тұрғыда, діни дүниетаным діни мәтіндер, діни тәжірибелер, діни қауымдар және діни философияны зерттеу пәні ете отырып, аналиткалық талдау жасайды.

1.2 XIX-XX ғасырдағы Қытай қазақтарының діни, тарихи жағдайы және оның Ақыт діни дүниетанымының қалыптасуына әсері

Қазақ халқының бір бөлігі Қытай Халық Республикасына қарасты Шыңжаң ұйғыр автономиялы районы немесе Шығыс Түркістан деп аталатын географиялық өңірдің солтүстігінде өмір сүріп келеді. Бұл солтүстігі Жоңғар даласымен, оңтүстігі Тарым кеңістігі немесе Қашқариямен шектесетін, қазіргі Қытайдың батыс солтүстігінде орналасқан тарихи өңір. Шыңжаңның жалпы жер көлемі бір миллион жеті жүз он мың шаршы шақырым. Шығыста Қытайдың Гансу өлкесімен, батыста Қырғыз Республикасымен, Тәжікстанмен, солтүстікте Қазақстан және Моңғолия елдерімен, оңтүстікте Тибет және Ауғанстанмен шекаралас орналасқан. Ұйғыр ұлты өңірдегі негізгі ұлт саналады, олардың жалпы саны 7 миллион, қазақтар бір жарым миллионнан астам. Моңғол, қырғыз, татар, өзбек, дүңған, тәжік, сібе, солан, орыс және Қытай ұлттарының өкілдері бір жарым миллионнан астам. Шыңжаңдағы ұлттардың экономикалық тіршілігінің негізін мал шаруашылығы, егіншілік және ауыл шаруашылығы салалары құрайды. Сонымен қатар, мата өндірісі, кілем тоқу сияқты ұсақ колөнермен де айналысады. [22].

Шыңжаң – XVIII ғасырдың 50-жылдарында Цинь империясының Шанси-Гансу генерал губернаторы Цзо Цзунтан (1812-1885) басталған Цинь әскерлерінің Шығыс Түркістан өңірін жаулап алғаннан кейін өңірге берілген «Жаңа өңір» деген мағынаны білдіретін Қытай атауы. Қытайдағы қазақтар қазіргі таңда Шыңжаңға қарасты Іле, Алтай, Тарбағатай өңірлерінде және Санжы, Үрімжі, Құмыл аймақтарында шашыраңғы орналасқан. Қытайдағы қазақтардың саны туралы жазушы, тарихшы Жақсылық Сәмитұлы «қазақ халқы 1949 жылы 443 мыңнан артық болса, 1990 жылы 200 мың, 2000 жылғы Қытай мемлекетінің 5-ші халық санағының нәтижесі бойынша қазақ халық саны 1 250 000 болған, соның көбі Шыңжаң Ұйғыр автономиялық районында. Шыңжаңдағы 13 байырғы ұлттың ішінде қазақтар халық саны бойынша 3-ші орында тұрады» дейді [87, 244 б.]. 2020 жылы 11 мамырдағы Қытай Халық Республикасында жетінші жалпыұлттық халық санағы жүргізіліп, санақ нәтижесінде Шыңжаңдағы халық саны 25 миллион 852 мың 345 адамға тұрақтаған. Бұл жалпы мемлекет жан санының 1,83%-ын құрайды. Жалпы санақ бойынша мұнда 1 миллион 562 мың 518 қазақ қандастарымыз өмір сүреді [23]

Шыңжаң өңіріне ең кең таралған, ұстанушылар саны ең көп және қоғамдық ықпалы ең зор дін - ислам діні. Қазақ, ұйғыр, қырғыз, өзбек, тәжік, татар, дүңген қатарлы ислам дініне сенетін 10 ұлттың үлесі тұтас Шығыс Түркістан халқы санының 50 пайызынан астамын ұстайды. Шыңжаңдағы мұсылман халықтары арасында сүнниттік, шииттік және сопылық бағыт кеңінен таралған. Сүнниттік бағыт жалпы халықтың 90 пайызы ұстаса, шииттік бағыттың аталған өңірге екі тармағы таралған. Тәжіктер исмаилия тармағын, аз санды ұйғырлар он екі имам мәзһабын ұстанады. Дүңгендер

арасына сопылық бағытының Нақшбандия тариқаты таралған. Қытайдағы қазақтар Шығыс Түркістан өңіріне шашырап қоныстанса да, діни сенімдерінде ешқандай айырмашылық жоқ. Қазақ халқы құқықта Ханафи мазһабын, сенімде Матуриди мазһабын ұстанып келеді.

Ұлы жібек жолының бойына оранласқан Шыңжаң өңірі тарихтан бері әртүрлі діндердің тоғысқан өңірі саналады. Әртүрлі сенімдегі діндердің таралуы өңірдегі көп түрлі мәдениеттердің қалыптасуына да өзіндік ықпалын тигізіп отырды. Шыңжаң өңіріне діндердің таралу тарихы туралы ұйғур ғалымы Ғайратжан Осман «Шыңжаңдағы алғашқы діндер жөнінде» атты ғылыми мақаласында былай баяндайды:

Шығыс Түркістан өңіріне діндер таралуының алғашқы кезеңін байырғы діндер кезеңі деп атауға болады. Бұл кезеңде аталған өңірге алғашқы наным-сенімдер көптеп таралды. Айталық, анимизм, тотемизм, шаманизм, фетишизм қатарлы сенім жүйелері Шыңжаң өңіріне аса жоғары қарқынмен жалпыласты. Байырғы діндер кезеңі алғашқы замандардан бастап, біздің заманымыздың IV ғасырына дейін, яғни, өзге діндердің таралып жетуіне дейін жалғасты.

Екінші кезеңді будда діні негіз ете отырып, өзге діндер қатар өмір сүрген кезең деп қарастыруға болады. Бұл кезеңде буддизмнен өзге зороастризм, Қытайлық дао діні, манихейлік және несториандық қатарлы діндер Шыңжаң өңіріне ілгерінді-кейінді таралды. Бұл кезең аймаққа ислам діні таралып жеткенге дейінгі мың жылдық уақыт кезеңін қамтыды.

Үшінші кезеңге буддизм мен ислам діні басты орынды иелеген, өзге діндер осы діндермен қатар қатар өмір сүрген кезең жатады. Бұл тарихи кезеңде діни қақтығыстар арқылы ислам діні буддалық дінді оңтүстік Шыңжаң өңірінен ығыстырып шығарды. Осы арқылы, өңірде оңтүстікте ислам діні, солтүстікте будда дінін негіз еткен жағдай қалыптасты. Бұл кезеңнің алғашқы уақытында буддизм мен исламнан өзге діндер біршама жалпыласып, тарала бастағанымен, кейіннен ислам дінінің халықтар арасында кеңінен таралуы нәтижесінде, өзге діндердің ықпалы біртіндеп әлсірей бастады. Бұл тарихи кезең шамамен алты ғасырға жуық жалғасты.

Шыңжаң өңіріне діндер таралуының төртінші кезеңі ислам дінін негізгі, өзге діндер қатар таралған кезең болып саналады. Ислам діні XVI ғасырдың бас шенінде шығыс Шағатай хандығының зор күшпен жалпыластыруының нәтижесінде буддизмінің орнын басып, тұтас Шыңжаң өңіріндегі басты дінге айналды. Бұл тұста зороастризм, манихейлік, несториандық қатарлы діндерді ұстанушы көптеген ұлттар мен ұлыстар ислам дінін қабылдағандықтан, аталған діндердің өңірдегі ықпалы біртіндеп жойыла бастады. Будда, даоизм діндері тек Қытай ұлтының арасында ғана сақталып қала берді. XVII ғасырдың басында ойраттар ламаизмді қабылдаған соң, буддизм солтүстік Шыңжаңда жалпыласа бастады. Сондай-ақ, миссионерлік қызметтің арқасында католик, православие қатарлы христиан бағыттары Шығыс Түркістанға таралды. Осылайша, Шыңжаңда исламды негіз етіп, өзге діндер

қатар өмір сүрген өзіндік ерекшелікке ие жағдай қалыптасып, күні бүгінге дейін жалғасты [24, 71 б.].

Ислам діні Шыңжаң өңіріндегі басты дінге айналғаннан кейін, ислам құндылықтары көшпенді және отырқшы өңір халықтарының мәдениетіне, өнеріне, білім беру істеріне айтарылықтай әсер етті.

Әлемдік діндер қатарында ең жас және ең соңғы саналатын дін – ислам діні. Егер будда діні мен христиан дінін Орта ғасыр жағдайына үйлескен, құл иеленушілік кезең формасына дін деп қарастыратын болсақ, онда ислам діні Орта ғасыр өркениетінің негізі ретінде қалыптасып, дамыған дін деп бағалауға болады. Буддизм мен христиандық өзінен бұрын келген инуизм және яһудилік қатарлы дін формалары негізінде қалыптасса, ислам діні өзінің өзгеше болмысымен ерекшеленетін дін. Батыс өркениетіндегі ренесанс қозғалысының басталуына себеп болған ислам діні екені тарихтан белгілі.

Алланың бірлігін тану және діни мәдениет ретінде қалыптасқан ислам діні Аббасилер халифаты тұсындағы «шығыс мәдени оянуы» арқылы IX-XII ғасырларда өзіне тән ерекшеліктегі ислам мәдениетін қалыптастырды. Бұл мәдениетке ислам құқығы, ислам архитектурасы, ислам әдебиеті, араб жазуы және каллиграфиясы және ислам мәдениетінің философия, астрономия, таиқ қатарлы салалары кірді.

Ислам дінінің Орта Азияға әсері Әмәуилер билігі (661-750) тұсында, яғни, 714 жылы араб қолбасшысы Қутайба ибн Муслимнің жорығынан кейін басталды. Демек, түркілер ислам дінімен әскери соғыс барысында танысады. Бұл туралы тарихшы ғалым Б. Гафуров былай дейді: «Қутайбаны бұл орталықтың коммерциялық маңызы емес, оның стратегиялық рөлі қызықтырды: Исфиджабты алу арқылы Қутайба түркі әскерлері Орталық Азиядағы одақтастарына көмектесу үшін жүріп жатқан негізгі жолдарды кесіп тастауға үміттенді» [25, 316 б.]. Демек, бұл тұстағы араб жауынгерлерінің шабуылы түркілер жерін басып алу емес, өз жерін сыртқы күштерден қорғану мақсатында болды. Тарихи деректерде жазылуынша, VII-VIII ғасырларда ислам діні Орта Азия мен Шығыс Түркістан өңіріне араб дін таратушылары арқылы 670 жылдардан бастап келе бастаған. VIII ғасырдың басында ислам дінін тарату қозғалысының жандануы байқалған. Орта Азия халықтарына ислам діні тарату алғашқы кезде халифа Хашимның (624-743) тұсында болды деп көрсетіледі [26, 76 с.].

751 жылы Зияд ибн Салих бастаған араб жауынгерлері мен пен Гао Сяньчжи (Gao Xianzhi) бастаған Қытай әскерлерінің арасындағы Атлах соғысы Шыңжаң және Орта Азия өңіріне ислам дінінің түбегейлі орнығуынан дерек берді. Шайқас нәтижесінде Гао Сяньчжи әскері ойсырай жеңіліп, Жетісу және Шығыс Түркістан өңірі Қытайлардан азат етілді. Атлах соғысының нәтижесі Орта Азияға ислам діні мен өркениетінің таралуының басталуы болды. Өңірдің Жібек жолы бойында орналасуы өзге діндер мен мәдениеттердің келуіне жол ашты. Алайда көп түрлі діндердің қатар өсіп сүру жағдайына қарамастан, ислам діні халық арасына бейбіт, еркін түрде таралды.

935 жылы Шығыс Түркістан, Жетісу, Сырдария, Талас және Шу өңірлерін мекен еткен Қараханидтер сұлтаны Сатұқ Бұғрахан алғашқылардың бірі болып ислам дінін қабылдады. Ол билікке келгеннен кейін ислам дінін Шығыс Түркістан өңіріне белесене тартты. Бұғраханның еңбегі нәтижесінде өңірдегі Қашқар және Атуш қалалары ислам дінінің мәдени орталығына айналды. 960 жылы ислам діні Қараханидтер елінің мемлекеттік діні деп жарияланды. Араб тарихшысы Ибн әл-Әсир «Һижраның 349 жылы (960 жылы) 200 мың үйлі (шатырлы) мәлім бір түрік халқы ислам дінін қабылдады» деген. Бұл деректің Жетісу немесе Шығыс Түркістан өңірі екенінде күман жоқ. Аталған дереккөздердегі мәліметтерге сүйене отырып, Шығыс Түркістан аймағына ислам діні 960 жылдан бастап кеңінен таралған деп айтуға болады [27, 31 б.].

Шығыс Түркістандағы ислам дінінің таралуы мен дамуына Орта Азияның тікелей ықпалы болып отырды. Өйткені өңірге таралған ислам шығармаларының бір бөлігі ғана араб ғұламаларына тиесілі болса, көп бөлігі Орта Азиялық ғалымдарының еңбектері еді. Орта Азиялық мұсылман ғылымы мен мәдениетінің дамуына ортағасырлық шығыс мәдениеті тың серпін бергені белгілі. Хорезмдік Абулқасым Замахшари (1075-1144) жазған «әл-Кашшаф» кітабы, Пахиридин ибн Хусайын Рашидтің (1149-1209) «әл-Тафсир әл-Кәбир» кітабы, имам Бухари хадистері, Муслимнің хадис жинақтары сынды кітаптар өңірге таралып, Шығыс Түркістан халықтарының діни оқулығына айналды [28, 92 б.].

XI-XIII ғасырларда Шығыс Түркістан өңірі Кидандар мен Моңғолдардың қамағына өтті. Жаңа құрылған биілік жүйелерінің барлық діндерге толерантты көзқарасты ұстануы нәтижесінде өңірде ислам діні будда дінімен қатар дамып отырды. Моңғол жорығынан кейін Шығыс Түркістан мен Мауераннахрдың басым бөлігі Шағатай ұлысының саяси-әкімшілік бақылауына өтті. Ұлыстағы мәдени тоғысулардың нәтижесінде жаңаша кітаби тіл – Шағатай тілі қалыптасты. Әлішер Науаи сияқты ақындардың шығармалары арқылы шағатай тілі әдеби тілдің жоғары деңгейіне көтеріліп, халықтық тіл ретінде пайдаланылды. Бұған Ибн Әлидің «Қыпшақ кітабы», «Нахжұлы-Фарадис» еңбектері, Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха» атты шығармасы, Саиф Сарайдың «Гүлістан Ибн түрік» атты еңбегі мысал бола алады. Орта Азиялық ғалымдар Мұхамет Хайдар Дулати, Шах Махмұт Жорас еңбектері шағатай тіліне аударылып, халық арасына кеңінен тараған. Бұл үрдіс манжурлік Цин патшалығына қараған мезгілде де өз жалғасын тапты [29, 155 б.].

Жалпы, Қытайдағы қазақ ирредентасының қалыптасу үдерісі бірнеше тарихи кезеңдерге жіктеледі:

Бірінші кезеңге XVI-XVIII ғасыр аралығы жатады. Бұл кезеңде Жетісу, Тарбағатай аудандарындағы жерлер қазақ халқынан қазақ-жоңғар соғысынан кейін тартып алынды. Нәтижеде орта және ұлы жүз қазақтарының үйреншікті көшіп-қону жерлері өзгерді.

Екінші кезеңге Жоңғар хандығы жойылғаннан кейінгі кезең жатады. 1757 жылы Орта Азия аймағында Цинь империясының жасақтары құрылып, қазақ әскерінің көмегімен Жоңғарлар талқандалады. Соғысқа қатысқан және жеңген тарап ретінде қазақтарға Цинь империясы жер бермейді. 1767 жылдары Цинь әскерімен болған қақтығыстардан кейін қазақтар Іле мен Алтай аймағындағы кейбір жерлерді қайтарып алады. Кейінгі жылдары Ұлы жүздің біраз бөлігі Іле өзені бойына тұрақтап, Цинь императорының хандығын мойындаса, қалған бөлігі 1850 жылға дейін тәуелсіз болып тұрып, кейін Ресей империясының құрамына енді.

Үшінші кезең 1860 жылғы Ресей-Қытай мемлекеттері арасындағы Пекин келісімшарты, 1864 жылғы Шәуешек хаттамасы, 1870 жылғы Тарбағатай демаркациондық (анықталған шекараларды арнайы белгілермен бөлу) хаттамасы, 1879 жылғы Ливидийск келісімшарты, 1881 жылғы Петербург келісімшарттарына қол қоюмен байланысты болды. Аталмыш хаттамалар мен келісімшарттар біртұтас қазақ халқының екі мемлекетке тәуелді болу сынды тарихи жағдайды қалыптастырды. [30, 6-14 бб.].

Осылайша тарих сахнасына Қытай халық Республикасының азаматтығындағы Қытай қазақтары деген атау пайда болады. Ендігі жерде өз алдына хандық құрып, өз тағдырын өзі шешкен қазақ халқы орыс пен Қытай билігіне қарай бастады. Патшалық, одан кейінгі кеңестік Ресейдің қазақтарға қаратқан ұлттық және діни саясаты үнемі зерттеліп, зерделеніп келеді. Ал Қытайдағы қазақтардың тарихы әлі толық зерттелмеген тың тақырып. Бұл туралы тарихшы Джозеф В.Эшеричтің айтуы бойынша, Қытай төңкерісіне телеологиялық және «шамадан тыс» назар аударылды. Соның салдарынан Қытай билігіне қарасты ұлттар тарихы зерттелмеді және бұрмаланып отырды [31, 6-8 бб.].

Абақ Керей рулары Алтай бетіне қоныстанғаннан кейін, өз алдына дербес ел бола отырып, өзіндік билік жүйесін қалыптастырды. Дінтанушы ғалым Мұхан Исахан 1790 жылы Өр Алтайда «Абақ Керей хандығы» құрылғанын, хандықтың территориясы Алтай тауының күнгей бетінен, Еренқабырға өңіріне дейінгі аралықты алып жатқаны туралы дерек келтіреді [32, 20 б.]. Өзіне билік тигеннен кейін Абақ Керей халқы көршілес торғауыт тайпаларымен иық тірестіріп, аты жағынан Цинь биілігіне, шын мәнінде өзін-өзі басқаратын елге айналады. Бұл жағдай, Манужрлік Цинь империясы тарихтан жойылып, 1911 жылы Сунь Яцен басшылығындағы Жунха Минго мемлекеті құрылғанға дейін жалғасты [32, 216.].

Ислам діні Қытай қазақтары арасына таралғаннан кейін ғаламның жаратылуы, адам баласының өмір сүруінің мәні мен мазмұны туралы, адам мен қоршаған орта арасындағы байланыс жөніндегі көне наным-сенімдердің орнын Құран мен сүннетке негізделген, Алланы жалғыз және теңдессіз құдірет иесі екенін сойындайтын, барлық болмыстың Алланың қалауы және білімімен болатынына сенуге шақыратын исламдық сенім жүйесі қалыптасты.

Ислам діні таралған он ғасырдан астам уақыт аралығында Қытайдағы қазақ халқының тұрмыс-салты мен мәдениетіне зор әсерін тигізді. Бұл туралы философия ғылымдарының докторы, профессор С. Нұрмұратов өз еңбегінде: «Қазақ жеріне келген мұсылмандық бағыт исламның сунниттік ағымындағы ханафиттік мазһаб болып табылады. Ислам өзінің көп ғасырлық тарихында әлеуметтік дүниенің көптеген саласына еңдей алатын ерекше рухани құбылыс екенін танытты», – деп көрсетеді [33, 75 б.].

Кеңестік, отандық ғалым М.С. Орынбековтың пікірінше, адамның теңдігі мен еркіндігін, өмірдегі әділеттілік пен қайырымдылық құндылықтарын уағыздаған мұсылман діні – еркіндік және бауырмал түркілердің дүниетанымына сәйкес келеді. Сөйтіп, мұсылман бейнесі халықтың басым көпшілігі үшін өте тартымды болады. Ислам халықты ұйыстырушы және алда тұрған міндеттерді шешу жолында халықты жұмылдырушы негізге айналады. Ислам жоғарғы биліктің басындағылардан бастап, төмендегі кедейлер мен жарлы-міскіндерді қамтыған әрбір әлеуметтік таптың, яғни бұқараның жүрегі мен ақыл-ойын баурап алады [34, 51 с.].

Осы тұрғыда қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде діннің алатын орны ерекше. Өйткені, дін өткен тарихи дәуірлердегі мәдениеттің барлық салаларын қамтиды. Орта ғасырда мұсылман мәдениетінің дамып, өркендеуіне түркілердің қосқан үлесі аз болған жоқ. Ислам дінінің ортағасырлық түркі әдебиетіне тигізген әсері сол заманда өмір сүрген ақындардың шығармаларында көрініс тапқан. Сондай-ақ дәстүрлі түркілік дүниетаным өзінің болмысын бүгінгі таңда да синтез немесе симбиоз түрінде сақтап келген [35, 76 б.].

Ислам дінінің қазақ даласына бейбіт таралуының себебі, ислами құндылықтардың қазақтың ежелден келе жатқан ұлттық дәстүрімен сәйкес келуінде жатыр. «Үлкенге құрмет – кішіге іззет», «жетімін жылатпау, жесірін қаңғыртпау», «үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без», «біреудің ала жібін аттамау» секілді көптеп кездесетін халық даналығының аят-сүрелермен, хадис-шарифтермен сәйкесе келуі осының дәлелі. Ислами құндылықтардың ұлттың болмысына терең сіңуіне байланысты, қазақ халқында таза, саф қазақы мәдениет қалыптасты.

Қытайдағы қазақтардың мәдениетіне ислам дінінің ықпалын төмендегідей категорияларға жіктеуге болады. Олар:

Ислам дінінің ахлақ, шариғат ұстындары Қытай қазақтарының бұрынғы дәстүрлі сеніммен ұштасып, жаратушыға, адамзатқа адал болу көзқарасын дамытты.

Қазақтарда әртүрлі дәрежедегі қазы, дінбасылар, имамдар, дін ғұламалары мен діни медресе-мектеп ұстаздары көптеп жетіліп шықты.

Ислам дінінің қазақтар арасында жалпы беттік таралуы нәтижесінде араб әдебиеті мен мәдениеті де еңдей кіріп, қазақ жыраулары Құран Кәрімде баяндалған түрлі оқиға желісі негізінде өзіндік ерекшелігі бар шығармалар жазған. Мұның мысалы, Жүсіпбекқожа Шайхисламұлының (1857- 1937) 1899 жылы Қазан баспасында «қиса-и хазірет Жүсіп ғалейссалм мен Зылиқаның

мәселесі» атты шығармасы, Ақыт қажы Үлімжіұлының «Қиямет ахуалы» (насихат толғау), «Шұғайып» қатарлы өлеңдерін жатқызуға болады. Бұл өлеңдерде Құран Кәрімде баяндалған қияметтегі жағдай мен Құрандағы Шұғайып пайғамбар оқиғасы баяндалған. Ақындар бұл шығармаларының бәрінде Алланы ұлықтап, пайғамбарға салауат айтып отырған. Мысалы Ақыт Үлімжіұлы өлеңінде:

Алланың сен ісіне.

Алланың аты айтылсын

Әрбір қылған ісінде» [36, 406 б.].

Араб жазуы Қытай қазақтарының күні бүгінге дейінгі жазу стилі болып келеді. X-XI ғасырларда ислам дінінің қазақ даласына таралуы бұрын осы өңірлерде таралып келген көне түркі (орхон) және көне ұйғыр жазуын ығыстырып, араб жазуы үстемдік орынға өтті. Қазақ жазба мұраларының көпшілігі араб әліпбиі арқылы біздің заманымызға жетті. Мысалы, «Гулистан би-т-Турки» (Сайф Сараи), «Диуани лұғат-ат-Түрк» (Махмұд Қашқари), «Құтты білік» (Жүсіп Баласағұн), «һибатул-хақайқ» (Ахмет Иүгінеки), т.б. шығармалар. Алайда араб әліпбиінің өзіндік қиындықтары болды. 1912 жылы А. Байтұрсынұлы араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуына алғаш өзгерістер жасады. Ол қазақ тілінің басқа түркі тілдерінен ерекшелігін анықтап, ұлттың өзіне тән дыбыстарын белгілейтін таңбаларды енгізді. Ол енгізген емле қазақ жазуы тарихында «жаңа емле» («төте жазу») деп аталып, халықты сауаттандыруда ірі бетбұрыс жасады. Емле 1913 жылдан бастап медреселерде, 1929 жылға дейін кеңестік мектептерде қолданылды. А. Байтұрсынұлы жасаған араб жазуынан өзгертілген «төте жазу» Қытайдағы бір жарым миллионнан астам қандастарымыздың төл жазуына айналып, олардың әлеуметтік мәдени-ағарту жұмыстары үшін үлкен қызмет атқарып отыр [29, 35 б.].

Ислам діні таралғаннан кейін Қытайдағы қазақтар өздерінің ұлттық болмысын, мәдениетін, тілі мен дінін қорғап, болашақ ұрпаққа амантаттаудың жалғыз жолы – сауатсыздықты жойып, ұлттық білім беру жүйесін жолға қою деп санады. Осылайша Қытайдағы қазақтар арасында отырықшы және көшпелі тұрмыс тірішлігіне қарай бейімделген діни білім беру жүйесі қалыптасты. Қазақ халқының көшпелі тұрмыс қалпына сәйкес қыстаулықта жиналған бір ауыл немесе бір рудың балаларды жинап, сырттан молда алдырып діни білім беру үдерісі сол кездегі негізгі оқу жүйесіне айналды [37, 96 б.].

Уақыт өте келе діни білімге сұраныс артып, діни білім алатын бала саны көбейеді. Ендігі кезекте оларды бір жерге жиып оқытатын оқу орнына қажеттілік туындады. Осы кезде Іле, Алтай, Тарбағатай сияқты ірі аймақтарының қалталы азаматтары мен ел ағалары өзара қаржы жинап, діни білім беретін шағын медреселерді салуды қолға алды.

Ислам діні өзінің түрлі саладағы іс-әрекетімен адамзат санасына тың нәрселер ұсынды. Иманға негізделген биік өнегелілікке шақырды. Ақиқаттың, әділдіктің, теңдіктің, бостандықтың және бейбітшіліктің

қағидаларын үндеді. Әлем кеңістігіндегі Алланың құдіретін танытатын дәлелдеріне назар салуға, Алламен байланыс құруға шақырды. Көшпенді мұсылман қазақ бұл байланысты құлшылық етумен, өз мойнындағы жауапкершіліктерін адал атқару арқылы орындады.

Бауырмалшылыққа, сүйіспеншілікке, өзара бір-біріне жәрдемдесуге, ата-анаға деген ерекше құрметке баулыды. Білімді болуға шақырды. Ислам ілімін меңгерген ғұламалар халық арасында ерекше бедел мен ықыласқа ие болды [38, 578 б.].

Ислам діні Қытай қазақтарының әдет-ғұрып заңын қалыптастырды. Ислам шарифаты Қытай қазақтарында әлеуметтік жағдайды реттейтін Абак Керейдің «Төрт би, Төре заңын» өмірге әкелді. Соның нәтижесінде Қытай қазақтарында меншік қатаң қорғалып, жеке меншік қағидалары күшейтілді. Қылмыс, адам өлтіру шарифат үкімімен қатаң жазаланып отырды. Қылмыскерлерге істеген істеріне қарай дүре соғу, тас борату, масқаралау, айып салу, аяғына жығу деген секілді жазалар қолданылды.

Төрт би, Төре заңы – қазақтың ертедегі Қасым ханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы және Тәуке ханның жеті жарғысы сынды дала заңдарының жалғасы іспетті болды. Дегенмен, бұл Қытайдағы Алтай қаласының Пекинге тіке қарап, ордадан Уаң, Гүң деген шен алғаннан кейінгі өңірде жасалынған алғашқы құқықтық-әдеттік заңдар жүйесі болды. Бұл заңның ежелгі дала заңдарынан өзгешелігі, заңның шарифат аясында барлық азаматтың тең терезеде заң алдында жауап беруі болды.

Кісі аттарына байланысты ерекшеліктер қалыптасты. Ислам дінінің ықпалынан пайда болған діни ұғымға байланысты есімдердің басым екенін атап өткен жөн. Олар Құрандағы Мұса (ғ.с.), Юнус (ғ.с.), Дауд (ғ.с.), Ысқақ (ғ.с.) және Сүлеймен (ғ.с.) тәрізді пайғамбарлардың есімдері; Алланың ардақты Елшісі Мұхаммед пайғамбардың есімімен байланысты аттар; Алланың құлы деген мағына білдіретін кісі есімдері: Абдулахат (жалғыздың құлы), Абдулбаки (мәңгіліктің құлы), Абдурахман (бәрін жарылқаушының құлы), Хабибулла, Изатулла (Алланың сүйіктісі, Алланың мейірімі түскен) т.б.; Әзірет Әлиге телінген есімдер. Каримәлі, Асадулла, Хайдар, Зулфика т.б.

Діни антропонимдер әйел есімдерінде де молынан кездеседі. Антропонимия (anthropos «кісі» және onoma «ат», «есім» деген сөзі) деп бір тілдегі яки бір облыстағы кісі аттарының жиынтығын айтады. Мысалы Ақлима (ақыл, сана, ес, ақыл парасаты), Әдия (сый, сыйлық, тарту), Нуринаса (Алланың нұры түскен), Шәрипа (мейірбан, игі, қасиетті, құдіретті) деген есімдер т.б.

Негізінен Қытай қазақтарына ислам діні ерте таралғанымен, дамуы мен гүлденуі кеш басталғанын айта кету керек. Бұған сондағы жергілікті биліктің аз ұлт қоныстанған аудандардағы халықты бақылауға алып, олардың діни сенім-нанымдарына тосқауыл болып отырғандығы басты себеп болды. Айталық, ауыл арасындағы молдалар неке істерін басқару, сүндетке отырғызу, жаназа шығару, құрбан айт, ораза айттарда намаз оқып, шағын

медреселерде бала оқытса да, әлеуметтік қимылдарға ішкерілей араласып, төрелік айту кезеңіне жетпеді. Басқа ұлттар секілді мешіт тұрғызып, ел жиып, бес уақыт намазбен жұма намазын оқитын жағдай болмады [39, 30 б.].

Қазіргі күнде ислам дінін ұстанатын қазақтар саны жылдан жылға көбейіп келеді. Дейтұрғанмен, мешітке шет мемлекеттен, олардың қоғамдық ұйымдарынан, жеке тұлғалардың қайырымдылық көрсетулеріне Қытайдың мемлекет заңымен тиым салынған. Ал мешіт молдаларының зейнетақысы мемлекет тарапынан бекітіледі. Осылайша молдалар мемлекеттік қызметкер саналып, әскерилер, завод жұмысшылары, ғылыми қызметкерлер, дәрігерлер мен мұғалімдер секілді зейнетақы алады. Молданы үкімет тағайындайды. Молданың міндеті халыққа Құранды түсіндіру болды [40, 638-631 с.].

Шағатай тілінен бастау алған діни білім беру жүйесі Шығыс Түркістан өңіріне кеңінен тарай бастады. Мұсылмандар орналасқан аудандар мен ауылдарда жеке немесе мешіт жанынан медреселер салынды. Өз кезегінде балаларын тек Шығыс Түркістан өңірінде ғана емес, Орта Азияға тіпті араб елдеріне барып діни білім алуға жіберетін ауқатты адамдар көптеп шыға бастады. Бұл туралы Қазақ ССР тарихының 1 томында: «XVI-XVII ғасырлары негізінен алғанда феодалдық жоғары топтың өкілдері – хандар, сұлтандар, моллалар мен қожалар ғана сауатты болған еді. Ата-анасы ауқатты болған балалар Бұхараға, Самарқанға және Орта Азияның басқа қалаларына барып араб тілін, араб философиясы мен шарифатты, орта ғасырлардағы мұсылман авторлары араб, парсы, шағатай тілдерінде жазған трактаттарды оқып үйренді» – деп көрсетіледі.

Діни оқу жүйесінің қалыптасуы, медреселерде араб, парсы, шағатай тілдерінің оқытылуының әсері арқылы өңірдегі мұсылман ұлттардың сөздік қорына жаңа сөздер ене бастады. Мысалы: Алла, парыз, иман, намаз, имам, шарифат, пейіш, жаһаннам сияқты діни сөздерден тыс, мәдениет, әдебиет, ақиқат, бақыт, дүние, табиғат, ғылым, кітап т.б. әлеуметтік сөздер көп болды [39, 41 б.].

Шыңжаң өлкесін басқарған жергілікті биліктің діни қимылдарды тежеуі мен халықты надандықта ұстау саясаты ел ағаларын қарсылыққа, рухани оянуға мәжбүрлерді. Олар Орта Азиядан дін ғалымдарын алдырып, өз аулдырабында мешіт, медресе салдырып, бала оқыта бастады [41, 57 б.].

Медреселердің ашылу тарихы. Қытай қазақтары ашқан медреселер туралы тарихшы Қабимолла Мәнжібаев «Шығыс Түркістандағы қазақтар мекендеген өңірлерде медреселі мешіттер XIX ғасырдың екінші жартысының соңынан бастап салына бастаған. Бұған Алтайдың Сары терек деген жерінде 1870 жылы салынған «Жота қажы» медресесін айтуға болады. 1920 жылы Іле ауданында «Токжан» медресесі салынған» – деген дерек келтіреді [29, 168 б.].

«Жотақажы» медресесінен бастау алған діни білім беру үдерісі Қытайдағы қазақтар қоныстанған барлық өңірлерде жаппай белең алды. Алтай туынан Еренқабырғаға дейінгі қазақ аймақтарының барлығында үлкенді-кішілі медреселер салынып, балалар оқытыла бастады. Орта Азиядан

ұстаздар, кітаптар алынып, білім сапасы да күн санап толыға түсті. Бұл өз кезегінде көптеген қоғам қайраткерлері мен ірі тұлғаларды қалыптастырған білім ошақтарына айналды.

Зерттеуші ғалымдар Сәуле Маңғазқызы мен Ахмет Әсейінұлы еңбектерінде «Тоғжан» медресесін 1916 жылы ашылған деп көрсетеді. Сонымен қатар, медресе ашылудың соңғы мерзімін 1926 жылы деп жазады. Жалпы осы тұста Қытайда ашылған медреселер:

1. 1870 жылы Алтайда салынған «Жотақажы» медресесі;
2. 1886 жылы Іленің Күнес ауданында салынған «Талды» медресесі;
3. 1889 жылы Жеменейде салынған «Жақып би» медресесі;
4. 1896 жылы Мәми бейсі салдырған «Абақия» медресесі;
5. 1907 жылы Тарбағатайдың Дөрбілжін ауданында салынған «Иса қажы» медресесі;
6. 1916 жылы Іленің Текес ауданында салынған «Тоғжан» медресесі;
7. 1918 жылы Іленің Қорғас ауданында салынған «Ластай» медресесі;
8. 1918 жылы Іленің Күнес ауданында салынған «Қуан» медресесі;
9. 1918 жылы Іленің Күнес ауданында салынған «Сатыбалды» медресесі;
10. 1919 жылы Іленің Күнес ауданында салынған «Естемес» медресесі;
11. 1920 жылы Алтайдағы «Жотақажы» медресесі негізінде салынған «Ақыт қажы» медресесі;
12. 1921 жылы Іленің Күнес ауданында салынған «Қанабай» медресесі;
13. 1926 жылы Тарбағатайда салынған «Айдолла» медресе [30, 21 б.].

Бұдан өзге, Үрімжі, Баркөл, Санжы қатарлы өңірлердегі қазақтар бытыраңқы орналасып, тұрақты медресе салуға қолайсыз болғандықтан, бұлар көшпенді оқыту әдістерін қолданған. Бұл оқыту өз кезінде «Ауыл мектебі» деп те аталған.

Аталған медреселердегі оқыту жүйесі әр алуан болғанымен, оқытатын пәндері негізінен бірдей болды. Қытайдағы қазақтар ашқан медреселердің ішінде Алтай өңірінің діни, мәдени ахуалына өзіндік ықпал еткен медреселер – Абақия медресесі мен Ақыт медресесі болды.

Абақия медресесі. Діни білім беру жүйесі бір ғасырдан астам уақыт бойы Шыңжаң өлкесіндегі қазақтардың негізгі білім жүйесі болып, қазақ қоғамына елеулі өзгерістер алып келді. Бұл жалпы сол кезде салынған барлық медреселерге тән ерекшелік болды. Барлық медреселер қараңғы қазақ баласын оқытуға бар ынтасымен кірісті. Бұл жұмыстардың барлығы дерлік өз кезінде оң нәтижесін бергені тарихтан белгілі. Осы медреселердің ішіндегі Қытайдағы қазақ жұртшылығы үшін орны бөлек медресе – «Абақия» медресесі болды.

Медресенің Алтайдан ашылуының өзі үлкен қажеттіліктен туған еді. Өйткені, Алтай өңірі – қазақтар көп шоғырланған, түркі халықтарының алтын бесігі саналатын киелі өңір.

Бұл мешітті Алтай қазағының белді биі Мәми 1896 жылы Қыран өзенінің Ертіске құйған жерінде салдырған. Ал, Мәми «дамолда» лауазымен

Бұхарадан алған Сәбиттен оқыған. Мәми салдырған мешітті медресе кейін Абақия медресесі деп аталды.

Өр Алтай топырағында мешіт-медресе салуға себеп болған басты факторлар Орта Азияның зиялы саудагерлері Шәкер (түрік), Нұрғабдолла (өзбек), Сейтқазы, Нүриддин (ұйғыр) қатарлылардың Алтайда Орта Азия мәдениетін үгіттеуі еді. Сондай-ақ, 1917 жылғы Ресейдегі «Қазан төңкерісі» Қытайдың Шыңжаң өңіріне де өзіндік ықпалын тигізді. Соның салдарынан Орта Азиядағы қазақ, өзбек, татар, түрік зиялылары жер аударылып, Қытайдың Алтай өңіріне барып паналауға мәжбүр болды. Олар сол кезге дейінгі ислам шарифатын негіз еткен Алтай ағарту саласына жаңаша ғылыми беталыс ала келген еді. Осылайша Абақия медресесі 1905 жылы усул жаид оқуымен оқытылатын мектепке айналды. Осы кезде бұл медресе ортасында коридоры бар, асты-үсті тақтайлы жеті бөлмелі көрікті мектеп болды. Осы Абақия медресесі «Бапы мешіті», «Қызыл жар мешіті», «Бітеу Ірге мешіті» деген атпен Алтай қазақтарын білім нәрімен сусындатып отырды [29, 164-165 бб.].

Территориялық және саяси себептерге байланысты, Абақия медресесі туралы арнайы зерттеулер жүргізілмесе де, кейбір тарихшылар мен жазушылар жағынан көлемді материалдар беріліп отырған. Айталық, Нұрқасым Қазыбековтің «Ой таразысы» (Алматы: Жазушы, 1991), Жақсылық Сәмитұлының «Қытайдағы қазақтар» (Алматы, 2000), тарих ғылымдарының докторы Нәбижан Мұқаметханұлының «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы. 1860-1920» (Алматы: ҚазАқпарат, 2000 жыл), тарихшы ғалым Қабимолла Мәнжібаевтың «Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер» (Үрімжі: Халық баспасы, 1998) кітаптарында кездеседі. Орыс тіліндегі әдебиеттерден Ингвар Сванбергтің «Кочевой образ жизни казахов Среднего жуза в Синьцзяне с 1911 по 1949 гг./ Казахи Китая» кітабы (Алматы: Санат, 2006). Ағылшын тіліндегі діни оқыту жүйесіне қатысты кітаптар: George Albert. «A Social Theory of Religious Education», (New York, Scribner. 1920), Gould Stephen. «Rock of Ages: Science and Religion in the Fullness of Life» (1999), Martin, «The Affirmative Action Empire and Linda Benson and Ingvar Svanberg, eds., The Kazaks of China: Essays on an Ethnic Minority» (Stockholm, 1988), Joseph W. Esherick, «Ten Theses on the Chinese Revolution,» Modern China 21, № 1. 1995. Ал баспасөз беттерінде Абақия медресесі туралы мәліметтер саусақпен санарлық. Соның бірі Рәтбек Мағазұлының «Абақия – Алтайдан ашылған алғашқы мектеп» мақаласы. (<http://qazaqtimes.com>).

Абақия медресесі туралы 1988 жылғы Жұлдыз журналының 3 санында мынадай мәліметтер берілген: XIX ғасырдың аяқ шенінде Шығыс Түркістанның Алтай аймағында мектеп-медресе ашылады. Медресе дами келе 1904 жылы «Абақия» деп аталады. 1920 жылдары бұл мектепте Ахмет Байтұрсынұлы емлесі бойынша «төте жазумен» оқыта бастайды [42, 53 б.].

Абақия медресесінің ұстаздары өз салаларының білікті мамандары болған. XX ғасырдың басында Орта Азиядан, Қазақстаннан келген Сейітқазы Нұртаев, Шабдан Әбдікерім, Кәрім Дүйсебай, Сәлім Жаназар,

Мырзахмет, Құсайын қатарлы зиялылар осы медреседе сабақ берген. Олардың алды болыс болған, Стамбул, Мәскеу қалаларында университет оқыған, қалғандары оқымысты отбасында тәрбиеленген көп тілді, аса білімді жандар болатын. Бұлардың дені Кеңес өкіметінен тепкі көріп, қуғынға ұшырап, Алтайдағы төрт бидің бірі Мәми Жұртбайұлының ауылына келіп паналаған. Осы жастардың білімін зерделей білген Мәми бейсі 1905 мешіт-медресені мектепке өзгертіп, мектепті Алтайдағы Абақ Керейдің білім ұясы ретіне «Абақ ұя» деп атады. Кейін келе бұл атау тіл заңдылығына сәйкес «Абақия» болып өзгертілген [43].

Тарихшы ғалым Уақап Қыдырқанұлы өз еңбегінде Абақия медресесінің ұстаздары туралы төмендегідей деректер келтіреді: Алтай халық ағартуының қара шаңырағы саналған жалғыз «Абақия» мектебінің төр басында Сейтқазы Нұртаев дейтін зиялы ағамыз отырды. Троицкідегі «Расулия» медресесінен, Омбы гимназиясынан білім көрген тарлан. Ұлтымыздың ұраншылдары Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың үзеңгілесі. Әуелі империялық жүйеге наразылығы, кейін, 1905 жылы «Қарқаралы петициясын» ұйымдастырушылардың бірі болғаны үшін қуғынға ұшырайды. Семей даласын сағалап жүргенде Абақ керейдің әйгілі биі Мәми Жұртбайұлы өзі ашқан мектебіне шақырып (1909 ж.) алғызған оқымысты. Қазақ балаларын бесігінде тербеп, оятқан Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» ұранын тік көтеріп, ту шығыста «Сауатың ашылмай – санаң ашылмайды» деп саңқылдаған саңлақ. «Ақбақияның» жадидтік оқыту жүйесін – дінді де, пәнді де қоса оқытатын жергілікті халықтың жағдайына, мінез-кұлқына, ұғым-танымына қолайлы нұсқасын жасаған жаңашыл ұстаз. Абақ керейдің ХХ ғасыр басындағы азаматтардың бәрі осы ұстаздың алдынан шыққандар [44, 25 б.].

Жазушы, тарихшы Жәди Шәкенұлы осы Абақия медресесі туралы айта келіп, ойын былай сабақтайды: «Демек, Алтайда жаңаша оқыту әдісін тұңғыш рет жолға қойған мектеп – Абақия, оны жалпыластырушы және кемелдендіруші – Сейтқазы Нұртаев болды» [45, 75 б.]. Шынымен де, Абақия медресесінің ұстазы Нұртаев туралы Алтай халқының ықыласы ерекше болған. Ол туралы Сейтқазыдан тәлім алған ақын Бидахмет ұстазына арнап мынадай өлең жазған:

Сейтқазы Нұртаев,
Ғалижанап ол шариф.
Надандықтан құтқарар,
Мағарифке жол салып.

...

Абақия мектебі-дүр мектебіміз,
Іу фани чоң метеблеріміз.
Нүркіби тамған дүрсиратымыз,
Іам артмақта пікір атымыз.

Осы жерде баса назар аударар тағы бір түйін, ақынның өлеңде қолданған тілі. Бұл өлеңдердің тілі шұбар. Онда татар, өзбек, араб тілдері араласып

қолданылған. Негізінде, 1920 жылға келгенде Абақияда бұрынғы оқыту әдісі «усул қадим» күшінен қалдырылып, оның орнына Ахмет Байтұрсынұлының «усул жәдид» (төте жазу) методы жолға қойылған болатын. Мына өлеңнен Абақияда төте оқу әдісі қолданылған болса да, бірақ көне оқу (усул қадим) әдісінен ат кекілін кесісе қоймағандығын байқауға болады.

Осылайша, өзгертіліп құрылған Абақия мектебінде діни сабақтармен қатар ана тілі, математика, тарих, география пандері де жүйелі түрде оқытылған. Сабақтың арнайы кестесі жасалынып, сабақ біткенде емтихан алу формасы қалыптасқан. Осы тәсілдер арқылы мектептегі ғылыми пәндердің үлесі біртіндеп жоғарылаған. Демек, Алтайда ғылыми ағартуды тұңғыш рет жолға қойған мектеп – «Абақияның» іргетасын қалап, ғылыми ағартуды жолға қоюшы Мәми Жұртбайұлы болып табылады.

Жоғарыда біз атын атап өткен ақын, тарихшы, педагог Бидахмет Мұқайұлының «Абақия мектебі жайында» атты мақаласында 1927 жылы Қанапия бейсі арнайы бес бөлмелі мектеп салып, 150-ге тарта оқушы жинап, оларды сыныптарға бөліп, парта, орындық, қара тақта, бор сияқты жабдықтарды түгелдеп, іші таза, қолайлы ортада білім алуға орай жаратқандығы жөнінде мәліметтер беріліпті [46, 9 б.].

Ақыт медресесі. Қазақ халқының көшпенді өмірі медресе ағартуын жалпыластыруға ойдағыдай мүмкіндік бере қоймады. Медресе ағартуы қыстауы мен жайлауы жақынырақ, халқы ертерек отырақтаған Іле өңірінде недәуір жалпыласқан. Одан қала берсе Алтай өңірінде, соның ішінде Ертіс бойындағы жерлерде өріс алған. Ал, өзге жерлерде медресе ағартуының орнына ауылдық оқу жолға қойылған.

Ауылдық оқу – ауыл сайын күнделікті оқытылатын оқыту емес, жағдайға байланысты арақідік оқытылатын білім беру түрі. Мұнда балалардың саны көп болмайды. Негізінен ауқатты адамдардың балаларын діннен сауаттандыру мақсат етіледі. Ауылдық оқудың шығуына сол кезде сырттан келген молдалардың ел аралап, өздерінің білімділігін көрсету себеп болған. Алтайда ашылған Ақыт қажы медресесі де осы топқа жатады.

Ақыт медресесі – Ақыт қажының 1920 жылы жаңалаған медресенің аты. Ақыт медресесі 1870 жылы Жота қажының Сартерек деген жерде салғызған мешіті негізінде көлемі ұлғайтылып салынған медреселі мешіт. Жота қажы 1862 жылы 25 жасында қажыға барып қайтып келгеннен кейін мешіт салдырған. Бұл мешітке «Сынап молда» (Ала атты молда деп те аталған) лақабын алған Мырзабақы деген Ғұлама имам болған. Осы кісіден усули хадимше оқып сауатын ашқандардың бірі Ақыт Үлімжіұлы. Ғазез Ақытұлының айтуынша: «Ақыт осы Жота қажы мешітінен 1900 жылы оқыған». Ақыт осы мешіттен оқып сауатын ашқаннан кейін 10 жас кезінде мынадай өлең жазып ғылымға құлшынуын білдірген:

Үлімжі біздің атамыз,

Құданға көп дұр қатамыз.

Ғылым нұрын бір көрмей,

Қараңғыда қайтып жатамыз [47, 15 б.].

Жотақажы мешітіне келіп молда, имам болған Мырзабақы «кейбір жылдарда алпытсан астам бала оқытқан екен» дейді Қазез. Осы Мырзабақыдан сауатын ашқан зейінді бала Ақыт қаршадай кезінен-ақ Тәжуид, Сарф, Нәху, хадис қатарлы ислам ілімдерін, сонымен қатар Мырзабақы молдадан Фирдоуси, Низами, Саади, Хафиз, Хайям, Руми, Физули, Науаи өлеңдерін де үйренеді.

Жота қажы мешітіне молда болған Мырзабақы қайтып кеткеннен кейін, орнына Ақыт өзі молда болып, бала оқытып, мешітке қосып медресе салдырады. Абақия мектебінің ықпалы мен Ақыт медресесі өр Алтайдағы қазақтардың білім ордасына айналады.

Ақыт медресесін 1921 жылы Шәкүртінде салдырды. Мешітіне 400-500 адам, медресесіне 60-70 бала сиятын болған деген дереке келтіреді Ғазез Ақытұлы. Медресені ағаштан, мешітін кірпіштен салдырған. Мешітті Мөмін Ахун және Шейх-ул-ислам деген ұсталар салған. Ғазез «Шейх-ул-ислам – ислам кариясы деген сөз, ол адам Йосов деген орыс екен, мұсылман болып атын «Шейх-ул-исламға» өзгерткен» деп көрсетеді [47, 21 б.].

Ақыт медресесінен 50-60 бала оқып отырған, бұдан оқыған әйгілі адамдардан – Ғапдылман (Қалман) Ақытұлы, Малғаждар молда, Арғынбек ақын Апашбайұлы, Ауқади молда, Сархай, Қазез қатарлы қоғам және дін қайраткерлерін атауға болады.

Ақыт медресесінен Мұхамет Емын атты дамолда (Ұйғыр, Қашқардан барған) да барып 4-5 жыл молда болып тұрған, медреседе дін сабағымен бірге ана тіл, есеп, жағарапия, тарих сабақтары да оқылған. Ақыт медресесіне мұғалім болғандардан – Нуриддин (татар), Бадыреден (ұйғыр), Ғали Әпенді (кейін Шыңжаң институтында істеген), Ғабдылмандарды атауға болады [47, 87 б.].

Ақыт медресесін оқығандар өздері барған жерлерінде мектеп ашуға тырысқан, айталық: Ақауди молда Үрімжі Наншан (Үрімжі қаласының оңтүстік өңірі) тауына келіп өз елінің балаларын жиып оқытқан. Ғабдылман Ақытұлы өлең жазып ел-жұртты білім алуға үндеген. Мәселен:

Құрбан ғайып,
Нұрын жайып.
Келді бізге ол шәріп,
Дін ислам,
Біз мұсылман,
Шаттықпенен қарсы алып.
Алтай аймақ,
Қанат жаймақ.
Кірін шаймақ,
Наданның көзін қойып.
Көңілін ашпақ,
Таза ғылым наданның»

Медреселі мешітті салудан бұрын да Ақыт Жота қажы медресесінен алған білімімен бала оқытқан. Мәселен: 1903-1904 жылдары Қобданың

Делуін, Тұлба деген жерінде қазақ балаларына діннен сабақ өткен. Осы кезде ғұлама ақын «Сәйпулмүлік Жамал», «Қиямет Ахуалы» атты шығармаларын жазып Қазан баспасына ұсынған. Сөйтіп, ол Қазақстан қазақтарына танылып, алғаш рет аты шыққан [47, 47 б.].

Ақыт қажыға жалғыз өзі барған емес, оны Лайық деген бай адам атқосшы ретінде ертіп барған. Осы сапарда Лайық бай елге қайтып кетеді де, жас ақын Ақыт араб елінде білімін тереңдете түскісі келіп қалып қалады. Араб мемлекетінде жүрген кезінде «Қажы баян» атты шығармасын жазады:

Есіркептен Мәнжібай мұнда жүрген
Дайыр, Майен, Бітімбай топқа кірген
Меркіттен Балықшы жүр өзі жеке,

Байыпты адам екен есін білген – деген шумағында қажыға барған адамдарды атап шығады. Ақыт араб елінен Түркияның Стамбул қаласына барады (мұнда ол қайтыс болғандардың ақшасын қаражат етеді, өйткені, олардың ақшасы мен «өкіл қажы» атану сауап делінетін). Стамбулға барып бір жарым жыл тұрып білім алады. Осы кезде:

Ойладым мен пақырың осы арада,
Ажалдан үйге барып жан қалама.
Көзіңнің тірісінде ғарып Ақыт,

Бір көріп араб жерін бір арала» деп өз көңіл күйін білдіреді. Ақыттың шалғайды шарлап, араб, түркия мәдениетімен танысуы Шыңжаңдағы қазақтың көзі ашық азаматтарына үлгі болады. Ақыт Арабстанға, Түркияға Шыңжаң қазағынан тұңғыш рет барып әрі қажылық міндет өтеген, әрі араб, түркия мәдениетінен нәр алған адам. Ақыттың медреселі мешіт салуына да осы сапар түрткі болады.

Жалпы, осы кезеңде ашылған қазақ медреселерінің дерлік барлығы ұқсас формада және ұқсас жүйемен шәкірт тәрбиеледі. XX ғасырдың басында мұсылман мектептері мен медреселеріндегі оқу жоспары, бағдарламалары жаңаша әдіспен қайтадан жасалып, жаңа оқу құралдары дайындалды. Оқу мерзімі алты жылға белгіленіп, жаңа оқу бағдарламасы «Алты жылдық ибтидаия бағдарламасы» деп аталды. Бұл бағдарламада мақсаты мен міндеттері айқын көрсетіліп, оқыту әдістемесінде мынадай алты шарт белгіленді:

1. Мақсаты: дінді, Отансүйгіштікті, Отан пайдасы үшін Отан балаларын жетілдіру.

2. Рухы: Отан және ұлтымызға махаббат.

3. Беретін мағлұматы: тұрмыста тәуелсіз қарекет ете алу, түрлі, күнделікті мәселелер алдында абдырап қалмау, өзінің ахуалы мен мұқтажының талабына жарата аларлық, шетке шыққанда, өзін тәрбие айтып, алып кетерлік білімі болуы.

4. Оқытылатын пәндер: 1. Дін. 2. Ана тілі. 3. Есеп. 4. Орыс тілі. 5. Жағрафия. 6. Табиғаттану. 7. Ұлт тарихы. 8. Отан тарихы. 9. Ашқал және рәсім. 10. Күй. 11. Гимнастика.

5. Түйіні: тәуелсіздік (мустақилық).

6. Оқу мерзімі – 6 жыл [48, 19 б.].

Осы ерекшеліктердің барлығы Абақия медресесіне де тән болды. Медресе алты жылдық білім беру жүйесін енгізді. Бұның төрт жылы бастауыш, екі жылын ерекше сынып деп белгілейді. Әр аптаның сабақ кестесі жасалып, күніне төрт сағат пән сабағы, бір сағат дін сабағы оқытылып отырды. Бұрын ауыл молласынан діни сабақ алғанда қолға қарындаш ұстап жазу жазуға тыйым салынатын, сурет салсаң «ертең арғы дүниеде бұл бейнелерге жан бітіп өзінді қинайды» деп қорқытатын. Ал Абақияда оқушыларға қарындашты қалай ұстаудан, партада қалай отырудан тартып үйретіліп, қосымша дене-тәрбие сабағы да өтілді. Математикадан жай бөлшекке дейін оқытылып, жаратылыс пәндерімен қатар латын әрпі, араб тілінің грамматикасы да тереңдей үйретілді, ай соңында емтихан алынып, оны ең жоғары баллы бестік баға бойынша бағалап отырған деседі.

Жалпы, медреседегі сабақ беру мен оқыту төмендегі формада іске асырылды:

Негізгі сыныпта:

I бөлім: Құран және оны дұрыс оқу, «Ғылым-хал», түрік грамматикасының ережесі, араб этимологиясы, арифметиканың төрт амалы, жалпы жағрапиядан Еуропа туралы мәліметтер, «Тақуалық училищесі» бойынша сабақтар, каллиграфия, мұсылмандық мінез-құлық қағидалары, түрікше оқу, ақыл-кеңес беретін әңгімелер.

II бөлім: Құран және оны дұрыс оқу, догматика, мінез-құлық қағидалары, араб синтаксисі, араб грамматикасының ережелеріне толық шолу, араб сөздерін жаттау, арифметиканың соңы, ислам тарихы, геометриялық ережелер, Еуропа туралы жалпы жағрапиядан мәліметтер, каллиграфия, гигиена, дидактика және аптасына бір рет арабша әңгімелесу.

Екінші (есептік) сынып

I бөлім: Ислам догматикасы, алгебра бастамасы, араб грамматикасының соңы, логика бастамасы, арабша әңгімелесу, Азия туралы жағрапиядан мәліметтер, ислам тарихы, каллиграфия, араб сөздерін жаттау, мұсылмандық мінез-құлық қағидалары және Құранды түсіндірудің бастамасы.

II бөлім: Догматиканың соңы, заң танудың соңы, араб орфографикасы логика ережелері, дидактика, алгебра, психология, Африка туралы жағрапиядан мәліметтер, жалпы тарихтың бірінші кезеңі, каллиграфия, гигиена, арабша әңгімелесу, Құран.

Үшінші (жоғары, дін ілімі) сынып

I бөлім: Құранға оның тарихы және құпия сырларымен қоса түсінік беру, қасиетті жазудың (Құран бойынша) он бөлімі, әл-Бұхари мен Мүслімнің жинағы, дін философиясы, риторика, құпия сырға қатысты заң тану, уақыт мәселелерін ислам тұрғысынан талқылау, ислам тарихы.

II бөлім: Құранға түсінік, ислам тарихына және оның кейбір ережелеріне пролегомена (кіріспе) және олардан өнегелі қорытынды жасау.

Абақия мектебінің оқыту қаражатына келсек, мектеп үшін сол кездегі Қытай үкіметі жағынан арнайы қаржы бөлінбеген. Қаржы жағын Қанапия

бейсі бастаған ел басылары өздері шешіп отырған. Мектептің салынуынан бастап, мұғалімдердің айлығы, түрлі жабдықтарға жұмсалатын ақшаның барлығы халықтан діни салық және оқыту қаражаты ретінде жиналып отырды. Мысалы сол кезде 3000 қой біткен Бокы байдан жылына 30 қой, 5 ірі қара алынған екен. Ал, оқыту қаражаты үшін жылына бір қой төлем алынып отырған деседі. 1927 жылы сол кездегі Бурылтоғай ауданының әкімі болып тұрған Шәріпхан Көгедәев Абақия мектебіне келіп, оқушылармен кездесіп, мектепті жоғары бағалап «қараңғылықтан құтылу үшін білім керек, жүйелі білім алуға дәл осындай өз ана тілімізде ғылыми білім беретін мектеп болу керек. Қазір Алтай көлемінде бір ғана мектеп бар. Болашақта мектеп саны көбейе береді» дегенді айтады [43].

Кез-келген оқу орнының негізгі мақсаты – қоғам қажетіне жарайтын білікті маман дайындау болса, осы мақсатпен жұмыс жасаған Қытай қазақтары салған медреселер өңірдегі қазақ зиялылары шоғырының қалыптастыруда өшпестей өз үлесін қосты. Айталық, Алтайдың уәлиі болған Шәріпхан Жеңісханұлы, ел ағалары Бұхат, Мәңкей, Зия, Шәмис сияқты Мәми бидің балалары, қоғам қайраткерлері Дәлелхан Сүгірбаев, Мұқаш Жәкеұлы.

Қорыта айтқанда, Алтай топырағында бой көтеріп, Қытайдағы алғашқы қазақ зиялылары шоғырының қалыптасуына үлкен үлес қосқан медреселер Қытайдағы қазақтар тарихындағы орны ерекше. Мұны төмендегі жағдайлардан байқауға болады:

– Орта Азия халықтарының озық идеяларын қазақ даласына таратып, халықтың ойлау өрісінің аясын кеңейтті. Ұзақ уақыт бойы қазақ ұрпақтарының білім алатын орны болып, халық арасындағы сауатсыздықты төмендетті.

– Қазақ халқының біртуар дін және қоғам қайраткерлерін жетілдірді.

– Математика, тарих, география сынды салаларды игеруге жол ашты.

– Өзінің түрлі саладағы іс-әрекетімен Қытайдағы қазақтардың санасына тың нәрселер ұсынды. Иманға негізделген биік өнегелілікке шақырды. Ақиқаттың, әділдіктің, теңдіктің, бостандықтың және бейбітшіліктің қағидаларын үндеді.

– Қытайдағы қазақтардың жаңаша оқу үлгісінің басталуына жол ашты.

Бабаларымыздың мұра етіп қалдырған өркениетке қол жеткізу, олардың еңбектерін жан-жақты зерттеп, зерделеп келешек ұрпаққа өнеге етіп қалдыру бүгінгі күннің еншісінде. Ол үшін, Қытай, манжур сияқты көп санды халықтың билігінде ғұмыр кешкен Қытайдағы қазақтардың ұлттық дәстүрі мен діни сенімін жоғалтпауда маңызды рол атқарған Абақия медресесі сынды алғашқы оқу орындарының тарихы мен қызметін бүгінгі ұрпаққа қаз-қалпында жеткізу кезек күттірмейтін міндет болмақ.

1.3 Ақыт Үлімжіұлының өмір тарихы мен шығармашылығы және тұлғалық болмысы

Ақыт Үлімжіұлының шығармашылығы мен өмірбаяны жайындағы алғашқы дерек 1898 жылғы «Деятель» журналында кездеседі. Онда орыстың түркі тілдерін зерттеуші ғалымы Николай Федорович Катанов Ақыт шығармашылығы туралы қықсша сипаттама береді. Онда ол Ақыт Үлімжіұлының есімін – Ахид бин Уәләд Гүлімжі Алтайский Карымсаков деп бере келіп, оны – қазақ ақыны деп сипаттайды. [49, 429-430 бб.].

Ақыт – қазақ руханиятында исламдық бағытты көтерген, ислам тарихын, пайғамбар мен сахабалар тарихын назиралық жолмен жырлаған тарихи тұлға. Оның діни көзқарасын ашу үшін, алдымен оның діни дүниетанымын бала кезі мен дана кезіне дейінгі алған білім-тәжірибесі мен жан-жақты тарихи әрі дінтанушылық оның ішінде исламтанушылық шығармашылығымен тығыз байланыста қарастыру қажет.

1868 жылы Қазіргі Қытай халық Республикасына қарасты Алтай қаласы, Көктоғай ауданында, аса ірі ру санала бермейтін Абақ керейдің Молқы руынан тарайтын қарапайым отбасында өмірге келген Ақыт алғашында немере ағасы Садық Жебенұлынан, сосын ауыл молдасы Ғұсманнан оқып, мұсылманша сауат ашқан.

Пақыр Ақыт сөйлейді әрбір тұстан,
Жаста түркі танытты молла Ғұсман.
Садық аға үйретті әліпбиді,
Танытты хат-қағазды асығыстан.

Ержетіп дамолладан алдым сабақ – деп Ақыт өзінің алғашқы діни сауатын ашқан ұстаздарын ризашылықпен еске алады.

Алайда, отбасылық жағдайымен оқудан қол үзіп қалған Ақыт үй жұмысына болысып, қарабайыр тұрмыс тіршілігімен белсене айналысады. Осы тұста Алтай бетіндегі молқы руының үкірдайы (500 түтінді басқаратын адам) Жуанған (Жотақажы) Бұқара медресесінде сабақ беріп, кейіннен орыс үкіметінің қудалауынан Алтайға қашып келген Мырзабқы (Махбубулла) деген адамды қолына ұстап, 60 тан астам бала жинап беріп, оқыта бастайды. Үкірдайдың көмекшісі болып жүрген Ақыт та осы кісіден тәлім алады. Бірақ, оқуын жалғастыра алмайды. Бұл туралы Ақыт:

Исімі дүр Махбубулла асыл талап.
Бұхардың ақсүйегі дәл өзінен,
Шығады демі сайын ғылым тарап...- деп айтады.

Жотақажы мен Мырзабақы Ақыттың қалыптасуы мен дамуына үлкен рөл атқарды. Үкірдай ел ішіндегі мәселелерге Ақытты араластырып, жас Ақытты ерте шынықтырса, Мырзабқы араб, парсы, түрік тілдерін үйретіп, болашақ абыздың ілімін дамытты.

Алайда, «Қысқа жіп күрмеуге еркін жетпеген соң, Тоқталды тойым бермес қайран сабақ» - деп өзі айтқандай, отбасылық қажеттілік үшін, Ақыт оқудан қол үзіп, қызметке араласады. Моңғолияның Қобда аймағында почта (моңғол тілінде Меден) бөлімінде қызметін атқарады. Қызмет қажеттілігіне байланысты, моңғол тіл-жазуы мен орыс тілін үйренеді. А. Үлімжіұлының

Қобдадағы қазақтармен танысуына осы қызметі өз септігін тигізеді және Қазан қаласында басылған түркі тілдегі әдеби кітаптарды, түркі және шағатай тілдерінде жазылған Фирдаусидің, Низамидің, Қожа Хафиздің, Науаидің, Сопы Алалярдың өлеңдерін алдырып оқи бастайды [50, 55 б.].

Қазан баспасынан басылып шыққан кітаптарға қолжетімділік пен ақындық дарын алғашқы қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына негіз қалады. 1891 жылы Ақыт Үлімжіұлы «Жиһаншаһ» дастанын Қазан баспасына ұсынады. Бұл кітап 1897 жылы баспадан шығып, халыққа таратылады [47, 37 б.].

Осылайша, Ақыт 1890 жылдан 1910 жылға дейін 20 жыл Моңғолияның Қобда өлкесінде қызмет атқарған. Осы кезең Ақыт шығармашылығының шарықтау кезеңі болды десек қателеспейміз. Өйткені, осы тұста ақынның көптеген танымдық, насихат өлеңдері жазылудан өзге, оның «Қобда кеңес», «Қобдадағы жеті қажы жыры», «Керей Ишаны Мұхаммед Мүмін», «Жиһаншаһ», «Шолақ қол қатын», «Әбият Ғақидия», «Сәйпілмүлік-Бадиғұлжамал», «Қиямет ахуал», «Қажы баян», «Тәржімә-и Ақыт уәләд» қатарлы шоқтығы биік, көлемді өлең шығармалары мен өлең романдары осы тұста, осы өңірде жазылған [50, 57 б.].

А. Үлімжіұлының 1897 жылы Қазан университеті баспасында жарық көрген «Таржима-и Ақыт» атты кітабында:

Мұнан бұрын жібердім,
Жеті кітап басауға.

.....

Жалғыз-ақ келді басылып,

«Жиһанша Тамұз» қисасы – деп жазады. [67, 482 б.]. Демек, Ақыт шығармаларының әлі де көп бөлімі жиналмады деп айтуға толық негіз бар. Оның үстіне, А.Үлімжіұлы 1940 жылы ұсталғаннан 1978 жылы Қытайда 11 кезекті партия орталық комитетінің үшінші жалпы мәжілісі ашылып, елде шамалы болса да жылымық саясат орнағанға дейін, Ақыт қажының аты аталмады, еңбектері жарияланбады. Осы тұста да қаншама ақын еңбектерінен көз жазып қалғанымыз белгісіз. Дегенмен, қолда бар деректерге негізделгенде Ақыттың нақты баспадан шыққан еңбектер саны – 9:

1. Жиһаншаһ (дастан). Бұл еңбек 1897 жылы Қазан баспасында Хусайынов мұрагерлері тарапынын шығарылған;

2. Қисса-и «Жиһаншаһ Тамузшаһ оғлы». (дастан). Бұл еңбек те 1901 жылы Қазан баспасында Хусайынов мұрагерлері тарапынын шығарылған;

3. Қисса-и «Сәйпілмүлік» (дастан). Бұл еңбек 1895, 1909 және 1914 жылдары арт-артынан үш мәрте Қазан баспасында Хусайынов мұрагерлері тарапынын шығарылған;

4. Қисса-и «Ғабдімәлік» (дастан). Бұл еңбек те 1902, 1904 және 1909 жылдары Қазан баспасында Шамсиддин Хусайынов тарапынын үш рет шығарылған. Алайда, бұл жеке еңбек емес, Қисса-и «Сәйпілмүліктің» аты өзгерген түрі болды;

5. Керей ишаны – Мұхаммед Мүмін, 1909 жылы Қазан баспасында шағатй тілінде басылған;

6. Тәржімә-и Ақыт уәләд. Бұл еңбек 1897 жылы Қазан университеті баспасында Мұхаммед Нәжиб Ғали Акбаров тарапынан шығарылған;

7. Ахуал-и қиямет (насихаттық толғау). Қазақ қаласында Хадисовтар бастырған;

8. Қисса-и «Манақиб пирон ғазизан». Қазан университеті баспасы;

9. Әбият ғақдия (Ғибырат жыр). 1909 жылы Қазан баспасында Хусайынов мұрагерлері бастырған [51, 6 б.].

Жазушы, тарихшы Ж.Шәкенұлы Ақыт қажының көзі тірісінде-ақ (Абайдан 18 жыл бұрын) 1891-1914 жылдары аралығында Қазан, Орынбор, Семей баспаларында 9 кітабын 17 рет басып шығарғаны туралы айтады [52, 152 б.]. Ал, жоғарыда айтылған кітаптардың ішінен екі рет аталған «Жиһаншаһ» дастанын бір кітап, «Ғабдімәлік» пен «Сәйпілмүлік» дастандарын бір кітап деп есептесек, Ақыт қажының жеті кітабы 13 рет басылған болып саналады.

Ақынның баспа бетінен жарық көрген шығармалары тек мұнымен ған шектелмейді. «Пайғамбардың тууы және қайтыс болуы» деп аталатын көлемді еңбегінде ақын өз өлеңдерінің баспаға жіберілуі жайында былай дейді:

Аралап дәмін таттым талай жердің,

Кітаптан әуелі оқып бәрін көрдім.

Басытыруға Қазанға жібергіл деп,

Ахметкәрім ноғайға жазып бердім –дейді. Демек, бұл кітап та баспаға басып шығаруға жіберілген. Бірақ, шыққан, шықпағаны туралы мүлдем дерек жоқ. А.Үлімжіұлының осы аталған кітабынан басқа «Сейіт Жағпар», «Кербала» дастандары да Қазан қаласына жіберіліп, шықпай қалған. Сондай-ақ, А.Үлімжіұлының дін ғұламасы, араб тілінің білгірі екендігін көрсететін маңызды еңбегі – Құран Кәрімнің қазақша аудармасы еді. Алайда, 1930 жылдардың соңында жасалған бұл еңбек ақын тұтқынға түскен кезде, оның өзге діни кітаптары, қолжазбаларымен бірге тәркіленіп, өртеледі [53, 11 б.]. Дегенмен, ақын ұрпақтары Ғазаз Ақытұлы мен Мақаш Ақытұлы «Құран Кәрімнің қазақша мағынасы мен түсінгі» деген атпен Құран Кәрім аудармасын 1989 жылы Пекиндегі ұлттар баспасынан жарыққа шығарады.

Жоғарыда аты аталған тоғыз кітаптың атауларына назар аударсақ, еңбектердің шығыс әдебиетінің араб, парсы, түркі тілдес халықтарында бар поэзияның озық үлгілерін өзінше жырлап, қазақ арасына таратқаны байқалады. Ақыт Үлімжіұлын кітаби ақын деп атауымыздың себебі осында жатыр.

Жалпы, кітаби ақын атауы туралы отандық ғалым, профессор Н.Келімбетов Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қиссалар жазып, кезінде нәзира дәстүрін ұстанған бір топ ақындар қазақ әдебиеті тарихында «кітаби ақындар» деп аталып жүр деп тоқталса [54. 203 б.]. Профессор Ө.Күмісбаев «Кітаби ақындар – шығыс әдебиетінің араб, парсы, түркі тілдес

халықтарында бар поэзияның озық үлгілерін өзінше жырлап, қазақ арасына таратып, шығыс тілінде шыққан кітаптар сюжетін қайта өңдеп, қисса-дастандар шығарған бір топ ақындар. Шығыс поэзиясының көрнекті ескерткіштерімен түпнұсқада танысты. Олар Шығыс поэзиясының көркемдік құралдарын өз шығармаларында орынды пайдалана білді» - деген уәж айтады [55, 103 б.].

Ал, әдебиеттанушы ғалым Алма Қыраубаева: «XX ғасырдың бас кезіндегі кітаби ақын-шайырлар қатарында Мәшһүр Мақыш Қалтайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы, Сұлтан Шәді Жәңгірұлы, Ақылбек Сабалұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Қарасақал Ерiмбет, Ақыт Үлiмжiұлы, Тұрмағамбет Iзтiлеуұлы, Омар Шораяқұлы, Молда Мұса секiлдi көптеген ақындарды атауға болады» - деп кітаби ақындар шығармашылығы туралы тарқатып айта келіп, А. Үлiмжiұлының атын атай кетеді [56, 13 б.].

Ақыт Үлiмжiұлы қазақ руханиятында исламдағы иман негiздерiн өлең жолдарымен жырлап жаңаша стил қалыптастырған ақын. Оның поэзиясындағы бұл ерекшелiк төмендегiдей түрлерде айқындалады:

Ақыттың өлеңдері Құран мен хадистен бастау алып отырады. Яғни, оның әрбір өлеңі Құран тәсілмен, Құран сүрелерінің басында айтылғандай Алланың атымен басталады. Мысалы, Ақыт әрбір өлеңін «Бисмилла деп қолыма қалам алдым» (Ескендір зұлқарнайын), «Бисмилла сөз бастайын қалам алып» (Керей ешені мұхаммед Мүмін) немесе «Бисмилла сөз бастайын ауызға алып, Өзіңе сиынамын Жаппар Халық» (Қажы Баян) – деп басталып отырады. Мұның негiзiнде Қасиеттi Құранның «Жаратқан Раббыңның атымен оқы!»- деген аяттың жатқанын байқауға болады.

Алланың атымен басталған істің берекеті мен оның маңызы туралы хадистерге байланысты ислам әдебиеті мен мәдениетінде Алланың атымен бастау өзiндiк стилi мен методы бар ерекше ұғым ретiнде қалыптасқан. Жазбаша және ауызша әдебиетте сөз басы болумен қатар көркем өнер саласында да ерекше мән берiлген. Каллиграфияның, бейнелеу өнерінің ажырамас бөлігіне айналған. Тiптен бұл үрдiстiң маңыздылығына байланысты арнайы трактаттар жазылған [57, 529-532 б.].

Бұл мәселе Ханафи мазһабының ұлы ғалымы, аһли-сүнна уал жамағаттың сенiмдiк мазһабының негiзiн қалаушы Әл-Матуриди еңбектерiнде былайша көрiнiс тапқан. Имам Матуриди Нәмiл сүресiндегi Сүлеймен пайғамбардың әрбiр iсiн «Аса қамқор, ерекше мейiрiмдi Алланың атымен» бастайтындығы туралы аятты тәпсiрлей келiп, барлық құлшылық тек Аллаға ғана жасалатындығын және Алла атымен бастау пайғамбарлар мен елшiлердiң келiсiмдi әдетi екендiгiн баяндайды [58, 103 б.]. Бұл қазақ ауыз әдебиетi мен шығармаларында да көп кездеседi. Бұл сол кезеңдегi халықтың Аллаға сыйына iс бастауды дағдыға айналдырғанын көрсетсе, екiншi жағынан Ақыттың сөз бастауындағы ерекше ықылас ниетiн көрсетедi.

Өлеңдері дерліктей пайғамбарымыз (с.ғ.с) бен сахаба-әулиелердің құрметін уәсила ете отырып, Аллаға тәуәссул етуден бастайды. Айталық, «Ақытнама» атты өлеңінде Ақыт:

Бисмилла деп бастайын,
Әлхамдулилла құдайым.
Салауат айтып расулға
Мұхаммед Нәби я, Расул
Шапағат сонан сұрайын.
Құрметті ғазез шаһар жар
Отыз үш мың сахаба.
Оларға сәлем қылайын.
Әнбия мен әулие
Ғазезларнің құдая
Жасаған ие бір Алла,

Құрметі деп жылайын – деп Пайғамбарымыз бен Сахаба, әулие-әнбиелердің құрметімен Алладан тілек тілейді, дұға жасайды [11, 53 б].

«Қажы баян» шығармасында тауәссәл мен уәсила кеңінен көрініс табады. Онда Мәдинаға жете алмай қайрандап қалған кемеде Ақыт шын ықыласымен Құран Кәрімде есімдері аталған жиырма бес пайғамбардың есімдерін жеке-жеке атап отырып солардың құрметіне тауәссул жасайды.

Жалпы, сөз бен істі Аллаға мадақ, өткенге салауат арқылы бастау да мұсылмандық мәдениетте әбден орныққан дағды. Ақыт өлеңдерінің негізінде Аллаға мадақтың анықтамасы саналатын «берілген нығметтердің барлығы Алладан болатындығына, оған ризашылық білдіріп шүкіршілік ету» түсінігі жатыр [59, 151 б.]. Сондай-ақ, Құранның бірінші сүресі Аллаға мадақпен басталса, Құранда сапар соңы жаннаттағы қауымның айтар сөзі де «Әлемдердің раббы Аллаға мадақ» деп аяқталатыны туралы айтылады. Ал, уәсила және тәуәссул ұғымын әһли-сунна уәл-жамағат ғалымдары бір ауыздан дұрыс деп санаған. Имам Замахшари «Уәсила- Аллаға жақындауды білдіреді. Ол-ағайын-туыспен жақсы қатынасу, сауапты амалды көп істеу, Алланың әмірлерін орындап, тыйымдарынан тыйылудан тұрады» деп анықтама береді [60, 141 б.].

Ақыт өлеңдерінде нағытқа баса мән берілген. Исламтанушы ғалым А.Әділбаев нағыт сөзіне анықтама бере келіп, былай дейді «Нағыт (арабша – нағыт) – бір адамды бойындағы ерекшеліктері мен қасиеттерін мадақтай отырып, сипаттау деген мағынаны білдіреді. Діни әдебиеттегі терминдік мағынасы – әзірет Мұхаммедті (с.а.с.) мадақтау, мақтау мақсатымен жазылған әдеби шығармалардың жалпылама атауы. Бұл жерде ескере кететін бір жәйт, Әз. Пайғамбардың тысындағы адамдарға арналған жырлар мадақ жырлары деп аталып жатса, тек қана Әз. Пайғамбарға арналған мадақ жырлары “нағыт” (нағыт) деген атқа ие болған [61. 156 б.]. Демек, нағыт сөзі - Пайғамбарымызға арналған мадақ сөз дегенді білдіреді.

Ақыт өмір сүрген кезеңнің қазақ даласындағы әдеби үдерістің қалыптасуы туралы философия ғылымдарының кандидаты, доцент

А.Омаров: «XIX ғасырдың екінші жарымы мен XX ғасырдың алғашқы кезеңінде жаңаша көзқарастар қалыптасып жатты. Өйткені, отаршылдық қысым қос өкпеден қысқан қысылтаяң тұста қазақтың озық ойлылары, жайбарақаттықты сілкіп тастап, исламға тәрбие жолы ғана емес, елдікті сақтап қалудың бір қаруы деп те қарай бастаған-тұғын. Содан да болар, осы кезде қазақ сахарасында шыққан кітаби ақындардың дені діншіл ақындар еді» - деп сипаттайды [62, 120 б].

Осы айтылған үрдіс Ақыт Үлімжіұлында толығымен көрініс тапқан деп айта аламыз. Ақыт өз шығармаларын жазудағы және оларды Қазан баспасынан неше дүркін кітап етіп басып шығарудағы мақсатын ел-жұртқа тағылым болса екен деген ізгі ниеттен туғандығын айтады [36, 181 б.]. Және бұл ұстанымын:

Қоршаған төңіректі бұлт пен тұман,
Ғылымсыз құтылмайсың тіпті мұнан.
Хан-қайқы, биің-бүкір, моллаң-соқыр,
Мен түзу дегеніңнің бәрі бұраң,
Ғаділет, ғылым менен өнер тілеп,

Бәрінен құр қалғанша алшы мұнан - деген өлең жолдарымен бекемдей келіп, «бықсымас дінін күтсең түтініңіз» - деп түйіндейді.

Демек, Ақыт жырларының негізгі мақсаты – халықты иманға, ғылымға шақырып, ел-жұртқа тағылым беру, өнеге үйретуден тұрады.

Имандылыққа шақыру мәселесі - Ақыт шығармашылығының негізгі түйіні деп айтуға болады. Бұған себеп ақынның кез-келген өлеңінен иманға, имандылыққа қатысты ойлардың менмұндалап тұратындығында.

Ақыт шығармашылығының тағы бір ерекшелігі – оның қазақ тарихында тұңғыш рет желілес (цикл) өлең жазуында. Айталық, оның 1886 жылы жазылған «Замананы сөйлейін» өлеңі желілес екі жыр, 1912 жылы жазылған «Тайтекеңнің үйінде» өлеңі желілес төрт жыр, 1931 жылы «Жас жайлы жаңа кеңес назымдар» 43 жырдан құралады. Сондай-ақ, Ақыт 1924 жылы 20 жырдан тұратын «Қазынаманы» реттеп, жазып шығады.

Ақыт шығармаларының тағы бір айта кетерлік елеулі артықшылығы – қазақ тарихында тұңғыш өлең роман жазуы. Спандияр Көбеевтің 1913 жылы қазан қаласында бастырған «Қалың мал» еңбегін алғашқы өлең роман деп қарасақ, Ақыт 1903 жылы жазып, 1908 жылы баспадан шығарған «Керей ишаны Мұхаммед Мүмін» атты шығармасы да өлең роман саналады. Сонымен қатар, Ақыттың 1908 жылы жазған «Қажы баян» еңбегі де өлеңмен жазылған сапарнамалық роман [63, 150 б.].

Ақыт Үлімжіұлының көзқарастарының қалыптасу алғышарттарын төмендегі жағдайлармен байланыстыра қарастыруға болады:

1. Отбасы тәрбиесі. А. Үлімжіұлы – ел билеген би, сұлтанның немесе ғұлама ғалымының баласы болмаса да, қарапайым отбасынан шығып, дала данышпанына айналған тұлға. Ақынның:

Ақсұңқар емес, сары едім,
Атамда озған жүйрік жоқ.

Алды түйық жар едім.

Тегі шынар демендер,

Қайың емес, тал едім [64, 258 б.] – деген өлең жолдары ақынның отбасылық қоғамдық орнынан да, әлеуметтік хал-ахуалынан да дерек береді. Ақыттың анасы Жібек Бекенқызы келбетті, әдепті, салмақты, сауатты, саналы адам болған. Баласының аса дарындылығын байқаған Жібек оған кесе-көлденең болатын істерден қорғап, демеп отырған [47, 31 б.].

2. Өскен ортасы. Ақыт өмір сүрген кезең – Өр Алтайдағы игі жақсылардың мешіт салып, медресе аштырып, Орта Азиядан білікті ұстаздар әкеліп, бала оқытып жатқан дүбірлі кезеңімен тұспа-тұс келді. Ақыт осы ұстаздардан араб, парсы, шағатай, түрік тілдерін үйреніп, осы тілдерде шыққан дүние әдебиеті мен ислам мәдениетін толық меңгереді [47, 15 б.].

3. Қызметі. Өр Алтай мен Қобда арасында почта қызметінде жүруі – Қазан баспасында басылған Фирдауси, Низами, Қожа Хафиз, Науаи және Сопы Аллаяның шығармаларымен танысуына мұрындық болды.

4. Ұлы қажылық сапарына барып қайтуы. 1907-1908 жылдар аралығында Қобдадан шыққан қажылық керуенімен бірге қажылыққа барып қайтады. Сапар барысында Ақыт Мекке, Мәдина, Жиддә, Шам, Бейрут, Измир, Одесса, Пенза, Омбы, Орал, Семей, Зайсан қалалары мен Сауд Арабия, Ресей, Түркия, Сирия елдерінің хал-ахуалымен, шығыс елдерінің мәдениетімен танысып, көкірек көзі ашылады.

5. Абай шығармаларымен танысуы. 1931 жылы Моңғолияға КСРО-дан елді қайта құруға көмекке келген Абай Қасымовтан Абай өлеңдерін сыйға алып, танысуы - Абай дүниетанымың молыға түсуіне, жаңаша бағыт алуына жол ашты. Абай Қасымовпен болған осы кездесуден кейін, яғни, 1931 жылдан кейін Ақыт шығармашылығында өзгеріс болғаны байқалады. Осы уақыттан бастап, оның өлеңдері діни сипаттан гөрі, насихат, танымдық, өсиет бағытына көбірек ауысқаны байқалады.

1930-1938 жылдары әуелі Моңғолияда, кейін Шыңжаң өлкесінде саяси қызмет атқарып, тап жауларымен күресте қатыгездігімен, коммунизм идеясына адалдығымен танылған Абай Қасымов тұлғасы [65] Ақыт өлеңінде басқаша баяндалады. Ол А. Қасымовты «азамат деп хат жаздым, асылға балап өзінді» деп сипаттай келіп, Үкімет атынан келіп қызмет істеп жүрген одан елдің ілім, білім көтеруге атсалысуға шықарады. Ақыт Үлімжіұлы мен Абай Қасымовпен болған екеуара кездесуде не айтылғаны белгісіз болса да, ел аузында жүрген аңыз бойынша, А. Қасымов Ақытқа «Шарифаттың бәрі өлең емес, ендеше, өлеңнің бәрі шарифат боламауы керек» - деген көрінеді. Осы жылдардан кейін Ақыт өлеңдерінде шарифат мәселесі қозғалмауының бір себебі осы болуы мүмкін.

6. Араб, түрік, парсы және шағатай тілдеріндегі мол әдеби мұраны еркін меңгеруі. А. Үлімжіұлы саналы ғұмырын ағартушылықпен, халықты білімге, өнерге шақырумен өтті десек, оны осы жолға түсірген, бағыт берген негізгі көмекші құралдары кітаптары болған. Немере ағасы Садық Жебенұлынан, Ғұсыман молладан және Мырзабақыдан араб, парсы, шағатай, түрік тілдерін

ерте үйренуі оны шығыстың Фирдауси, Низами қатарлы классиктерімен танысуына жол ашты. Ақынның баласы Ғазез Ақытұлы әкесінің қолға түскеннен кейін тартып алынған кітаптарын 1940 жылы Алтайдағы қазақ ұлт-азаттық көтерілісшілерінің Шэн Шицай үкіметімен жасасқан бітімі негізінде 816 дана басылым көрген кітапты ғана қайтарып алғанын, қолжазбаларының қайтарылмағанын жазады. Ғ. Ақытұлының айтуынша, Ақыттың кітапхана қорында «Құран тәпсірі», «Хадис», «Фикһ», «Ақайд», «Әл-жамғұ бәйнә роәй әл-хакимайни», Махмұт Қашқаридың араб тіліндегі «Диуани лұғат ат-турк», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Құрбанғали Халидтың «Туарих хамса», Әбілғазы Баһадүр ханның «Шәджәрат ат-Түрік» «Тарих Шыңғысхан», араб тілінде жазылған «Табақат-ул ард» (жер қабаттары) және араб тілі грамматикасын түсіндіретін қауағид (ереже) кітаптары болған [50, 92 б.].

Ақыт Үлімжіұлының тұлғалық болмысы оның өмірі мен шығармашылығында көрініс тапқан рухани, діни, ағартушылық және адамгершілік қасиеттерімен ерекшеленеді. Ол өз заманының ірі діни ағартушысы, ақын және ойшылы ретінде халықтың рухани-мәдени өміріне елеулі үлес қосып, қазақтың діни-этикалық дүниетанымын дамытуға ықпал етті. Ақыттың тұлғалық болмысының негізгі қырларын бірнеше тұрғыда қарастыруға болады:

Бірінші, Ақыт – діни-ағартушы және рухани ойшыл. Ақыт Үлімжіұлының басты тұлғалық қырларының бірі – діни-ағартушылық қызметі. Ол қызметке араласқан 1891 жылдан бастап қайтыс болған 1940 жылға дейін ислам дінінің негіздерін түсіндіру, діни білімді халыққа жеткізу және сауаттылықты арттыру үшін аянбай еңбек етті. Жалпы медресе ашып, бала оқыту, халық санасына ислам құндылықтарын сіңіру – тарихта өткен барлық мұсылман ғалымдарының атқарған қызметі саналады. Барша ғалымдар бала оқыту, білім беруге аса мән берген. Өйткені, «Білім үйрету бір жағынан Аллаға жасалған құлшылық, екінші жағынан, Алла Тағалаға өкілдік. Әрі ең үлкен өкілдік. Өйткені Алла Тағала ең басты сипаты болғаны білімді Ғалымның жүрегіне орнықтырды» [66, 27 б.].

Әл-Ғазалидің жоғарыда айтқан сөзіне сүйенсек, Ақыт Үлімжіұлы да Алла тарапынан адамдардың жүрегін кемелдендіруге, тазалауға бұйырылған ғалым. Ақыттың ағартушылығы жалаң білім беру емес, оның негізгі артықшылығы – адамдарға хақты, ақиқатты, жаратушыны шынайы тануды үйретті. Осы мақсатта, Ақыт діни медреселер ашып, жастарды діни білім алуға шақырды, сонымен қатар, өзінің шығармашылығында діни қағидаттарды насихаттау арқылы халықтың рухани тәрбиесіне үлес қосты.

Ақыт Үлімжіұлы өзінің ақындық қабілетімен де ерекшеленді. Оның өлеңдері діни және рухани тақырыптарға бағытталып, Аллаға деген махаббатты, адамгершілік құндылықтарды және рухани кемелденуді жырлады. Ақыттың поэзиясында сопылық сарындар, рухани тәрбие, нәпсіні тыйып, ішкі жан дүниені тазартып, Аллаға жақындау сияқты тақырыптар

кеңінен көрініс тапқан. Бұл оны қазақтың рухани ақындарының қатарында ерекше орынға ие етеді [30, 173 б.].

Басында айтып өткеніміздей, Ақыттың ағартушылық ілімі – һидаятқа бастайтын жол.

Ақыттың тұлғалық болмысының екінші бір сипаты – ол имандылық пен рухани тазалықты, ұлттық рухани құндылықтарды насихаттаушы.

А. Үлімжіұлының шығармашылығы мен өмірлік ұстанымдары оның имандылыққа деген терең сенімін, рухани тазалыққа ұмтылысын көрсетеді. Ақыт үшін иман дін тек сыртқы ғибадат емес, ішкі жүреппен сезілетін шынайы иман мен рухани кемелдену болды. Оның дүниетанымында иман мәселесін тек парыз құлшылықтармен ғана шектемейді. Адам бойындағы жақсы мінез-құлықтарды да иман деп бағалайды. Байлықты дүние-мүлікпен емес, адам бойындағы өнер, біліммен бағалайды. Мұны Ақыт өлеңінде «әдепті болсаң – иман сол, өнерлі болсаң – жиған сол» - деп қысқа тұжырымдайды [67, 267 б.].

Ол исламның моральдық-этикалық қағидағтарын өз өмірінде қолдана отырып, адалдық, әділеттілік және шынайылық сияқты қасиеттерді дәріптейді. Ақыт Үлімжіұлының барлық өлеңдері мен еңбектерінде адамгершілікке, қарапайымдылыққа шақырған тұстары жетерлік. Бір ғана мысал, оның «Бекем Алла жаранлар» өлеңінде адам бойындағы жаман қылықтар былай суреттеледі:

Құдай ерік бергендей,
Өлеміз деген ойда жоқ.
Такаппар болып шелтиер,
Манап пұлыс кигендей.
Жалғандағы баяның,
Ақыртеке барғанда,
Пайда болмас иманға [68, 147 б.].

Ақыттың шығармашылығында қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтары мен дәстүрлері үлкен орын алады. Ол діни-ағартушылық қызметінде қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен исламдық құндылықтардың үйлесімін сақтап, халықтың ұлттық бірегейлігін нығайтуға атсалысты. Ақыт Үлімжіұлы қазақтың дәстүрлі дүниетанымын, салт-дәстүрін және әдет-ғұрыптарын ислам дінінің рухани құндылықтарымен байланыстыра отырып, халыққа жақын болу үшін түсінікті тілмен жеткізді.

Ақыт Үлімжіұлы болмысының үшінші бір қыры – қоғамдық жауапкершілік және ағартушылық.

А. Үлімжіұлы қоғамға және халқына қызмет етуді өзінің басты мақсаты деп білді. Ол өз шығармаларында әлеуметтік әділеттілік, қайырымдылық және қоғам алдындағы жауапкершілік мәселелеріне көңіл бөліп, халықты рухани және мәдени тұрғыда жетілдіруге тырысты. Ағартушылық арқылы қоғамдағы діни сауатсыздықты азайтып, моральдық құндылықтарды насихаттауды өзінің парызы деп санады.

Ақыт Үлімжіұлының қоғамдық қызметі оның өлеңдерінен, әсіресе, Оның Зар заман ақындарының ұстанымдарымен, ойымен сәйкес келуінде жатыр. Бұған Ақыттың «Әй, Зар заман, зар заман» деп келетін көлемді толғауы мысал бола алады.

Зар заман – қазақ әдебиетіндегі тарихи, әдеби кезеңнің атауы. Энциклопедиялық дереккөздерде, зар заман ағымы XIX ғасырда Қазақстанның Россияға қосылуы аяқталып, патша үкіметі бұрынғы ел басқару тәртібін жойып, 1867–1868 жылдары қазақтарды басқару жөніндегі ереже бойынша жаңа тәртіп орнатқан кезде туған ағым деген дәйек келтірілген [69, 581 б.].

Бұл дәуір ақын Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» атты зарлы өлеңнің негізінде пайда болған. Ш. Қанайұлынан кейін де сол кезеңде басқа да ақындар осы тақырыпқа көптеген өлең-жырлар шығаруы – қазақ әдебиет тарихында жаңа бір дәуірдің басталуына тарихи алғышарт әзірледі.

Елдік саяси жүйе өзгеріп, отаршылдық билік халық арасында қанау, түбірімен құрту саясатын жүргізіп, халық тағдыры қол жаулыққа айналған тұста Шортанбай Қанайұлы қатарлы ақындар халықты ояту мен отаршылдық жүйеге қарсы шепке қаламмен аттанды. Олардың қаламынан халықтың зары мен шері төгілді. Бұл ақындардың өмір сүрген тарихи кезеңі және өлеңдеріндегі ерекшеліктеріне қарай М. Әуезов 1927 жылы оларды бір атаумен «Зар заман ақындары» деп атады.

Жазушы М. Әуезов дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа сипатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі зар заман ақындарын тарих сахнасына шығуына басты себеп болды деп баға береді [70, 192 б.].

Бұл топқа Шортанбайдан басқа, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері және Албан Асан қатарлы ақындар кірді. Доктор, профессор Қ. Мәдібаева Зар заман ақындары дәуірі Абылай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға ұласып, Нарманбетпен аяқталатынын алға тартады [71, 436].

«Зар заман» өлеңімен жаңа бір әдеби кезеңінің шымылдығын ашқан Шортанбай жыраумен ұқсас тақырыпта 1894 жылы Өр Алтайда Ақыт қажы Үлімжіұлы «Зар заман» өлеңін жазады. Ұқсас тарихи кезең, ұқсас мазмұнда халықтың мұң-зарын жырлаған ақындар таным көкжиегінде тоғыса білді.

Ақыт қажының Абай Құнанбайұлының өлеңдерімен танысқандығы туралы нақты дерек болғанымен, оның зар заман ақындарының өлеңін оқығандығы, танысқандығы туралы бізде бірде-бір нақты дерек жоқ. Тек, Ақыттың Алтай мен Қобда арасында хат тасушы болып жүрген кезінде түркі және шағатай тілдерінде Қазанда басылған өлеңдерді оқығанын ескере отырып, осы кезде зар заман ақындарының жырларымен танысқан болуы керек деген жорамал ұсынамыз. Немесе, ұлыларда заманды сезіну ортақтығы болады деген тұжырымды қуаттаймыз.

М. Әуезовтың зар заман ақындарындағы ортақ ерекшелік – діншілдік сарын деп атап көрсеткеніндей, «Алла сөзін өлеңмен жырлаған» (А. Смақова)

Ақыт Үлімжіұлының «Зар заман» өлеңі де діни сарында, имани үлгіде жазылған.

Зар заман ақындарын тудырған басты себеп – өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның бұралаң жағдайы, езілген, тозған халықтың мұң-зары, халыққа келген жаман әдет пен нашар мінез-құлық деп басында айтып өттік. Ендеше, Ақыт өмір сүрген кезең қандай болды және Ақыттың «Зар заманы» қалай өрнектелді соған тоқталайық:

Ақыт өмір сүрген кезең екі тарихи кезеңнің өларасы еді. Манжурлік Цинь империясы құлап, 1911 жылы тарих сахнасына Жунхуа Мино (Гоминдан) билігі келіп жатқан кез-тұғын. Демек, бұл кезең Қытайда да Патшалық биліктің ыдырап, оның орнын ұлтшыл, отаршыл жүйенің алмасқан кезеңі еді. Алмағайып заманда тонауға, үркінге түскен қазақ халқының жағдайы тіпті де нашарламаса, жақсара түспеді. Ақыт осыны көрді, халықтың ішіне байланған мұң-зарын көзімен де жүрегімен де түйсіне білді.

Ақыт «Зар заман» өлеңін 26 жасында Моңғолия елінде жүргенде жазған. Жас та болса, қоғамдық дүрбелең ерте есейткен ақын өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның шындығын ашына айтқан. Жалпы 548 тармақтан тұратын «Зар заман» өлеңінде халықтың мұң-зары мен өкінішін баяндаған. Өлең жазылған кездегі өзі туралы нақты мәліметті былай сипаттайды:

Қобдадан сәлем жолдаған,
Алтайдағы еліне,
Қарымсақ байдың ұғылы,
Керейдің Ақыт баласы..
.. Өр Керейге жібердім,
Жиырма алты жасымда [3, 341 б.].

«Зар Заман» өлеңі - Шығыс Түркістан өңірінде патшалық Ресей мен Цинь өкіметі арасында экономикалық және саяси мүдде белең алған кездегі сарасаң болған халық мұңының көрінісі. Екі отаршыл елдің қолдан жасалған «тарихи» келісімдерінің (Петербург келісімі, Құлжа келісімі) әсерінен халыққа түскен зобалаң ауырлап, халықтың күнделікті тұрмыс ритмі өзгеріп, халықтан алатын салық көбейтіліп, халықты тонау мен жою қатар жүріп жатқан кезең еді.

Зар заман ақындарының көтерген елдік тақырыбы туралы М. Әуезов былай деп сипаттайды: «Олар қазақ жайлаған сахараның бір шетінен шыққан шоқтай қара бұлтты көріп, соның белгісінен шошып, содан келетін бәле қандай екенін болжап, тұспал қылып айтатын» [72, 5 б.].

Демек, Ақыттың бұл өлеңі өз халқының жамандыққа үйір, жақсылықтан алыс бейғам қылғына күйініш білдіруден туған.

Ақыттың «Зар заман» өлеңі автордың өз стилімен, яғни, Құран Кәрім үлгісімен «бисмиллә» деп Алланың атымен басталып, өлеңнің тыңдаушыға толық жетуіне, бүкпесіз айтылуына, «Жүректе тұрған көркем сөздің ауыздан шыққанда қиюы қашуынан» сақтану үшін Алладан медет сұрай жазылады.

Ақыт Үлімжіұлы алдымен заманға баға беріп, сол заманның қазіргі бейнесін көрсетеді, қазіргі «заманға» ат қояды:

Ей, зар заман, зар заман.
Зарлатып өткен тар заман.
Байқап тұрсам адам жоқ,
Шын ақылды ойлаған.
Бауыры суық қара жер,
Көрінгенді жалмаған.
Жалмамай да не етеді,
Адамнан ғафыл кетеді [36, 325 б.].

Демек, Ақыт айтып тұрған заман – ақырет заманы. Ілімнің жоғалып, надандықтың жайылуы - қиямет күнінің он үшінші кіші белгісі.

Ақыт Алтайды мекен еткен халқының төбесінде пайда болған қара бұлтты көріп, белгісінен шошынып, содан келетін бәленің елге зобалаңын жырлайды, халықты оянуға шақырады. Өр көкірек бай мен кербез кедейдің, Құдайдан қорықпайтын дінсіздің, зұлым ұлықтың, әділетсіз заңның халық арасына салған зұлымдығын жырлайды, бетпақ келін мен тілазар ұлдың кежірлігін айыптайды. Осыдан келіп:

Сонан тозып береке,
Елде елдік азайды.
Жақынды жат жаулайды,
Нелер боздақ тарланды,
Ішқұста қылып байлайды – деп ескертеді [36, 327 б.].

Өлеңде көп жерде айтылатын бай кедейді көрмейтін, ағайыннан көмек болмайтын жағдайлар мен өсекшіл, имансыз адамдардың көбеюі де ақыр заманның белгілерінен деп көрсетеді. Алла Тағала қияметте сөйлеспейтін, ақтамайтын, мейірім көзімен қарамайтын үш адамның бірі тәкаппар кедей адам» - деп имам Муслим жеткізген хадиспен үндесе үн қатады.

Биі ғадыл болмайды,
Нысапсыз қорқау болған соң,
Ғаділет оған қонбайды.
Айналып кеп құтсыз би,

Құрамай қауіп сорлайды [36, 334 б.] – деп Ақыт ел билеушілердің халық арасына салған зобалаңын айыптайды және осыдан келіп ел арасында бүлік боларын, береке кетерін болжайды:

Тыныштықсыз, тидаусыз,
Берекесіз, байлаусыз,
Кеткен ел түбі оңбайды,
Мұның өзі білгенге,
Заман ақыр болғаны [36, 335 б.].

Ойшыл ақын қазақ даласындағы отбасы институтының құлап бара жатқанына қынжылады, бұл түбі қазақтың тамырына балта шабатын індетке айналуынан сақтануға шақырады. Қыздың шешеге, ұлдың әкеге қарап бой түзеуіне, әйелдің күйеуіне бойсұнуына назар аударады.

Жиылып жұрты айтса да,
Алдап жүр деп сенбейді.
Үлкендер ақыл жөн айтса,
Жөн екен деп білмейді.

Моллалар айтса шарифат,
Құлағына ілмейді – деп күйеуін силамайтын, дінсіз әйелдердің көбеюінен қазақ жанұясындағы әйелдің береке мен бірлікті сақтаудағы рөлінің жойылып кетуіне алаңдаушылығын білдіреді [36, 334 б.].

Ақыт өлеңінде өзі сынаған жамандықтың барлығын заман ақырдың белгілері деп қорытынды жасайды. Бес күндік өмірдің өтпелі, алдамшы екенін ескеріп, қара жерге кірмей тұрғанда адам баласы жақсылық, адамдық парызын өтеуге тиісті деп санайды:

Аялы жоқ жалғанның,
Баяны жоқ арманның,
Соңына еріп тентіреп,
Септігі барма қылғанның.
Арманда болып өлген соң,
Кеуденнен жаның берген соң,
Қара жерге көмген соң,
Мұндай еркін күн қайда [36, 325 б.].

Барлық зар заман ақындары сияқты, Ақыт та «ат майын сұрап міне алмайтын зар заман адамдарына», «берекеге шақырса келмейтін ығыр еліне», «арлы азып, арсыз тойынған азған заманға», «аштан өлген жарлыдан нәпақа дәметкен моллалар мен залым билерге» қарсы шара таба алмай, аһ ұрады. Өзегін жалмаған өкініштен ел ағаларынан:

Артық талап менде жоқ,
Сұрайтындай хан тағын.
Жамандықты көп айтып,
Жағым талып шаршадым.
Ойлап көрсең, ағалар,
Мұның қайда дауасы?! – деп торыға ақыл, кеңес сұрайды [52, 338 б.].

Ақыт Үлімжіұлы тек Алтай төсін жайлаған аз ғана Абақ Керейдің мұңын жоқтап қана қоймайды, қайта күллі қазақтың мұң-зарын қағазға түсірген зар заман ақындарымен рухани үндестік танытады, олармен «қалың елі, қазағы» туралы айтар ойлары, көрсетер нысаналары бір төбеде шығып жатады.

Айталық, Ақыт айтады:
Зар Заманның тұсында,
Ел іргесі сөгілді.

Алтайдай асыл мекеннен,
Ауып кетті ел не қиылы [36, 339 б.] – деп мың өліп мың тірілген қазақтың Алтай бетіндегі бөлімінің сан қилы жағдайынан хабар берсе, зар заман ақыны Мұрат Мөңкеұлы:

Кірін жуып, кіндігін кескен жерден,

Қысылмай, ер кете ме еркіменен.

Бұрын да адыра қалғыр құтсыз еді,

Егескен ердің бәрі жер тіреген, – деп екі алып ел мәселесі, заман қайғысы туралы ортақ үн қатады [73, 168 б.].

Ел билеуші, халықтың сөзін сөйлеуші би, шонжарлардың халыққа салған ылаңы барлық зар замандар ақындарына ортақ тақырып десек кателеспейміз. Бұл туралы да Ақыт Үлімжіұлы:

Ендігі билер байқасаң,

Іші кір түгел қарынбай.

Үйінде тыныш жата алмай,

Елді үркіткен сауырлай.

Сонан елі тарады,

Сабағы кепкен қауындай [36, 339 б.] – деп тозған елдің мұңын өлеңмен жеткізсе, жырау Шортанбай Қанайұлы бұл туралы:

Нашарға қылған зорлығың.

Кінәзді көрдің піріндей,

Тілімәшті көрдің биіндең,

Дуанды көрдің үйіндең,

Абақты тұр қасында,

Қазылып қойған көріндей.

Байлар ұрлық қылады,

Көзіне мал көрінбей.

Билер жейді параны,

Сақтап қойған сүріндей – деп елдің мұңын тіпті арыдан қозғайды [74, 17 б].

Қорыта айтқанда, әр ел, әр өңірде өмір сүрсе де, жалпы қазақтың мұңы ортақ, сыры - біреу. Ол болса да бостандыққа талпынған, елдік бірлікке ұмтылған ұлттық еркіндік.

Қазақ әдебиет тарихында зар заман ақындары деген атпен танымал ақындар шоғырына Ақыт Үлімжіұлының аты аталмауын біз Ақыт есімінің қазақ даласына бейтаныстығы мен Ақыт еңбектерінің қазақ еліне кеңінен таралмауынан деп санаймыз.

Шортанбай, Дулат, Мұрат, Әбубәкір және Ақыт қатарлы ақындардың өмір сүрген ортасы мен аймақтары басқа-басқа болғанымен, айтар ойлары ортақ. Яғни, барлығы да қазақ халқының басынан кешіп жатқан ауыр халін өзекке толған өкінішпен, аһ ұра отырып жырлайды, алдағы бұлыңғыр болашақ пен көз алдындағы келеңсіз жағдайдан түңіле отырып, елдің ертеңінен уайымдайды, уайымдай отырып, заман туралы зарлы шер толғайды.

Демек, Алтай өңірінде туылып, күллі қазақтың Абай мен Шәкәрімнен кейінгі рухани тұлғасы болған Ақыт Үлімжіұлын зар заман ақындарының шоғырына қосуға толық негіз бар деп айта аламыз.

Ақыттың қайарткерлігі мен ел арасындағы абыройы – оны ел абызы ретінде танылуына кеңінен жол ашты. А.Үлімжіұлының мешіт, медресе

салып, бала оқытуы – Қытай қазақтарының діни және ілімдік салада оянуына ықпал етсе, қазасы – Алтай қазақтарының саяси сауатының көтерілуіне ықпал етті. Осы оқиғадан кейін, Алтайда Ырысхан-Есімхан көтерілісі, кейінгі оның жалғасы саналатын Оспан батыр Исламұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістері болды.

Ақыттың тұлғалық болмысының төртінші қыры - қайраткер және батыл тұлға.

Ақыт Үлімжіұлы тек діни-ағартушылық қызметпен ғана шектелмей, қоғамдық қайраткер ретінде де танылды. Ол өзінің көзқарастарын батыл түрде қорғап, халықтың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін күресті. Бұл оның қуғын-сүргінге ұшырап, қиындықтарға төтеп беруіне қарамастан, өз қызметін жалғастыруына себеп болды. Оның осы бағытта жазған «Ел билеген кешегі», «Қобда кеңес», «Бөкенің жыры», «Керей билері», «Шинжияң қаритасы», «Абақ Керей шежіресі» қатарлы көптеген еңбектерін осы анықтамамызға дәлел ретінде ұсынуға болады.

Мысалы, осының ішіндегі «Шинжияң қаритасы» (Шыңжаң картасы) ақынның білім деңгейінің жоғары екенін дәлелдейтін туындылардың бірі. Өйткені, бұл тек жыр ғана емес, бұл өлеңмен жазылған тарих. Сонау Асан атадан бастап осы өңірге келген қазақ халқының бұралаң тарихы мен жағдайын суреттеген көлемді еңбек. Сонымен қатар, бұл Шыңжаңдағы басты қалалар мен мекендер туралы ақпарат берілген Шыңжаң тарихындағы тұңғыш қазақ тіліндегі еңбек.

Ақыттың заман ағымын болжай алатын көріпкел, халыққа тығырықтан шығар жол сілтей алатын аданагөй абыз екені оның өлеңдерінен анық көрініп тұрады. Айталық оның «Қалам, сия көз жасы» өлеңінде:

Оқыс қылар тұралық,
Бізді адамдық құралық.
Ұйқы ашатын дауаны
Көршілес елден сұралық.
Дауа берсе сауығып,
Онымен тату тұралық.
Береке қылып, бас құрап,
Адамшылық қылалық.
Білгеннен ақыл біз сұрап,

Басымызды құралық - деп баяндалады. Бұл жерде Ақыттың «жылпостардың бағына құрылған заманға» қарсы тұруға үндеген озық ойы мен шебер дипломатиясы қатар суреттелген. «Хан-қайқы, би-бүкір, молла-соқыр» заманда ғұмыр кешіп жатқан қазаққа береке, бірлік, білім қажеттілігін баса айтады.

Ақыттың тұлғалық болмысының бесінші қыры - адалдық пен әділдікті дәріптеуші. Ақыттың өмірлік ұстанымы оның адалдық пен әділдікке деген шынайы сенімін көрсетеді. Ол өзінің шығармаларында әділеттілікті насихаттап, қоғамда теңдік пен адалдықты орнатуға шақырды. Бұл қасиеттері

оның тұлғалық болмысының ажырамас бөлігі болды және оның діни-этикалық көзқарастарының негізін құрады.

Айтып өткеніміздей, 1912 жылдан бастап, өр Алтайды билеген Тары, Жотақажы, Бітімші, Буратай қатарлы төрт тәйжі (1000 түгінді басқаратын адам) Ақыт Үлімжіұлын 42 жасында қазылыққа тағайындайды. Бұл кезеңде Алтайдың саяси билігі Цинь билігіне қарағанымен, ел ешіндегі өлім-жітім, барымта, неке, дау-шаралар, алым-берім мәселелері қтарлы сот мәселелері қазының алдында шешілетін еді. Ол кезеңде ұлықтық немесе басқада мансаптар әкеден балаға мирас ретінде қалатын болса, Ақыттың әкесі Үлімжі ешбір билігі жоқ, қарапайым ауыл адамы болған. Мұны Ақыттың «сүйегім-қазақ, қара едім» дегенінен аңдауға болады. Демек, бұл қызметке Ақыт – мол білімімен және қара қылды қақа жаратын, «туғаны жоқ тура би» қасиетімен келгенін түсінуге болады.

Құқықтық мәселелерді шешуге келгенде қазы ұғымы бірден ойға оралары даусыз. Қазы түбірінің араб этимологиясының зат есімі болып табылатын кади – сөзбе-сөз аударғанда «адамдар арасында туындайтын даулар мен істерді діни ережелерге сәйкес шешу үшін құзырлы орган тағайындаған адам» дегенді білдіреді [75, 69-73 с.]. Демек, қазы – фикһ бойынша білім алған және мемлекет тарапынан құқықтық дауларды шешуге тағайындалған сәттен бастап шешімдері міндетті болып табылатын шенеунік. А.Үлімжіұлының 27 жыл бойы Алтайдың шығыс аудандарында қазылық қызмет атқаруы оның әділ, шынайы, халықшыл бітімімен тығыз қайнасып жатқанында дау жоқ.

А. Үлімжіұлының қазылық қызметінің ойдағыдай атқаруына оның дала заңдары мен шарифат заңдарын жетік білуі көмектесті. Ол қазылық жасауда, дау-жанжалдар үкім беруде ислам шарифатына сүйенді. Сонымен қатар қазақ халқының көшпелі өмір салтынан туындаған әдет-ғұрыптарға, дала заңдарына да үлкен құрметпен қарады. Халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған жазылмаған заңдарына сүйене отырып, жеке тұлғалар мен рулар арасындағы дау-шарларды шешіп отырған. Үкім беруде «қанға-қан, жанға-жан» сияқты кісі қліміне қатысты ұғымдарға, құда болу және некелесу мәселелеріне, қылмысты мал-мүлікпен өтеу қатарлы дала заңдарын да басшылыққа алып отырған.

Ақыт шығармашылығының зерттелуі.

А. Үлімжіұлының өмір тарихы мен еңбектері және ақындық болмысы туралы 1898 жылы түркі тілдерін зерттеуші ғалым Н. Катановтың «Деятель» журналындағы мәліметінен кейін ешқандай зерттеу жұмыстары жасалынбады. Бұл үдеріс 1972 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Қабидаш Қалиасқарұлының Баян-Өлгийден шығатын «Шұғыла» журналына шыққан «Ақыттанудағы алғашқы талпыныстар» атты мақаласына дейін жалғасты. Қ. Қалиасқарұлы 1972 жылы баспадан шығарған «Халық ақындары» атты кітабында да А.Үлімжіұлының жырлары мен өлеңдерін бере отырып, ақынның өмірбаяны мен шығармашылығын кеңінен таныстырады. Ақын, зерттеуші Дәулеткерей Кәпұлы Моңғолияда басталған Ақыттану ісіне

Т. Бодаухан, Кәкей Жаңжүңұлы сынды азаматтардың одан әрі дамытқанын тілге тиек етеді [76, 44-45 б.] .

Ақыт шығармашылығының Қытайда зерттелуі сәл кешірек, елдегі «Мәдениет революциясы» деп аталған саяси дүрбелең аяқталып, ел ішінде сәл жылымық саясат орнағанда басталды. 1980 жылы ақынның туған жері Көктоғай ауданының мәдениет үйінің қызметкері Қалибек Манапұлы А.Үлімжіұлы өлеңдерін «Шалғын» журналында жариялады. Д. Кәпұлы жазушы Зейнолла Сәніктің «1993 жылы Ақыттың 125 жылдығы, ал 1998 жылы 130 жылдығы Үрімжіде салтанатпен тойланып өтті. Сондай-ақ, ол кісінің 3 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Төртінші томы баспада. Яғни, ақын еңбектерін жинау ісі де біршама жолға қойылды» [76, 51 б.] дегенін алға тартады. Алайда, бұл тұстағы Ақыт шығармашылығы коммунистік цензурадан өтпей қалып жатты. Ақыт шығармалары «діни сарын», «құрапиылық» деп қаралып шетке қағылды. Оның діни дүниетанымы бос қиял (утопия) деп бағаланды [77, 121 б.]. Бұл жинақтарға Ақыт ақынның діни өлеңдері көп енгізілмеді. Кейін осы жинақтар Конида (2011 жыл) және Қарағанды қаласында (2020 жыл) жарық көрді. Ақын еңбектерінің біршама жүйелі, толық берілуі 2014 жылы жүзеге асты. Осы жылы А. Үлімжіұлының төрт томдық шығармаларының толық жинағы Үрімжіде жарық көрді.

Ақыт шығармаларымен қазақ елінің танысуы Алаш арыстарының тұсында басталды. Ақын өлеңдері «Айқап» журналында жарияланып тұруымен қатар, ақын есіміне Әлихан Бөкейхановтің шығармасында да сілтеме жасалынған. Мысалы, «Ақынды өлшейтін кез мынау болады: сұлу, терең суреттер арқылы, қандай болса ондай болсын, әйтеуір, терең сезім оята алса, ол – ақын. Оята алмаса – ақын емес. Сондықтан Ағамемнон Ахеделесті жырлаған Гомер өмірді қарғап өтсе де, суреті терең болып, тұңғиық сезім оятатын Байрон – қайткенде ақын. «Тарғынды» жырлаған Марабай, «Жібек Қызды» жыр қылған Жүсіпбекқожа, қыл көпірді, мақшарды, жұмақ, тамұқты суреттей біліп тыңдаушыны есеңгіреткендей дін қыссасын шығара білген біреу – қайткенде ақын... Ақындық бағытта емес, ақындық – ақындықта» - деп біреу деп алаштың ақын өлеңдеріне таныс екенінен белгі береді [78, 138 б.].

Тәуелсіз қазақ елінде Ақыт Үлімжіұлы шығармаларының насихатталуы тым кеш басталды. Жазушы Жәди Шәкенұлы алғаш рет 2007 жылы «Атажұрт» баспасынан Ақыт Үлімжіұлының өлеңдер мен дастандар жинағын «Жиһаншаһ» деген атпен құрастырып шығарды. Соңғы жылдары Ғ.Ақытұлы, З. Қинаятұлы, Ж. Сәмиұлы, А. Қара, Ж. Шәкенұлы, З. Сейтжаұлы, Г.Омарова, Д. Кәпұлы және Б. Кәкеш қатарлы зерттеушілердің еңбектері арқылы қазақ елі Ақыт есімімен жақыннан таныса түсті.

Қорыта айтқанда, Ақыт Үлімжіұлының тұлғалық болмысы – оның рухани кемелденуге ұмтылған, дінді терең түсініп, оны халыққа жеткізген және қоғамның рухани дамуына үлес қосқан қайраткер ретіндегі бейнесін айқындайды. Оның өмірлік ұстанымдары мен шығармашылығы қазақ

халқының рухани мұрасының маңызды бөлігі болып табылады және бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай келеді. Ғалым, әдебиет зерттеуші Тұрсынбек Кәкішов Ақыт шығармашылығына былай деп баға береді: «Ақыт қажыны қазақ әдебиетінің XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы әдебиетіміздің үлкен көрнекті өкілі ретінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихына кіргізуіміз керек. Ол Абайдың алғаш кітап шығаруына дейін өзінің 9 кітабын 17 рет жариялаған болатын. Мұны ескермеуге болмайды. Қазан төңкерісіне дейін осындай кітап шығарған дарын иесі қазақта өте сирек. Сондықтан Ақытты Абай деңгейлес дарындар қатарында көргеннің ешбір әбестігі жоқ. Ақытты әдебиетіміздің ірі қайраткері ретінде тануымыз керек» [79].

II АҚЫТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

2.1 Ақыттың діни көзқарастары мен теологиялық ұстанымдары

Ислам дініне бет бұрған қазақтар амалда – Имам Ағзам Әбу Ханифа яғни Ханафи мазһабын, сенімде Матуриди ақидасын ұстанды. Қазақ халқының болмысына етене жақын Орта Азия өркениеті тудырған Матуриди ақидасы – қасаң қағидаларға емес ізгі құндылықтарға негізделді және соған арқа сүйеді.

Ислам дінінің сүнниттік тармағында Матуриди және Ашғари сынды екі кәләм мектебі қалыптасқаны баршаға аян. Кез-келген сүннит мұсылман осы екі имамның бірінің сенім мектебін ұстанады. Біз сөз етіп отырған Матуриди ақидасы осы сүнниттік бағытта қалыптасқан екі үлкен кәләм мектебінің бірі. Ғалымының толық аты-жөні – Әбу Мансұр ибн Мұхаммед әл-Ханафи ас-Самарқанди әл-Матуриди (870-944). Ол Самарқанд маңындағы шағын Матурид қаласында дүниеге келген. Фикһ (құқық) теориясын Самарқандағы ханафиттік құқықтанушылардан үйренген. Имам Матуриди дін және сенім саласына қатысты «Тәуилату-л Қуран», «Китабу Мәһазі-ш Шарай фи Усули-д-дин», Китабу-л – мақалат, Китабу-т Таухид, «Рәдду китаб уаиди-л фуссақ ли-л Каъби» (Кағбидің «Пасықтардың барар орны» атты кітабына қарсы жауап), «Китабу рәдди тахзиби-л жәдал ли-л Каъби» (Кағбидің «Тартысты түзету» атты еңбегіне қарсы жауап кітабы), «Рәдду-л усули-л хамса ли Әби Мухаммад әл-Баһили» (Әбу Мухаммад әл-Баһилидің «Бес негіз (принцип)» атты кітабына қарсы жауап), «Китабу-р әр-Рәдду әла-л Қарамита» (Қарамиттерге қарсы жауап), «Рәдду Китаби-л Имәма ли Бадир Рауафид» (Бадир Рауафидтің имамдық кітабына қарсы жауап) сынды еңбектер жазған [80, 38 б.].

Имам Матурийдің ақида іліміне қосқан үлесі сенім мәселелеріне шарифат негіздерін бұзбай, ақыл мен қисын арқылы дәлел келтіруге болатындығын көрсетуі еді. Әсіресе ақылға ерекше мән берді. Оған шарифаттың шеңберінде жүгінді. Имам Матуриди Муташабиһ аяттарға түсініктеме беруде шарифат рұқсат еткен және араб тілінің шеңберінен шықпайтын әдісті қолданды.

Дінтанушы ғалым Д. Кенжетай бір мақаласында Матуриди мұрасының өз кезінде түркі ойшылдары мен қазақ даналарының шығармашылық ұстанымдарының негізіне айналғанын айтады [81, 7 б.].

Қазақ даналары дегенде Абай мен Шәкәрімнен кейін Ақыл қажының бірден ойға келері ақиқат. Өйткені, Өр Алтайда өмірге келіп, Қытай мен Моңғолия жерінде қызмет етіп, күллі қазаққа өшпес мұра қалдырған Ақыл қажының орны бөлек, шыққан биігі дара. Ақыл өлеңдері руханиятқа, тәрбиеге негізделген. Жалпы Ақыл ақиқаты – Алланы тану ақиқаты.

Қазақ ойшылдары қатарында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген, қазақ сөз өнерінің білгірі Ақыл қажы Үлімжіұлының есімін ерекше атауға болады. Қазақтың тамыры терең, тағылымдық мәні зор

ұлттық құндылықтарынан нәр алып өскен айтулы ақынды, діни оқу орындарын салдырып, елінің көзін ашқан ағартушыны одан сайын тұлғаландырып тұратын аса бір маңызды бөлімі – оның діни-философиялық мұралары.

Ақыт өзі өмір сүрген қоғамдық ахуалды жақсы бағамдай білді. Содан ой қорытты және халқына шығар жолды да көрсетті. Шекара сыртында өмір сүрген қазақ ойшылдарының өмірі мен еңбегін өз халқына таныстыруды өзінің азаматтық, ақындық парызы деп білді. Ол «Абай- мұтафакқыр шағыр» (ойшыл ақын), Абайды Русиядағы қазақтар танып білсе де, осы жақтың қазақтары (Қытай қазақтары) әлі жете тани қойған жоқ. Тіпті кейбіреулері Абайдың атын да білмейді. Бұлардың бірталайы мені біледі. Сондықтан Абайды алдымен мен тануым керек. Және Абай менің аузым арқылы таныстырылуы керек» дейді [47, 50-51 б.]. Осы айтқанын Ақыт артығымен орындады. Абайды Қытайдағы қазақтарға танытып қана қойған жоқ. Өзі де Абай стилімен өлеңдер жазды, хатқа түсірді, халқына жеткізді.

Шекаралық жабық саясат, әртүрлі қысым салдарынан көп зерттелмей келе жатқан Ақыт қажы Үлімжіұлының діни-этикалық ілім жүйесі тым күрделі. Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы Абайдан 18 жыл бұрын Қазанда кітап шығарған Ақыт Үлімжіұлының еңбектерінен Матуриди ақидасымен тоғысар рухани биігін табу қиын емес. Сөзіміз дәлелді болу үшін ақын өлеңдерін Имам Матуриди сенімімен салыстырып көрелік:

1. Имам Матуриди «Иман мен ислам бір» деп тұжырымдайды. Ал, Әшғари бұл мәселеге басқаша тұрғыдан түсініктеме жасайды. Ол иман мен ислам екі бөлек нәрсе деп түйіндейді, Әшғари көзқарасы бойынша, ислам сеніммен бойұсыну болса, иман – сенімін амалмен дәлелдеу [82, 186 б.]. Ақыт Үлімжіұлы иман ұғымының жан тазалығынан бастау алуын айтқан, көркем мінез-құлықтарды кемелдендіру үшін келген Пайғамбарымыздың ар тазалығына негізделген имани ілімі жөнінде өте кеңінен тоқталған. Мұсылманшылықтың абзалы жүректегі иманның дүние тіршілігінде көрініс табуында екендігін жақсы түсінгендіктен ақын:

Ислам ең әуелі тазалықта,
Әділетсіздік жоламау қаралыққа,
Арамнан аулақ болып адалдықпен,

Зорлық-қорлық көрсең де таза ұста [68, 222 б.] - деп толғайды. Ақынның «Әдепті болсаң- иман сол, өнерлі болсаң- жиған сол» (Өсиетім- Жұртыма өлеңінен) деген өлең жолдары және ақынның халық арасында жатқа айтылып, кеңінен таралып кеткен «Бір сырлы, сегіз қырлы бол» өлеңіндегі «Шынайы мұсылмандық білген жанға, нақақшылық жасамау жайын елге» [83, 94 б.] деп философиялық ой толғамдары арқылы, біз Ақыт философиясындағы иман ұғымын имам Матуриди ақидасының аясында қалыптасқан ұғым екеніне көзіміз жете түседі.

2. Имам Матуриди сеніміндегі келесі бір түйін «Иман азаймайды, көбеймейді» деген ұстанымы [82, 190-191 б.]. Бұл туралы имам Әшғари «иманның азаюы да, көбеюі де мүмкін» деп пайымдайды.

«Әй, жігіттер әуелде, мықты болсын иманың» - деген Ақыт қажы өлеңдерінде «иманы күшті», «иманы берік», «діні берік», «иманды жан», «иманы әлсіз» деген ұғымдармен көп жерінде қолданады. Осы ұғымдардың кеңінен қолданылуы Ақыттың имам Матуриди ақидасына негіз болған «иман кемімейді де артпайды да, оның күшеюі немесе әлсіреуі мүмкін» деген қағидамен үндес шығып жатқанын дәлелдейді. Мысалы:

Ағузы ауызға алам бір құдайды,
Шыбын жан ғазап көрсе шырқырайды.
Имансыз бұл жалғаннан өткен жанның
Түтіні қабырынан бұрқырайды.

...

Байқарсың иман жайын аңғарсаң да,
Иманың қабыл болмас жалбарсаң да.
Иман, намаз, ораза тұтпай барсаң,
Қабыл емес иманың, қаж барсаңда [68, 103 б.].

3. Имам Матуридидің ендігі бір көзқарасы бойынша «адамның өз ақылымен Алланы тануы, оның бар және бір екенін білуі парыз» болып саналады [84, 106 б.] Алла тарапынан елшілер, пайғамбарлар келсін немесе келмесін, адам баласы Алланы ақылымен тауып, сенуі керек. Ал имам Әшғари «адамдар Алланы ақылымен тауып, оған иман келтіруге міндетті емес» - деп қараған.

«Ақыл болса, мал түгіл,
Иман-дағы табылған»

...

«Ақыл қонған адамға,
Иманда қонып орнаған» [68, 505 б.] - деп санаған ойшыл Ақыт, жаратқанды тану - ақылы бар адамға парыз екенін көрсеткен:

Иман демек танымақ бір Құдайды,
Құдіретпен жаратты күн мен айды.
Жеті қатты тоқтатқан біреуі жоқ,
Құдіреті бір Құдайдың осындайды.
Бір Құдай жоғары емес, төменде емес,
Еш тамақ алып және жеген емес.
Дегендер: «пәлен жерде» кәпір болар,
Тұрағым сондай жерде деген де емес.
Болмайды алды, арты, оң мен сол да,
Кезікпес іздегенмен және жолда.
Жүрсең де көкке шығып, жерге кіріп,
Көрмейсің бір Құдайды тағы сонда [85, 143 б.]
Немесе
Есің ал ақыретті иман ойлап,
Құлшылық қыл тірінде Алланы ойлап.
Ақ көйлекті киюден бұрын қамдан,
Шапағатшы пайғамбар ісін ойға ап [68, 118 б.]

4. Имам Матуриди «Адам ақылы жақсы мен жаманды танып біле алады» деп қарады, ал Әшғари болса Алланың әмірі мен тиымдары болмаса, адамның жеке таным қабілеті арқылы жақсы-жаманды ажыратуы мүмкін емес деп санады [84, 106 б.]. Бұл мәселе жөнінде Ақыт қажы Үлімжіұлы «адамның асыл-жасығы – зиннан шыққан сөзінде» деп тұжырымдай келе, мынадай қорытындыға келеді:

Ары ойла да, бері ойла,
Тар ойламай кең ойла.
Адамшылық қатарға,
Кірер жолды сен ойла.
Несие-қамал сатарға,
Екі жұртті тең ойла.
Құмар болсаң жатарға,
Тоярға ғана жем ойла.
Қараңғы таң атарға-
Надандыққа ем ойла [86, 429 б.].

Жоғарыда айтылған Ақыт өлеңіндегі «адамның асыл-жасығы – зиннан шыққан сөзінде» деген тармағына қайта үңілсек, бұдан А.Үлімжіұлының тек сөз зергері ғана емес, бірнеше ұлттың тілін біле отырып, шет тіліндегі сөздерді орнын тауып өлеңіне қолдана білетін талғампаз суретші екенін байқай аламыз. Өлеңіндегі «зиин» сөзі араб тілінен алынған сөз - (زین). Сөздің мағынасы - сұлу, әдемі, жылы дегенді білдіреді. Демек, А.Үлімжіұлы адамның жақсылығы мен жамандығы аузынан қандай сөз шығатындығына қарай өлшенеді деп қарайды.

Ақыттың шығармаларында ақылмен ойлау, ақылмен іс істеу туралы өлеңдері жетерлік. «Тілек, жүрек бір болса, табылатын ақыл мол» деп түйіндеген ақын, адамның иманы мен ниеті түзу болса, жүректен шығатын мейірім мен көңілден шығатын асыл сөздің иман шуағының бір бөлімі екенін көрсетеді. Бұл да Ақыттың Матуриди ақидасымен алыстан сабақтасып жатқандығының бір белгісі болса керек.

5. Матуриди сенімінде «Оның әрбір ісінде хикмет пен себеп бар» деп тұжырымдалса, Ашғари сенімінде бұл «Алла жасағандарына жауапты емес, сондықтан Оның ісінен себеп іздестірілмейді» дегенді ұстанады [84, 106 б.]. Ақыт қажы өз өлеңінде Алланың әрбір жаратылысының өз хикметі бар екендігін алға тартады. Мысалы:

Бір Алла өзі мәдәт ойламаса,
Бәндәның мына жүрген көп-дүр міні.
Шырағым, хақтан сұра әрбір істі,
Алланың әр не қылса күдіреті күшті.
Қараңғылықтан халықты нұрға шығар,
Сол жұртқа рақым қылып мейірім түсті [86, 208 б.].

6. Имам Матуриди сенімдік мектебінің тағы бір ерекшелігі - «адамда жеке қалау еркіндігі берілуі». имам Ашғари бұл мәселеге басқаша көзқараспен қарайды. Ол адамның еркіндігін Алла жаратады деп қарайды

[84, 106 б.]. Бұл жөнінде қазақтың білгір ойшылы Ақыт өз ойын былай өрнектейді:

Түбін ойлар ер қайда,
Өркімнің ақылы өзінде,
Шариғат деген бір жан жоқ,
Мына заман кезінде.
Заманың тұр дүрілдеп,
Ойла халқым бұл қалай,
Шариғатпен жүретін,
Ақыл кетті жадағай.
Надан болып барамыз,
Шариғатқа жанамай.
Иман, ислам, дін, биғдат –
Ұжмақтағы шырағың
Немесе
Алдыңды тағдыр ашпаса,
Арттағың қадам баспаса.
Дарға келіп камалдың,
Тұйықтап қалдың шырмалып.

Осындай өлең жолдары арқылы Ақыт Үлімжіұлы адам баласына Алла Тағаланың ақыл бергендігін, сонымен қатар өз жолын қалай алып жүруіне де ерік берілгендігі туралы айта келіп, ілімдік тұрғыдан Матуриди ақидасымен сабақтаса кетеді.

7. Имам Матуридидің тағы бір ерекше пікірі «қиямет күні Алла Тағаланың жүзі көріне ме, көрінбей ме» деген мәселеде айтылды. Құран Кәрімнің қиямет сүресінде бұл туралы: «Қиямет күні кейбір жүздер жарқырап, Раббына қарайды» деп бұйырылып, ақырет күні кейбір адамдардың Оны көре алатындығы айтылған. Имам Матуриди Құранда баяндалғанындай қиямет күні Алланың жүзі көрінеді деп сенді. Имам Матуриди: «Қиямет күні Алланың көрінуі, бұл қияметтік хал. Ақыретте Алла көрінсе, демек, ол заттан және мекеннен тұрады деп ойлау күмәнсіз адасқандық. Ал, қиямет күнгі жағдайдың қалай болатындығы бізге беймәлім. Сондықтан, Құранда қиямет күні Алланың көрінетіндігі туралы анық айтылса, біз бұған сенуге тиістіміз» деген ұстанымда болды. Ал, Ашғари Алла Тағала қияметте көрінбейді деген пікірде болды [84, 106 б.]. Алланың дидарына және қорқыныш пен үмітке қатысты осы екі тұжырым Ақыт Үлімжіұлы рухани әлемінің негізгі тұғырларына айналды.

Ол өзінің атақты «Қиямет ахуалы» атты өлеңінде бұл туралы:

Сираттан өткеннен соң мақтаныңдар,
Одан бергі мақтаннан сақтаныңдар.
Жұмаққа кіріп дәрежең толғаннан соң,
Хақ дидарын көрген соң шаттаныңдар.
Ақыретте ең қызық дидар көрмек,
Дидар көрсең балқиды бойың сергіп.

Қызықтың бұдан басқа бәрі бекер,
Білгенге басқа қызық бәрі ермек [68, 21 б.].

Осылайша, ойшыл ақын Ақыт Үлімжіұлы Алланың дидарын көру мәселесінде Матуриди сенімімен тығыз сабақтастық, рухани жалғастық орнатқандығын айғақтайды.

А. Үлімжіұлы өлеңдері дерлік халыққа насихат, тәрбие түрінде жазылған. Ақыттың діни-этикалық өлеңдерін сүнниттік сенім мектептерімен салыстыра зерттеу арқылы, Самарқанд топырағында туылып, күллі мұсылман жұртының сенімдік тұлғасына айналған Матуриди ілімінің дана, ойшыл, аудармашы, философ, ақын Ақыт қажы мұраларымен тығыз қабысып жатқанын байқауға болады. Бұл қазақ халқының әлмисақтан бері мұсылман екендігінің, «амалдағы мәзһабым - Имам Ағзам, сенімде - Матуриди мәзһабындамыз» деген берік сенімінің айғағы іспеттес. Сондай-ақ, ойшыл ақын Ақыт өлеңдерінің әр тармағы, әр жолы Матуриди ақидасымен үзіліссіз, жіксіз байланысып жатқанын көруге болатынын жоғарыда атап өттік. Ал бұл қазақ дүниетанымындағы Матуриди ақидасының іздері айқын екендігінің, сенімдік тұрғыда бір биікте тоғысқандығының белгісі екендігін көрсетеді.

Атақты ислам ғұламасы Тафтазани Имам Матуридидің Әшғари мектебімен салыстырғанда елу жеті айырмашылықтың бар екенін атап өтсе, біз тек Матуриди ақидасының бірнеше басты көзқарасын ғана басшылыққа алдық. Демек, Ақыт мұрасын, Ақыт жәдігерін басқа қырынан да зерттеп, зерделеу - өскелең ұрпақ үшін үлкен міндет әрі аманат екені даусыз.

Ақыт шығармаларындағы теологиялық мәселелер Ақыт қажының «Керей ишаны Мұхаммед мүмін» өлеңінде де толық көрініс тапқан. Ақыттың бұл өлеңі Пайғамбарымызға деген құрметпен, мадақпен басталады. Айталық:

Жаһанға болды рахмет Нұр Мұхаммед,
Қырық жаста пайғамбар қона қалып.
Алланың Нұрмұхаммед шын хабибі,
Оңалытқан күнә дертін дінін тауып.
Мұхаммед нәби сізсіз деген Алла.
Екі жаһан сәруәрі нұр жаралып.
Жаралған махлуқаттан нұры бұрын.
Бір Алла ғазизлаған ұшбу түрін.
Лау Лақа Лама Халақтул Афлак деген Алла,
Бөнде білмес Алланың асыл сырын [68, 118 б.].

Шын мәнінде, Ақыттың барлық өлеңдерінен нағыттық (Пайғамбарға мадақ) дәстүрді табуға болады.

- Ақыт Үлімжіұлының кез-келген өлеңі Аллаға мадақ, Алланың көркем есімдерін зікір етуге араналады және бұл жырлардың барлығы Алланың қасиетті кітабы Құранның негізінде жырланады. Айталық, «Қажы баян» өлеңінде Ақыт:

Он сегіз мың ғаламды,
Жаратқан өзің бар құдай.
Бір өзіңнің хұқымыңа.

Қаратқан өзің бар құдай.
Бізлерні жерге жүргізіп,
Бірлігіңні білгізіп
Таратқан өзің бар құдай.
Нығыметінді сатпастан,
Арзан берген бар құдай.
Тіршілігін ғаламның
Жаннан берген бар құдай.
Жан сақтауын адамның

Малдан берген бар құдай - десе, Құранда: «Көктер мен жерді жаратушы Алла жайында күмәнданасыңдар ма?» [88, 14:10] «Ол сондай Алла, жер жүзіндегі барлық нәрселерді сендер үшін жаратты» [88, 2:29] – деп баяндалады.

Ақыттың «Он сегіз мың ғаламды жараттың, оны өз үкіміңе қараттың», – деп сөз етуі Алла Тағаланы абсолютті құдірет иесі ретінде сипаттап, жоқтың бар болуына себеп болатын барлық жаратылыстың, әлемдердің иесі әрі оны басқарушы екендігін қисынды жолмен түсіндіреді. «Әлем» сөзі жаратушының бар екендігін және күш құдіретін көрсететін белгі деген мағынаға келеді. «Он сегіз мың ғалам» тіркесі Құранның алғашқы аятындағы «әлемдер» сөзінің тәпсірінде көбірек кездесіп, діни әдебиеттерде көптікті білдіретін аллегориялық тұрақты тіркеске айналған. Құранда көпше түрде 73 жерде қайталанған. Жалпы әлемге қатысты сөздердің барлығы Алланың құдіретіне байланыстырыла айтылған. Құранда «көк» сөзі көпше түрде келіп, басқа әлемдердің бар екендігіне ишарат беріледі. Ислам философиясы мен кәләм ілімінде ең кең талқыланатын мәселенің бірі осы әлем мен Алланың жаратуы мен құдіреті мәселесі.

- Ақыт өлеңдері өзі өмір сүрген қоғамның шынайы бет бейнесін суреттеуге, сол кездегі елдегі діни, саяси жағдайларды ашуға бағытталған. Философ, ғалым Қ. Жамалов «Қазақ ақын-жыраулары өзі өмір сүрген кездегі елдің рухани болмысын дұрыс тани білгендіктері шығармаларынан көрініп тұрады» - деп көрсетеді [89, 85 б.].

Осы тектес діни тақырыптағы өлеңдерін оқып зерделегенде, Ақыт Үлімжіұлының жалпы ұстанған жолы қандай, мәзһабы не, діни ұстанымы қандай болған деген сұрақ бірден ойға оралары даусыз. Олай болса, зерттеу тақырыбымызға сәйкес, өмірінің көп кезеңін діни білім беруге, дін саласында қызмет етуге және қазақ діни әдебиетінің негізін қалауға арнаған ұлы ақынның діни көзқарасы қандай болғандығына тоқталайық.

Ақыт Үлімжіұлының діни сенімі зерттелмеген тың тақырып. Ақыт әлемі де тәуелсіз қазақ елі үшін жасырын, жұмбақ әлем. Ақыт Үлімжіұлының шығармашылығын осы күнге дейін көбінесе филологтар, әдебиеттанушылар зерттеп келді. Алайда оның діни тұлға ретіндегі сипаттамасы әлі берілген жоқ. Діни өлеңдер мен толғаулар жазып, бүкіл өмірін қазақ руханиятына арнаған ақынның негізгі мақсаты - адамдарға барлық нәрсені Алла разылығы үшін жасау керектігін дәріптеу, рия және көзбояушылықтан алыс, көркем

мінезді адам болуларына ықпалын тигізу, менмендіктен, өзін жақсы көру және өркөкіректіктен құтқару болған. Осылайша исламның таралуына өзіндік іс-әрекеттерімен қызмет еткен ақынның дүниетанымы Құдайдың ішкі болмысының құзырында қалай саяхаттауды, ластықтан тазалануды, жақсы қасиеттермен әсемдеуді білуге ұмтылатын тариқат жолында екенін оның әрбір шығармаларынан байқауға болады.

Жалпы тариқат дегеніміз ислам сопылығының ең маңызды жолы. Тариқат ұйым емес. Сондықтан оған мүше болу деген ұғым қолданылмайды. Ислам сопылығының мақсаты Аллаға ұласу, шынайы мұсылман болу, кемел адам мәртебесіне жету болып табылады. Бүкіл тариқаттар әзіреті Әли мен әзіреті Әбу Бәкір жолымен пайғамбарымыз (с.ғ.с) ға барып ұштасады. Әзіреті Әли жолындағы тариқаттарда зікір ашық дауысты түрде болса, әзіреті Әбу Бәкір жолындағы тариқаттарда жасырын түрде жасалынады. Айырмашылық осы жерде басталады. Мысалы, Бекташия, Мәулауия, Рафиғия, Қадария, Яссауия осы әзіреті Әли жолындағы тариқаттар, Нақшбандия болса әзіреті Әбу Бәкір жолындағы тариқат [90. 23 б.].

Орта Азияда сопылық тариқаттар XII-XVII ғасырлар арасында пайда болды. Түркістан, Бұхара қалалары сопылық ілімнің түркі, парсы тілдес халықтардың арасында таралуында зор рөл атқарды. XV ғасырда Яссауи тариқатының орнына Нақшбандия тариқаты келді. Бахауддин Нақшбандия жолы ислам үшін ала бөтен жол емес, ол Яссауи жолы негізінде құрылған Ханафи мазхабы мен Матуриди ақидасы негізіндегі сүнниттік тариқат [91, 183 б.].

Ақыт шығармашылығында тариқат туралы, оның ішінде де нақшбандия тариқаты туралы арналған арнайы өлеңдер көптеп кездеседі. Айталық, «Камал пір мүршид Нақшбанда ахуалы» деген өлеңі Ақыт шығармашылығындағы шоқтығы биік өлеңдердің бірі. Алғашында Қытайда, кейіннен Түркияның Кония қаласында қайталай басылған ақын шығармаларының II томында бұл өлең толығымен беріліп, өлеңнің соңына 1902 жыл деп жазылған. Демек бұл өлең Ақынның Қобда бетінде, Делуін ауданында Лайық қажы, Бардам үкірдай ауылдарында мектеп ашып, бала оқытып жүрген кезінде 34 жасында жазылған.

Алдымен өлең тақырыбына назар салалық. Камал немесе кәміл араб тілінен алынған камил - жетілген, толыққан деген мағынаны білдіреді. Пір сөзі бізге парсы тілінен енген. Парсы тілінен «данагөй қария» деп аударылады. Негізгі ұғымы қажы, қазірет, ишан сияқты ірі дінбасыларына байланысты қолданылатын ұғым. Көбінесе сопылар арасында кездеседі. Көп жағдайда пір «әулие» атанып, аскеттік өмір сүреді. Діни ұғымда пір - қолдаушы, қорғаушы, сүйеніш болып есептеледі, аруақ туралы түсінікке жақындайды. Түрлі табиғи заттарды, ескі мазарларды, кейбір тарихи ескерткіштерді пір тұтып, діни аңызға бөлеп, «әулие» күзетшісіне айналдырады. Мүршид сөзінің жалпылай, тасаууф ұғымында жекелей де мағынасы бар. Жалпы мағынада мүршид дегеніміз – адамды теріс жолдан

қайтарып, дұрыс жолды көрсететін, көңілімен Аллаға бағынған, шәкіртін кәмілдікке тәрбиелейтін адам [92, 401б]

Деректерге негізделгенде, қазақ даласына нақшбандия тариқатының келу барысы үш кезеңге бөліп қарастырылады. Бірінші кезең: Әмір Темір және Темір ұрпақтары, Убайдулла Ахрар Уәли, Әбілхайыр хан, Керей және Жәнібек хандар кезі. Екінші кезең: Сопы Аллаяр, Бабараһым Машарб кезеңі. Үшінші кезең: ХХ ғасырдағы суфистік бағыттың белең алған кезеңі. Ал, Шығыс Түркістандық агиографиялық шығармаларда қазақтар мен қырғыздардың XIV ғасырдан бастап Шығыс Түркістанда болған барлық оқиғаларға белсенді қатысып отырғандығы айтылады, яғни қазіргі Қытай халықтары Орталық Азия мен Қазақстан халықтарымен тарихи, экономикалық және мәдени салаларда біртұтас болған. Көптеген ғасырлар бойы бұл халықтар тығыз араласып, ортақ жауларына әлденеше рет бірлесе тойтарыс беріп, өздерінің саяси тәуелсіздігін қорғап қалып отырған. XIX ғасыр бойында Шығыс Түркістан халықтары Цинь империясына қарсы жеті мәрте үлкен көтеріліс жасаған, бұл көтерілістерге өзбек, қазақ, қарғыз т.б. халықтар белсенді қатысқан. Әрбір сәтсіз көтерілістің соңында көтеріліс басшылары Орта Азияға қашып, сол жерлерде пана тапқан [93, 15 б.].

Аталған жағдайларға байланысты, тариқат халықтың тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүру формасына айналған өңірлерде пірге деген құрмет те сәйкесінше жоғары болды. Әрбір ойшыл, көзқарақты мүміндер Алланы сүйеге, адамды құрметтеуге, жаратушымен байланыста болуға, сол арқылы жаратушы мен мүрид арасындағы кәміл адам пірге деген құрметке баса мән берді. Соның бірі - Қытай қазақтарынан шыққан ойшыл Ақыт Үлімжіұлы еді.

Нақшбанда әулие,

Тариқаттың кені екен- деп басталатын Ақыт өлеңі алдымен пірге деген құрметпен басталып, тариқатқа қол берсең, жаманлық жолды ұмытып қал- деп тариқатпен жүрудің моралдық-этикалық үлгісін ұсынады.

Нақшбандия тариқаты туралы кеңінен жазылған келесі бір өлең - ақынның «Керей ишаны Мұхаммед Мүмін» атты тарихи этнографиялық өлең романы. Бұл өлеңде нақшбандия тариқатының толық силсиласы (тізбек) өлең түрінде көрініс тапқан. Жалпы, ғылыми деректерде Нақшбандия тариқаты тараған барлық өңірде Нақшбандиге дейінгі тізбек төменгідей беріледі:

1. Әзіреті Мұхаммед (с.ғ.с)
2. Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а)
3. Салман Фарси (р.а)
4. Қасым ибн Мұхаммед
5. Имам Жағфар Садық
6. Әбу Язид Бистами
7. Абул Хасан Харқани
8. Әбу Әли Фармади
9. Әбу Юсуф Хамадани
10. Абдулхалиқ Ғиждуани
11. Ариф Ревгари

12. Махмуд Анжир Фағнауи
13. Азизан Әли Рамитини
14. Мұхаммед Баба Саммаси
15. Саид Әмір Күлал
16. Бахауддин Нақшбанди [94, 21 с.].

Аталған тізбек әртүрлі саяси, діни және қоғамдық жағдайларға байланысты, әртүрлі кезеңдерде бір-бірінен мүлдем ажырап немесе қайта бірігіп отырған. Айталық, Зікірдің іштей немесе жария айтылуына қатысты, Әбу Бәкір мен Әли арасындағы алғашқы ихтилаф; Алтын силсила мен Темір силсила тізбегі біріккен Жағфар Садық кезеңі; үшіншісі, Әбу Язид Бистами мен Абул Хасан Хараканидің бөлінуі. Осының Абул Хасан Харакани түркі және парсы мектебін ашты. Төртінші кезең, Юсуф Хамадани муридтері тариқатты төртке бөлді: Убайдулла Барки, Хасан Антакий, Ахмед Яссауи, Абдухалиқ Ғиждуани. Ал, бесінші кезеңде Бахауддин Нақшбанди тариқатты қайтадан біріктірді.

Мұхаммед Бахауддин Нақшбанди әзіреті Әмір Күлалға қол тапсырғанымен, деректерде ол кісінің ақиқи шейхы өзінен бірнеше жыл бұрын өтіп кеткен Абдулхалиқ Ғиждуани (қ.с) екені айтылған. Бұл түрдегі тәрбиені сопылық (тасаууф) әлемінде «увайсилік жолы» деген атау берілген [95, 21 б.].

Махмуд Анжир Фағнауиден Саид Әмір Күлалға дейін бұл силсиланың кісілері орнына қарап кейде жария, кейде құпия зікірді салуды құптаған. Көбінесе жария зікір салынатын. Мұхаммед Бахауддин Нақшбанди Құран мен сүннеттен дәлелдер және өз ұстазынан алған тәлімдерін басшылыққа алып, іштей зікір салуды үстем санады. Ол кісі: «сопы оңашада болса да, жамағатта болса да құпия зікір салғаны абзал», деді. Яғни, нақшбандия тариқатын ұстанушылар жария зікір салудан гөрі іштей зікір салуды абзал санаған.

Өзбекстандық ғалым Мухаммад Садик Мухаммад Юсуф өзінің «Тасаввуф хақида тасаввур» атты еңбегінде Мұхаммед Бахауддин Нақшбандидің көп жылдық еңбек, тақуалық және өнеге істері нәтижесінде төрт құтыштардың бірі болу шарапатын нәсіп болғанын айтады. Олар:

- Шейх Абдулқадыр Жайлани;
- Қожа Мұхаммед Бахауддин Нақшбанди;
- Саид Ахмед Рифаи;
- Саид Ахмед Бәдәуи [96, 110 б.].

Ал, нақшбандия тариқатының пірлер тізбегі Ақыт Үлімжіұлы шығармасында өлең түрінде былай беріледі:

- Екі жаһан сәруәрі хақ пайғамбар,
- Әуелі шахар жардың Әбубәкір.
- Сыдыққа қол тапсырған хазірет Салман,
- Салманға хазірет Қасым қол тапсырған,
- Қасымға мүрид болған Жағыпар Садық
- Баязит Бистами ұстап оның жолын,
- Онан кейін пір болды Абул Хасан
- Әбу әли пір еді оның арты,

Әбу Юсуф Хамадани оған жалғас
Абдулхалиқ Ғиждуани оған жалғас
Әулиеһи зікіри әзіреті Ғариф.
Осының мақамында хазірет Анжир
Онан соң хазірет Әли рахметлі
Онан соң Мұхаммед пір хазірет баба
Самас деген Шаһардан шыққан аға.
Саид Әмір Күлали оған мақам
Пір Күлалдан қол беріп рұқсат алды,

Бахауаддин Нақшбанда қожа атаң [179, 4 б.] - деп тарқатады. Негізі, шығармада бұл тариқат ұстаздарының (пірлерінің) есімдері аталып, бір немесе екі шумақ көлемінде арнайы таныстырулар жасалды. Зерттеу жұмысымыздың көлеміне сай тек есімдері берілген тармақтарды ғана теріп алдық. Бұл тізбек өлеңде одан ары жалғасып, нақшбандия тариқатының кейінгі пірлері Маулана Якуб Чархи, Хожа Убайдуллаһ Ахрар, Маулана Мұхаммед Захид, Маулана Дәруіш Мұхаммед Самарқанди, Әзіреті қожа Мұхаммед Имканағи, Хожа Мұхаммед Бакибиллаһ, Имам Раббани Ахмед Фаруқ Сарһинди, Мұхаммед Сағид, Шайх Абдул-Ахад, Маулана Ғабид, Мұсахан қожа Дәһбид, Халифа Сыдық, Халифа Хусайн, Халифа Абдусаттар Мағзұм, Халифа Саид Камал, хазірет Мұхаммед Мүмін деп толығымен беріледі.

Осында ерекше айта кетер бір мәселе Қытай, Моңғолия және соңғы жылдары елімізде шығып жатқан Ақыт Үлімжіұлы шығармаларының толық жинағында жоғарыда аты аталған пір, ишандардың есімдері мен кейбір діни атаулар түпнұсқадан өзгеше, қате берілген. Мұны «Ғылым ордасы» РМҚ Орталық ғылыми кітапханасының сирек кітаптар қорында сақталған Ақыт Үлімжіұлының кітаптарының түпнұсқасымен салыстыра зерттеу жасаған жас ғалым Бауыржан Мырзақұл тілге тиек етеді [97, 242-247 б.]. Алдағы уақытта да бұл мәселе әдебиет зерттеушілердің басты назарында болатын мәселелердің бірі.

Мақтан емес бұл сөзім
Пірім десем жас келер
Немесе
Пақыр Ақыт қаламды,
Назым сөйлеп қолға алған.
Пір ұстазын сөйлесе,
Жалған ісі жол қалған.
Тәуба қылса соларға,
Жол ашылып оңдалған.
Тәуба қылмай не қылсын,
Бахаудиин пірлерім,

Қысылған жерде қолдаған [68, 238 б.] – деп Ақыт өзінің піріне деген аса бір құрметін білдіреді.

Ақыттың діни дүниетанымы қалыптасуына ықпал еткен ұстазы пір Саид кәмілге «қол берген» Мұхаммед Мүмін болды. Осылайша, нақшбанди

тариқатының белді ұстазынан тәлім алған Ақыт Үлімжіұлы өзінің пірге қол берген нақшбанди тариқатын ұстанушы екенін мына жолдар арқылы білдіреді:

Сол пірге қол тапсырған хазірет атаң,
Мүридке қуат болсын қылған батаң.
Атаңның қол тапсырған пақыры едік,
Асып жүр ерапайсыз қылған қатам.

Бұдан Ақыт Үлімжіұлының бұрыннан қалыптасқан қазақы мұсылмандық дәстүр бойынша суфизмнің рухани мұрасын игергенін атап өту аса маңызды. Ол кезде бүкіл Орталық Азияда сопылық жолдың әсіресе нақшбанди тариқаты кең тараған еді [98, 211 с.]. Сондықтан Ақыттың Керей ишаны Мұхаммет Мүміннің сопылық тариқатына кіріп, оған «қол бергені» осы діни жолда белгілі дәрежеге жеткенін көрсетеді. Исламдық білімін жан-жақты толықтырған тұлға кейін өз ауылында бейресми медресе-мектеп ашады. Ақыт Үлімжіұлының араб, парсы, түрік, татар тілдерін жетік меңгергені мәлім. Суфизмнен, діни-реформаторлық ілімдерден терең білімдар қазақ теологы күрделі рухани ізденістерден өтіп ұлттық мәдениетті қорғау жолына түседі.

Нақшбандия тариқаты – кісінің қандай жағдайда болмасын, қиыншылықта да, қуанышта да, молшылықта да, таршылықта да, мейлі басшы болсын, мейлі қосшы болсын, мейлі далада яки тасада болсын, Алламен бірге болуы, жүректен Алладан өзгені былай ысырып, шынайы ықыласқа жетуі болмақ. Хазіретке пірге қол тапсырған мүрид ретінде Ақыт осы жолды берік ұстанады. Айталық:

Пақыр Ақыт сөйлейді ...
Айналын құдайым,
Мінәжіт етіп жылайын.
Өзіңнен қуат сұрайын,
Он сегіз мың ғаламды,
Жаратқан өзің бар құдай,
Бір өзіңнің үкімің,
Қаратқан өзің бір құдай.
Биссмиләһи құдайым,
Илләһи саған жылайын.
Мүсәпір болған біз ғарып,

Жыламай қайтып шыдайын [68, 405 б.] – деп толғайды. Бұдан Ақыт шығармаларының негізінен толығымен сән-салтанатына алданбай, Хаққа қарай жүруді, құлшылықта тереңдетуді, өзінің әлсіз құл екенін ұмытпай, қарапайымдылығынан айнымай ғұмыр кешуі дәріптеуге арналғандығын байқау қиын емес.

Ақыт Үлімжіұлының Нақшбандия тариқатында болғаны туралы басқа да деректерден келтіруге болады. Айталық, Нақшбандия тариқатында зікір құпия түрде орындалды, зікір орындаушы кісі жамағатпен де, жеке өзінде зікір сала алады. Негізінде Нақшбандия тариқатында құпия түрде жеке өзі орындағаны абзалырақ. Бұл туралы Ақыт:

Пайғамбарым бастаған иә пірлерім,

Бізлерге жолдас болсын қайыр батаң,
Әмір Кәләлға Қожа атам берді қолды,
Діліне мағырипаттың нұры толды.
Рухы-шәрпі Ғабдұл Халықтың аян беріп,
Зікір хафия осыған пайда болды.

Бұрын зікір жария барудағы,
Әр жерде жария бар алудағы,
Зікір хафия пайда қылып тағылым берген,
Бахауддин пірлерің танудағы [99, 138 б.].

Өлеңдегі зікір хафия деген жасырын немесе іштей зікір айтуды білдіреді. Сөздің шариғи мағынасы тек жүрекпен зікір ету. Бейқамдылық пен ұмытудан арылып, жүрек пен Раббының арасында болатын пердені ысырып, зікірді жүрекке құдды Алланы көріп тұрғандай етіп орнықтыру.

Нақшбандия тариқатының жалпыға белгілі сегіз рашхасының біреуі - «Уқуфи қалби». Бұл салик (тариқатты ұстанушы адам) құпия зікірде көптеу жүріп, жүректе Алланы сақтауымен уайымсыз жүруі керек дегенді білдіреді. Бұл туралы Ақыт өзінің «Өтер дүние аялсыз» өлеңінде:

Күнәлі болсаң қасарма,
Тілек ғып ағарт көңілді.
Тілесен Алла бермек-дүр,
Жіберме зая өмірінді.
Түсін мейлі түсінбе,
Алланың сен ісіне,
Алланың аты айтылсын,
Әрбір қылған ісінде. – деп жырлайды.

Келесі бір рашха: «Сафар дар ватан», яғни, салих құлшылығы арқылы адамгершілік табиғатынан періштелік сипатына өтуі. Ақыт Үлімжіұлы бұл туралы «Аллаға шынайы бет бұрған адамның жүрегі жібіп, тақуаға айналатынын» айта келіп, былай деп тоқаталады:

Аллаға ғашық шын ерлер,
Хақ жолына бас берер.
Шынымен сорлы наданлар,
Шариғат сөзін қас көрер,
Хақты ойлаған жомарттар,
Керейге қайыр ас берер [99, 228 б.].

Осы жерден Ақыт Үлімжіұлының ілім алудағы, ақиқатты танудағы Мұхаммед Пайғамбардан басталатын рухани тізбегі – силсиласы анық көрінеді.

Сопылықта көп қолданылатын әрі өте маңызды ұғымдардың бірі - силсила ұғымы. Сопылық дәстүрде ұстаздан шәкіртке дейін сабақтасып, жалғасып келе жатқан рухани тізбек силсила деп аталады. Шынайы ілімді сақтаудың бір көрінісі ретінде саналатын силсила атауы Мұхаммед пайғамбардан бастау алып, танымал ғұламалар, сенімді тізбек арқылы

шынайы ілімнің шәкіртке жетуі дегенді көрсетеді. Осы рухани сабақтастық арқылы ақиқат ілімі мен тәжірибе ұстаздан шәкіртке беріледі және осылайша дәстүр ұрпақтан ұрпаққа жалғасады.

Сондықтан, сопылық жолды ұстанып, қандай да бір ілімді жеткізуші тариқат немесе тұлға өзінің силсиласын ұстай отырып, өздерінің рухани басшылары арқылы шынайы діни білімді жеткізушілер болып саналады.

Ақыт Үлімжіұлы Өр Алтай мен Қобда өңіріне, тіпті тұтас қазақ даласына сопылық тариқаттың таралуына үлкен ықпал еткен тұлға. Бұған Ақыттың ашқан медреселері мен тәрбиелеген шәкірттері, рухани өлеңдері мен еңбектері анық дәлел бола алады.

Оқу-ағарту жалпыласпаған, елді сауатсыздық меңдеген ортада ғұмыр кешкен Ақыт халықтың білімін көтеруді, діни сауатын ашуды шарифи өлеңдері арқылы бастады. Оқуға жеңіл, мазмұны бай, қазақы тілмен жазылған Ақыт жырлары сол заманның үлкен әліппесі болғаны тарихтан белгілі. Ақыттың өзі бұл туралы:

Ауызбен айтып кетпесем,

Кім білер ішкі сырымды.

Өлең сөз пайда тигізер,

Оқуға бер ұлыңды [67, 269 б.] – деп өзінің рухани ағартушылық ісін мақтан етеді және осы қызметінде өзі жазып қалдырған өлеңдер мен жырларының пайдасыз қалмайтындығына күмән келтірмейді.

А. Үлімжіұлы өзінің діни ілім алып, сауатын ашуын ағасы Садық Жебенұлынан, ауыл молдасы Ғұсманнан бастадым, одан кейін Бұқарадан келген Мырзабқыдан тәлім алдым деп айта келіп, өз силсиласын өлеңінде ретімен сипаттайды.

Ақынның 1903 жылы жазылған «Керей ишаны Мұхаммед Мүмін» атты тарихи этнографиялық өлең романында өз силсиласы туралы кеңінен толғайды және өзінің діни ілім алудағы, тариқатты силсиласын былайша тарқатады:

Мұхаммед (с.ғ.с) - Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а) - Салман Фарси (р.а) - Қасым ибн Мұхаммед - Имам Жағфар Садық - Әбу Язид Бистами - Абул Хасан Харақани - Әбу Әли Фармади - Юсуф Хамадани - Абдулхалик Ғиждуани - Ариф Ривигари - Махмуд Анжир Фағнауи - Азизан Әли Рамитини - Мұхаммед Баба Самаси - Саид Әмір Кұлал - Бахауддин Нақшбанди - Маулана Яқуб Чархи - Хожа Убайдуллаһ Ахрар - Маулана Мұхаммед Захид - Маулана Дәруіш Мұхаммед Самарқанди - Әзіреті қожа Мұхаммед Имканаги - Хожа Мұхаммед Бакибиллаһ - Имам Раббани Ахмед Фаруқ Сарһинди - Мұхаммед Сағид - Шайх Абдул-Ахад - Маулана Ғабид - Мұсахан қожа Дәһбид - Халифа Сыдық - Халифа Хусайн - Халифа Абдусаттар Мағзұм - Халифа Саид Камал - хазірет Мұхаммед Мүмін – Ақыт Үлімжіұлы.

Осылайша, А. Үлімжіұлы пайғамбарымыз және Әбу Бәкір ас-Сыддықтан кейінгі 34 тариқат пірлерінің атын атап және олар туралы қысқаша ақпарат бере кетеді. Өзінің пірі, өзі қол тапсырған шейх Мұхаммед Мүмін туралы көп

тоқталып, шейхтың мұғжизаға толы әулиелік болмысын сипаттайды. «караматын санасаң, көбірек шығар шашынан» деп өз ұстазын мақтан ете отырып, дәрежесін арттыра таныстырады. «Атаңның қол тапсырған пақыры едік, асып жүр ерепайсыз қылған қатам» деп Ақыт өзінің осы тариқатты ұстанушысы екенінен дерек бере кетеді және өзінің адамдық болмысын тариқат сопыларына тән қарапайымдылық, кішіпейілдік таныта суреттейді.

Ақыт Үлімжіұлы тариқат пірі болып отырмаса да, осы тариқаттың адал ұстанушысы және дәріптеушісі бола білді. «Керей ишаны Мұхаммед Мүмін», «Кәмал пір мүршид Нақышбанда ахуалы» деген көлемді романдарын жазып, халыққа тариқат пірлерінің есімдерін аса бір мақтанышпен жырға қосады.

Мұхаммед Мүміннің әкесі Шахмансұр, ұлы атасы Шахмахмұт, арғы атасы Шасаһур ауқатты, дәулетті адамдар болған. Шахмансұр 1807 жылы Қоқаннан Бұқара қаласына қоныс аударады. Осы жылы баласы Мұхаммед Мүмін өмірге келеді. Баласын Бұхарадағы атақты медреседе оқытып, мол білім алады. Өйткені, Бұхара қаласы X-XI ғасырларда сүнниттік бағыт пен Ханафи мазһабына негізделген ғылыми-теориялық сопылық ілімнің дамыған орталықтарының бірі болған еді [100, 23 с.]. 1827 жылы Шахмансұр баласы Мұхаммед Мүмінді ертіп, Алтай өңіріне сауда жасай келеді. Алтай бетіне сөзі өтімді Қожамжар (Өжеке төре) төре ауылында біраз сауда істегеннен кейін, баласын қалдырып, Шахмұсұр еліне қайтады. Мұхаммед Мүмін Алтай өңірінен қыз алып, отбасын құрып, мешіт, медресе салдырып бала оқытады. Халық оны құрметтеп «Хазірет ата» атайды, оның ауылы күні бүгінге дейін «Хазірет атаң ауылы» деп аталады [101, 40 б.].

Асқар Татанайұлының берген биографиялық анықтаманы қуаттай келе, Мұхаммед Мүміннің тікелей ұрпағы Мархамет Жанасұлы былай деп тарқатады: «Мұхаммед Мүмін Алтайдағы қазақтардың мұсылмандық жолына бетбұрыс жасаған көшбасшы тұлға. Оның діни ғибадат қызметі сан тарапта, жүйелі, ислами ілімнің шарифатына сай тиянақты да бірегей, жоспарлы, заманға сай озық тәсілдермен, терең парасатпен, табанды күреспен, жергілікті халықтың мінез-құлқы, тұрмыс-салтымен үйлесімділік тауып көрегендікпен жүзеге асқаны аңдалады» [102, 8 б.].

Мұхаммед Мүміннен Ақытқа жеткен тариқаттың силсиласы үзілгенімен, А.Үлімжіұлы насихаттаған рухани құндылықтар ақын өлеңдері мен жырлары арқылы халықтың әдет-ғұрпы мен дүниетанымына сіңісті.

Бір ескерте кететін жәйт, Қытай қазақтарына ислам дінінің таралуы Мұхаммед Мүміннен бұрын өңірде Абақ Керей хандығы алғаш құрылған кезден бастау алады. Шежіреші Сейт-Омар Саттарұлының айтуынша, Әбліпейзұлы Көгедай Абақ Керейге төре болып келерде, Сарғалдақ қожаның Пірәлі, Бегалы деген екі ұлын Керей елінің ішіне дінбасы етіп ала келеді. Түрлеріне қарап жергілікті қазақтар Піралыны «Сары қожа», Бегалыны «Мәңгі қожа» деп атап кетеді. Аталған қожалар елге ислам дінін тарату, діни жоралғыларды өткізу қатарлы жұмыстармен айналысқан. [178, 470 б.].

Ақыт Үлімжіұлының теологиялық ұстанымы оның ақыретке байланысты көзқарастарынан да анық көрінеді.

Ақырет күніне иман ету – Ислам дініндегі иманның бесінші шарты. Ақырет күніне сенбеген адам діннен шығады. Алла тарапынан «Қиямет» атты арнайы сүренің түсірілуі де бұл ұғымның қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Қасиетті Құранда «Бірақ кім Аллаға, ақырет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға және құл азат етуге жақсы көре отырып, мал сарып қылса әрі намазды толық орындап зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы, таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне солар шыншылдар әрі солар тақуалар» [88, 2:177] - деп баяндалады.

Ақырет сөзі араб тілінен аударғанда соңғы деген ұғымды білдіреді. Құран аяттарында ақырет сөзі әртүрлі атаулармен беріліп, маңыздылығы айшықтала түскен:

- Яумил бағс – қайта тірілу күні (Рум сүресі, 56 аят);
- Яумил хурус – пайда болған күн (Каһф сүресі, 41 аят);
- Яумил жем – жиналу күні (Шура сүресі, 7 аят);
- Яумил хулд – мәңгі болатын күн (Каһф сүресі, 34 аят);
- Яумил азифе – жақындап келе жатқан күн (Му’мин сүресі, 39 аят);
- Яумил хасре – өкініш күні (Мәриям сүресі, 39 аят);
- Әл-қария – ұлы оқиға (Хаққа сүресі, 4 аят).

Ислам ақидасындағы ақырет күніне иман мәселесі о дүниеге қатыстының барлығын, атап айтқанда хашыр, есеп күні, сират, жәннат және тозақты қамтиды.

Ақыт араб, парсы тілін жетік білуі нәтижесінде сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінше өрістетіп, қазақ әдебиетінде басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік арна қалыптастырды. Ол әдебиетке деген ислам әсерін кең түсініп, оны өз шығармаларында жан-жақты көрсете білді. Ол қажылыққа барған сапарларында сол кездегі мұсылман әлемінің бай қазынасымен терең танысып, содан түйген ойларын қағаз бетіне түсірді.

Ақыт Үлімжіұлы ақырет жайында 1908 жылы, яғни өзінің 40 жасында Құран аяттары мен хадистер негізінде «Қиямет ахуалы» өлеңін жазады. Өлең Қазанда, ағайынды Каримовтар баспасында басылған. Жалпы 20 беттен тұрады. Аталған өлеңде ақыреттегі мүміндер мен мүнәпиктардың жағдайы туралы баяндалады. Өлеңде эмоциялық көңіл күйден гөрі, қиямет күнінің қандай сипатта болатыны басымырақ сараланған.

Ақыт өлеңнің басында кіріспе ретінде бұл өмірдің мәні туралы:

Дүниеден өлшем дәмі түгесілсе,

Ілгері жан баспайды жалғыз қадам.

Айдаған түмен малды бай болсаң да,

Бойыңа жапсырарың жалғыз мата [68, 2 б.] – деп бұл өмірдің сынақ алаңы екендігі туралы философиялық тұжырым ұсынса, қасиетті Құран Кәрімде: - «Біліндер! Шын мәнінде дүние тіршілігі бір ойын, ермек, сән және өзара мақтанысу, сондай-ақ малдарды, балаларды көбейту ғана. Бұның мысалы: Өсірген өсімдігі кәпірлерді таңырқатқан жаңбыр сияқты. Сосын

курап, сап-сары болғанын көресің. Содан кейін үгінді болады. Ақыретте қатты азап әрі Алладан жарылқау, ризалық бар. Негізінде дүние тіршілігі бір алданыштың ғана нәрсесі» [88, 57:20] – деп баяндалады.

«Өтіпті Абыл, Қабыл, Хазырет Шис,

Тозақ бар жеті тамұқ қайнаған пеш – деп тозақтың жайынан хабар береді. Ақынның «жеті тамұқ» дегені тозақтың жеті есімі. Бұл туралы Құранда келесідей баяндалады: «Тозақтың жеті қақпасы бар. Әр қақпаға олардан бір бөлегі айрылады» [88, 15:44]. Құран Кәрімде тозақ жайлы төмендегі жеті есім қолданылған. Олар:

1. Жәһаннам – бұл сөз Құранның жетпіс жеті аятында баяндалған.
2. Саъир – шыжыған от әрі жалын (Мүлк сүресі 5-аят).
3. Лаза – тұмансыз, қызыл от (Мәриж сүресі 15-аят).
4. Сақар – от (Мүддәсир 27-аят).
5. Хауия – түскендердің көбі кері қайтпайтын құй (Қария сүресі 9-11 аят).
6. Хутама – қыздырылған от (Һумәза сүресі 4-аят).
7. Жахим – ерекше жалын, қабат-қабат жалындаған от деген мағыналарға келеді (Мәида сүресі 10-аят).

Адам баласына өлімнің ерте ме, кеш пе бір келері ақиқат. Құран Кәрімде «Әркім өлімнің дәмін татады. Сендерді сынап, жаман-жақсы күйге саламыз. Сондай-ақ бізге қайтарыласыңдар» - деп анық баяндалған [88, 21:35]. Алайда, адамның өліммен, өлімнің дәмін татуымен іс аяқталмайды. Өйткені өлімнің дәмін тату істің жаңа басталғанын, яғни, Алланың алдына қайтарылудың басталғанын білдіреді. Алла Тағала дүниеде әрбір адамды жақсылық-жамандық, молшылық-жоқшылық, қуаныш-жұбаныш және саулық-сырқат дегендей өмірдің әрқилы кезеңдерімен сынаққа тартады. Мұны Ақыт:

Бисмилла сөз бастайын жақсы гептен,
Атамыз Адам, Ыдырыс өтіп кеткен.
Болғанда тұмақ-сүннат, өлмек-парыз,
Бұл өмір қағидасы бізге жеткен.

Анадан туған адам ақыр өлер,
Кетерін қай күн кешіп Алла білер.
Өлшеулі әр бәндәнің бір күні бар,
Өлшеусіз жаратқан жоқ паруәдигәр [68, 45 б.] – деп тұжырымдайды.

Жалпы, адамның иманына, құлшылықтарына кері әсерін тигізетін әуелі адамның өз нәпсісі, жалқаулық, тәкаппарлық, дүние-мүлік, қуаныш-жұбаныш, шайтан, жолдастары, өмір сүріп отырған қоғамындағы, қоршаған ортасындағы кейбір сорақы қылықтар сияқты әртүрлі іштен және сырттан келетін қауып-қатерлер кездеседі. Сондықтан адам өзін рухани жағынан қорғайтын бір қорған табуы керек. Осылардан алыс болуға шыққан Ақыт:

Дүние, ақырет қамын бірдей же деп,

Нәсихат ұшбу сөзім көңіл ашқан – деп айта келіп, Пайғамбарымыздың «Бұл өмір ана әлемнің егіні, не ексең соны орасың» деген хадисімен үндестік танытады.

Өтемей қияметте жүк көтерме,
Алланың әмір қылған парызын бес.
Сұм нәпсі ақыретте қатты дұшпан,

Жалғанда ерік бермей тамағын кес [68, 2 б.] - деп Ақыт адам баласына берілген дүниелік сән-салтанаттардың, нығметтердің өткінші екенін, нағыз бақыттың, нағыз нығметтің ақыретте жәннатта болатынын пайымдайды. Құранда адам баласына былай ескертіледі: «Адам баласы үшін әйелдер, балалар, алтын күмістен жиналған қазыналар, сәнделген аттар, малдар және егіндерді қызыға сүю әдемі көрсетілді. Бірақ олар дүние тіршілігінің сәні. Негізінде орынның жақсысы Алланың қасында» [88, 3:14].

Қасиетті Құран Кәрімде: «Әй мүміндер! Өздерінді әрі үй-іштерінді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғаңдар» - деп баяндалса, [88, 66:6] Алла Елшісі (с.а.с) бір хадисінде: «Баланы жеті жасқа келген кезден бастап намаз оқуға үйретіндер. Он жасына келген кезде оқымаса жазаландар» дегені айтылады [103, Салә 26]. Ал, Ақыт өзін және жақындарын тек Аллаға мойынсұнып, Алланың тыйымдарынан тиылып, парыздарын орындағанда ғана қияметтегі азаптан құтылуға болатынын ашық айтады:

Құдайға құлшылықтың жөні осылай,
Балаңды жеті жастан намазға жық.
Сапары ақыреттің ұзақ дейді,
Азықты күн бұрыннан даярлап шық [68, 2 б.].

Ақыретке сенімдегі маңызды бір түйін хашыр күніне сену. Хашыр сөзінің тілдік мағынасы «бір жерге жиналу» деген ұғымды білдіреді. Ал шарифатта, Алла Тағаланың адамдарды есепке тарту үшін Исафил періштенің екінші рет сур үрлеуімен қайта тіріліп бір жерге жиналуды білдіреді. Адамдар жиналатын сол жерге махшар немесе ғарасат майданы делінеді.

Жиналар ғарасатқа жанның бәрі,
Пенделер неше түрлі жас пен кәрі.
Ғаламды он сегіз мың бір жияды,

Жаратқан құдіретімен пәруары [68, 9 б.] - деп Ақыт ғарасат майданын суреттей келіп Пайғамбарымыздың «Ол күні құдіреті шексіз Алла Тағала адамдарды бұл жерге жинап алып: «Мәлик (күллі ғаламның иесі) менмін! Дәйян (ғамалдардың қарымын, бағасын беруші де) менмін!» деп бұйырады» - деген хадисті еске алады [104, 562 б.].

Адамдардың ақыретте мүмін болып және мәңгілік бақытқа, уәде етілген тіршілікке (жәннатқа) ие болуының негізі бұл дүниеде иман жағынан үнемі тірі болуына байланысты болады. Құран мен хадистен ерте сусындаған Ақыт бұл туралы:

Жалғанда жан қуатын тұрған шақта,
Алланы ойдан шығармай, ойыңызға ал - деп ескертеді.

Амал дәптерлер таратылып, адамдар дәптерлерін қолдарына алып дүниеде істеген бүкіл жақсы-жаман іс-әрекеттерін көріп танысқаннан кейін Алла Тағала тарапынан сұраққа тартылып есеп жасалады.

Сол күнде ерік берер заман қайда,
Періште не қылдың деп сұрап тұрар.

Қиямет күні адамдардың күнәсі мен сауабы Мизанда өлшенеді. Мизан сөзі «таرازы» деген мағынаны білдіреді. Мизан ақыретте есеп сұрақтан кейін әркімнің амалдары тартылып өлшенетін Алла Тағаланың әділет таразысы. Таразыда сауаптары, жақсылықтары ауыр тартқандар жәннатқа кіреді, ал күнәләрі, жамандықтары ауыр тартқандар жәһәннамға кетеді. Жәһәннамға кеткендерден мүмін болғандар істеген жамандықтары мен күнәсінің жазасын тартқаннан кейін жәннатқа кіретіндігі риуаяттарда білдірілген. Мизан жайлы Құранда былай баяндалады:

«Біз қиямет күні әділет таразысын құрамыз. Ешкімге ешбір әділетсіздік жасалмайды. Кішкене бір сауабы жақсылығы болса да соншалық кішкене бір күнәсі жамандығы болса да таразыға қоямыз. Барлық адамнан есеп сұрауға күш құдіретіміз жетеді» [88, 21: 47].

Ұжымаққа байлық емес, момын барар,
Момын жай байлық емес иман табар.
Кімде-кім құлшылығын үзбей қылса,
Сол кісі ақыретте жұмақ барар
Адамзат ең жақсысы сабыр қылса,
Тәубә қылып, тіршілікте момындармен,
Сауапты жақсы істерді көбірек қылса [68, 24 б.].

Адам баласы ақыретте есеп-сұрақтан кейін жәннатқа баруы үшін сират деп аталатын жол немесе көпірден өтеді. Сират көпірінде қойылатын – Иман, намаз, ораза, қажылық, зекет, құл ақысы және ғұсылға қатысты сұрақтарға жауап бергендер көпірден өтеді.

Филология ғылымдарының кандидаты Рашид Мұхитдинов сират туралы төмендегідей ақпарат береді: «Қиямет күні тозақтың үстінде құрылатын қылдан жіңішке, қылыштан өткір, жабысқақ ілмек тікенектері бар, тайғанақ көпір. Ол көпірден мүмін-мұсылмандар аман өтеді, ал кәпірлер өте алмай тозаққа құлайды. «Сират» сөзі араб тілінде «көпір», «өткел», «жол» деген мағыналарды береді» [105, 211 б.].

Ал, ақын Ақыт Үлімжіұлы өлеңінде сират көпірін былайша сипаттайды:
Сираттың көпірі ұзын үш мың жылдық.
Болмайды жуандығы жалғыз қылдық.
Қылдан тішке, қылыштан өткір болар,
Адамзат ақыл таппай болар мұңлық.
Күнә жүгі аз кісі тез өтеді.
Өтеді пайғамбарлар желдей есіп,
Кәпірге жалын шығар тозақ өсіп.
Әулие анық мүмін өтер кезде,
Болады бәсеңірек жалын өшік.

Өтеді кейбір адам аттай шауып,
Ақыры жетпіс мың жылда өтіп болар,
күнасі көп надан мен кәпір жаулар
Жығылып ғазап отқа кетіп болар.

Ақырет күні мүмін мұсылмандарға азаптан құтылуға шапағат жасалынатыны айтылады. Шапағат – күнасі болған мүміндердің күнәларының кешірілуі, күнасі болмағандардың одан да жоғары дәрежеге жетуі үшін періштелер, пайғамбарлар және Алла тарапынан жоғары дәрежедегілердің Алла Тағалаға жалбарынып дұға жасаулары дегенді білдіреді.

Ақыт Үлімжіұлы ақырет күнінде пайғамбарымыздың (с.ғ.с) Алланың қалауымен өз үмбетіне шапағатшы болатындығын, «өзге пайғамбарлардың өз басыма бір қиыншылық болмасын деп жылап тұрған кезінде, тек Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) ғана «үмбетім» деп жылайтынын» айта келіп,

Алланың әмірін бұзбай өтсек,

Пайғамбар шапағатшы болар бізге - деп түйіндейді.

«Қиямет ахуалы» өлеңінде пайғамбарымыздың тек өзі ғана Алланың қалауымен шапағатшы болуымен қатар, төрт саңлақ сахабаны үмбетін азаптан құтқаруға жіберетіндігі баяндалған [68, 16-17 б.].

Алла Тағалаға шынайы иман еткен, ізгі амал жасаған мүміндердің дүниедегі амалдарының сыйы ретінде ақыретте мәңгілік қалатын, әртүрлі нығметтерге, рыздықтарға толы сәулетті ерекше ғажайып бір орын – жаннатқа кіреді. Бірақ жәннаттың ішінде дәрежелері, өзгеше есімдері бар. Бұл туралы Ақыт:

Жаралған дін күткенге сегіз жұмақ,

Болама біле тұра көңіл бұзбақ [68, 22 б.] – деп сипаттайды. Мұндағы сегіз жұмақ дегені Құран Кәрімде баяндалған жәннаттың есімдері. Олар:

1. Жәннәтүл-Мә’уә - шәһид болғандар мен мүміндердің тұрағы (Нәжм сүресі, 15-аят);

2. Жәннәтүл-Ғадн - тұрақ және мәңгілік жәннаты (Рағд сүресі, 23 аст);

3. Мақадус-Сыдқ - шындық мекені (Қамар сүресі, 55-аят);

4. Фирдаус - әр нәрсені қамтыған жәннат бақшасы (Кәһф сүресі, 107-аят);

5. Дарұс-Сәлем - сәлеметті мекен (Юнус сүресі, 25-аят);

6. Дарұл-Мұқамә - мәңгілік тұрақ, мәңгілік үй (Фатыр сүресі, 35-аят);

7. Жәннатүн-Нағим - нығметтерге толы жәннат (Тур сүресі, 17-аят);

8. Мақамұл-Әмин - сенімді мақам, сенімді орын (Духан сүресі, 51-аят).

Ақыт Үлімжіұлының «Қиямет ахуалы» өлеңінде тозақтағы кәпірлер мен надандардың аянышты халі мен жаннаттағы тақуа, мүмін мұсылмандардың бақытты өмірлері Құран аяттары мен хадис-шарифтерде баяндаулар негізінде кеңінен көрініс тапқан.

«Қиямет ахуалы» өлеңінің соңындағы бір өзекті мәселе – Руютуллаһ мәселесі. Бұл Алла Тағаланың ақыретте пенделерге көрінуі [106, 125 б.]. Сонымен бірге, бұл әһли сунна уәл жамағат пен мұғтазилиттер арасындағы

талас-тартыстың көзі болған мәселе. Әһли сунна уәл жамағат Алла Тағаланың ақыретте пенделеріне қандай да бір пішінге немесе бағыт пен арақашықтыққа тиесілі болмаған күйде көрінетіндігіне сенеді. Ал, мұғтазилиттер бұл мәселені үзілді-кесілді жоққа шығарады.

Ақырет күні Алла Тағаланың көрінетіндігі туралы Құранда көптеген аяттар бар. Мысалы, «Қиямет күні, кейбір жүздер қуаныштан бал-бұл жайнайды, Раббысынан көз алмайды» [88, 75:22-23].

Әһли сунна уәл жамағаттың, атап айтқанда, имам Әбу Ханифа мен имам Әл-Матуридидің жолын ұстанушы Ақыт Үлімжіұлы ақыретте Алла Тағаланың пендесіне көрінетіндігін және адам баласында болатын нағыз қуаныш пен нағыз бақыттың сол кезде көрініс табатындығына шексіз сенеді және оны былайша сипаттайды:

Жұмаққа кіріп дәрежаң толғаннан соң,
Хақ дидарын көрген соң шаттаныңдар.
Ақыретте ең қызық дидар көрмек,
Дидар көрсең балқиды бойың сергіп.
Қызықтың одан басқа бәрі бекер,
Білгенге басқа қызық бәрі де ермек [68, 21 б.].

Ақыт адам баласының ақыретте азап тартуына душар болатын себептерді қысқаша былай деп түйіндейді:

1. Сараңдық. Адам мінезінің нашар қасиеттерінің бірі. Әр кезде өмір сүрген ұлы ғұламалар мұндай жиренішті – қаттылық, қараулық, қарабайлық сияқты әдеттерден жұртшылықты, әсіресе жасөспірімді сақтандырып отырған. Әлішер Науаи: сараң – пайғамбардың жиені болса да, пейішке бармайды десе, Ақыт сараңдық туралы:

Аз мысал ақыреттен қылдым баян,
Бәндәнің қылған ісі Аллаға аян.
Зекет бермей өсірген төрт түлік мал,

Сол болар қияметте жылан-шаян – деп баяндайды. Ақыттың бұл көзқарасы қасиетті Құран Кәрімнің «Бүкіл қорлаушы, өсекшіге нендей өкініш! Сондай мал жиып, оны санағандарға. Негізінен, малы өзін мәңгі жасатады деп ойлайды. Олай емес, әлбетте, ол «Хұтамаға» тасталады» - деген аятымен ұшатысып жатқанын байқауға болады [88, 104: 1-4].

2. Қанағатсыздық. Қазақ халқы қанағатпен шүкірлікке аса мән берген. «Қанағатты қарын тойғызар, қанағатсыз жалғыз атын сойғызар» деуі соның айғағы. Ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлы:

«Талап еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым ойлап қой,

Бес асыл іс көнсеңіз» - деп қанағатты «бес асыл істің» біріне жатқызса, Ақыт Үлімжіұлы қанағатсыздық туралы арыдан тоқтала келіп:

Қылыңдар кедей болсаң оған шүкір,
Түңіліп шүкірсізден жерге түкір.

Ақыретте ғазапқа душар болар,

Құдайға разы болмай қылған күпір – деп философиялық ой түйіндейді.

Бұл мәселе Құран Кәрімде: «Егер шүкір етсеңдер, арттыра беремін. Ал, егер қарсы келсеңдер, азабым тым қатты» деп әмір етілген [88, 14:7].

3. Дүниеқұмарлық. Алла Тағаланың сүймейтін және мұсылмандардың бойында болуын да қаламайтын ұнамсыз қасиеттердің бірі - дүниеқұмарлық. Алланың разылығын табу және ақыретте амал дәптердің онынан берілуін қалайтын әрбір мұсылманды осы жаман індеттен алыс болуға шақырған Ақыт «Жәннатқа байлық емес, момын, тақуа адамның баратынын» ескерте келіп, былай дейді:

Малы азырақ, көңіл орта болса,
Құдаймен алысады ендігі жан.
Бай болам деп тентіреп жүргенінде,
Іліп алып кетеді жетіп ажал.

4. Өктемдік. Абдуллаһ ибн Омар (р.а) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (с.ғ.с.): «Кім нақақтан (біреудің) жерінің бір бөлігін алса, Қиямет күні жердің жетінші қабатына жұтылады», – деген. Ақыт ақырет күні азапқа ұшырайтын адам баласының бірі осылар деп баяндайды:

Перішті оны мағлұм қылған дейді,
Мұның өзі би болып тұрған дейді.
Момынға күші жетпес зорлық қылып,
Әмірін түзу айтпай бұрған дейді.

5. Зинақорлық. Зинақорлық – мүміннің сипаты емес. Оны жасаған адам жазаға жолығады, қияметте де қатты азапталады. Бұл жайында Құдай Тағала қасиетті Құранда:

«Олар (мүміндер) Алламен бірге басқа құдай шақырмайды, хұқтары болмаса Алла тыйымына қарсы кісі өлтірмейді әрі зинақорлыққа да бармайды. Ал кім соларды істесе ол жазаға жолығады. Қиямет күні оған деген азап еселене түседі де, ол сонда қор болған күйде мәңгілікке қалады» [88, 25:68-69]. Қияметтегі зинақорлардың жазасы туралы Ақыт былай деп суреттейді:

Періште айғай салып баян қылар,
Бұл нысапсыз бәндә деп зинақұмар.
Зинасы көп тәубесіз болғаны үшін
Оны апарып тозаққа бірақ тығар.

6. Маскүнемдік. Ислам діні елге тарай бастағаннан-ақ, арақ-шарапқа бірте-бірте тыйым салынып, ең бірінші, ішімдіктің пайдасынан зиянының көптігі халыққа түсіндірілді. Шарап ішетіндердің намаз оқуына тыйым салынды. Арақтан тыйылу туралы Құранда көптеген аяттар бар. Халықты имандылыққа, тазалыққа шақырушы тұлғалардың ізін жалғастырушы Ақыт Үлімжіұлы арақ ішушінің алдында үлкен азап күтіп тұрғанын:

Ішінде жеті тозақ азап көрер,
Бұл өзі арақ ішкен надан дейді» - деп баяндайды.

Ақыт қажы Үлімжіұлы мұсылман баласын ақыретте ауыр азапқа душар ететін жаман індеттерді ғана баяндап қоймайды. Сонымен бірге одан

құтылудың шариғи жолын да көрсетеді. Бұған мысал ретінде Ақыт қажының «Мұса пайғамбардың мойындауы» атты өлеңін келтіре аламыз:

Құдайдың дұшпанымен жақын болма,

Күпір болып иманды дінің жойма.

Аллаға ғаси, қас болса пайғамбарға,

Тозақтан құтылмайсың ақыр жолда.

Қорыта айтқанда, Ақыт дүниетанымы өзге түркі, қазақ ойшылдары сияқты Ханфи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебі аясында қалыптасқан қазақы болмыстағы дүниетаным. Сонымен қатар, оның өлеңдеріндегі діни сарын, діни құндылықтардың, тіпті, ақыреттегі жағдайлардың Құран аяттары мен хадис шарифтерге сәйкес жырлануы – Ақыттың дін ғұламасы екендігінің нақты айғағы.

2.2 Ақыт шығармаларындағы діни ілім және этикалық құндылықтар

«Этика» термині ежелгі гректің «ethos» сөзінен шыққан. Бастапқыда этос деп әдеттегідей бірге тұратын жер, үй, адам баспанасы, жануарлардың ұясы, құс ұясы сияқты заттарды білдірсе, уақыт өте келе ол ең алдымен құбылыстың, әдеттің, моральдің, мінездің тұрақты сипатын білдіре бастады. Тіпті, Гераклиттің бір үзіндісінде адамның этикасы оның құдайы екендігі айтылады. Осылайша, бұл ұғым заттың атауынан адамның әлеуметтік шеңбері мен оның мінезі арасындағы байланысты білдіруге ауысты. Аристотель адами қасиеттердің ерекше класын белгілеу үшін мінез мағынасындағы «ethos» сөзінен бастап «этикалық» сын есімін жасап, оны этикалық ізгіліктер деп атады. Этикалық ізгіліктер адамның мінезі мен темпераментінің қасиеттері болып табылатындықтан, оларды рухани қасиеттер деп те атауға болады. Олар бір жағынан, дененің қасиеті ретіндегі аффекттерден (адамның ішкі сезімдері), екінші жағынан, ақыл-ой қасиеті ретіндегі дианоэтикалық ізгіліктерден ерекшеленеді. Мысалы, қорқыныш – табиғи аффект, есте сақтау – ақыл қасиеті, ал ұстамдылық, батылдық, жомарттық – мінездің қасиеті. Этикалық ізгіліктердің жиынтығын білімнің ерекше пәндік саласы ретінде белгілеу және бұл білімнің өзін арнайы ғылым ретінде көрсету үшін Аристотель «этика» терминін енгізді [107, 4 с.].

Этика ілімін сипаттай келіп, Аристотель «Ұлы этика» еңбегінде: «Ізгіліктің бастауы ақыл емес, сезімдердің дұрыс бағытталған қозғалысы» дейді [108, 53 с.]. Егер сезімдер дұрыс бағытталса, онда ақыл, әдетте, оларды ұстанады. Егер ізгілік көзі ақыл болса, оған көбінесе сезімдер қарсы тұрады. Оңтайлы жағдай «дұрыс бағытталған ақыл сезім қозғалысымен келіседі» [108, 54 с.].

Осы ұстанымды сабақтай келе қазақ ойшылы А. Құнанбаев өзінің он төртінші қара сөзінде былай деп жазады «Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса

игі еді демек, бұлар - жүрек ісі. Асықтық та - жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды» [109, 33 б.].

Демек, адамның адамгершілік өлшемі оның парасаттылығымен, парасаттылығы жоғары игілікке, ал жоғары игілікке бағдарлануы ізгі ниетпен байланысты екенін көреміз. Бұдан, адам парасатты болса адамгершілігі болады деген тұжырымнан, адам адамгершілігі бар дәрежеде парасатты деген қорытындыға келуге болады.

И. Кант өзінің «Адамгершілік метафизикасының негіздерінде» былайша жазады: «Ақыл өз объектілеріне қатысты ерікті сенімді түрде басқаруға және біздің барлық қажеттіліктерімізді қанағаттандыруға жеткілікті бейімделмеген. Бірақ, бізді бұл мақсатқа әлдеқайда дәлірек туа біткен табиғи инстинкт әкелді, бірақ бізге практикалық қабілет ретінде ақыл беріледі. Яғни ерік-жігерге әсер ететін нәрсе болғандықтан, оның шынайы мақсаты басқа мақсатқа жету құралы ретінде емес, өз алдына ізгі ниетті тудыру болуы керек. Бұл үшін, әрине, табиғат өз сыйларын бөлуде мақсатқа сай әрекет етсе, әрине, қажет болды. Демек, бұл ерік жалғыз және барлық жақсылық бола алмайды, бірақ ол ең жоғары игілік және барлық қалған нәрселердің, тіпті бақытқа деген барлық тілектердің шарты болуы керек» [110, 152 с.].

Әдеп немесе этика бір ұлттың адамзат өркениетіндегі маңызды көрсеткіші. Этикалық нормалар жүйесі арқылы әрбір ұлт пен қоғам өзінің өміршең сипатын сақтап қала алады.

Қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесін, ахлақты, адамгершілікті философиялық тұрғыдан зерттеу нәтижесі негізінде қазақ этикасы қалыптасты. Мәдениеттанушы ғалым Т. Ғабитов қазақ этика жүйесінің екі түрлі ерекшелігін атап көрсетеді. Біріншіден, қазақ тіліндегі әдептік бастаулардың басымдылығы. Егер батыста рационалды ғылым, шығыста — жантану өрістесе, онда қазақ сахарасында «адам болу» ұстанымы алдағы қатарға шықты.

Екіншіден, қазақы бірегейленуде синкретизм белгілері. Бұған автор мысал ретінде қазақы дүниетанымында ежелден қалыптасқан имандылық пен имансыздық, ар мен ұят, обал мен сауап, жақсылық пен жамандық, кие мен кесір, құт пен бақыт қатарлы бір-біріне қарсы сипаттарды мысал ретінде келтіреді. [111, 3 б.].

Т. Ғабитов көрсеткен қазақ этикасының екі ерекшелігіне қазақ даласына ислам діні келгеннен кейінгі иман мен сенім негіздерінен қалыптасқан синкретті әдеп жүйесін де атап өтуге болады. Исламдық негізде қалыптасқан этикалық нормалар жөнінде Ақыт Үлімжіұлы шығармашылығында көптеген құнды пікірлер айтылған.

Ақыт Үлімжіұлының шығармаларында адамның адамгершілігі, көркем мінезі мен ахлағының жоғары үлгісін «Хас жақсы» ілімі деп сипаттауға болады. «Жақсының елге тиер шарапаты, Жаманның елді бұзар кесапаты» - деп Ақыт хас жақсы адамның қоғамдық өмірдегі негізгі реттеуші жетекші күш екенін алға тартады. Ислам философиясында кемел адам болуға

жетелейтін Хас жақсы ілімі этикалық және философиялық ілімдердің синтезі ретінде ислам дініндегі ахлақ ұстанымы мен адамгершілік ұстындарын көрсетеді. Ислам ғалымдары да адамның ішкі жан-дүниесінің тазалығы мен көркем мінез-құлқына жоғары баға береді.

А. Үлімжіұлы шығармаларындағы «Хас жақсы ілімін» төмендегі жеті қағидатқа біріктіруге болады. Бұл қағидаттар Ақыт этикасының жалпы жүйесін құрайды.

1. Адалдық және шыншылдық. Адам бойындағы бұл екі қасиет – адам болмысының, қасиетінің шыңы. Түркиялық ғалым, мәдениеттанушы Халил Ибраһим Булут «Адамгершіліктің негізгі қағидаларының бірі – шыншылдық. Өйткені болмысы, сөзі, мінез-құлқы дұрыс адамда басқа кейбір моральдық ережелер әдетке айналуы мүмкін. Адалдық – адамның айтқаны мен істегенінің үйлесімділігі. Басқаша айтқанда, шыншылдық дегеніміз – сөз бен болмыстың бір болуы. Әділдік пен соған ұқсас ізгіліктер жоқ адамдар мен қоғамда туысқандық, бейбітшілік пен тыныштықты жалғастыру мүмкін емес. Адалдық және шыншылдыққа қарама-қайшы келетін өтірік пен арамдық қоғамда орын алса, басқа барлық ізгілік пен ізгі қасиеттер де сол қоғамда өзінің ең төменгі шегіне жетті деуге болады. Бұл қасиеті жоқ ұлттың арасында өтірік айтудан туындаған толқулар, жала мен дұшпандық, алауыздық сол елді өте азапты ақыретке апаратыны даусыз. Сондықтан барлық діндер шындықты айтуды бұйырады, өтірік айтудан тыяды. Демек, шыншылдық барлық діндерге ортақ моральдық қағида болып табылады» - деп сипаттайды [112, 65-81 б.].

Сондықтан, адам бойындағы барлық көркем мінез адалдық пен шыншылдықтан басталады. Адал, шынайы өмір сүрген адам бақытқа жетеді. Бұл туралы Құран Кәрімнің Бақара сүресінде былайша баяндалады: «Жүздеріңді шығысқа, батысқа жөнелту бір игілік емес. Бірақ кім Аллаға, ақырет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға көмектесуге және құл азат етуге мал сарып қылса әрі намазды толық орындап, зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы, таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне солар шыншылдар әрі солар тақуалар» [88, 2:177.].

Құран Кәрімде осы және осыған ұқсас аяттардың басым екені және соңғы пайғамбардың ең маңызды қасиеттерінің бірі шыншылдығы екені анық айтылған. Белгілі бір мағынада ислам діні осы қағидаға құрылған десек, артық айтқандық болмас.

Шыншылдық хақында ислам ғалымдарының көптеген анықтамалары мен түсініктері бізге жеткен. Қазақстан Мұсылмандары Діни басқарамасы тарапынан 2023 жылы шыққан «Сопылық» кітабында шыншылдықтың түрлері туралы «ислам құжаты» Әл-Ғазалидің төмендегідей ақпарат келтіреді:

Имам Ғазали шыншылдық туралы баяндай келіп, оның алты түрін ұсынады:

1. Сөз шындығы;
2. Адамның ықтияры мен ниетінің шындығы;
3. Ойға алған мақсаттың шындығы;
4. Опашылдық;
5. Іші мен сыртының үйлесімі;
6. Жүрекке дүниені енгізбеу.

Сонымен қатар, имам Әл-Ғазали осы алты шыншылдықты берік ұстаған адамның шыншыл адам немесе «Сыддық» деп аталатынын жеткізеді [113, 120 б.].

Ақыттың еңбектерінде адалдық пен шыншылдыққа үлкен мән беріледі. Ол адамды әрқашан шынайы болуға, өтірік айтудан және екіжүзділіктен аулақ болуға шақырады. Ақыттың көзқарасы бойынша, шынайы иман мен адалдық адамның жүрегінде терең сенім болған кезде ғана көрініс табады. Шыншылдық – Алланың ризалығына жету жолындағы негізгі қасиеттердің бірі. Ақынның Абай жырларына түсіндірме стилінде жазған «Далайлұл Ғақлия» еңбегінде адалдық пен шыншылдықтың сипаттарын Абайша толғайды, Абайша сынайды.

Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек,
Шынды құйып, өтірік-өсекке ермек.
Шариғат, ақыл, ғұрып бірін алмай
Азға көнбей, қорыққанда көпке көнбек.
Кеңшілікте білімсіп, кердең жүрмек,

Әйтеуір, сүйенгені көп пен дүрмек [11, 108 б.] – деп А.Үлімжіұлы шарифатқа бойсұнбайтын, ақыл тыңдамайтын, халықтың ұзақ жылдардан бері жалғасып келе жатқан салт-дәстүрі мен ғұрпын жоққа шығарушыларды қатаң айыптайды.

Арам ақыл құрғаны аяқ тұзақ,
Жақтырмай жақын сөзің болар қажақ.
Жөн табар деп жөніне қоя берсең

Кетпейді ғадатынан тағы да ұзап [11, 108 б.] – деп арам ақылмен жүйріктерге тұзақ, кедергі қойғыш жылпостарды бір сынап өтеді.

Ақыт өлеңдерінде адалдық пен шыншылдықтың сипаттары туралы Құран мен хадистерде келген анықтамаларға, ұлттың дәстүрлі дүниетанымына және адамгершілік нормаларына негізделе отырып, өзінің анықтамасын береді және оны қысқаша былай тұжырымдайды:

Әдеп, әркен, обал мен сауап бар деп
Сондай жас көріне ме ар сақтаған [11, 114 б.]

Мұндағы әркен (اركان – Әркан) сөзі араб тілінен енген сөз болып, қазақ тілінде белгілеме, жүйе, норма, тұтастың бөлімі деген мағынаны білдіреді. Осылай, А. Үлімжіұлы этиканың негізгі өлшемі саналатын адалдық пен шыншылдықтың негізі – әдеп, обал, сауап және ар-ұят деп түйіндейді.

2. Әділеттілік. Этикалық нормалардың бірі саналатын әділдік ұғымының қысқаша анықтамаларының бірі – «бәрін өз орнына қою» немесе «әркімге немесе бәріне лайықты бағасын беру». Алла Тағала қанша пайғамбар жіберсе

де, оларға тек адамдар арасында әділдік орнатуды міндеттеді. Қоғамда әділдік болмаса, ол қоғамның жойылары сөзсіз. Бәлкім, күпірлік қоғамы өмір сүре беруі мүмкін, бірақ зұлымдық қоғамы ақырында күйрейді. Осыған орай, әділ болу, әділ әрекет ету, жеке адамдар мен қоғамның құқықтары мен заңдарын сақтау – қоғамның өмір сүруі үшін міндетті моральдық қағида болып табылады.

Құран Кәрім әділетті әртүрлі контекстте атап өтіп, оны барлық жағдайда сақтауды бұйырады және осы көзқараспен әділ қоғамның қалыптасуы мен өмір сүруінде әділеттіліктің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Өйткені әділдік орнамаған қоғамның күйреуі сөзсіз. Сондықтан да Құран Кәрім әділетті қоғамның өмір сүруінің ең негізгі шарты ретінде қарастырады. Құранда әртүрлі жағдайда әділдік жасау бұйырылған: «Негізінде Алла әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Және де арсыздықтан, қарсылықтан һәм зорекерліктен тыяды. Сендерге насихат береді. Әрине түсінерсіңдер» [88, 16:90], «Раббым әділдікті бұйырды. Әрбір құлшылық орнында бет алыстарыңды туралап, діндеріңді Аллаға арнап отырып, Одан тілендер. Сендер бастапқы жаратқанындай және Оған қайтасыңдар» де» » [88, 7:29], «Жетімнің малына жақындамаңдар. Бірақ ол, есейгенге дейін жақсы басқаруға болады. Өлшеуді, тартуды туралықпен орындаңдар. Біреуге шамасы келетінді ғана жүктейміз. Жақындарың болса да әділдікті айтыңдар. Және Алланың уәдесін орындаңдар. Осыларды Алла нұсқады. Түсінерсіңдер» [88, 6:152].

Әділеттілік туралы Құран Кәрімде осыған ұқсас аяттарды көптеп кездестіруге болады. Демек, әділет жолы - ислам жолы. Алланың барына және бірлігіне сенген әрбір мұсылманның мінез-құлқында әділ болуы күтіледі және тіпті талап етіледі. Өйткені, ақыретке сенген мұсылманның біле тұра әділетсіздік жасауы мүмкін емес. Өйткені Аллаға деген сенімі берік адам әрбір істеген ісі, айтқан әрбір сөзі бір күні орындалатынын ұмытпайды. Бұл жағдайда оның біле тұра әділетсіздік жасауы иманына қайшы саналады.

Ақыттың діни-этикалық ілімінде әділеттілік маңызды орын алады. Ол адамдарға болған арақатынаста және өзіне әділетті болуға шақырады. Ақыттың әділеттілік ұстанымы үш маңызды түйінге негізделеді:

- Әділеттілікті Алланың бұйрығы екенін түсіндіру;
- Әр адамды өз өмірінде әділдікке ұмтылуға шақыру.
- Әділеттілік адамның күнделікті өмірінде, отбасы мен қоғамда да

көрініс табуы керек.

А. Үлімжіұлы 1919 жылы «Насихат» деп аталатын көлемді еңбегін жазады. Көлемді деудегі себебіміз бұл өлең – «Билерге», «Байларға», «Моллаларға», «Кедейлерге», «Кәрілерге», «Жігіттерге», «Әйелдерге», «Қыздарға» деген сегіз тақырыптан құралған желілес өлең. Ақыттың бұл циклді өлеңдері адамдарды адамгершілікке, отан сүйгіштікке, әділетті болуға үндеген шығармасы деуге болады. Басқаша айтқанда, осы «Насихат» өлеңі Ақыттың этикалық жүйесі толық көрініс тапқан өлеңі. Оның осы өлеңдегі билерге деген өлеңі былай басталады:

Ұлық болсаң әділ бол,
Шариғат ұстап кәміл бол.
Елдің ғұрпын, жұрт жолын,

Жете байқап таныр бол [11, 45 б.] – деп ел билейтін басшыларға, билерге әрбір істе әділетті болуға шақырады. Тек шақырып қана қоймайды, барлық ел басыларын халықтың салт-дәстүрі мен жөн-жоралғысына қанық болуға шақырады. Ол үшін А. Үлімжіұлы барлық ел басқарған адамдар шариғатқа берік болсын деп үндейді.

Ақыт шығармаларында әділдік тек ел басқару және адамдардың арақатынастарында ғана көрініс таппайды. Сонымен қатар, адамның өз-өзіне әділ болуы да осы санатқа кіреді.

Өз-өзіне әділ болу мәселесі Ақыт шығармаларындағы баса суреттелген бір мазмұн. Мұны А. Үлімжіұлы төрт түйінге бөліп қарастырады. Мұның біріншісі, адамның өзін-өзі тануы. Ақыт адамдық қалыпты сақтауда барша адамды Жаратушы Алла алдында өзінің қауқарсыз пенде екенін тануға шақырады. Мұны Ақыт өлеңдеріндегі «Пақыр Ақыт», «пақырың», «өзім надан жүрегім, ақтамаймын» деген атау, теңеулермен өзін сипаттауы мысал бола алады. Ақынның:

Тақсыр Пір, нашар едім сіз жоқ жерде,
Қайтып азбай тұрамын надан елде.
Мағлұм өзіңізге нашар халым,

Кісі емес анық күшті сірә, менде [67, 209 б.] – деуі өз-өзіне жасалған әділдіктің белгісі деп қарауға болады.

Қабылдау сезімі. Бұл адамның өзінің қателіктері мен кемшіліктерін мойындауы. Ақынның «Пір түгіл, хақтан қорқу еске келмей, жасымда балалықпен жүрдім ғапыл» [67, 222 б.] – деп өкінуін пенденің Алла алдында өз қателігін мойындауы және ақынның өлеңмен жазылған тәубасы деп қарастыруға болады. Сондай-ақ, адамның рухани кемелденудегі бұл жағдайды сопылықтағы мурақабә халімен салыстыруға болады. Дінтанушы Бұлан Жоламан мурақабә сөзіне өзін-өзі түзету деген анықтаманы бере отырып, “Сопылық” кітабында Жунайид Бағдадидің сөзінен мысал келтіріп, былай деп жазады: «Кімде-кім мурақабаның ақиқатына жететін болса, ол басқасынан емес, тек қана раббысынан алатын нәсібін шығарып алмау үшін алаңдайды» - деп сипаттайды [92, 338 б.].

Жауапкершілік сезімі. Мұнда пенденің қоғамдық ортада өзі істеуге тиіс болған немесе жанамалай болса да қатысы бар барлық іске жауапкершілікпен қарауы айтылады және осы атқарылған істің нәтижесін қандай болса да сол күйінде қабылдау, сондай-ақ, бұл іс үшін өзгелерді кінәламай, өзіне көңіл бөлу.

Бұл жалғанның қызығы,
Алдаушысы - адам көзінде.
Адамның асыл, жасығы,
Зиннан шыққан сөзінде.
Түп-түзу сөйлеп кімің жүр,

Мына заман кезінде.

Ғибрат, үлгі шаһарда,

Түзелмек жанның өзінде [67, 245 б.] – деген ақынның ой-толғанысы адамның түзелуі өзінің сөзі мен ісінде екендігін аңғартады.

Өзіне-өзі әділдіктің келесі бір тармағы - мақсат қою. Бұл үшін адам өзін табысқа, нәтижеге бастайтын анық мақсаттар мен қағидаларды белгілеу және осы мақсатқа жету үшін нақты өмірлік міндеттерді айқындау.

Ақылың болса жаранлар,

Ғұмырды зайым өткізбе.

Қазіріңді білмейтін,

Түспесін ісің тексізге.

Талабыңнан асырып,

Ұмтылмаңдар бетсізге [67, 256 б.] – адам бойындағы жалқаулық, өтірікшілік, жалтақойлық қатарлы індеттерден арылып «Бір Алладан басқа бас ұрмайтын» [67, 260 б.] азамат болудың міндерін Ақыт қажы осылай суреттейді.

3. Жақсы сөздер айту.

Орынына, уақытына, адресатына сәйкес жасалған сөз шешендік сөз деп аталады. Басқаша айтқанда, не, қайда, қашан, кімге, қалай айту керектігін білетін адам жақсы шешен, айналасындағы адамдарға әсер ету қабілеті бар. Сөз адамның ішкі дүниесін көрсетеді. Өзімен тату болған бақытты адамдар әдемі және сындарлы сөйлейді. Жек көрушілік пен көреалмаушылық сезімі бар адамдар шіркін сөздер айтады.

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста жылы сөз айтудың маңызы өте зор. Әдемі, тәтті сөздер жүректерге әсер етіп, істі жеңілдетеді. Негізінде, Пайғамбарымыз жақсы сөз айтудың садақа, ал адамдардың жүрегін жаулаудың бір жолы – сәлемді жария ету екенін түсіндірді. Алла Тағала Құран Кәрімде әдемі сөздер айтуымызды сұраған: «Алла қандай мысал берді: Көркем сөз, тамыры мықты, бұтағы көктегі бір көркем ағаш тәрізді. Ол (ағаш) Алланың бұйрығынша, әр уақыт жемісін береді. Алла адам баласына насихат алуы үшін мысал келтірді. Ал енді (Аллаға серік қатылған) жаман сөз, жердің бетінен қопарылған орнықсыз ағаш сияқты» [88, 14:24-26].

Демек, көркем мінезді адам қашанда басқаларға жақсы сөздер айтады және басқалар туралы жақсы ойда болады. Егер қандай да бір жаман іс істеп қойса, оған өкінеді және оның өтеуі ретінде жақсы амалдар жасай бастайды. Маңайындағы адамдардың көңілін тауып, олардың разылығын алуға тырысады. Бұл жағдайды Әл-Ғазали «себебі жақсы мінез адамдарды бақытқа жеткізеді» - деп баяндайды [114, 156 б.].

Қазақ халқы ежелден адамдарға жақсы сөз айтудың, жақсы ойда болудың маңыздылығын дәріптеп отырған. Олар «жылы-жылы сөйлесе, жылан інінен шығады», «жақсы сөз-жарым ырыс», «жақсы сөз - жанға қуат» сияқты мақал-мәтелдерде бейнеленген.

Ақыт Үлімжіұлы шығармаларында жылы сөз айтудың маңыздылығы мен мәні туралы көп жерде айтылған. Айталық, оның «Дәләйлул Ғақлия» өлеңінде бұл туралы былай баяндалады:

Дархан мінез, жақсы сөз
Құтқарғандай сан дерттен.
Қабағың бүгін салыңқы,
Сөзің жаман талыңқы.
Бұл мінезің көргенде.
Көңілім жаман қалыңқы [11, 147 б.].

Осылайша, Ақыт «жылы сөз жан семіртеді» деген қазақ даналығымен, «Әй Мүміндер! Алладан қорқындар да дұрыс сөз сөйлендер» [88, 33:70] - деген Құран аяттарымен ұштаса тіл қатады.

4. Кішіпейілділік және қарапайымдылық.

Қарапайымдылық ұғымы «қарапайым, әшекейсіз, қоспасыз, ою-өрнегі жоқ, көрнектілігі жоқ, монополиясыз, ою-өрнегі мен шашыраңқысыз» дегенді білдіреді. Қарапайымдылық ұғымына қатысты адамдар арасында әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Дегенмен, барлық зерттеушілер қарапайымдылық ұғымына сенім, қаржылық жағдай, әлеуметтік жағдай және білім деңгейі сияқты факторлар кіретіндігін анықтаған. Сол себепті, біз бұл ұғымға қысқаша ғана қажетті нәрсеге қанағаттану деп анықтама бере аламыз. Қарапайым өмірді табиғи, боямасыз, шынайы, көріксіз өмір деп сипаттауға болады. Қарапайым өмір дегеніміз – адамның әр түрлі ою-өрнектен, әшекейден алшақ, табиғи түрде әрекет етіп, өндіріп, ысырапсыз, бір-біріне көмектесу арқылы өмір сүруі. Сондай-ақ, салауатты және бейбіт өмірге де қарапайым өмір деп анықтама беруге болады. Қарапайымдылық әдетте шындықтың белгісі ретінде қабылдана отырып, діни ілімдердің адамдардың өмір салтын айқындайтын маңызды фактор екендігі алға шығады. Дініміздің менталитет саласына жататын дүниетаным мен көзқарасы, яғни заттарға, табиғат пен материяға көзқарасының өмір салтын анықтауда маңызы зор.

Ислам діні бойынша дүние тіршілігі – мәңгілік бақытқа жететін жер. Осы тұрғыдан алғанда, әлем – адам баласының игілігін көретін нығмет елі. Өйткені бұл нығметтерсіз адамның өмір сүруі мүмкін емес. Сол себепті Құранда дүние нығметтеріне көп мән берілген. Оның оң және теріс жақтарына назар аударылған. Бұл нығметтерді жалпы түрде тауарлар (экономикалық құндылықтар), әйелдер, балалар, азық-түлік, сусындар және киім-кешек деп санауға болады. Адамдардың дүние-мүлкі, лауазымы, денсаулығы мен өмірінің сұлулығы жағынан айырмашылықтары илаһи қалау талабы екенін, демек, бұл дүниеде абсолютті теңдіктің мүмкін еместігін атап көрсетеді. Құран Кәрімде бұл туралы: «Дүние тілеген бұларға да ақырет тілеген оларға да Раббыңның мәрхаметінен береміз. Негізінен Раббыңның берері тыйылмайды» [88, 17:20].

Қайырымдылық адам баласының нәпсіні тәрбиелеп, рухани кемелденуге жетуіндегі ізгі қасиеті. Бұл туралы зерттеуші ғалым Ж. Сандыбаев еңбегінде Әл-Ғазалидің қайырымдылық туралы мына сөзін келтіреді: «Пақырдың

қарнын тойдыру, шөлдеген адамға су беру, еңбек қылған адамның ақысын қайтару, мұқтаждың сұрағанын беру сияқты амалдар қайырымды амалдардың қатарында. Адамдарға пайдасы тиетін қандай да бір іспен шұғылдану олар үшін жасалған ең үлкен қайырлы істердің бірі болмақ» [115, 51 б.].

Кішіпейілділік пен қарапайымдылықтың құндылығы Ақыттың шығармаларының негізгі мәселесі. Ол адамды тәкаппарлықтан, менмендіктен аулақ болып, қарапайым және кішіпейіл болуға үндейді. Сондай-ақ, кішіпейілділік қасиетін Алланың алдындағы шынайы құлшылықтың белгісі және адамның рухани тазаруының маңызды шарттарының бірі деп сипаттайды. Ақынның «Қайтер едік» атты өлеңінде қайырымдылық пен кішіпейілділік туралы былай баяндалады:

Қайтер еді жігіттер,

Тым қымбатты кимесек.

Мақтанғыш үшін борышты,

Үсті-үстіне үймесек – деп сән-салтанатқа берілген өмірді аяусыз шенеп өтеді де, одан арылудың жолын да көрсетеді:

Қайтер еді онан да,

Оқытсақ бұған баланы.

Өсіріп малды қорғасақ,

Жылыап қысау, қораны.

Бойды емес, ойды түзедік.

Ғылымнан тауып жобаны [67, 424 б.].

Қайырымдылық мәселесі ислам дінінде сауабы мол амалдың бірі саналады. Өзге бір адамға көмектесу, садақа беру және тапқан дүниесінен (қаржысынан) белгілі бір бөлшегін мұқтаж жандарға зекет ретінде беру ислам құқығында шарифатпен бекітілген мәселе.

Зекет - араб тілінде көбею, өсу, тазару деген мағынаны білдеріді. Шариғи мағынасы болса, бай, яғни байлықтың өлшемі ретінде қабылданған мал-мүлкі (нисаб) бар мұсылмандардың Құранда көрсетілген топтарға жұмсайтын белгілі бір үлесін білдіреді. Исламдағы бес парыздың бірі саналатын зекет құлшылығы А.Үлімжіұлының өмірі мен өлеңінде қатар көрініс тапқан. Олай дейтініміз, исламтанушы Самет Оқанұлы «Зекет» кітабында Ақыт қажы Үлімжіұлының ел көктеуліктен көшіп, жайлауға жайғаса бастаған уақытында, қасына 4-5 адам ертіп алып, елді аралап зекет жинауға шығып, жайлауға қоныстанған елдің бір шетінен бастап, әрбір ауылға ат басын бұрып, сол елді мекеннің халқына дінді, зекеттің мәні мен маңызын түсіндіріп, зекет жинайтынын айтады. Осы сапарында Ақыт зекеттен жиналған малдарды санап, реттеп кедейлерге, мұқтаж жандарға бөліп беріп отырған [116, 55 б.].

«Ақыт пақыр қолыма алдым қалам» атты өлеңінде А.Үлімжіұлы зекет туралы былай толғайды:

Зекетсіз жиған мал харам,

Зекетін төлеп бармаса.

Зекет парыз болмайды,
Шәриғат кескен өлшемге,
Аз ғана малы толмаса [67, 278 б.].

5. Иман және рухани тазалық.

А. Үлімжіұлы ислам дінінің қағидалары мен мұсылманшылықтың негіздерін жырлай отырып, халықтың санасын оятып, ұлттың рухани оянуына қызмет етті. Оның шығармалары имандылық пен рухани тазалыққа шақыруға да бағытталған. Ақыт өлеңдерінде иманды тек исламдағы сенім мен құлшылықтармен ғана шектемейді. Ақыт дүниетанымында иман – сенім неіздері мен адамгершілік, этикалық жүйелердің тоғысқан биігі.

Әдепті болса – иман сол,
Өнерлі болсаң – жиған сол.
Түзу жүріс, халал ой,
Өз нәпсісін тиған сол.
Күйеуін күтіп қатындар,
Бес парызды өтесе,

Шариғатқа сыйған сол – деу арқылы Ақыт иман мен адамгершілік, рухани тазалық қатар жүруі тиіс деп тұжырымдайды. Ақынның бұл тұжырымы Құран Кәрім аяттарымен үндесіп, сабақтасып жатыр. Мысалы, бұл мәселе Исра сүресінде былайша беріледі:

«Раббың, өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе: «Түһ» деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ ол екеуін зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле. Ол екеуіне кішірейіп мәрхамет құшағын жай да: «Раббым! Ол екеуі мені кішкентайда тәрбиелегендей Сен де оларды мәрхаметіңе бөлей көр!-де». [88, 17:23-24].

6. Отбасы және қоғамдық жауапкершілік.

Қоғамның іргетасы ретінде сипатталатын отбасы – неке нәтижесінде құрылатын әмбебап және әлеуметтік жүйе, яғни ерлер мен әйелдердің өмірін біріктіру мақсатында жасайтын әлеуметтік келісімшарт ретінде әлеуметтік құндылықтарға, дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға және заңдарға сәйкес анықталады.

Keң мағынада ол адам түрінің сабақтастығын қамтамасыз ететін, өзара қарым-қатынасты белгілі бір ережелермен байланыстыратын, қоғамда құрылған материалдық және рухани байлықты сол күнге дейін ұрпақтан-ұрпаққа, биологиялық, психологиялық, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және т.б. беретін алғашқы әлеуметтену процесін құрайтын аспектілері бар әлеуметтік институт [117, 13 с.].

Алайда, отбасы институтын толық институт ретінде қарастыруға болмайды. Өйткені, жалпы алғанда, институттарда формальдылық өте маңызды. Отбасында формальдылық емес, сүйіспеншілік пен шынайылық бар.

Демек, отбасы ұғымы махаббат пен жылылықтың ортасы ретінде бағаланады. Қазақ дүниетанымында отбасы құқығы, отбасындағы ата-ананың орны мен рөлі, балалардың құқығы өте жоғары бағаланған.

Ақыттың еңбектерінде отбасыға және қоғамға деген жауапкершілік те маңызды этикалық құндылық ретінде көрсетіледі. Ол әр адамның өзінің отбасы мүшелеріне мейірімділікпен қарап, оларды құрметтеуін және қоғам алдындағы міндеттерін адал орындауын насихаттайды.

А. Үлімжіұлы өлеңдерінде отбасыны қоғамның тірегі және тәрбиенің бастауы ретінде сипаттай отырып, жанұядағы ер мен әйелдің, ата-ана мен баланың рөлін түсіндіре отырып, отбасының берік және үйлесімді болуы үшін әр мүшенің міндетін дұрыс орындауы қажет екенін баса айтады.

Сонымен қатар, қазақ ағартушылығын көш басында тұратын ірі тұлға ретінде А. Үлімжіұлы шығармаларында ата-анаға құрмет және бала тәрбиесіне баса мән береді. Ол ата-ананы құрметтеу және оларға жақсылық жасау – әрбір өнегелі ұрпақтың, кәміл мұсылманның белігісі деп көрсетіп, ата-анаға жақсылық жасамаған жанның күнәсі ауыр болатынын баяндай келіп, «жақсылығы көп болса да, ата-анасын ренжіткен адамның жұмаққа кірмейтінін ескертеді» [67, 20 б.].

А. Үлімжіұлы «Нұғмаға» өлеңінде ата-анаға құрмет пен бала тәрбиесі туралы былай толғайды.

Әдепке көндірі балаңды,
Жақсылық қайыр жолдасың.
Сыйласаң ата-анаңды,
Өзіңді күтер артқы жан,
Өзің күтсең ағаңды [67, 248 б.].

7. Адам жанына зиян келтірмеу.

Барлық илаһи діндердің ортақ құндылықтарының бірі адам бақытын қамтамасыз ету екені сөзсіз. Осыған байланысты оның өмірі қорғалуы тиіс негізгі қағидалардың бірі болып табылады. Илаһи діндер адам өміріне қатысты мынадай төрт негізгі ережені ұсынады:

- Адамның жанын,
- Адамның мал-мүлкін,
- Адамның ақылын;
- Адамның дінін қорғау.

Адам – ең ұлы тіршілік иесі. Оның өмірі діндер қасиетті деп санайтын қағидаттардың бірі. Ислам діні де адам өміріне үлкен мән беріп, оны «мақлұқтардың ұлысы» деп қабылдайды. Адам Алланың жер бетіндегі халифасы. Ол – періштелер сәжде қылатын ұлы жаратылыс. Мұндай құнды жанды өмірден алу тек Аллаға ғана тән. Басқа жаратылыстың, тіпті адамның өзінің өмірін тоқтатуға құқығы жоқ. Кісі өлтіру қоғамдағы тыныштықты жояды. Осы себепті жақсы мұсылман ешқашан кісі өлтіру туралы ойламайды және басқаларды бұған итермелеуден аулақ болады.

Аристотел мен Абай философиясына үндес Ақыт та адам тумысынан қоғамдық мақлұқ және ол басқа адамдармен қауымдасып, ұжымдасып өмір

сүреді деген ұстанымды ұстанады [118, 176 б.]. Яғни, адам өзінің әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін басқа адамдардың қолдауы мен көмегіне мұқтаж. Алайда, адамның осы мұқтажығын ескермей, оның өміріне қауіп төндіру адамдық логикаға жат деп қаралады.

Ислам діні адам өлтірудің алдын алу үшін кек алу, яғни өлім жазасын жүктеп, бұл ережені орындауды мемлекет пен қазыға тапсырған. Қасиетті Құран Кәрімде қасақана кісі өлтірудің жазасы тозақта мәңгі қалу екені айтылады». [88, 4:93]. Сонымен қатар, адамды қасақана өлтіру бүкіл адамзатты өлтіру дегенді білдіреді. Осымен қатар, кімде-кім бір тірі жанды құтқарса, барлық адамдарды құтқарғанмен бірдей.

Демек, адам өлтіру қайсы дінде болмасын қылмыс. Қазақы дүниетанымда да адам жанына зиян келтіру үлкен қылмыс деп айыпталады. Ел арасындағы мұндай заңсыздықты тию мақсатында қазақ халқы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәукенің жеті жарғысы», «Төрт би Төре заңы» сияқты хандық және таяу заманғы заң-жарғылар аясында өмір сүрді және халықтың бас амандығын заңмен қорғады. Қазақ жыраулары шығармаларында кісі өлтірудің, мойынға адам қанын жүктеудің ауыр қылмыс екенін айтып, халықты сақтандырды.

Жоғарыда аталған этикалық норма жүйелері арқылы Ақыт Үлімжіұлының шығармалары адамды рухани жетілуге, қоғамдағы әділеттілік пен мейірімділікті орнатуға бағыттайды. Ол исламдық және дәстүрлі қазақ құндылықтарын біріктіре отырып, адамгершілік, рухани тазалық және әлеуметтік жауапкершіліктің маңызын көрсетеді.

Ақыт шығармаларында тек осы қасиеттерді берік ұстанған адам ғана кемелдікке, кемел адам сипатына жетеді деп баяндайды.

Ислам теологиясында әл-Инсан әл-Кәмил деп аталатын Кемел адам ұғымы сопылық дәстүрде кәміл, идеал және толық адамды сипаттау үшін қолданылады. Мұсылмандық сенім жүйесінде Мұхаммед пайғамбар ғана шын мәнінде жалғыз кемел адам болып саналады. Бірақ, сопылар Құдайға жақындау және шынайы кемелдікке жету үшін осы қасиетке ие болуға ұмтылады [119, 108 б.].

«Кемел» немесе «камил» ұғымының полисемантикалық мағынасын сопылық, каламисттік және адаб әдебиетінде анықтауға болады. Сопылықта «инсан әл-кәмил» термині – кәміл адам, фәлсафада – ізгі адам, ал шығыстың философиялық лирикасында – кемелдігі трагедиялық хикметте жатқан стоик, күмәншіл адам деген термин кездеседі. Бірінші араб философы әл-Кинди өзінің «Фусус әл-Хикам» еңбегінде ақыл-ой қабілеттерін жетілдіру жанның тазаруына әкеледі деген идеяны жария етті [120, 64 б.].

Әл-Инсан әл-Кәмил - Алланың жер бетіндегі халифасы және оның сипаттары мен есімдерінің көрінісі болып табылатын идеал адам. Бұл терминді Халлаж, ал идеяны Ибн Араби енгізген. Кемел адам атауының тілдік мағынасы діни тәжірибе арқылы ең жоғары рухани жетілуді білдіреді. Бұл ұғым өз кезегінде Әл-Фараби енгізген Ізгі адам концепциясынан ерекшеленіп көрінеді. Өйткені, Ізгі адам – білімді, ізденгіш тұлғаны көрсетсе,

Кемел Адам - Ұлы, нағыз сенімге қол жеткізген тақуа пендені көрсетеді. Сопылықта әмбебаптық немесе кемелдік идеясы адамның нұрлану және Құдаймен қосылу күйіне жетуі болып табылады. Философияда да, сопылықта да кемел адам – Құдаймен үндестікке жеткен рухани-адамгершілік тұлға [120, 124-125 с.].

Әл-Инсан әл-кәмил немесе кемел болмысты алғаш рет Ибн Араби өзінің ең жемісті еңбектерінің бірінде «Фусус әл-Хикам» деп аталатын жазбаша түрде терең талқылады. Ибн Араби сопылық мәдениетте кең тараған идеяны қабылдай отырып, кемел адам және осы мақсатқа жету жолындағы ұмтылыс мәселесіне терең талдау жасап, ой толғады. Ол өзінің кемел болмыс туралы түсіндірмесін дамыта отырып, алдымен айна метафорасы арқылы бірлік мәселесін талқылайды. Бұл метафорада Ибн Араби сансыз айналарда бейнеленген затты Құдай мен оның жаратылыстарының арасындағы қарым-қатынаспен салыстырады. Құдайдың мәні кемелдікке жеткен тұлғаның бойынан анық көрінеді, өйткені, Құдай - объект, ал адамдар - айна. Адамдар мен Құдайдың арасында ешқандай бөліну орын алмайды және Құдайсыз жаратылыс болмайтынын көрсетеді. Адам пенде мен Құдайдың арасында ешқандай алшақтық жоқ екенін түсінгенде, олар түпкілікті бірліктің жолына түседі. Осы біртұтастықта жүруге шешім қабылдаған адам шынайы шындыққа ұмтылады [121, 88 б.].

Ибн Арабидің идеяларын парсы тілінде жазған Азиз ад-Дин Насафи (700/1300 ж. қайтыс болған) одан әрі дамытты. Насафидің пікірінше, әл-инсан әл-кәмил ең жақсы әдепке ие және нағыз идеал адам. Оған шейх, мухадис, махди, имам, халифа сияқты көптеген есімдер берілді. Бұл идеал Сүлеймен пайғамбарда көрінді, оған жындар мойынсұнып, жануарлар мен құстардың тілінде сөйледі, Иса пайғамбар да өлгендерді қайта тірілтті. Қызыр алейһиссалам да «әбілхаят суын» ішіп, мәңгі өлмейтін дәрежеге ие болды [122, 12 с.].

Сопылықта әмбебаптық немесе кемелдік идеясы адамның Құдаймен нұрлану және бірігу күйіне жетуінде жатыр. Тәрбие мен таным процесі арқылы ғана кемел тұлға болып қалыптасуға болады. Исламдық тұрғыдан алғанда ислам ілімін, философиясын, наным-сенімдерін терең түсінбей, үздіксіз өзін-өзі дамытпай, жаңа ғылыми және моральдық биіктерге қол жеткізбей, толыққанды мұсылман болу іс жүзінде мүмкін емес екені белгілі.

Кемел адам ұстанымы өзге де мұсылман ғалымдарының еңбектерінде көптеп көрініс тауып отырған. Мысалы, Ғазалидің кемел адам туралы түсінігін екі тұрғыдан қарастыруға болады. Біріншісі – адам болып туылу мағынасында адам болу; екіншісі – адам болып туылу талаптарын орындау мағынасында адам болу. Оның тұжырымдамасы бойынша, жүрек адам руханиятының орталық көзі болып табылады және оған не кірсе, оны сыртқа шығарады. Сол себепті өзін түсінуге, тануға талпынған адам әуелі жүрегіндегі сезімдер мен бағыт-бағдарлардың нәзік тұстарын мұқият бақылауы керек. Ғазали жүректің тән және рухани саланың түрлі күштер арқылы әсер етуінен үнемі өзгеріп тұратынын алға тартады [123, 352 б.].

Кемел адам ұстанымы түркілік, қазақы философияға да жат нәрсе емес. Яссауиден бастау алған түркілік сопылық сарын Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде де кездеседі. Қожа Ахмет Яссауидің «инсан кәмил», Абайдың «толық адам» концепцияларынан даналардың шарифат мақсаттарын жетік білгенін көреміз. Өр Алтайдағы сопылық Нақышбанди тариқатының өкілі, философ, ақын Ақыт қажы Үлімжіұлы еңбектерінен де кемел адам ұстанымының іздерін анық байқауға болады.

Жалпы сопылық бағытта кемел адам ұстанымының ең маңызды қайнар көзі - пенденің әлсіз, Алла Тағаланың Ұлы құдірет иесі екендігін мойындауда жатыр. Адамды кемелдікке уағыздаушы, өзі де кемелдікке жетуге бар күшін салған Ақыт қажының әрбір өлең, өзінің жаратушы алдындағы әлсіз пенде екенін паш етуден басталады. Айталық, оның кез-келген өлеңі мен қиса-дастандары «Пақыр Ақыт сөйлейді», «.. қол қойған Ақыт Пақыр» деген сынды өлеңдермен басталып отырады. Сондай-ақ, Ақыт қажы Үлімжіұлы орта ғасырлық мұсылман ғалымдары сияқты иманды философиялық жолмен түсіндіру арқылы емес, тікелей сопылық құндылықтармен рухты тәрбиелеу арқылы иман нұрымен ақиқатқа жетелеу керектігін уағыздайды.

Ақыт өлеңдері адамдарды имандылыққа, адамгершілікке, білімге және бірлікке шақыра отырып, адам баласының жеке бір болмыс ретінде имани әлемге бет бұрып, өзін-өзі рухани жетілдіруіне де арналады. Адамның басты міндеті жаратушысын тануы деп қараған Ақыт қажы:

Иман демек танымақ бір Құдайды,
Құдіретпен жаратты күн мен айды.
Жеті қатты тоқтатқан біреуі жоқ,
Құдіреті бір Құдайдың осындайды.
Бір Құдай жоғары емес, төменде емес,
Еш тамақ алып және жеген емес.
Дегендер: «пәлен жерде» кәпір болар,
Тұрағым сондай жерде деген де емес.
Болмайды алды, арты, оң мен сол да,
Кезікпес іздегенмен және жолда.

Жүрсен де көкке шығып, жерге кіріп,
Көрмейсің бір Құдайды тағы сонда [68, 95 б.] – деп толғайды.

Сонымен қатар, Ақыт қажы Үлімжіұлы адамдық кемелдікке жетудің жолын Ахмет Ясауи тілінде арыдан қозғай келіп, діни ғашықтық сезім адамды кемелдікке жетелейтін негізгі қозғаушы күш деп санайды. Ол үшін пенде өзінің қашан да Жаратушы Алланың алдында әлсіз екенін сезінуі мен мойындауында жатыр деп қарайды:

Бір Алла өзі мәдәт ойламаса,
Бәндәның мына жүрген көп-дүр міні.
Шырағым, хақтан сұра әрбір істі,

Алланың әр не қылса құдіреті күшті – деп Құдай мен адам баласы арасындағы тәуелділік қатынасын ашып бергеннен кейін, Кемел адам сипаты туралы өз тұжырымын ұсынады.

Ақыт қажы кемел адамның алғашқы сипаты – имандылығы мен адалдығы деп қарайды. Заман ауысып, қысым артса да адалдықтан, әділеттен бет бұрмауға үндейді. Имансыз бұл жалғаннан өткен жанның, түтіні қабырынан бұрқырайды - деп тақуа жанның Алла алдындағы дәрежесін сипаттай келіп, адам бойындағы екінші бір қасиетін адалдық деп көрсетеді де, ол туралы:

Ислам ең әуелі тазалықта,
Әділетсіздік жоламау қаралыққа,
Арамнан аулақ болып адалдықпен,
Зорлық-қорлық көрсең де таза ұста – дей келіп, шынайы кемелділіктің тағы бір басты белгісі адалдық деп түйіндейді.

Ақыт іліміндегі кемел адамның келесі сипаты - адамның білімі мен ақылдылығы. «Ақыл болса, мал түгіл, Иман-дағы табылған». ...«Ақыл қонған адамға, Иманда қонып орнаған» - деп ақылды Құдайды танудағы негізгі құрал ретінде көрсете отырып, ақылды адамның иманы мен өмірін бекемдейтін асыл қасиет деп түйіндейді.

Ақыттың «Хас жақсы» ілімі мен Абайдың «Толық адам» іліміндің екеуі де адамды рухани кемелденуге жетелейтін ең жоғары стандарт болғанымен, олардың арасында мазмұндық айырмашылықтары бар. Айтылық, толық адам ілімі адамның рухани кемелденуін, өзін-өзі тануын, рухани таза болуын қамтыса, Хас жақсы ілімі адамның адамгершілік қасиеттерін және оның жақындарымен, дос-туыстарымен, қоғаммен шынайы байланыста болуын қамтиды.

Қорыта айтқанда, Ақыт қажы Үлімжіұлы дүниетанымындағы Хас жақсы – жоғары адамгершіліктің иесі, өз өмірін жеке рухани жолын іздеуге арнаған, тән қалауы мен жердегі барша қызықтан бас тартып, бар өмірін пайғамбардың ілімін уағыздаумен өткізген адам. Ақыт Үлімжіұлы өлеңдерінде кемелденген қоғам құру туралы арнайы тоқталмаса да, ол ұсынған адам бойындағы ізгі, имани қасиеттер қазіргі қоғам үшін әлі де өзекті. Сондықтан, түркі дүниетанымындағы және Фарабиден бастау алған ғұлама-ойшыл, жыраулардың дүниетанымындағы рухани құндылықтарды жастарымыздың сананасына сіңіру маңызды мәселе болып саналары хақ.

2.3 Ақыт Үлімжіұлының қазақтың діни ағартушылығы жолындағы еңбегі мен қызметі

Ақыт Үлімжіұлы қазақ халқының ХІХ-ХХ ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік тұрмыс күйі, әдебиеті мен баспасөзі, мәдениеті мен оқу-ағартуы саласында соқпай өтуге мүлдем болмайтын тұлға. Өйткені, Ақыт әдебиеттен пайдаланып, халқын білім алуға, өнер үйренуге шақырған ұлы ағартушы. Өлең арқылы өзі жасаған қоғамдық өмірдің шынайы келбетін суреттей білген үлкен суреткер ақын.

Ағартушылыққа қатысты нақты бір тиянақты тұжырым ұсынылмаса да, осы саланы зерттеген ғалымдардың берген анықтамалары бір-бірінен алыс емес. А. Үлімжіұлының ағартушылық идеясы туралы зерттей келіп, тарихшы ғалым Камуна Жанбозұлы: «Ағарту дегеніміз мәдениеттің бір тармағы. Оның негізгі міндеті – түрлі жолдар мен тәсілдер арқылы адамдарды рухани жақтан оятып, өнеге білім алып, ой-өрісін кеңейтіп, күллі адамзат баласының келелі істері, бақытты тұрмыс және болашағы үшін күрес жасауға ойыстыру» - деп бағалайды [124, 347 б.].

Діни ағартушылықтың негізгі мәні – діни білім бере отырып, халықтың рухани-адамгершілік саладағы жағдайын жақсарту. Руханилық пен адамгершілік – адамның құндылық бағдарының негізі. Руханият – адамның белгілі бір жоғары құндылықтарға, мағыналарға және мұраттарға ұмтылуы. Моральдық құндылықтар адамның жеке тұлға ретінде көрінетін және оның өмірлік іс-әрекеті өтетін қоғамдық қатынастармен тарихи және әлеуметтік тұрғыдан анықталады. Негізгі рухани құндылықтар адам болмысының және оның өмірлік іс-әрекетінің мәнін білдіреді және қоғамды демократияландыру, ізгілендіру және адамдардың өзара жауапкершілігі дәрежесінің өлшемі бола алады. Діни ағартушылық жас ұрпақты гуманистік, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтармен таныстыруды көздейді.

Діни білім беріп, ағартушылықпен айналысатын, білім мен тәрбие саласына қызмет ететін білім беру мекемесі Ислам дінінде медресе деп аталады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Мәдинаға қоныс аударғаннан кейін пайғамбар мешітінің жанынан білім берумен айналысатын мұсылмандар оқитын медресе іспеттес қарилар үйі ашылды. Бұл орындар медреселердің алғашқы бастамасы болған [125, 940–941 б.].

Мәдина қаласындағы қарилар үйінде (медреседе) тыңдаушыларға Пайғамбарымыз Құран аяттары мен ислам үкімдерін үйретті [126, 74 б.]. Бұл исламдық алғашқы оқу орнынан білім алып шыққан мұсылмандар дін ілімдері мен құндылықтарын үйрету мақсатында төңіректегі қалаларға жіберілді. Осы сияқты білім ошақтарынан Мәдина қаласында тоғыз орын болғандығы туралы айтылады. демек, Ислам тарихындағы алғашқы медресе ұғымы осы кезеңнен бастау алған.

Осылайша медреселер дамыған сайын, ғылым мен білім дамып, Ислам дінінің озық мәдениеті өркендей түсті. Айталық, түркі халықтарының арасында ислам дінінің тез таралуына осы сияқты медреселер мен забиялар (рухнаи ізденіс орны) маңызды рөл атқарды. Сондай-ақ, уәзір Низам әл-Мүлік Бағдатта (457-459/1065-1067) үлкен медресе салдырды, бұл білім ошағы кейіннен «Низамия» атымен танымал болып, өз заманында ең жоғары оқу орнына айналды. Аббасилер кезеңінде де білім беру басты назарда ұсталып, халифа Мустансир Биллах (?-640/1242) Дижла өзенінің жағалауында «Мустансирия» медресесін салдыруы дәлел бола алады [127, 416-417].

Медреселер бірте-бірте Нишапур, Бағдад, Басра, Бұқара және Самарқанда салынып жатты. Бұл дәстүр Баласағұн, Түркістан, Отырар,

Сайрам, Сығанақ секілді Ұлы Жібек жолының бойында жатқан ірі мәдени орталықтарда жалғасын тапты. Нақты мамандандыру жүйесі арқылы медреселерде діни білім берілсе рухты кемелдендіру жүйесі арқылы рухани білім ордалары (текке, құжыра, забия, ханака) да қызмет етті.

Мысалы ортағасырлық жазба деректерінде Баласағұнның өзінде 20 медресе болғаны айтылады. 1910 жылғы есеп бойынша Жетісу өлкесінде 8 медресе, Түркістан түбіндегі Қарнақ шаһарының өзінде 4 медресе жұмыс істеген. Онда Шәді төре Жәңгіров (1855-1933) сынды қазақтың майталмандары дәріс алған [128, 25 б.].

Қазақ даласында да қазақтың небір ғұламалары әуелі сауатын медреселерде ашқан. Аттары әлемге белгілі діни-рухани, ғылыми-мәдени шамшырақтарымыз, Әбу Насыр әл-Фараби, Мұхаммед Хайдар Дулати сияқты атақты ғалымдардың көпшілігі медреселерден тәлім алған. Белгілі шығыстанушы ғалым Ә. Дербісәлінің айтуы бойынша Отырар ойшылдары, Йасы ғалымдары, Тараз тарландары мен Баласағұн ғалымдарының барлығы дерлік медреселерде сауат ашқан.

Орта Азия мұсылмандарының басым көпшілігі ханафи мәзһабын ұстанатындықтан, аталған медреселерде сабақтар негізінде ханафи фикһы негізінде оқытылған. Исламтанушы ғалымдар Алау Әділбаев пен Шамшат Әділбаева имам ағзам Әбу Ханифаның шәкірттерінің қажырлы еңбектері мен қызметтерінің нәтижесінде түркі халықтары арасында Ханафи фикһының тез таралғаны туралы айта келіп, оның шәкірттерінің Хорезм, Батыс Түркістан, Хорасан мен Мауреннахр аймақтарында ханафи фикһының таралуына үлкен ықпал жасағаны туралы дерек келтіреді [129, 370 б.].

Қ. Жұбанов, Ш. Сарыбаев, Б. Сүлеев, Х. Болғанбаев сынды қазақ зиялылары Орынбордағы «Хусайния» медресесінде оқыған. Олардың ғылымда, әдебиетте, қоғамдық өмірде атқарған қызметтері Алаш қауымына белгілі. Уфада 1872 жылы ашылған «Ғалия» медресесінде М. Жұмабаев, А.Мәметов, Б. Майлин т.б. аса талантты, дарынды қазақ ұлдары оқыған. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Хайыржан Бекхожин өзінің «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» деген 1964 жылғы еңбегінде «Ғалияны» бітірген 154 қазақ шәкірттері төте оқу мектептерін ашып, бала оқытқандары жайында дерек келтірген [130, 125 б.].

Қазақ қоғамының ойы мен санасына айналған ұлы тұлғалардың әу бастан медреселерде тәлім алғаны баршаға беліглі, мысалы, Сұлтанмахмұт Торайғыров 1908-1910 жылдары Баянауылдағы Троицк медресесінде оқыса, Абай Құнанбайұлы Семейдегі Ахмет Риза медресесінде тәлім алған. Осындай діни оқу ордасының берген білімінің тиянақтылығы, құнарлылығы арқасында біз есімін ауызға алған адамдар қазақтың нардың жүгін көтерген ірі-ірі тұлғаларына айналды. Медресе Орта Азия мен Қазақстан халықтары тарихында елеулі рөл атқарған. Олар мәнді де маңызды баға жетпес құнды еңбектерін мұраға қалдырды.

Қазақ даласынан ашылған медреселер халықты тек діни біліммен қаруландырып қана қойған жоқ. Сонымен бірге, қазақ халқының діни

ұстанымын бөгде, жат пиғылдардан қорғап отырды. Діни білім беру ошақтары халықтың дәстүрлі діни ұстанымын қорғайтын негізгі орталыққа айналды.

Соңғы жиырма жыл ішінде посткеңестік Орталық Азия елдерінің барлығында дерлік «дәстүрлі ислам» термині «исламның дәстүрлі емес ағымдарына» қарсы атау ретінде қолданылды. Жергілікті сарапшылар мен саяси элита өкілдерінің пікірінше, мұндай жіктеу, ең алдымен, экстремистік және радикалды идеяларды, қозғалыстар мен топтарды тану әдістемесін әзірлеу қажеттілігінен қалыптасқан.

Қазақ халқының қазіргі этникалық мәдениеті әртүрлі, көбінесе біркелкі емес құрылымдық компоненттерді бір-бірінен ерекшеленетін табиғи мәндермен біріктіретін күрделі және көп қабатты гетерогендік, синкреттік формация. Онда зайырлы құрамдас бөліктер – идеялар, білім, өмірлік тәжірибе, дағдылар, сенімдер бар. Сонымен қатар, қазақтардың этникалық мәдениетінің синкретизмі оған қандай да бір реңк пен сәйкес ерекшелік беретін діни құрамдас, қасиетті құндылықтардың тағы бір қырын, қабатын анықтауға мүмкіндік береді.

Халықтың тілі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, психологиялық ерекшеліктері, этностың тарихи-әлеуметтік даму барысында басып өткен бүкіл рухани-мәдени жолы - этникалық мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігін құрайды. Ислам қазақ халқының этникалық ерекшеліктерімен әрекеттесе отырып, он ғасырдан астам тарих көші барысында өзіндік ерекшелікке ие қазақ философиясын қалыптастырды. Қазақтың салт-дәстүрі мен болмыс-бітімі исламмен сабақтасып жатты.

Мұндай икемділік қазақ халқына олардың әлеуметтік өмірінің барлық саласына енген исламды қабылдауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге қазақтардың мәдени-рухани өмірінде ислам мен әдет-ғұрып құқығының қызметтері бір-бірімен үндесіп келеді. Қазақ қоғамында этикалық нормалар берік сақталып, шариғатқа қайшылықтарға жол берілмейді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өздерін «таза исламның» ізбасарлары деп санайтын әртүрлі діни ағымдар дәстүрлі құндылықтарды - әдет, халықтық (сопылық) исламды жек көрді [131, 108 с.].

Осылайша, қазақ халқының үлкенді сыйлау, көмек қолын созуға дайын болу, ғасырлар бойы қалыптасқан кейбір әдеп нормаларын сақтау дәстүрі бұзылуға ұшырады. Қазақ даласының діни ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлының:

Бұл кездегі діндердің бәрі нашар,

Ешбірі түзу емес көңіл ашар.

Өңкей алдау, жалғанда дінім дейді,

Тексерсең, ойың түгіл жаның сасар [132, 236 б.] – деген өлеңі ақын өзі ғұмыр сүрген XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас шеніндегі қазақтардың діни жағдайының шынайы келбеті еді.

Осындай жағдайлармен қазақ халқының дәстүрлі діни дүниетанымын сипаттайтын, құқықта Ханафи мәзһабын, амалда Матуриди мектебін,

этикалық нормаларда сопылық тариқаттың кейбір ерекшеліктерін ұстанатын діни сенім формасы қалыптасты [133, 29 б.]. Бұл феномен қазаргі таңда дәстүрлі ислам деп аталуда.

Дәстүрлі ислам термині ислам шарифаты ұсынған құқықтық нормаларды қатаң сақтауды, ұлттық болмысты жоғалтпауды, ата-бабадан бері жалғасып келе жатқан дәстүр құндылықтарына құрметпен қарауды, «себепсізге себеп болған Ұлы Жаратушының» [134, 26 б.] әмірлерін орындауды білдіреді.

Қазақ халқының өмірін Құран мен Сүннетке қайшы келмейтіндей етіп құруды, сонымен қатар өз елінің заңға бағынатын және бейбіт азаматтары болуды түсінген сунниттік ханафи теологтарының галактикасы болғаны өте маңызды. Бұл қазақтардың тарихы дамытқан Құран дәстүрі мен оған қайшы келмейтін тұрмыс дәстүрінің тоғысуы.

Демек, дәстүрлі ислам – халықтың сан ғасырдан бері ұстанып келе жатқан, ұлттық болмысымен біте қайнасқан, ислам дінінің мәдениетпен салт-дәстүрмен үйлескен түрі. Қазақ даласындағы дәстүрлі ислам рухани бейбітшілік пен толеранттылыққа баса назар аударуымен, дәстүрге сай өмір сүру және білім мен ғылымға назар аударумен ерекшеленеді.

Егер тарихтың даму үдерісіне назар аударатын болсақ, ислам діні қашан да ғылым мен прогресстің діні және Исламның дәстүрі – алға жылжу мен дамуды ынталандыру болғанын анық көруге болады.

Ағартушылық сөзінің терминдік мағынасы білім мен ғылым арқылы адамның рухани және зияткерлік дамуын қамтамасыз ету, қоғамның прогресс жолындағы мәдени және моральдық деңгейін арттыруды білдіреді. Сондай-ақ, «жарық», «нұр» деген ұғымды білдіреді. Ғылым мен білімнің мүмкіндіктеріне деген үлкен сенімге негізделген мәдениет пен руханият саласындағы қозғалыс. Ағартушылар білімнің көмегімен қоғам өміріндегі тепе-теңсіздіктер мен кемшіліктерді жоюға болады деп есептеді. Осы тұрғыдан алғанда ағартушылықты идеологиялық, әлеуметтік-философиялық қозғалыс деп атауға болады [135].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында Абай, Шәкәрім, Ақыт, Мәшһүр Жүсіп, Майлықожа, Н. Наушабаев, И.Құтпанұлы қатарлы қазақтың діни-философиясының өкілдері әр өңірдегі медреселерден тәлім алып, ислам ілімдерімен қанаттанып, мұсылмандық мәдениет, адам мен Алла арасындағы қарым-қатынас, әлемнің жаратылысы, ислам этикасына қатысты мәселелерді көтерді. Сонымен қатар, дінді халыққа түсінікті әрі қолжетімді ету, сондай-ақ адамдарды діни біліммен қамтамасыз ете отырып, олардың рухани санасын арттыруға қызмет етті.

Жоғары да аты аталған тұлғалардың дені бүгінгі таңда өзіндік зерттеу саласы, мектептері қалыптасып үлгерген. Зерттеушілер санының артуы мен олардың еңбектерінің халыққа қолжетімді болуы – ғылыми қауымдастық пен жалпы қоғам үшін үлкен қуаныш ұялатар құбылыс. Алайда, бүгінгі күнге дейін қазақ әдебиеті мен философиясында өзінің лайықты орнын ала алмай келе жатқан тұлға – Ақыт Үлімжіұлы. Оның кеңестік, қазақстандық территориядан тыс өмір сүруі және кітаби ақын, діншіл ақын деп шетке

қағылуының әсерінен есімі әдебиет тарихынан, ел тарихынан шет қалдырылған. Тәуелсіздік жылдарынан кейін шыққан қазақ ақындарының онтологиясында есімдері де кезіге бермейтіні содан.

Ақыт Үлімжіұлы өз дәуірінде қиындығымен қоса ислам ғылымының фикһ, калам, тасаууф, хадис секілді түрлі салаларын меңгерген ғалым. Ақын бұл салаларға арналған арнайы жеке еңбектер жазбағанымен, оның әрбір шығармасынан осы бағыттарға қатысты идеялар мен тұжырымдарды байқау қиын емес. 1930 жылдардың соңында Құран Кәрімді алғаш рет қазақ тіліне аударғанын ескерсек, Ақыт Үлімжіұлын араб тілінің де жетік білгірі деп айтуға толық негіз бар [53, 11 б.].

Ақыт қажы Үлімжіұлының қазақ әдебиеті мен руханиятында алар орны ерекше. Оның есімі Қытайдың Шығыс Түркістанында ғана емес, Ресейде де, Моңғолияда да белгілі болды. Қытай тарихшысы Су Бей Хай өзінің «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты еңбегінде Ақытты Қытай қазақтары арасынан шыққан демократ ақын десе [38, 719 б.], Моңғолия ғалымдары Ақытты қажы ақын деп атайды, Ресейлік орыс түркітанушысы Н.Ф. Катанов Ақытты «Ахид бин Уалад Гулимжи Алтайский-Карымсаков» деп қазақ ақыны ретінде таныстырған [136], Түркиялық зерттеуші Нергис Бирай (Nergis Biray) А. Үлімжіұлының «Есептесер күн болар» өлеңін «Hesaplaşacak Gün Gelir» деген атпен түрік тіліне аударып, оны түрік оқырмандарына ұсынды. Бұл аударма арқылы ғалым Ақыт Үлімжіұлының шығармашылық мұрасын Түркия жұртшылығына танытып, қазақ ақынының әдеби және мәдени құндылықтарын халықаралық деңгейде насихаттауға үлес қосты [137]. Дейтұрғанымен, Ақыттың есімі мен оның мұралары Қазақстандық ғылыми орта үшін әлі күнге дейін бейтаныс әлем. Оның себебін біз жоғарыда айтқандай, ақын мұраларының Қазақстан оқырмандарына кең таралмауынан деп қарауға болады.

Ақыт шығармаларының басты ерекшелігі – ислам шариятымен үйлестіре отырып, қазақ әдебиетінің жаңа бір өзіндік стилін жаратуында. Ақыт ең алдымен өзінің Алла Тағала алдындағы әлсіз жаратылыс екенін сезіне отырып, әр өлеңінің басын Құран Кәрім стилімен «Алланың атымен бастаймын» деп бастайтынын жоғарыда да атап өттік.

Мұсылман адам Аллаға иман еткен кезде Оның затына тән кәміл сипаттарына сеніп және де нұқсан сипаттардан пәк екендігін де білуі тиіс. Алла Тағаланың бүкіл сипаттарының бастауы мен соңы жоқ және өзге жандылардың ешбірінің сипатына ұқсамайды. Алланың сипаттары айтылған кезде, бізге ол сипаттарға ұқсастық бар секілді көрінгенімен, ақиқатында ол сипаттарға ешбір ұқсастық жоқ.

Себебі, Алла Өзін құлдарына танытқанда біздің түсіне алатын қабілетімізге сай түсіндіреді. Мысалы, Алланың көру, есту, білу сипаттары туралы сөз болғанда, ол сипаттардың ұғымы біздің түсінігімізге аса қиындық тудырмайды. Адам санасында бұл сөздердің ұғымы әу бастан қалыптасқандықтан дереу Алланың өзі секілді көре алатындығын, ести

алатындығын түсінеді. Бірақ адам жарық дүниені екі көзімен көрсе, Алланы көру мына дүниеде біз үшін құпия.

Жалпы Алла Тағаланың зати және субути сипаттары болатыны белігілі. Зати сипат – Алла Тағаладан басқа еш жаратылыста болмайтын сипат болса, субути сипат – Алла Тағалаға тән кейбір сипаттардың бір бөлшегінің жаратылыста да болуын көрсетеді [138, 137 б.].

Ақыт:

Мың бір аттың құрметі,

Ұлық заттың құрметі,

Өзіңнен қуат сұрайын [68, 429 б.] – дей келіп, Алла Тағаланың көркем есімдері мен еш жаратылыста жоқ құдіретті сипаттарын атай отырып, Аллаға құлшылық жасайды.

Зати сипаттың ең алғашқысы – ужуд сипаты. Бұл Алла Тағаланың барлығын білдіретін сипат. Одан өзге зати және субути сипаттар осы сипаттың мәнін айшықтайды [138, 138 б.].

Ақыт қажы Үлімжіұлы «Қажы Баян» өлеңінде:

Он сегіз мың ғаламды,

Жараттың өзің бар құдай.

Бір өзіңнің хүкіміңа

Қаратқан өзің бар құдай – [68, 405 б.] деу арқылы, Алла Тағаланың ужуд сипатын өлең жолдарымен өрнектейді. Ақынның бұл өлең жолдары қасиетті Құран Кәрімдегі «Ол Алладан басқа тәңір жоқ. Ол тірі, әр нәрсені толық басқарып тұр. Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктер мен жерлердің барлығы Соныкі» - деп баяндалатын аятымен сәйкес келеді. («Бақара» сүресі 255-аят).

XIX ғасырға дейінгі қазақ ағартуы ислам негіздеріне сүйене отырып, тағылым-тарбиені дұрыс жүргізу, ислам мен ағартудағы бұрмаланған пікірлерге тойтарыс беріп, халық дүниетанымындағы дәстүрлі ислам құндылықтарын сақтауға бағытталды. Ақыт осы жолды құп көрді, өзін осылай ұстады. Исламияттағы ғақыляттарды осылар үшін пайдаланды. Ақыт қажының медреседегі кезінде-ақ Мырзабақы молланың көзіне түсіп, қатарластарына дәріс бергенінен бастап, өмірінің соңына дейін ұстаздық қызметті абыроймен атқарғаны оның ғұмырында білім мен тәрбие беру ісінің ерекше орын алатынын көрсетеді. Ақыт қажы бүкіл өмірін шәкірт тәрбиелеуге, білім мен діни құндылықтарды насихаттауға арнаған ұлы ұстаз ретінде танылады. Жалпы алғанда, ақын Ақыт өз шығармаларының тереңдігіне, логикалық мәніне баса зер салып, шеберлік пен тереңдікті, көркемдік пен пәлсапалықты тығыз ұштастырады, ақындық, гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойларын баяндай келіп, өз ұлтының пәлсапалық тұжырымын жариялайды. Ақыт өз халқын алға қарай қамшылайды, мұны:

Оян қазақ, намыстан,

Өнер ізде алыстан.

Үйреніп білсек анығын,

Біз де ешкімнен қалыспан дегені-ақ айғақтап тұр [36, 119-120 б.].

Ақыт ағартушылығының өзіне тән үш түрлі ерекшелігі бар.

Біріншісі, Ақыт ағартушылығы ислам негізінде қалыптасқан, сопылық идеясына негізделген оқыту жүйесі. Ол Алланы махаббатың өзегі деп сипаттай отырып, адамдар мен адамдар арасындағы, адамдар мен Жаратушы арасындағы сүйіспеншілікті жырлайды. «Жылпостардың бағына бұзылған, қағынған қоғамды» аяусыз шеней отырып, елдің еңсесін, ұлттық болашағын көгертетін өнер, біліммен сипаттайды.

Екіншісі, Ақыт ағартушылығы адамдардың жас физиологиясына негізделген оқу жүйесі. Оның «Жас» туралы өлеңінде адам өміріндегі жас мерзімінің ерекшеліктеріне нақтылы талдау жасалынып, «тал бесіктен жер бесікке» дейін білім алуды жалғастыру керек деген идеяны алға қояды. Ол адам өмірін балалық шақ, жастық шақ және кәрілік кезеңдеріне бөле отырып, әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін терең талдаған. Сондай-ақ, әр мезгілдегі адам психикасына талдау жасай отырып, оқу-ағарту мазмұнадарын бекіткен.

Үшіншісі, Ақыт ағартушылығының келесі бір қыры – әйелдер мен қыздарға арналған білім беру жүйесі. Таяу заман қазақ ағартушылары ішінде әйелдер оқу-ағартуын тұңғыш рет арнаулы тақырып ретінде көтеріп, ортаға қойған ағартушы ретінде Ақыт қазақ ұлтын оятып, берекелі қоғам құруда әйелдердің атқаратын рөлін жоғары бағалап, ерекше мән береді. Оның шығармаларында осы тақырыптағы өлеңдері 20-дан асады. Айталық, «Әйелдерге», «Қыздарға», «Дәулет деген мал болар», «Уа, дәриға, бір қызық», «Жақсы қатын мен жаман қатын», «Әйелдер туралы», «Жеңгеме», «Келін», «Керім кербез хикаясы», «Шолақ қол қатын», «Беташар 1», «Беташар 2», «Сарын» тағы басқалар [38, 245 б.].

А. Үлімжіұлының ағартушылық идеясының келесі бір бағыты – дәстүрлі шаруашылыққа өзгеріс жасап, отырақтасып, егін егіп, завод ашып, озық елдердің мәдениетін қабылдап, дамуға қарай бет алуды дәріптеу.

Ақыт өмір сүрген XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы әлемде саяси, экономикалық, әлеуметтік салаларда түбірлі өзгеріс орнаған кезең екені баршаға мәлім. XIX ғасырдың соңында болған Екінші өнеркәсіптік революцияның нәтижесінде Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінде электр энергиясы, болат өндірісі, мұнай және химия өнеркәсібі дами түсті. Әлемдік сауданы жеңілдетіп, жаңа нарықтардың ашылуына ықпал еткен теміржолдар жүйесі дамыды.

Осындай әлемдік өзгеріс қарсаңында тұрса да, «өнер тауып үлгі алмай, ғылым тауып үлгі алмай» «ұйқыда жатқан» [99, 537 б.] өз қазағының бейғам халіне күйінеді.

Әлем халықтарындағы өнер, білім, мәдениет саласындағы даму жағдайы мен қазақ халқының сауатсыз, білімсіз жағдайын салыстыра келіп, Ақыт Үлімжіұлы:

Кейбіреу көкте ұшып жүр,
Ұшқан құстан пысық жүр.
Жер бетімен зырылдап,
Су астына түсіп жүр.

Қайда жүрсе қор қазақ,

Мал соңында көшіп жүр [36, 117 б.] өз қазағының бейғам халіне күйінеді, – деп реал шындықты ортаға қоя отырып, халықты оятып, өнер, білім арқылы жол табуға үндейді. «Сүйенбе малға ғана, егін де сал, талаптансаң барлық іс қолға келмек» деп халықты отырақтасып, озық елдер қатарына жетуге шақырады.

А. Үлімжіұлының ағартушылық идеясының тағы бір қыры – ел болып ұйысып, ынтымақтасып ұлттық мүдде мен ұлттық бірегейлік үшін күресуді дәріптеу идеясы.

Халықты берекеге шақырып, ел басқарған хан, билерге елдік мүдде мен халық қамы үшін қызмет істеуге үндеу мәселесі – Қорқыт, Асан қайғы, Жүсіп Баласағұн сынды ерте дәуір абыздары мен қазақ хандығы дәуіріндегі ақын, жыраулардың, тіпті, таяу замандағы Абай, Шәкәрім қатарлы ойшылдар еңбектеріндегі негізгі тақырып. Ақыт та бұл мәселені өз шығармаларының негізгі арқауы етіп көтерді.

Шын мәнінде де, береке мен ынтымақты берік сақтау мәселесі исламдық этика жүйесінің бір тармағы. Ислам діні адамдарға бір-біріне көмектесіп, қиындықтарға қарсы тұру үшін бір-бірімен берекелі болуға кеңес береді. Исламға дейін де, одан кейінгі де ешбір дін немесе зияткерлік жүйе бұл мәселеге ол сияқты көп көңіл бөлген емес.

Алла Тағала Құран Кәрімде:

"Олар Раббыңның мейірімін бөле ме? Дүние тіршілігіндегі адамдардың ризық-несібесін бөлетінбіз. Біз олардың кейбірін екіншісіне жұмыс істеу үшін бай қылдық. Раббыңның мейірімі қайырлы. Олар жинаған үйінділерден де артық» [88, 43:32].

Исламда ынтымақтастық пен берекенің маңыздылығы жиі айтылады. Мысалы, Құран Кәрімде: «Аллаға, Пайғамбарға бой ұсынындар және өзара сүйіспеншілік пен туыстық байланыс орнатындар» [88, 49:1]. Бұл аятта адамдар бір-біріне бауырмал болып, бір-біріне көмектесіп, бірлесе жұмыс істеуге кеңес береді.

Ислам да береке мен татулықтың көптеген жолдармен жүзеге асатынын үйретеді. Бұл тәжірибелерге тауарлар мен мүлікті бөлісу, кедейлерге көмектесу, науқастарға күтім жасау, қайтыс болғандарды жерлеуге көмектесу және мұқтаждардың үйлеріне бару сияқты әрекеттер кіреді.

Бүгінде исламдық қоғамдар да ынтымақтастық мәдениетін сақтауда. Садақа беруден бастап, жылы сөз бен күлімдеп жүруге дейін мейірім аясына кіретінін ескерсек, дініміздегі бірілік пен берекенің шекарасын қаншалықты кең етіп белгілегенін жақсырақ аңғарамыз. Ешқандай жақсылық жасай алмаса да, қолымен де, тілімен де зиян келтірмейтін мұсылман үшін жақсылық (садақа) саналады. Мұсылмандар қайырымдылық пен жомарттықты ынталандыру үшін көптеген қайырымдылық ұйымдарын құрды. Бұл мекемелер кедей адамдарды тамақпен, баспанамен, киіммен және денсаулық сақтаумен қамтамасыз ету үшін жұмыс істейді.

Демек, ынтымақ пен береке - ислам дінінің негізгі қағидаларының бірі және барша мұсылман ұстануға тиісті маңызды тағылым. Ақыт ағартушылығы халыққа осы ұстанымды жеткізуге бағытталған. Оның 1919 жылы жазылған «Билерге», «Байларға», «Моллаларға», «Кедейлерге», «Кәрілерге», «Жігіттерге», «Әйелдерге», «Қыздарға» деген желілес өлеңдері «Насихат» деген атпен біріктіріліп берілген. Мазмұны жағынан әр жіктегі, әртүрлі статустағы және әртүрлі жыныстағы тұлғаларға ақыл, насихат айтылған бұл өлеңдер топтамасында Ақыт өз дәуіріне тән әділдікті, мораль, әдеп-ибаны дәріштеп, оғаш қылықтардан аулақ болуға шақырған. Мәселен, «Байларға» деген өлеңде байларға әділ, адал болуға, жарлы-жақпайларға көмектесуге, сол арқылы елдің берекесін сақтауға үндейді:

Би болмай ағар бай болсаң,
Мал мен басқа сай болсаң.
Кедейге ішер шәй болсаң,
Өзегі талса май болсаң
Ағайынға тынышты,
Көршіге де жай болсаң.
Ақыл мен дәулет серік боп,
Нұрланып туған ай болсаң [11, 50 б.].

Осылайша, А. Үлімжіұлы жүз түрленіп, мың құбылып, тарихи өзгеріс тудырғалы келе жатқан заман ауқымы мен ғылым-техникасы дамып, өркениет биігіне көтерілген ұлттардың қасындағы өзінің сауатсыз халқының бейғам қалпына қатты күйінді. Күйіне отырып, «Заман-ай, жігіт барма сөзімді ашар, ой барма ақыл қосып көзімді ашар» - деп күрсінеді, «мыңмен жалғыз алысқан» Абайша қасірет шегеді.

Жастарды оқыту мен тәрбиелеуге қатысты жаңа көркемдік-эстетикалық ой-пікірлердің тұстары қашанда әдебиетші-философиялық ғалымдардың назарында болды. Ақыт өзінің барлық шығармаларында қоғам дамуы, адам бақыты, кемел адам бейнесі, асыл қауым, тәлім-тәрбие туралы өзінің әдеби мұрасында философиялық бай ой-пікірлері мен ұстанымын білдіреді. Ақынның әлеуметтік-философиялық көзқарастарының маңызды белгісі олардың көркемдік ұқсастықтар мен символдық өрнектер арқылы бейнелі тілмен, сыртқы және ішкі мағынада берілуі. Бұл дара көркемдік қасиет әр адам бірін-бірі бағалай білу, биік рухани дүниесін байыту үшін ынтымақтаса жұмыс істей білу керектігін тағы бір дәлелдей түседі.

Ақыттың ағартушылық ілімдерінде төмендегідей ерекшеліктер бар екенін байқауа болады:

1. Діни білім мен әдеби мұра қалдыру: Ақыт Үлімжіұлы діни білімге жастайынан терең сусындап, діни қайраткерге айналған тұлға. Ақыт шығармалары Құран мен хадиске, ислам шариғатының негіздеріне берік сүйене отырып, халыққа жатық, қарапайым тілмен дін негіздерін түсіндіре білген. А.Үлімжіұлының діни шығармалары ақынның жеке ойлары мен тұжырымы емес, ол әр сөзін, әр ойын Құран аяттарына, хадистерге жүгіне баяндайды. Мұны ақын өлеңінде:

Бұл сөзім – аят, хадис, мазмұм сөзі,

Пақырдың әр кітаптан көрген көзі – деп бекемдей кетеді [68, 28 б.]. Мұндағы Ақыт айтып отырған «мазмұм» сөзі араб тілінен алынған сөз. «مضمون» (мазмұн-мағына) сөзінің тілдік мағынасы Құран аяттары және хадистермен мағыналас дегенді білдіреді. А. Үлімжіұлы бұл араб тіліндегі сөзді тегіннен тегін қосып отырған жоқ. Бұл бір жағынан, ақын қаламының ұшқырлығын білдірсе, енді бір жағынан ақынның ислам ілімдеріне және араб тіліне өте жетік болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл шығыстық әдеби жанрдың ислам құндылықтарымен тоғысқан, араб-мұсылман мәдениеті тіліміз бен ділімізге айрықша әсер еткен өзіндік бір ерекшелігін сипаттайды. Осы арқылы, Ақыт шығармаларын араб тілінде жазған немесе еңбектеріне араб тілін қосқан Мевлана, Сұлтан Велед, Шираздық Хафиз, тіпті бірнеше араб өлеңдері арқылы араб әдебиеті тарихына енген Ахмет паша сияқты түркі ақындарымен терезесін теңестіре түседі.

2. Халықтың діни сауатын ашу: Ақыт Алтай, Қобда өңірлерінде мешіт, медресе салдырып, діни насихат өлеңдерін жазып, ислам дінінің халық арасында еркін қанат жаюына берік негіз қалады. А. Үлімжіұлы бір жағынан, халықты діни сауаттандыру жолында ислам негіздерін, ислам құндылықтарын дәріптейтін көптеген жыр, дастандарын жазып, елді рухани ояту жолына түссе, енді бір жағынан мешіт, медресе салып, халықты сауаттандыруды тікелей ұолға алды.

А. Үлімжіұлының ағартушылық идеясының теориялық негізі көп қырлы, күрделі құбылыс. Бұған себеп – қазақ қоғамындағы келеңсіздіктер мен халық арасындағы сауатсыздық. Осы олқылықтардың орнын толтырудың жолын А. Үлімжіұлы халықты діни сауаттандыру деп қарайды және өзі де медресе ашып, қазақ балаларын оқытуды қолға алады. Оның ағартушылығының негіздеріне мыналар жатады:

1) Шарифат. А. Үлімжіұлы исламдық құқықтық жүйені тек моллалар мен дін адамдарына ғана тән нәрсе емес, ол бүкіл адамзатқа жіберілген илаһи жүйе деп қарастырады. Сондай-ақ, әрбір мұсылман Алла Тағала бұйырған әмірлерді орындап, сенімде адал, жауапкершілікте берік болу керек деп қарайды.

Құдайға құлшылықтың жөні осылай,

Балаңды жеті жаста намазға жық.

Сапары ақыреттің ұзақ дейді,

Азықты күн бұрыннан даярлап шық - [68, 2 б.] деген Ақыт қажы, балаға берілер діни білімнің маңызы мен мәнін сипаттай келіп, діни ағартушылықтың ислам шарифатымен, Алланың әмірімен байланысына тоқталады.

2) Тарифат. А. Үлімжіұлы еңбектерінде, ағартушылық идеясында сопылық тарифаттың ықпалы басым. Мұны әр өлеңінен байқауға болады. Ақын өлеңдерінде тәубеге келу, шүкіршілік ету, қанағатшылдық, нәпсіні тәрбиелеу, Құдайдан қорқу, жақсылықтан үміт ету, сабырлық, Аллаға махаббат және өзінің әлсіз пенде екенін ұғыну қатарлы рухани, адамгершілік

мәселелерді көтереді. Оның Абай өлеңдерінің стилімен жазылған «Дәләйлүл ғақлия» өлеңінде:

Адамды махаббатпен жаратқан хақ,
Достығын бір Алланың сен де іздеп тап.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Һәм шариғат жолына ұмытылып бақ [11, 207 б.] – деуінің өзінде адам баласының рухани кемелдікке жетуінің жолы шынайы мұсылмандыққа ұмтылу екенін алға тартады.

3) Һидаят. Шариғи мағынасында Алла Тағаланың пендесін тура жолға салуы деген мағынаны білдерітін һидаят ұғымы А.Үлімжіұлы ағартушылығының негізгі идеяларының бірі.

Бола қояр қай адам,

Алладан назар болмаса.

Һидаят нұр қонбаса,

Беталды болмас жай адам - [11, 32 б.] – деп баяндаған Ақыт адам баласының тура жолға түсуін Алла Тағаланың шексіз рахымынан деп сипаттайды. Ақынның бұл ұстанымы «Сондай жаман ісі өзіне әдемі көрсетіліп, оны жақсы көрген біреу (жақсымен тең бе?) Алла қалағанын адастырып, қалағанын тура жолға салады. Ендеше (Мұхаммед ғ.с.) оларға қайғырып, өзінді жойма. Әрине Алла, олардың қылған істерін толық біледі» - («Фатыр» сүресі, 8-аят) деген Құран аятымен ұштасып, сабақтасып келеді.

3. Қоғамдық және рухани жетекші ретінде: Ақыт Үлімжіұлы қазақ халқының діни дәстүрлері мен рухани құндылықтарын сақтап, оларды ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарды. Ол көптеген діни сұрақтарға жауап беріп, халыққа рухани жол көрсеткен, өз заманының дана тұлғасы ретінде танылды. Ақыттың шығармалары мен діни көзқарастары қазақтың рухани өмірін байытқан және діннің әлеуметтік қызметін атқарған.

Сонымен қатар, Ағыт ағартушылығы Ислам дінін насихаттау бағытында да қызмет етеді. Ақыттың діни шығармалары арқылы ислам дінінің құндылықтары насихатталды. Оның шығармашылығы тек діни ағартушылықпен шектелмей, рухани тәрбиеге, ізгілікке, имандылыққа баулыды. Ақыттың туындылары сол кездегі қазақ қоғамына исламның шынайы, ізгі құндылықтарын түсінуге, оларды дұрыс қабылдауға жол ашты.

Ақыт Үлімжіұлының еңбектері оның діни ағартушылықтағы орнын айқындап, қазақ мәдениетінде және рухани өмірінде құнды мұра ретінде қалыптасты. Ол өз заманындағы қазақ қоғамының рухани дамуына орасан зор үлес қосты және діни ағартушы ретінде халық арасында құрметке ие болды.

Құран мен сүннетке негізделген, ұлттық менталитет пен қазақ ағартушыларының еңбектері аясында қалыптасқан дәстүрлі ислам жүйесі қазіргі таңда да ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды түйініне айналып отыр. Сонымен қатар, дәстүрлі ислам ұғымы елдің рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты фактор ретінде қарастырылады. Бұл төмендегідей бірнеше аспектілерден көрініс табады:

– Ұлттық рухани кодты сақтайды. Дәстүрлі ислам түсінігі қазақ халқының бағызыдан келе жатқан діни дүниетанымын қуаттап, ұлттық бүлінушілікке қарсы құрал ретінде қолданылып келеді. Зерттеуші ғалым А.Ахметбекова патшалық Ресейдің шоқындыру саясаты кезінде, дәстүрлі ислами құндылықтардың халықтың тілін, дінін, мәдениетін, жазуын сақтап қалғанан тілге тиек етеді [139, 55 б.] Сондықтан, дәстүрлі ислам қазақтың мәдениеті мен салт-дәстүрлерінің ажырамас бөлігі болғандықтан, рухани жаңғыру үдерісінде маңызды орын алады. Ұлттық бірегейлікті сақтау дәстүрлі діннің құндылықтарын насихаттаумен тығыз байланысты болып келеді.

– Рухани тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Дәстүрлі ислам радикалды ағымдарға қарсы тұрып, діни сананың дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. Қоғамда бірлік пен келісімді нығайтуда исламның бейбітшілікке шақыратын қағидалары қолданылады.

– Тарих пен мәдени мұраны жаңғыртуға септігін тигізеді. Ислам қазақтың ұлттық мұрасы мен тарихи тұлғаларының өмірінде ерекше орын алған. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ислам мұраларын зерттеу мен насихаттау өзекті.

– Жастар тәрбиесін жүйелі қолға алуға пайдасы мол. Исламның дәстүрлі құндылықтары жас ұрпақты рухани және адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуде маңызды. Рухани жаңғыру ұлттық патриотизм мен діни толеранттылықты қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, А. Үлімжіұлы қатарлы қазақ ойшылдарының еңбектері және ағартушылық қызметтерінің нәтижесінде, дәстүрлі ислам құндылықтары қалпын бұзбаған түрде бүгінгі күнге жетті. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтің «Ата жолын сақтаймыз десек, ғасырлар бойы бабаларымыз ұстанған асыл дінімізді сақтайық. Дәстүрлі ислам – халқымыздың ұлттық бірегейлігін танытатын басты құндылықтың бірі. Біз оны берік ұстану арқылы экстремизмге және кертартпалыққа қарсы тұра аламыз» - деген тапсырмасы елдегі дәстүрлі діни құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын анық көрсетеді [140].

ІІІ АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН ҚОЛДАНБАЛЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

3.1 Ақыл Үлімжіұлы шығармаларының қазақ әдебиетіндегі діни жанрдың дамуына ықпалы

Атлақ шайқасынан кейін қазақ даласына ислам діні бейбіт жолмен, ақын-жыраулардың өлеңдері арқылы тарап, халық санасына сіңіріле бастады. Бұл тұста, халық арасына кең таралған шариғи, назиралық өлеңдердің дінді тарату мен халық санасының артуына көрсеткен ықпалы мен әсері өте күшті болды. Бұл туралы М. Әуезов еңбегінде «Қазақ ортасында ісләм дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса ондайды ел тыңдамаған да, ұқпаған, ықылас қоймайтын болған. Сондықтан мұсылманшылық дін де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген. Бұған ескі әдебиеттегі толып жатқан қиссалар дәлел» - деп атап өтеді [141, 35 б.].

Әдебиеттің өзгеруі мен дамуында дін маңызды рөл атқарды. Қоғам діни идеялармен өзгерген сайын әдебиет те өзгеріп, ілгерілей түсті. Діннің таралуы мен қабылдануында әдебиеттің де үлесі зор. Діндер тарихтың барлық кезеңдерінде қоғамдық өмірді қалыптастыратын маңызды құбылыстардың бірі болып табылады. Бұл жағынан әдебиетте діннің орын алуы сөзсіз. Мысалы, қазақ әдебиетінің исламға дейінгі және исламнан кейінгі болып екіге бөлінуі себепті діни өзгерістерге байланысты. Исламнан кейінгі қазақ поэзиясында көрінетін сопылық әдебиет өз бастауын діннен ала отырып, діни әдебиетке тақырыптық тұрғыдан бай мазмұн қалыптастырды. Ақындардың дүние мен ақыретке деген сенімі, Аллаға деген сүйіспеншілігі, пайғамбарды сүюі, қоғамдағы діни ережелерді үйренуі, діни үкімдері әдебиеттің қайнар көзін туғызды. Осы себепті дін мен әдебиет өзара тоғысқан екі маңызды сала ретінде көрінеді.

Ислам діні негізінен иман, ислам және ихсаннан тұрады. Қалам ғылымы иманмен, фикһ ғылымы исламмен, сопылық ғылым ахлақпен айналысады. Сопылық – исламдық шариғат бойынша өмір сүру. Бұл рухани және саналы сезімнің жемісі [142, 85 с.].

Ислам дінінің қайнар көзі Құран мен хадистерден бастау алған діни-сопылық әдебиет немесе тасаууф әдебиеті VIII ғасырда мұсылман елдерінде қалыптасқан, махаббатты өзек еткен Алла мен пенде арасындағы жақындастықты дәріптейтін, Алланы танып, Оның есімдері мен сипаттарын білу арқылы рухани кемелденуге бастайтын әдеби жанр.

Әдебиеттегі діни жанрдың негізін қалаушылар алғашқы сопылық тариқатының өкілдері болды. Олар ішкі рухани кемелденуді, адам бойындағы нәпсіні тәрбиелеуді және Ұлы жаратушыны тануды мақсат ете отырып, Құран Кәрімнің ішкі сыры мен адам табиғатының болмысын жете түсінуге ұмтылды. Бұл үдерісте олар Құран мен хадиске сүйене отырып,

адамдарға Алла разылығы үшін дүниелік рахаттардан бас тарту, нәпсіні тәрбиелеу, харам заттарға жоламау секілді рухани кемелденуге бөгет ерқандай істен тыйылуға шақырды.

Мұсылман қоғамдарының өмірінде орын алған және таухид іліміне негізделген бұл өзгеріс олардың әдебиетіне де әсер етті. Ислам ілімдерінің негізгі қайнар көздері болып табылатын Құран және хадистер мұсылман халықтар әдебиетінің де негізгі қайнар көзі ретінде қабылданды. Бұл екі дереккөз түркі әдебиетінен бұрын араб және иран әдебиетіне әсер етіп, оларды исламдық сипатқа ауыстырған. Кейін ислам дінін қабылдаған түркі халықтарының әдебиетіне де бұл үрдіс өз әсерін тигізбей қоймады. Осылайша, барлық мұсылман халықтарының, әсіресе арабтардың, ирандықтардың және түркі халықтарының әдебиетінде бір қайнардан нәр алатын, ортақ тақырыптарды қамтитын исламдық мазмұн қалыптасып, олардың әдебиеттері Ислам әдебиеті немесе Мұсылмандық әдебиет деп аталды. Түркиялық әдебиет тарихшысы Фуад Көпрүлү түрік әдебиетінің ислам діні қабылданған VII ғасырдан бастап дамып, Танзиматқа (Осман империясының 1839-1876 жылдарындағы жүргізген реформалары) дейін жалғасқан ең ұзақ кезеңін Ислам түрік әдебиеті деп атайды. Бұл кезеңде түркі әдебиетінде ұлт ұғымының құндылықтары емес, бір дінді ұстанатын адамдар қалыптастырған үммет түсінігінің құндылықтары алға шығады. Сол себепті, түрік тарихшысы Агаһ Сирри Левенд бұл кезеңдегі әдебиетті «Үммет дәуіріндегі түрік әдебиеті» деп атаған [143, 23 с.].

Демек, қазақ даласына ислам дінінің таралуындағы бірінші әдіс – ағартушылық жолмен (мешіт, медресе ашу) жүргізілсе, екінші жолы – өлеңге, қиса-дастандарға бейім сахара халықтарының жүрегіне жыр шумақтарымен ықпал ету арқылы жүзеге асып отырған [144, 126].

Орта ғасырда арабтардың Орта Азия мен қазақ даласына келуімен бірге, араб-парсы әдебиеті осы өңірлерге кеңінен таралды. Бұл екі бағытта көрініс тапқаны байқалады:

1. Әдебиет арқылы діни наным-сенімдер мен уағыздар үгіттеу. Орта ғасырда Орта Азияда біршама ықпалға ие болған үш ірі сопылық қауымның ең көрнектісі Яссауи тариқатының ұстазы Қожа Ахмет Ясауи араб-парсы тілін білмейтін түркі халықтарына діни сопылық дәстүрді түсіндіруде түріктердің халық әдеби үлгілеріне сүйенді.

Осы негізде, сопылық бағыт арысы күллі түркі халықтарының, берісі қазақ халқының мәдениеті мен руханиятының өзегі болды. Тарихшы-ғалым әрі дінтанушы Н. Нұртазина өзінің «Қазақ мәдениеті және ислам» атты еңбегінде, қазақ халқының этикалық және эстетикалық түсініктерінің байып, дамуын сопылық ілімдерінің өкілдерінің еңбектерінен деп көрсетеді. Сонымен қатар, ол сопылық бағыт қазақ халқының өмір сүру формасына айнала отырып, жаңа дәуірде де жадидизм сияқты жаңаша бағыт, жаңаша жолдармен де өзіндік сабақтастық тауып жатқанын айтады [145, 103 б.].

Исламдық сенім жүйесін арқау ету. Қазақ әдебиетіндегі батырлық немесе ғашықтық эпостарының барлығында ежелгі халық салт-санасының,

дүниетанымының іздері айқын сақталған. Онда қандай да бір құдіретті күшке сыйыну объектісі, құдай ретінде тәңір атауы көп ұшырайды және оны жаратушы, шексіз құдірет иесі ретінде барлық болмыстан биік қою үрдісі көрінеді. Қазақ даласына ислам діні таралғаннан кейін бұл атау Алла атауымен алмастырылды. Ендігі жерде ислам дінін таратудың екінші бір құралы ретінде жыр, дастандарды қолдану белең алды. Ахмет Яссауи араб, парсы тілдерін білмейтін түркі халықтарына діни, сопылық дәстүрді түсіндіруде түріктердің халық әдебиеті үлгілеріне сүйенді. Мұндай әдеби үдеріс Ақыт Үлімжіұлы еңбектерінің басым бөлігін иелеген. Айталық, оның «Қиямет ахуал» шығармасы Құран Кәрімдегі қиямет күнгі оқиғалар баяндалған сүрелер негізінде жазылса, «Шұғайып» шығармасы Шұғайып пайғамбар сөз болған «Ағраф» сүресінің 9-аяты мен «Қиссасу-л-Әнбиядағы» «Шұғайып Ғалейссалам оқиғасы» деген он сегізінші қисса желісімен жырланған [27, 212 б.].

Осы тұста, әдебиеттің діни жанрының қалыптасуына ықпал еткен көптеген алғашқы танымал сопылар легі қалыптасты. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы аясында шыққан Ислам энциклопедиялық анықтамалығында мынадай мәліметтер кездеседі: Тассауф әдебиетінің қалыптасуына алғаш ықпал еткендер қатарына Иеменде туылып, Сирияда қайтыс болған Увайс әл-Қарани (594-658), Мәдинада өмірге келіп, Басрада қайтыс болған танымал ғалым Хасан әл-Басри (642-728), танымал мужтахид, мухаддис, математик, қазір жойылған Саури мәзһабының негізін қалаушы, «әл-Джами әл-Кабир» және «әл-Джами әл-Сағир» жинақтарының авторы Суфиян Саури (716-778), сопылықтың мысырлық мектебінің негізін салушы Зун-Нун әл-Мысри (796-861), Иранның Бистам ауданында дүниеге келген Әбу Язид Әл-Бистами (?-874) қатарлы сопы-ақындардың есімдері баяндалады [146, 441 б.].

751 жылы Аббасилер мен Қытайлар арасындағы Атлах шайқасында Аббасилерді қолдаған қарлұқ түріктері Ислам дінін алғаш қабылдаған түркі халықтарының бірі болды. Ислам дінін осы соғыстан кейін қабылдаған түркілер 10 ғасырда топ-топ болып Исламды қабылдай бастады. Әсіресе 950 жылы ислам дінін қабылдаған Қараханидтер кезеңінде ислам дінінің ықпалымен көптеген шығармалар жаза бастады. Түрік-Ислам әдебиетінің алғашқы туындылары ретінде тарихтан бүгінгі күнге жеткен үш маңызды еңбек бар. Бұлардың біріншісі – «Құтты білік» – бұл әдеп және кеңес кітабы және Жүсіп Баласағұн 1069-1070 жылдары жазған; екіншісі – 1074 жылы Махмұт Қашқаридің арабтарға түрік тілін үйрету үшін жазған Диуани лұғат ат-түрк; Үшіншісі – Ахмед Йүгнекидің шамамен бір ғасырдан кейін (XII ғ.) жазған «Хибатул хақайық» еңбегі. Бұл еңбектердің жазылу кезеңіне көз жүгіртсек, осы уақытқа дейін ислам ғылымдарының кодификациясы аяқталып, фикһ мектептері құрылғанын және «Әл-кутуб ас-ситта» классификациясы қабылданғанын көреміз. Сонымен бірге, бұл шығармалар жазылған XI-XII ғасырлар мен түркілердің мұсылман болған 10 ғасырдан

бері біршама уақыт өткені анық. Сондықтан бұл еңбектердің мазмұнында Мұхаммед пайғамбардың хадистерінің, әсіресе Құранның ықпалы болуы әбден заңды.

Жалпы исламдық бағыттағы діни шығармалардың өзіне тән төмендегідей ерекшеліктері болды:

1. Ислам дінінің негіздері мен шариғи нормаларын дәріптеу және оларды бұзушыларды жазалау;
2. Ислам дінін тарату жолында дінсіздермен күресуді жырлау;
3. Мұхаммет пайғамбар мен әділетті төрт халифаның өнегелі өмірін жырлау;
4. Ислам дінін тарату және дамыту жолында қызмет еткен әулиелер мен батырларды дәріптеу;
5. Ислам құндылықтарынан нәр алған діни-сопылық әдебиет.
6. Түркі әдебиетінде үзіліссіз жалғасып, бүгінгі күнге дейін жеткен әдебиет [144,13 б.].

Қазақ даласындағы діни әдебиеттің алғашқы үлгілері Ахмет Ясауидің даналығымен пайда болды. Ахмет Ясауи осы өлеңдерімен Ташкент пен Сырдың төңірегінде үлкен ықпалға ие болып, ислам дінін халық түсінетін тілде түсіндіріп, қалың бұқараның жүрегіне жол тауып, Исламды көпшілікке таныстырды. Ахмет Ясауиде медресе де, сопылық мәдениет те болғандықтан, хикметтерінде сопылық әңгімеден бөлек, Құран мен хадистерде исламдық ілімдерді беруге тырысқаны байқалады.

Ахмет Ясауиден бастау алған сопылық әдебиет қазақ хандығы тұсында да өз жалғасын тапты. Бұлардың ішінде «Бірінші тілек тілеңіз, бір Аллаһқа жазбасқа» деген рухани жыр жазған Бұхар жырау (1668-1771) [147, 133 б.], «Табылмаса қайтейін, Мен ісімді Хаққа тапсырғанмын әр жерде» [147, 126 б.] деген Шалкиіз Тіленшіұлы (1465-1560), «Азау, азау дегенің, Әл-Ғұсман патша жұрты екен, дін сіләмнің кірті екен» деп жырлаған Доспамбет (1490-1523) [147, 129 б.], «Дін мұсылман баласы, Адамдықтан жерімес» деп жыр арнаған Үмбетей Тілеуұлы (1706-1778) [147, 145 б.], «Нәпсің бір көкжал бөрідей, иманың бағлан қозыдай. Егер тыю салмасаң, иманыңды жеп кетер» деп толғаған Шал ақын (1748-1819) [147, 163 б.], «Аллаһтан сұрап иманды, Рожим шайтан лағынды» деп жыр бастаған Дулат Бабатайұлы (1802-1871) қатарлы жыраулар мен ақындар шығармаларында исламның моральдық құндылықтарын насихаттап, адамгершілік пен әділеттілікке шақырды.

Қазақ даласындағы діни әдебиет жанрының келесі бір даму кезеңі ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезіне тұспа-тұс келді. Бұл кездің басты өкілдері Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Нұржан Наушабай, Мәшһүр Жүсіп Көпеев сияқты діни тақырыпта қалам тербеген ойшылдар болды [147, 239-323 бб.]. Алғашқы кезеңдегі ақындармен салыстырғанда, бұл ақындар тобының өзіндік ерекшелігі болды. Мысалы, қазақ хандығы тұсындағы ақындар Алланың бірлігін, діннің хақтығын, адам сенімінің маңыздылығын дәріптеп келген

болса, бұл тұстағы ақындар діни сенімдерді, Аллаға махаббатты жырлаумен қатар, халықты өнер, білім, өркениетке ұмтылуға шақыруымен ерекшеленді.

Қазақ халқының ертеден бүгінге жеткен ұшан-теңіз әдеби мұраларының ішінде салмақты бөлігін дастандар ұстайтыны белгілі [148, 35 б.]. Қазақ даласына өшпестей, өлмейтін мұра қалдырған ақындар мен жыраулардың әртүрлі түрдегі дастан (діни, хикаялық, ғашықтық, батырлық) мұралары да бар.

Таяу заман қазақ әдебиетіндегі діни жанрдың басты өкілі А. Үлімжіұлы шығармалары қазақ халқының рухани өмірінде маңызды рөл атқарады, оның діни-сопылық әдеби дәстүрге жататын шығармаларын мазмұнына қарай негізгі төрт түрге бөліп қарауға болады:

1. Алла туралы жазылған жырлары;
2. Пайғамбарлар туралы жазылған өлеңдер;
3. Дін және сопылық жолындағы пірлер жайында жазылған жырлар;
4. Діни нанымдар туралы жазылған шығармалар.

Түрік-ислам әдебиетіндегі діни-әдеби жанрлардың ішінде Мұхаммед пайғамбардың хадистерін дерек ретінде пайдаланып жазылған жанрлар аз емес. Діннің сенімін, ғибадат және ахлақ аспектілерін түсіндіретін діни-әдеби шығармаларда Құраннан кейінгі ең негізгі дереккөз – хадистер. Ағартушы, дала абызы Ақыт Үлімжіұлының діни өлеңдерінің көптігімен, салаларының әртүрлігімен қазақ әдебиетіндегі діни жанрдың дамуына көрсеткен ықпалы мен әсері өте жоғары. Мұсылмандық әдебиеттің араб, парсы, түркілік бағыттарында көрінетін ерекшеліктер А. Үлімжіұлының еңбектерінен де кездеседі.

1. Нағыт:

Зерттеу жұмысымыздың алғашқы тарауында айтып өткеніміздей, нағыт сөзі сөздікте «сын есім, бір нәрсені мадақтау, біліктілігін арттыру, қасиетін санау, сипаттау» деген мағынаны білдіреді. Термин ретінде нағыт «Мұхаммед пайғамбарды мадақтап, оның материалдық және рухани сұлулығын сипаттау үшін» жазылған өлеңдерді білдіреді. Бұл өлеңдерді төрт халифаға, саңлақ сахабаларға және кейбір діни тұлғаларға арнап жазылған мадақтаулардан ажырату үшін олар «нағыт-и шериф», «нағыт-и пайғамбар», «нағыт-и расул» немесе «нағыт-и нәби» деп аталады.

Бүкіл мұсылман халықтары әдебиетінде ортақ діни-әдеби жанр болып табылатын нағыттың қайнар көзі – араб әдебиеті. Пайғамбарымыз тірі кезінде ақын сахабаларының бірі Хасан ибн Сәбит, Абдулла ибн Рауаха мен Кағб ибн Зухайыр қатарлы ақындар Пайғамбарымызды мадақтап өлеңдер жазды. Кағб ибн Зухайыр «Бәнәт сағад» атты өлеңін Мұхаммед пайғамбардың алдында оқып, оның ризашылығына ие болып, Пайғамбардың өзі арқасындағы шапанын ақынға жабады. Осы үшін бұл өлең «қасидату әл-бурда» деген атпен танымал болған [149, 123 б.].

Түркі халықтары ислам дінін қабылдағаннан кейінгі жазылған ең алғашқы шығарма саналатын «Құтты біліктен» бастап, мәснауилерде бір немесе бірнеше өлеңнен тұратын нағыт бөлімі бар. Нағыт әдеби жанрда

диуан (сопылық мазмұндағы өлеңдер топтамасы), ложа (текке, сопылар рухани тәлім алатын орын) поэзиясының ортақ жанры. Әдебиетіміздегі ақындардың басым көпшілігі «нағыт шариф» жанрында өлеңдер жазған.

Өлеңдерін парсы тілінде жазғанымен, Мәулана Жалаладдин Румидің (1273 ж.) «Диуан-и-Кәбирдегі» нағыттары өте әйгілі. Түрік сопылық әдебиетінің ең маңызды есімі Ахмет Ясауидің «Диуан-и Хикмет» деп аталатын өлеңдерінде нағыттар кездеседі. Анадолыдағы түрік сопылық әдебиетінің негізін салушы болып саналатын Юнус Эмренің (1320 ж.) диуанындағы нағыттар Анадолы түрік тілінде жазылған нағыттың алғашқы үлгілері. Анадолыдағы түрікше жазылған ең маңызды маснави (парсы және түркі әдебиетінде қолданылған қос жолды өлең) саналатын Ашық Пашаның (1322 ж.) «Гарип-наме» кітабының нағыт бөлімі классикалық маснавилерде осы жанрдың алғашқы үлгісі болып табылады.

Нағыт жанры қазақ діни әдебиетінің де басты саласы. Діни тақырыпта ой қозғаған ақындардың барлығының шығармаларында нағыт мәселесі көптеп кездеседі. Әсіресе Ақыт Үлімжіұлының 1909 жылы Қазанда басылған «Манақиб пирон ғазизан» (ғазиз пірлер естелігі) кітабында Пайғамбарымызға қатысты мына өлең жолдары кездеседі:

Жаралған мақұлқаттан нұрды бұрын,

Ардақтаған бір Алла үшбу түрін.

Сен болмасаң ғаламды жаратпас ем,

Жаралды сенің үшін ғалам тарап – [68, 103 б.] деп пайғамбарымыздың болмысын аса бір сүйіспеншілікпен бастағаннан кейін,

Әуелі де өзіңсің,

Ақыры да өзіңсің.

Он сегіз мың ғаламның.

Ақсүйек туған затыңыз,

Сегіз жұмақ сарайға,

Кілті болған атыңыз [68, 105 б.] – деп Пайғамбарымызды аса бір құрметпен мадақтайды.

2. Сирә ән-Нәби:

Араб тілінен енген сира – «жағдай, мінез, жүріс, өмір салты» деген мағынаны білдіреді. Ислам әдебиетінде бұл сөз Мұхаммед пайғамбардың туғанынан дүниеден өткенге дейінгі өмірінің барлық саласын қарастыратын еңбектер мен осыған байланысты ғылым саласын көрсетеді. Бұл сөздің басқа адамдардың өмір тарихын баяндайтын шығармалардан алған ұғымдық мағынасын ажырату үшін бұл сөз сияр-и неби немесе сира-тун неби тіркестерімен қолданылады [150, 12 б.].

Араб, иран, түркі және басқа да мұсылман халықтары әдебиетінде Мұхаммед пайғамбар туралы кең тараған діни-әдеби жанр болып табылатын сиратану, басқа діни-әдеби жанрлар сияқты араб әдебиетінде де алғаш рет бастау алған. Мұхаммед пайғамбардың өмірі туралы мәліметтер оның тірі кезінде жинақталғаны туралы деректер бар. Қасиетті Құран Кәрімде Мұхаммед пайғамбардың адамгершілігі, өнегелі болмысы және өміріндегі

кейбір оқиғалар туралы келтірілген мәліметтер сира ғылымының алғашқы әрі маңызды дереккөзін құрайды. Ал пайғамбардың хадистері мен сахабалардың оның мінез-құлқы мен онымен бірге басынан өткерген оқиғалары туралы риуаяттары осы ғылым саласының қосалқы көздерін құрайды.

Пайғамбардың сирасы туралы қолымызда бар ең көне дерек – Ибн Исхақтың «Сира-ту Ибн Исхақ» деп аталатын еңбегі. Ел-Уақидидің «ел-Меғази» атты еңбегі Сияр-и Неби саласындағы ең көне дереккөздердің бірі. Бұл саладағы ең маңызды есім – сияр сөзін өз еңбегінде алғаш қолданған Ибн Хишам. Ибн Исхақтың еңбегін де бізге жеткізген бұл ұлы сира ғұламасының еңбегінің аты «Сирету Расулуллаһ» [150, 404-445 с.].

Сира тақырыбы қазақ әдебиетінде де маңызды діни-әдеби жанр ретінде көрінеді. Бұл жанр хадис ғылымымен қатар Мұхаммед пайғамбарға қатысты басқа да діни-әдеби жанрлардың қайнар көзі болды. Әдебиетімізде бұл жанр туралы жазылған шығармалар проза, өлең немесе аралас өлең-прозалық стильде жазылған. Мұхаммед пайғамбардың өмір тарихы, пайғамбарлық болмысы, өнегелі өмірі туралы қазақ ақындарының шығармашылығында ерекше орын алады.

Пайғамбар өмірбаяны туралы алғаш жазған қазақ ақындарының бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Бұл туралы зерттеуші Әсет Пазылов «Мәшһүрдің «Хаятбақшы», «Пайғамбардың дүниеден өтуі» дастандары мен «Пайғамбардың ақтық үні», «Мұхаммед пайғамбар туралы» өлеңдері – Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны және оның жанындағылардың хал-ахуалын сипаттайды деп көрсетеді» [151].

Пайғамбарымыз сирасы туралы көлемді еңбек жазған қазақ ақыны – Шәді Жәңгірұлы (1855-1933) болды. Оның шағатай тілінде жазылған әйгілі «Назым Сияр Шәриф» еңбегі неше рет қайта басылып, бүгінгі күнге толықтай жеткен. Дастанда Пайғамбардың дүниеге келгенінен бастап, оның ғибратты өмірінің соңына дейінгі оқиғалар рет-ретімен тақырыпшаларға бөлініп берілген. «Діни-қияли эпсаналардың бәріне бірдей ортақ сипат – елге еңбек сіңірген қайраткерлердің аттары мен атқарған істерін қиялға бөлеп көрсету, әулиелердің кереметтік іс-әрекетін, құдіретін, қасиетін әсірелеп мадақтау арқылы бүкіл адамзат баласының Құдай Тағалаға деген сенімін арттыру. Ел арасында әлі күнге дейін діни сенімдердің жоғалмай келуі діни эпсаналардың тәрбиелік, ғибраттық, мән-маңызы терең екенін көрсетеді» [152, 125 б.].

Ақыт Үлімжіұлының «Мұхаммед пайғамбар туралы жырлар» атты көлемді поэмасы әдебиетіміздегі осы жанрдың тамаша үлгілерінің бірі. Бұл поэмада А. Үлімжіұлы Мұхаммед пайғамбардың өмірге келгеннен қайтыс болғанға дейінгі үлгілі өмірін өлең тілімен суреттеп, пайғамбарға деген сағынышын, пайғамбарға деген ризашылығын жеткізеді [68, 156-249 б.].

Демек, зерттеу жұмысымыздың арқауы болып отырған – А. Үлімжіұлы Пайғамбарымыздың өмірі мен қызметін өлең түрінде жырлаған санаулы қазақ ақындарының бірі.

3. Мәуліт:

Араб тілінен енген мәуліт сөзі зат есім ретінде «туған күн», «туған жер» деген мағынаны білдірсе, инфинитив ретінде «туылу» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөздің сөздік мағынасымен қатар терминдік мағынасы да бар. Терминнің мағынасына келетін болсақ, мәуліт сөзі Мұхаммед пайғамбардың туған уақытын, туған жерін, туған жері туралы жазылған еңбектерді және туылғанына байланысты өткізілген рәсімдерді білдіреді. Бұл жағдайда сөзге «нәби», «расул» немесе «шәриф» сөздері қосылып, «мевлид-и нәби», «мевлид-и расул» немесе «мевлид-и шәриф» ретінде қолданылады.

Исламтанушы ғалым Алау Әділбаевтің айтуынша, Мұхаммед Пайғамбардың туған күнін (мәулітін) тойлау тарихта алғаш рет Египетті басқарған Фатимидтер дәуірінде (909-1171) Халифа Муиз-Лидиниллаһ (972-975) кезеңінде басталды. Осы Шиит мемлекетінде Әли мен Фатиманың құрметіне мәуліт рәсімдері де өткізілді. Алайда, бұл сарайда тұратын адамдар арасында ғана өтіп, қара халықтың бұдан хабары болмады. Көп санды адамдар қатысқан және мерекелік атмосферада өткен Пайғамбардың мәулітін тойлау рәсімдері алғаш рет 1207-1208 жылдары Селжұқ атабектерінің бірі Музафферуддин Гөкбөри тарапынан Ербилде ұйымдастырылған [61, 154 б.] .

Музафферуддин Гөкбөри мәуліт мерекелерінде оқылатын шығарма жазу туралы Мағрибли Ибн Дихиеге өтініш жасайды. Сөйтіп, ол «Китабу'т-Танвир фи Мевлиди Сираси'л-Мунир» атты араб тіліндегі мәулітін жазды. Осы еңбек кейінгі мәуліт мерекелерінде орындалатын басқа да кітаптардың жазылуына себеп болды.

Мәуліттер тек пайғамбардың дүниеге келуінен ғана емес, оның өмірінің түрлі кезеңдері мен ахлақ-адамгершілігінен де сыр шертетін шығарма болғандықтан, олардың қайнар көздері сира, меғази, шамаил сияқты хадис кітаптарынан тұрады. Әсіресе, жоғарыда айтып өткеніміздей, Ибн Исхақ, Ибн Хишам, Уақидидің Пайғамбар өмірбаянына қатысты еңбектері мәуліт жырлары үшін ең маңызды дереккөздері болды.

Түрік-ислам әдебиетіндегі ең маңызды діни-әдеби жанрлардың бірі саналатын мәуліттер, мәні бойынша, пайғамбардың өмірін баяндайтын сира әдебиетінің бір саласы. Қазақ әдебиетіне араб әдебиеті арқылы енген бұл жанр әдебиетімізде көбірек мән беріліп, дамыды.

3. Ислам парыздары:

Исламның бес парызын берік ұстау туралы Құранда, Пайғамбар хадистерінде қайта-қайта тілге алынып, ескертіліп отырған. Мұсылман ойшылдары исламның бес парызын жырлау арқылы - халыққа ислам дінінің ұстындарын түсіндіруге тырысты. Сол себепті, діни-сопылық әдебиеттің негізгі мәселесі - Алланың бірлігін жылау, намаз, ораза, зекет және қажылықтың мұсылман адам өміріндегі маңыздылығын дәріптеуге бағытталды.

Ақыт Үлімжіұлы шығармашылығының бір қыры - исламның бес парызын халыққа өлең тілімен түсіндіру. Негізінде, А. Үлімжіұлы шығармаларының негізін құрайтын рухани-ағартушылық өлеңдерінің

барлығында Алланың бірлігі, пайғамбардың хақтығы туралы мәліметтер Құран, хадиске сілтеме жасалына отырып беріліп отырады және мұны ақынның өзінде «бұл-Құран, хадис сөзі» деп де бекемдей кетеді.

- Калима шаһадат:

Исламның негізгі бес негізінің бірі Калима шаһадат– құлдың Алла Тағаланы ақиқаттың жалғыз иесі деп тану, мойынсұну немесе «куәлік ету» дегенді білдіреді. Терминнің мағынасы – Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммет пайғамбар Оның құлы әрі елшісі екенін қабылдау деген сөз. Мұндағы негізгі жағдай екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлімде Алланың бір тәңір болуы мәселесі қарастырылады. Періштелер және әділет үстінде тұрушы ғылым иелері хикмет иесі Алладан басқа ешбір тәңір жоқтығына куәлік береді. [88, 3:18].

Аманту билляхи деп айттың иман,

Құдай бір, құран шын деп дінге ұсынған.

Уакутунихи деген сөз неге келер,

Кісі қанша осыны парық қылған [11, 206 б.].

- Намаз:

Намаз сөзі парсы тілінен аударғанда «сәжде ету, құлшылық ету» дегенді білдіреді. Бұл араб тіліндегі «құлшылық ету, ғибадат ету, кешірім сұрау, жалбарыну» деген мағынаны білдіретін сәлат сөзінің баламасы. Намаз тәкбірмен басталып, сәлемдесумен аяқталатын белгілі бір қозғалыстар мен сөздерден тұратын физикалық ғибадаттарды білдіреді. Намазға құлшылық ету Исламнан бұрынғы илаһи діндерде де болған. Құран Кәрімде Адам, Нұх және Ибраһим пайғамбарлардан кейін намазды тастаған ұрпақ болғаны (Мәриям/59), Зәкәрияның ғибадатханада намаз оқығаны (Әли Имран/39), Ибраһим, Лут, Исқак және Жақып намаздың әмірі (әл-Әнбия/73) уахи етілді. Исмаил отбасына намаз оқуды бұйырды (Мәриям/55), Лұқман ұлына намазды дұрыс оқуды бұйырды (Лұқман/17), Мұхаммед пайғамбар намазды тек Алла разылығы үшін оқығанын айтты (әл-Анғам/162), Өзіне және ұрпағына шыншыл құлдарынан дұға етуді үйретті (Ибраһим/40). Мұсаға Алланы еске алып намаз оқу бұйырылғаны айтылады (Таха/14).

Демек, намаз - діннің тірегі. Мұсылманның шынайы құлшылығының көрінісі. Бұл туралы А. Үлімжіұлы:

Сапар қыла-тұғын бір жөнің бар,

Алланың әміріне жұм болыңдар.

Бес намаз бекер жүріп оқымасаң,

Барғанда тәңір алдында шын сөзің бар [68, 105 б.]- деп сипаттап, «Тұрақты түрде намаз оқыңдар және ортаңғы намазды сақтаңдар. Аллаға бойұсынған түрде тұрыңдар» [88, 2:105] – деген Құран аятымен сәйкесе үн қатады.

- Ораза, зекет, қажылық:

Калима Шаһадат пен намаздан кейін келетін ораза, зекет, қажылық құлшылықтары ислам сенімінде маңызды орын ұстайды. бұлардың парыз амал екенін мойындамаған адам діннен шығады. Ақыт шығармаларында бұл

құлшылықтардың мұсылман өміріндегі рөліне баса мән беріліп, көп жерде жырланған.

Әуелі қазақ қойды қан жегенді,
Білдірді шарифатқа нан дегенді.
Үйретті ораза, зекет, сәләт сауым,
Дін үшін мүрид болды талай қауым.

Байқағанымыздай, А.Үлімжіұлының көптеген өлеңдерінде ораза-намаз, ораза-zeket сөздері қатар беріліп, ислам діні, ислам шарифаты немесе ислам туралы білім деген мағынаны білдіріп отырған.

4. Пайғамбарлардың есімдері:

Ақын, жыраулар әдебиеттің қай саласында еңбек етсе де, оған өзі өмір сүріп жатқан қоғамдық өмір, өзінің әлеуметтік ортасы, өз дәуірінің интеллектуалдық және психикалық құрылымы, өзі өмір сүрген ғасырдың саяси атмосферасы, оның діни және сенім өлшемдері сияқты элементтерді өз шығармаларына қосады. Діни әдебиетінің дәстүрінде жиі кездесетін бұл жағдай шығармалардың мағыналық тереңдігін байытып, оқырман назарын шығармаға аударады. Осы себепті жырларда тарихи және саяси тұлғалар, дін көшбасшылары, пікір көшбасшылары, оқиға кейіпкерлері қолданылады. Мұндай қолданыстар, әсіресе, діни-мистикалық сипаттағы сопылық әдебиет дәстүрінде жиі кездеседі.

Сопылық дәстүрінде баяндауды күшейтіп, көркейту үшін көптеген адамдардың есімдері қолданылған. Ақыт Үлімжіұлы да бұл тәжірибені жалғастырды. Қажет кезде бұл жерге ең лайықты атау беруге тырысты. Осы арқылы ол өзінің баяндау күшін әсерлі етуді мақсат етті. Ол өз еңбектерінде көптеген есімдерді қосқан. Бұл есімдердің ең көбі пайғамбарлардың есімдері. Біз зерттеуімізде А. Үлімжіұлының пайғамбарлардың есімдерін қалай және қандай жолмен қолданғанын және олардың қандай ерекшеліктерін атап көрсеткенін анықтауға тырыстық.

Діни әдебиетте ең көп қолданылатын есім - Мұхаммед пайғамбардың есімі. Мұсылман ақындары мен жыраулары өз өлеңдерінде Пайғамбарымыздың есімдерін аса бір сүйіспеншілікпен, сағынышпен жырға қосатын болған.

Жалпы Мұхаммед пайғамбар дүниеге келген кезде қойылған және «жоғары мақтау» деген мағынаны білдіретін Мұхаммед есімі – Құран Кәрімнің бір сүресінің аты және бұл сөз төрт аятта айтылады. (Әл-Имран сүресі, 144 аят; Ахзаб сүресі, 40 аят. Мұхаммед сүресі, 48 аят). Құранның бір аятында оның «өте мақтауға лайық және мақтаулы» деген мағынаны білдіретін Ахмед есімі аталған (Сафф сүресі, 6 аят). Сондай-ақ, Құранда Пайғамбарымыз Махмуд, Расул, Нәби, Шахид, Бәшир, Нәзир, Мубәшшир, Мүнзир, Даи-и илаллаһ, Сирадж-ы мунир, Рауф, Рахим, Мусаддық, Музәккир, Муддәссир, Абдуллаһ, Кәрим, Хақ, Мунир, Нур, Хатәмун-нәбийин, Рахмет, Нимет, Хади, Таха, Йасин, т.б. қатарлы көптеген сын есімдермен сипатталған.

Құраннан басқа кейбір риуаяттарда Пайғамбарымыз өзінің басқа да есімдерін келтірді. Мысалы, Муслимнің «Сахих хадистер жинағында» Жубейр ибн Мутим риуаят еткен мына риуаятты келтіруге болады: «Маған тиесілі бес есім бар: Мен Мұхаммедпін, Мен Ахмедпін, Мен Махимін, Алла Тағала мен арқылы күпірлікті жояды. Мен Хаширмін, халық қиямет күні менің ізіммен жиналады. Мен Ақибпін, менен кейін пайғамбар жоқ» [153, X/138.]

Алғашқы тарауда айтып өткеніміздей, Ақыт ақиқаты - Алланы тану ақиқаты. Ол Алла Тағаланың көркем есімдерін жырға қосумен бірге, Құранда аты аталған 25 пайғамбардың барлығының есімдерін өлеңдеріне қосып, өз құрметін білдіреді. Оларға қатысты оқиғаларды Құран Кәрімге сүйене отырып баяндайды. Айталық: А. Үлімжіұлының әйгілі «Қиямет ахуалы» өлеңі «Өтіпті әуел баста Адам ата» деп басталып, Құрандағы барлық пайғамбарлардың есімдері, соңында ақырғы пайғамбар Мұхаммед пайғамбар және Оның төрт сахабасы (Әбубәкір, Омар, Осман, Әли) туралы баяндайды:

Мұхаммед құдай досы хақ пайғамбар,

Болыпты оған үммет талай жандар.

Алланың шын әулие, жақын құлы,

Өтіпті дүниеде төрт шаһар жар [68, 8 б.] - деп жырлай отырып, Пайғамбарымызға және дін жолында бүкіл ғұмырын арнаған сахабаларға деген өз құрметін білдіреді. Шын мәнінде, Пайғамбарымыз және Оның сахабаларын құрметтеу - дініміздегі маңызды этикалық құндылықтардың бірі саналады.

А. Үлімжіұлының қазақ діни әдебиетіне қосқан тағы бір үлесі - Ислам тарихына өшпес із қалдырған тарихи тұлғаларды жырлау. Ол барлық пайғамбарлар мен сахабалардың есімдерін жырға қосқаннан кейін, исламда мәзһаб түсінігін қалыптастырған төрт мәзһаб иесін де құрметпен баяндайды:

Төрт имам әуел баста имам ағзам,

Солардай жан тумайды мына жаннан.

Имам Мәлік, Имам Шафиғи, имам Ахмет,

Шариғат осылардан бізге қалған [68, 8 б.] - деп бір жағынан, мәзһаб иелеріне құрметін білдірсе, енді бір жағынан, «бізге шариғат қалдырған» мәзһаб иелерінің жолымен жүруге шақырады. Бұл бүгінгі таңдағы «мәзһаб ұстанбай-ақ өмір сүруге болады, мәзһаб ұстанудың қажеті жоқ» деген кейбір жат пиғылдағы адамдарға теологиялық тұрғыдан нақты жауап береді. Ақыт қажы мұнымен тоқтамастан, мәзһаб ұстану туралы тағы да былай деп түйіндейді:

Солардан үлгі алып, жол тұтқандар,

Бұрынғы **масалардан** баһр алған.

Солардан басқа жолды табам десе,

Бәндәнің қылған ісі болар жалған [68, 8 б.].

Қазақ даласында төрт мәзһаб туралы және мәзһаб ұстану туралы жазған, жырлағандар көп. Ақыттан 47 жылы бұрын (1841ж.) Торғай даласында дүниеге келген Ыбырай Алтынсарин өзінің «Мұсылманшылықтың тұтқасы»

атты кітабында былай деп жазады: «Мужтаһид ғұламалар арасындағы ұлықтары төртеу: имам Ағзам, имам Мәлік, имам Шафиғи, имам Ахмад ибн Ханбал. Бұл төртеуі шарифат мәнісін толық тексеріп, халыққа түсіндіріп берді. Біз ол төрт имамның ішінде имам Ағзам мәзһабында боламыз, яғни имам Ағзамның үйреткен шарифаты бойынша іс етеміз» [154, 166 б.].

«Жол, бағыт, көзқарас» деген мағынаны білдерітін мәзһаб ұғымы дінге енген жаңалық немесе дінге сенушілерді бөлу үшін пайда болмаған. Мұхаммед Ғазали: «Мәзһабтар – Исламның теңдессіз мәдениеті һәм тіректері» деп мәзһаб ұғымына нақты, тиянақты анықтамалар берген.

Осы ұстанымға алыстан үн қосқан А. Үлімжіұлы «мәзһабтан басқа жолды табам деген пенденің қателесетіндігін» ескертеді.

5. Хадистердің дәйексөз немесе сөз тіркесі арқылы қолданылуы.

Қазақ діни ағартушы ақындарының алдыңғы қатарлы есімдерінің бірі Ақыт Үлімжіұлы «Бұл сөзім – аят, хадис, мазмұм сөзі, Пақырдың әр кітаптан көрген көзі» деп өлеңдерінің Құран мен сүннет негізінде жазылғанын өрнектеп баяндаған. Оның бұл сөзі өзінен басқа барлық сопы ақындарымызға жарамды. Сопылық болмысы жоқ ақындарымыздың диуанындағы жырлар мазмұнындағы діни элементтердің айтарлықтай көп болуын бұл ақындардың сол діни қайнарлардан нәр алуымен түсіндіруге болады.

Пайғамбарымыз хадистері іс жүзінде діни-әдеби жанр болмаса да, диуандарда дәйексөз немесе тұспал арқылы қолданылып, диуандық поэзиямызға нәр алған қайнар көздердің біріне айналды. Бұл қолданыстардың басым бөлігі таухид, мұнажат (Құдайға жалбарыну, сұрау мақсатында жазылған өлең) немесе нағыт сияқты діни мазмұндағы өлеңдерде, диуандарда кездесе, кейбіреулері діни мазмұнсыз өлеңдерде әдеби теңеу элементі ретінде қолданылған.

А. Үлімжіұлының «Қиямет ахуалы» өлеңінде келесі хадис үзіндісі мысал бола алады:

«Өтемей қияметте жүк көтерме,
Алланың әмір қылған парызы бес.
Ғазабы ақыреттің қатты дейді,
Зікір айт бір Аллаға ертелі кеш» [68, 156 б.].

Бұл жерде ақын ислам дінінің иман, намаз, ораза, зекет және қажылықтан тұратын бес тірегі туралы толғайды және бұл бес тіректің Алланың әмірі екенін, қарсы келген адамға ауыр жаза бар екенін ескертеді. Бұл мәселеде ақын Пайғамбарымыздың мына хадисіне жүгіне отырып, жырлағанын көруге болады:

«Хадисті жеткізуші - ибн Омар. Ол: «Алла елшісі ислам бес тірекке негізделген: Алладан басқа ешбір Құдай жоқтығына және Мұхаммед оның елшісі екендігіне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, қажылық жасау және рамазанда ораза ұстау», - деді, - деп айтқан [155, 26 б.]. Ақыттың барлық діни өлеңдері Құран мен хадиске негізделе отырып жырланғанын ескерсек, жоғарыдағы хадиспен қатысты мысалды тек соның бір парасы ретінде, көрнекілік үшін алып отырғанымызды ескерте кеткен дұрыс.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, А. Үлімжіұлының қазақ әдебиетіндегі діни жанрдың дамуындағы ықпалы мен үлесін төмендегідей топтастыруға болады:

1. Қазақ қоғамында діни құндылықтарды жандандыру

А. Үлімжіұлы діни шығармалары арқылы сол кезеңдегі қазақ қоғамында діни құндылықтар мен имандылықты жандандыруға ұмтылды.

Күнадан аулақ қашыңыз,

Түзу жолды басыңыз.

Жоғалады бір күні,

Қайран өмір жасыңыз [11, 102 б.] - деп А. Үлімжіұлы ислам дінінің моралдық, адамгершілік ұстанымдарын насихаттай отырып, халықтың рухани өмірін байытып, олардың діни санасын күшейтуге ықпал етті. Оның шығармалары адамгершілік, адалдық, әділдік, сабырлылық сияқты қасиеттерді насихаттап, қоғамда дінге деген құрметті арттырды.

Ақыры кетер харап боп,

Шариғатпен егескен [67, 242 б.] - деп Алла әмірін орындамаған, кісі хақысын жеген адамның өмірі берекетсіздікке, қиыншылықтарға тап болып, Алланың қаһарына ұшырайтынын ескертеді. Ақынның бұл өлең жолдары да Қасиетті Құранның мына аятымен үндесе жырланған: «Кімде-кім Менің еске салуымнан (Құраннан) теріс бұрылса, оның өмірі тарылып, Қиямет күні оны соқыр күйінде тірілтеміз» (Таһа сүресі, 124-аят).

2. А. Үлімжіұлының еңбектері қазақ діни әдебиетінің ұлттық сипат алуына ықпал етті.

Араб-мұсылман әдебиетінен бастау алған діни жанр (тассауф жанры) Қожа Ахмет Ясауидің тұсында түркілік-мұсылмандық сипат алғаны тарихтан белгілі. Барша түркі халықтарына мұсылмандық дәстүр Ясауи тариқатымен бірге таралды. Бұл өз кезегінде қазақ халқының діни мәдениеті мен діни дүниетанымына да ықпал етті. Ойшыл, ақын А. Үлімжіұлы шығармаларында қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ислам құндылықтарымен тоғыстыра білді. Оның кез-келген діни өлеңдері мен шығармаларында қазақ халқының рухани-мәдени өміріне тән ерекшеліктер мен қасиеттер көрініс таба білді. Бұл оның шығармаларының ұлттық әдебиетке жақын болуына және діни әдебиеттің қазақы сипат алуына ықпал етті.

А. Үлімжіұлы өзі өмір сүрген XIX-XX ғасырлардағы қазақ халқының діни жағдайын дөп басып суреттей отырып, халықтың ғапылдықтан шығу жолын қарастырады. Оның жолын былайша тұжырымдайды:

1. Иманды болу;

2. Берекелі болу;

3. Білімді болу;

4. Өнерлі болу.

Осы төрт “болудан” шынайы мұсылманның бейнесі пайда болады деп сипаттайды А. Үлімжіұлы. Оның көзқарасы бойынша, адам бойындағы кемелдікке жетудің басты қозғашусы - Алла Тағала, негізгі құралы - құлшылық.

Сауап саулап келмейді,
Ойын ойнап күлуден.
Санаулы өмірің бос кетер,

Құлшылықсыз жүруден [68, 501 б.] - деу арқылы А. Үлімжіұлы ұлт пен халықты ең алдымен Алланы тануға шықырады.

Осы тұрғыда А. Үлімжіұлы ислам дініне қатысты ілімдерді, мәтіндерді және рухани мұраларды қазақ халқының тіліне, мәдениетіне және ұлттық ерекшеліктеріне бейімдеп жеткізуді қолға алды. Оның «Қиямет ахуалы», «Қажы баян», «Мұхаммет пайғамбар туралы жырлар», «Сейітбаттал ғазиз», «Манақиб пирон ғазизан» осы бағытта жазылған еңбектер саналады. Бұл дін мен ұлттық бірегейліктің, дін мен дәстүрдің сабақтастығы арқылы ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттаудың маңызды әдістемесі болып саналады.

3. Жазба әдебиет пен ауыз әдебиетінің дәстүрін жалғастыру.

Ақыт Үлімжіұлы өмір сүрген кезең - әлем тарихында жаһандық мәдени өзгерістердің басталған кезеңі ретінде сипатталады. Әлемдік қауымдастықтың бір тармағы саналатын қазақ халқы да бұл күрделі үдерістен шет қала алмады. Өтпелі кезеңде ғұмыр кешкен Ақыт Үлімжіұлы алғаш рет Қазан баспасынан «Жиһаншаһ» дастанын шығарып, қазақ жазба әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосты. Өзінің шығармаларында қазақ фольклорының дәстүрін сақтай отырып, жазба әдебиетті жаңа белеске көтерді. Оның діни өлеңдері мен шығармалары қазақ жазба әдебиетінің рухани бағытта дамуына және діни тақырыптарды қарастыруда жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етті.

Қорыта айтқанда, Ақыт Үлімжіұлының шығармалары өз кезеңіндегі қазақ әдебиетіндегі діни жанрдың дамуына ықпалы етті. Бұлай айтуымыздың себебі - А. Үлімжіұлы ислам құндылықтарын қазақ халқының рухани өміріне енгізіп, діни әдебиеттің ұлттық сипат алуына жол ашты. Ойшыл және ақын ретінде өшпес іздерін қалдырған А. Үлімжіұлы діни және қоғамдық қызметтері арқылы мәдениет және әдебиет тұрғысынан Алтай мен Қобда бетіндегі, одан кейін күллі әлемдегі қазақтарға үлкен әсер қалдырды. Әсіресе, оның Қазан баспасында басылған кітаптары халық арасына таралуымен әдебиетімізде Ақыт Үлімжіұлының ықпалы біртіндеп сезіле бастады. Осы күшті әсерге байланысты зерттеуші ғалым Жақып Мырзаханұлы: «Өз дәуірінің көзі ашық, көкірегі ояу оқымыстысы, ағартушысы және қоғам қайраткері болған Ақыт ақындық өнері, ойшылдығы, кемел парасатымен сол бір дәуірдегі қоғамдық ортаны, халық тағдырын поэзия құдіретімен сөз кестесі арқылы өрнектеп, поэзиялық шығармаларын өз дәуірінің айнасы ретінде бізге жеткізіп отыр» деп бағалайды [156, 178 б.]. Ақыт Үлімжіұлы әдебиетпен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан, оны білмей, танымай Алтай бетіндегі қазақтардың әдебиетінің дамуын дәл түсіну және түсіндіру мүмкін емес.

3.2 Ақыт Үлімжіұлы шығармаларындағы діни-этикалық ой-тұжырымдардың өзге ойшылдарымен сабақтастығы

Ақыт Үлімжіұлының шығармаларындағы діни-этикалық ой-тұжырымдар қазақтың дәстүрлі діни-рухани мұрасы мен исламдық дүниетанымға негізделген. Оның ойлары мен көзқарастары өз заманының басқа да діни және философиялық ойшылдарымен тығыз сабақтастықта болды. Ақыттың діни-этикалық тұжырымдары қазақ халқының рухани мәдениетіндегі тұлғалармен, сондай-ақ исламдық ойшылдармен үндес келеді.

Бұл зерттеу жұмысымызда Ақыт шығармаларының Абай Құнанбайұлының дүниетанымымен, Ясауи ілімімен және Әл-Фараби сынды классик мұсылман ғалымдарымен, қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы моральдық құндылықтармен және діни ғұламалар мен ағартушылардың ағартушылық идеяларымен сабақтастық байланысы салыстырмалы түрде қаралатын болады.

1. Абай Құнанбайұлының моральдық-этикалық ілімімен байланысы

Абай Құнанбайұлының шығармаларында да діни-этикалық мәселелерге ерекше мән берілген. Абайдың «Толық адам» ілімі адамның рухани жетілуі мен имандылығын басты орынға қояды, бұл Ақыттың ойларымен де үндес. Ақыт сияқты Абай да адамның ішкі жан дүниесін тәрбиелеу, нәпсімен күресу, адалдық, әділдік сияқты моральдық құндылықтарды насихаттайды. Екі ойшыл да құлшылықты сыртқы көріністермен ғана шектемей, жүректегі шынайы сенімге баса назар аударған.

Бірі Өр Алтайда, бірі Семей өңірінде өмірге келіп, қазақ пәлсәпасы мен руханиятының асқар тұлғасына айналған қос ойшылдың тағдыры мен ғұмыр жолы әр алуан. Айырмашылық та едәуір. Дегенмен, ұқсастықтары да біршама. Айталық, екеуі де Орта жүздің белді руларынан, екеуі де Қазан баспасынан кітаптарын шығарып, қазақ жазба әдебиеті көшінің бұйдасын ұстаушылар, екеуі де қазақ тарихындағы назиралық өлең жанрының негізін қалаушылар, екеуі де рухани кеңістікте өзара түйісіп, пәлсәпа биігінде ой қорытқан ойшылдар.

Жалпы, қазақ елі шекарасының ішінде немесе тысында өмір сүрген қазақ ойшылдарының арасында толыққанды ғылыми айналымға түскен бір адам бар болса, ол – Абай дер едік. Абай өмірі туралы, Абай шығармашылығы туралы жазылған көптеген ғылыми ізденістер бар. М.Әуезовтен басталып, М. Мағауин, М. Мырзахметұлы, Т. Жұртбайұлы, Т.Шапай секілді ғалымдардың Абайтану мектебін қалыптастырғаны баршаға аян.

Ал, әлі күнге дейін толық зерттелмеген, ғылыми айналымға бүгінге дейін толық түсе қоймаған сала – Ақыттану саласы. Ақыт дүниетанымының қалыптасуына әсер еткен бір фактор оның Абай еңбектерімен танысуы болғаны сөзсіз.

Абайдан 23 жыл кейін, 1868 жылы Өр Алтай топырағында өмірге келген Ақыт Үлімжіұлы 1897 жылы Қазан баспасында «Жиһаншаһ» атты дастанын

басып шығарады [47, 45 б.]. Кәкітайдың Абай шығарламаларының алғашқы томын 1915 жылы шығарғанын ескерсек, Ақытты қазақ жазба әдебиетінің алғашқы негізін қалаушы тұлға деп атауға толық негіз бар. Алайда, бұл тұжырымдамамыз Ақытқа дейін ешқандай қазақ әдебиеті баспадан шықпады дегенді білдірмейді. Мәліметтерге негізделгенде, А. Үлімжіұлының кітабы шыққан 1897 жылға дейін қазақ тілінде 90 әдебиет жарық көрген [157, 102 б.].

Жалпы, Ақыттың ақындық жасампаздығында үлкен бұрылыс тудырған жағдай оның Абай шығармаларымен танысудан басталады. 1930 жылы Ақыт Қобда қазақтарына амандаса барады. Бұл кезең - Моңғолия елі азат болып, КСРО-дан белгілі коммунисттер келіп, Қобда аймағында қайта құру жұмыстарымен шұғылданып жатқан кезең еді. Сол топпен келген Абай Қасымов Ақытқа Абай өлеңдерін сыйға тартады [68, 19 б.].

Осы тарихи жағдай Ақыт рухани дүниесінің кемелдене дамуына үлкен әсер етеді.

Ақыт «Кейінгі дәуірге естелік қалдыруды ниет етіп, марқұм Абай Құнанбай Қажы ұлының кітабынан өрнек алып, осы ғақлиялық, нақылдық үндеулер кітабын жаздым. Шіркін, Абай адамның жуырда есіне түспейтін сөздерді тауып, соны өрнектеген екен. Мен де сондай есіме түсе қалған сөздерді кіргіздім. Сондай-ақ Абай өлеңдерінің үзіндісін басына алып, күрделі лебіздерін шештім. Бұл нұсқаға сонан «Дәлаилүл-Ғақлия» (ғақлиялық үндеулер) деп ат қойдым.

Мақсатым ел-жұртқа тағылым болса...» - дей келіп:

Ақындар бізден бұрын өтті талай,

Әсіресе, Құнанбай баласы Абай.

Дәл сондай өткір сөзді болмасам да

Мен де аз сөз жазып қойдым құрап-жамай – дейді.

Өзінен 23 жас үлкен болса да, одан 18 жыл бұрын кітап шығарса да, Ақыттың Абай өлеңдерін көре сала, оны өзіне ұлағатты ұстаз санап, Абайды дәріптеуі - Ақыттың ұлылықпен тұлғалас ақын екендігінің тағы бір анық дәлелі болса керек.

Ақыт Үлімжіұлы Абайды дәріптеп, оны өзіне үлгі тұтып жазған «Дәлаилүл-Ғақлия» - 55 өлеңнен тұратын көлемді еңбек болып табылады.

Әуелгі тақлитым сөздің басы,

Жан тебіренгіп еміренген көздің жасы.

Жастық шақ өтіп кетіп, болып қалдым

Алпысты аралаған ел ағасы – деп өлең кіріспесінде Ақыт өзінің жалпы жағдайынан хабар бере кетеді. Мұндағы «тақлит» (тақлид) сөзі – араб тілінің еру, ұқсау дегенді білдіретін сөз. Мағынасы – мұсылмандардың бір мәзһабтың муджахидының немесе мүфтидің сөзіне еру дегенді көрсетеді. Тақлидке ислам дінінің құқықтық мәселелерін білмейтін адамдардың жүгінетінін ескерсек, алғаш рет Құран Кәрімді қазақшаға аударған Ақыттың кішіпейілділігін, қарапайымдылығын көреміз. Сондай-ақ, бұл өлең Абай дүниетанымының, Абай философиясының жалғасы екенін байқау қиынға

түсе қоймайды. Ал, өлеңнің жазылған мерзімі, Ақыттың алпысты аралаған кезеңі, яғни, 1932-1935 жылдар аралығында болуы бек мүмкін.

Ақыт қажы Абай өлеңдерімен мазмұндас «Дәлаилүл-ғақлия» өлеңін жазудағы себебін Абай өлеңдеріне қиянат жасау емес, қайта Абайды үйрену, Абайды үгіттеу мақсатынан туғандығын айта келіп, Абай ойының тереңдігі мен ойлылығын ескере отырып, қарапайым халыққа түсінікті болуы үшін, өзінің жазғандарын Абай өлеңдерінің тәпсірі немесе шархы деп қарау керектігін айтады [47, 51 б.]. Абай өлеңдерін Өр Алтай қазақтарына түсіндіру сол кездің заман талабы да еді. Өйткені, «мағлұматтан құр қалып» отырған қазақтың Абайды түсінбесі анық еді. Бұл туралы А. Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетінде келесідей жазады: «Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар, құты, осының мағынасы не деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, ол пікірді сөзбен келістіріп айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда» [158, 142 б.].

Сөйтіп, А. Үлімжіұлы «өз малын өзінікі дей алмай отырған, боздақтарын қадірлей алмаған, жыртың-жыртың, бос өкпе, алакөздіктен тозған, бас-басына би болған» [11, 196 б.] халқына Абай өлеңдерін таныстыруды, Абай жырлары арқылы ұйқыдағы елін оятуға тырысады.

Басында айтып өткеніміздей, Ақыт қажы өлеңдерінің мазмұны әр қырлы, саласы әр алуан.

Ақынның «Дәлаилүл-ғақлиядағы» 55 өлеңін негізінен мазмұнына қарай Алланың көркем есімдері мен сипаттары және адам баласындағы көркем мінез туралы екі топқа бөліп қарастыруға болады. Енді осыларға жеке-жеке тоқталып көрелік:

Алла Тағаланың көркем есімдері мен сипаттарын білмеген адам толық әрі кәміл құлшылық жасай алмайды. Ал, құлшылықтың көркем түрлерінің бірі Аллаға дұға ету екенін ескерсек, Алланың көркем есімдері мен сипаттары арқылы дұға жасаудың маңыздылығы айрықша. Бұған Алла сөзі Құрандағы «Көркем есімдер Аллаға тән, Оған солар арқылы дұға жасандар», – деген (Ағраф, 180) аяты дәлел бола алады. Халыққа имандылық жолын көрсетуші, ақиқатқа шақырушы Ақыт Үлімжіұлы өлеңінде:

Басқан із, көрген қызық артта қалып

Әуелде жаратушы Құдай шебер.

Көз көрген көлденеңнің бәрі пәни

Бір Алладан басқаның бәрі өзгерер – деп жырлайды. Ақыттың бұл өлеңі Құран Кәрімнің «Оның бірде-бір ұқсасы жоқ» деп баяндалатын Шура сүресінің 11 аятымен сабақтасып жатқанын байқауға болады. Бұл өлең шумақтарының Алланың кейіннен жаратылған ешбір жаратылысқа ұқсамайтындығын көрсететін «Әл-Мухалафату лил-хауадис» сипатын көре аламыз.

Сөзі рас, өзі жалғыз патша Құдай,

Бар сөзі болады рас дайым ұдай.
Көп кітап бір Алладан келіп еді,
Төрт үлкен кітап сөзі келген ыңғай.
Тәурат пен Інжіл, Зәбұр, осы Құран,
Бұлармен мұсылмандық деген ұран.
Алланы танытуға бәрі бірдей

Еш қилап таба алмайсыз, сірә мұнан [11, 262 б.] – деу арқылы Ақыт Алла Тағаланың «біздің санамыздан тыс» халде «сөйлейтінін» жеткізеді. Алла Тағаланың бұл түрдегі субути сипатын ислам ғалымдары әдетте Алла Тағаланың «Кәләм сипаты» деп атайды.

Адамды махаббатпен жартқан хақ,
Достығын бір Алланың сен де іздеп тап – дей келіп, Ақыт қажы халықты Алла Тағаланың жоқты бар, барды жоқ ете алатын «Құдірет» сипаты бар екенін ескертіп, Оның шексіз мейірімінен күдер үзбеуге шақырады.

Жүректегі сырыңды біледі Алла,
Мұны ойласаң жамандық көңілге алма.
Шын хаққа распенен таласам деп

Мойныңа үлкен күнә жүктеп қалма, - мұнда Алла Тағаланың тіршілік атаулының бәрін, бүкіл ғаламшарды түгелдей көре алатын «Басар» сипатын да тілге тиек етеді.

Сондай-ақ, Ақыт қажы өлеңде Алланың кемел сипаттарымен қатар көркем есімдерін де келтіре отырып, Жаратқан Хаққа құлшылық, дұға жасап, халықты хақты тануға, одан күдер үзбеуге шақырады:

Алланың таразысы – ұлық алды,
Бірдей көріп теңгермек тірі жанды – Алла Тағаланың «әл-Мунтақим»
(Күнәһарды әділ жазалаушы) есімі;

Өмір басы иген жақ,
Екі басын иілтіп,

Ұстаған Алла жалғыз хақ – Алла Тағаланың «әл-Адл» (Әрбір ісінде өте әділетті) есімі;

Әуелде жаратушы Құдай шебер – Алла Тағаланың «әл-Бадиғ» (Аса шеберлікпен, даналықпен, жоқтан бар етіп жаратушы) есімі;

Тәуекел ед, бет түзе,

Құдайың қуат, саспа енді – Алла Тағаланың «әл-Хафиз» (Сақтаушы, бәлекеттерден қорғаушы) есімі [159, 78-80 б.].

«Дәлаилүл-Ғақлия» өлеңінде келесі бір айтылған өзекті мәселе көркем мінез мәселесі.

Жалпы, көркем мінез сөзіне ұзын-сонар анықтама беруге болады. Ал, ислам шарифатындағы мінездің көркем болуындағы сипатын Құран аяттары бойынша түсіндірсек, көркем мінез – жақсылық істеу (Бақара, 195), сабырлы болу (Әли Имран, 146), турашылдық (Мәида, 42) қатарлы адам баласының рухани дәрежесін көрсетеді.

Адам бойындағы көркем мінездің қалыптасуы да Алла Тағаланың қалауымен болады. Оған жету үшін, адам баласы ең әуел иман ету керек,

сосын кемеңгер Абай айтқандай «иманды адамға білім парыз» болады, білім алу керек, үшіншіден, өз бойындағы нәпсімен күресе білу керек, ең соңында, көркем мінезді адамдармен жолдас болу керек [160, 25-28 б.].

Ақыт қажы шығармаларында адам баласы бойындағы көркемдікке жат мінезге жиіркене қарайды, халықты одан алыс болуға шақырады. Ол адам бойындағы көркем мінездің ең биігі – Алла Тағаланы жалғыз деп біліп, амалдарыдың барлығын тек Оның ризалығын алу үшін істеу деп айта келіп:

Алланың досын дос көр, дұспанын жек,
Бұл тахқиқпен иманың болар аман.
Көкіректе иман, көңілінде Құдай болса,
Айырылмас қайда болса тынысынан [68, 207 б.]– деп түйіндейді.

Сонымен бірге, Ақыт адам бойындағы мақтаншақтық, даңғой тәкаппарлық, пайдакүнемдік имансыз адамның белгісі деп қарайды:

Бұған қарсы әуесқой пайда мақтан,
Бұларға үйір болмай қатты сақтан.
Әуесқойлық күнәға батырады
Жақсылықты жояды рия-мақтан.
Пайдакәстік ынсапты кетіреді,
Мақтаншақ артық сөйлеп есіреді.
Көргенге көзін салған әуесқойлық
Ақ жолмен ар-ұятты өлтіреді [68, 207 б.].

Сонымен бірге, Ақыт ««Дәлаилүл-ғақлия» өлеңінде болсын немесе басқа да өлең-дастандарында болсын халықты білім алуға, баланы оқуға беруге үндейді. «Ғылым, сәуле, нұр, жарық, оқымай болмас құр жарық» деп білімді адамның қай-қашанда өзгеден биік тұратынын айта келіп:

Аллаға жағар жері сенім діні.
Кеудені ақылменен тексі аралап
Сонан хабар беретін бергі тілі.
Ғылым нұры жүрекке әбден қонса

Талаптанып ізденер күні-түні [68, 211 б.]– – деп білімге күштарлық пен талаптануды адам бойындағы көркем мінездің біріне жатқызады. Сондай-ақ, Ақыт пенденің ғылым, білім алуға талпынуының себебін былай түйіндейді:

Талап қыл ғылым білуге,
Халық, жұрт боп жүруге.
Жұрт үшін іздеп ғылымды
Қорлықсыз өмір сүруге [67, 312 б.]–

Қорыта айтқанда, Ақыт Абай мұрасын Алтай мен Қобда бетіне алғаш таныстырушы тұлға. Ұлы ақынның ұлы шәкірті Ақыт Үлімжіұлы Абай шығармаларының тек тасымалдаушысы ғана емес, сонымен бірге, жаңғырта жырлаушысына да айналған кесек тұлға. Ақыт қаламынан туған «Дәлаилүл-ғақлия» осының нақты айғағы.

Абай шығармаларының шархы іспеттес болған «Дәлаилүл-ғақлия» өлеңіндегі діни-философиялық ойлар мен діни ұстанымдар әлі көп ізденісті қажет етері сөзсіз.

2. Ясауидің сопылық ілімімен байланысы

Ахмет Ясауи мен Ақыт Үлімжіұлында ортақ ұқсастықтары жетерлік. Екі ойшылдың рухани биіктікте тоғысуына себеп болған ұқсас факторларды төмендегідей тізбектеп көрсетуге болады:

Біріншіден, екі ойшылдың өскен ортасы ұқсас. Жоғарыда айтып өткенміздей, Ақыт қажы Үлімжіұлы Алтайдағы қазақтарға ислам енді ғана таралып, ел арасына ислам нұры қанат жая бастаған кезде ғұмыр кешті. Алтай бетіне билік жүргізген Манжурлік Цинь билігін, кейін Гоминдан үстемдігін, сонымен қатар, Шыңжаң аймағын жеке билеген Ян Зыншин, Жин Шурын, Шэн Шицай қатарлы милитаристердің елге көрсеткен зорлық-зомбылығын өз көзімен көрді. Ел басына төнген зобалаң мен оған көрсетер қайраны жоқ білімсіз халқының бейғам қалпына ашынады. Бұл жағдай Ақыттың қоғамдық, ағартушылық қызметінің басталуына себеп болды.

Ал, Ясауи болса Қарахандар билігі тұсында ғұмыр кешті. Иран және Орта Азияда ислам діні толық таралған, Қазақстанның оңтүстігінде феодалдық қоғамдық қатынастар қанат жайған қоғамда өмір сүрді. Дегенмен, бұл кезең халық бұқарасының тұрмысы ойрандалып, әртүрлі ағымдар өріс алған кез еді.

Екіншіден, ілімдік мектептері ұқсас. Ясауи мен Ақыт екеуі де сопылық мектептің силсиласы үзілмеген жүйелі мектептерінің өкілдері. Сопылық бағыттың түркі және қазақ даласына насихаттаушылары. А. Ясауи Арыстанбаб, Бұхаралық Хадани шейхтан тәлім алса, А. Үлімжіұлы С.Жебенұлы, Ғұсман молла, Мырзабақы, Мұхаммед Мүмін сынды сопылық ілімнен нәр алған ұстаздардан тәлім алған.

А. Үлімжіұлы Қожа Ахмет Ясауидің Түркістанда қалыптастырып, түркі халықтары арасында сопылық ілімді таратқан ізгі жолын Өр Алтай бетіндегі қазақтар арасында қайта жаңғыртты. Бұл екі тұлға өз дәуірінің озық ойлы ірі реформаторы болатын. А. Үлімжіұлының өлеңдері мен Ясауи хикметтері бір-бірімен үндесіп, сабақтасып келеді. А. Үлімжіұлы шығармаларында өз силсиласын таратып, қазіретке қол бергенін айтқанымен, «дін күтіп», тариқат жолын ұстанған сопы емес. Ол сопылық дүниетанымдық ойлау жүйесі арқылы халқын ғылымға, бақытқа және тура жолға түсіруді мақсат еткен ұстаз әрі ойшыл.

А. Ясауи өз еңбегінде жән ғылымы және тән ғылымы деген екі түрлі ұғымды ұсынады. Онда ол жән ғылымын ақиқатқа жақындау деп суреттесе, тән ғылымын руханияттан шегініп, адам санасын дүние-мүлік пен жамандықтың торлауы деп суреттейді.

Ілім екеу-дүр: жан мен тәнге басшы тұрар,

Жан ғалымы хазіретіне жақын тұрар...

Тән ғалымы залымдарға ұқсар-ерміс, – деп баяндаса, [161, 74 б.] Ақыт та бұл туралы арнайы тоқтала келіп, өз ойын арыдан сабақтайды. Оның «Алтыншы тақта сөзде» былай дейді:

Ынсап, ақыл, ар-ұят бір бастағы,

Бәрі түгел біреуге тұрмастағы.

Бұл төртеуі біреуде жиылған жан

Келісімсіз еш мінез қылмастағы [11, 124 б.] – деп жан азығына не кіретіні туралы өзіндік ой қорытып, тұжырым ұсынады. Ақыттың көзқарасы бойынша, жан ғылым дегеніміз – адам бойындағы ізгі қасиеттер. Айталық, ақыл, ар-ождан, ынсап және ұят.

Демек, Қожа Ахмет Ясауи ілімінде нәпсіні тәрбиелеу, Аллаға махаббат, ақиқатты іздеу және жеке тұлғаның рухани жетілуі маңызды орын иеленсе, Ақыт шығармаларында да осы аталған сенім негіздері психологиялық сезімдерге баса мән беріледі. Сондай-ақ, Ақыт Үлімжіұлы өз еңбектерінде адамның рухани кемелденуі мен тазаруды ислам дінінің басты құндылығы деп санайды.

3. Исламдық классикалық ғұламалардың идеяларымен үндестігі

Ақыттың діни-этикалық ой-тұжырымдары исламның классикалық ғұламалары, мысалы, әл-Ғазали, Ибн Араби, Руми сияқты ойшылдардың идеяларымен де үндес. Әл-Ғазали адамның рухани дамуы мен моральдық қасиеттерін жетілдіру жолындағы күреске, нәпсіні тазартуға, жүрекке иман орнатуға баса назар аударады. Ақыттың шығармаларында да осы идеялар көрініс тауып, рухани тазалық пен имандылыққа ұмтылу басты құндылықтар ретінде насихатталады.

Ислам философиясындағы мораль саласы психологиялық негізден гносеологиялық және әлеуметтік аспектілерге дейін зерттеле бастады. Әл-Фараби мінез-құлық тәртібін білдіретін имандылықты қоғам үшін таптырмас бақыт көзі ретінде қарастырады. Оның ойынша, адамның ең биік мақсаты – бақытқа жету, ал қоғам – бақыт құралы. Әл-Фараби философиясында адамгершілік пен саясат бір-бірімен астасып жатады [169, 15 б.] .

Ақыт Үлімжіұлының рухани әлемі – ерекше бір тылсым дүние. Оның негізгі зерттеу объектісі – адам. Сол адамның эстетикалық, этикалық бет-бейнесі, арман-мақсаты, өмірінің мәні, сезімі мен түйсігі, болмысы мен ұлттық ойлау ерекшелігі ұлы ойшылды терең тербеністерге түсірген. Олардың негізінде адам және кісілік философиясы жатыр.

А. Үлімжіұлы заманның азып-тозуы, қоғамның әлеуметтік жағынан жіктелуін діни сенімнің әлсіреуінен, ислам дінінің жолын берік ұстамағандықтан, имандылықтың құлдырауынан деп біледі, сондықтан ислам дінінің парыз, уәжіптерін, шарифат жолын насихаттап, ислами құндылықтарды халықтың санасына сіңіріп өз өлеңдерімен үгіт жүргізеді. Соның бірі «Құмай деген бір құс бар» атты дидактикалық толғауы. Ақын қазақи мифтік дүниетанымдағы құмай құсты бейнелеу арқылы Алла Тағаланың күдіретті нұр-шапағатын әспеттейді:

Бақыт қонар адамға,
Саясы түссе жақындап,
Көктегі құс құмайдан.
Құмай деген бір құс бар,
Көк бетінде мекені,
Мағұлым емес адамға,

Дәл қай жерде екені,
Жылда бір жерге жақындап,
Сая салып кетеді,
Саясы түскен адамзат,
Шын дәулетке жетеді [85, 8 б.].

Енді екі ойшылдағы адамгершіліктің мақсаты болып табылатын бақытқа қысқаша тоқталған соң, оның психологиялық және әлеуметтік өлшемдерімен моральдық философиясы сөз болады.

Адамгершіліктің мақсаты – бақыт. Фарабидің ойынша, адамгершіліктің мақсаты – бақытқа жету. Бақыт – адам баласының қол жеткізе алатын ең биік мақсаты, ең жоғарғы кемелдігі мен игілігі. Әл-Фарабидің ойынша, бақыттан асқан адам баласы талпынатын ештеңе жоқ.

Философтар «жақсылықты» үш топқа бөледі:

1. Өз бетінше жақсылық,
2. Басқа нәрсенің құралы ретіндегі жақсылық,
3. Әрі құрал, әрі мақсат.

Бақыт үшінші топқа кіреді және ең жоғары игілік болып табылады, өйткені ол байлық, достық және денсаулық сияқты барлық басқа игіліктерді қамтиды. Бұл ең жоғары күзіреттілік, өйткені оған адамдар өзін-өзі ақыл-ой және адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеу және белсендіру арқылы қол жеткізе алады.

Фарабидің пікірінше, барлық болмыс әрқашан өз түрінің ішінде кемел болуға ұмтылады. Мысалы, Тұқым табиғи түрде ағаш болып, жеміс беруді қалайды, жануардың төлі табиғи түрде өсіп, көбеюді қалайды. Ақыл-ой қабілетіне қарай табиғи жаратылыстардың ең жоғарысы саналатын адамдар өзіне тән ойлау, сөйлеу ерекшеліктерін белсендіруді мақсат етеді. Адам интеллектуалдық құзыреттілікке қарағанда, адамгершілік құзыреттілікке ие болу арқылы бақытқа жетеді. Бұл кемелдік білім арқылы ғана мүмкін болады, ал тәрбие ізгі қоғамда өмір сүру арқылы мүмкін болады.

Ақыт Үлімжіұлы адам баласының өз білімімен кемеледене түсуін бақыт деп санайды. Сондай-ақ, осы білімінің қайнары, түп негізі адамның Алланы шынайы ақылмен тануы деп біледі. Айталық, А. Үлімжіұлының 1915 жылы жазылған «Жиырма бұл книжка баға тиын» атты өлеңінде бұл туралы былай толғайды:

Нұр күйшы жүрегіме пайтша құдай,
Нұр жарық жаһилаттың көзін ашар.
Оянып, өз жүрегін сезінген соң,
Тырманып, әр тарапқа жақындасар.
Ғылым нұры жүректің кіріп ашса,
Құтылып жаһалттан басын ашар [67, 137 б.].

Демек, әр екі ойшылдан түйеріміз – әрбір адам жаратылысынан өзі жақсы деп санаған нәрселерді қалайды, соған қарай ұмтылады және соны алу арқылы кемелдікке жетуге тырысады. Тиісінше, адамның әрбір мінез-құлқы жаман болса да, жақсылыққа ұмтылады.

Моральдық психологиялық өлшемі – түп негізі және өзі. Әл-Фараби халықтар мен мемлекеттердің дүниелік және ақыреттегі ең жоғарғы бақытқа қол жеткізетін қасиеттерін төрт бөлікке бөледі:

1. Теориялық ізгіліктер
2. Интеллектуалдық қасиеттер
3. Адамгершілік қасиеттер
4. Практикалық ізгіліктер.

Теориялық ізгіліктер – ақылға болмыстар мен олардың мазмұнын түсінуге мүмкіндік беретін ғылымдар ғана. Бұл ғылымдардың кейбіреулері санада әу бастан бар болған, шығу тегі белгісіз аксиомалар. Олардың кейбіреулері зерттеу, қорытынды жасау, оқу және оқыту арқылы алынған мәліметтер. Санада стихиялық түрде бар және бұрмаланбайтын ақпарат метафизика пәнін құраса, зерттеуге негізделген ақпарат зерттеуге қатысты физикалық және математикалық ақпаратты білдіреді.

Тәжірибелік ізгіліктер қолөнер мен өнердегі күзиреттілікті қамтыса, интеллектуалдық ізгіліктерге адамдардың сыртқы дүниедегі белгілі бір болмыстар мен оқиғаларға қатынасы мен әрекеттері кіреді. Адамның болмыс өрісі ерік әрекетінің аясында бағаланады деп санай отырып, Әл-Фараби табиғаттағы мәжбүрлі тәртіп таңдау еркіндігімен ауыстырылады деп қарады [163, 147 с.].

Адам жақсылыққа немесе жамандыққа идеалды мағыналар беру арқылы қалағанын таңдай алады және бұл моральдың негізгі динамикасын құрайды. Мораль мен саясат ерікке қатысты оқиғаларды жан-жақты зерттеп, білімнің пәніне айналдырса, екінші жағынан, оны іс-әрекетпен байланыстыра отырып, практикалық пәнге айналдыра алады.

Әл-Фараби теориялық ізгіліктерді білім арқылы түсіндіре отырып, адам баласы философиялық күзиреттілікке ие болмайынша, яғни, өз түрін, өзі өмір сүретін әлемді және барлық болмыстың бірінші және екінші себебін түсінбейінше, бұл ізгі қасиеттерге ие бола алмайды. Мұны Фарабидің мына сөзінен аңғаруға болады:

«Әдемі нәрселер философия арқылы бойымызда орнығатындықтан, философия өз алдына бақытқа жететін нәрсе деген қажеттілік туындайды. Екінші жағынан, Философия бізде тек өтініштің құзыреттілігі арқылы қалыптасады» [164, 28 б.].

Ақыт Үлімжіұлы әлемнің жаратылысы мен адамның өмір сүруіндегі мәнін түсінбейінше, шынайы ахлаққа қол жеткізу мүмкін емес деп қарайды. Жанның тазалығы, иманның беріктігі, өмірдің шынайы болмысын түсіну ғана адамды бақытқа жеткізеді деп айта келіп, былай деп түйіндейді:

Кім бар дейсің жігіттер.
Сұм дүниені тауысқан.
Серт байласқан сұм дүние,
Ақыры бір күн қалмас па!?
Құлы болсаң Алланың,
Үмбет болсаң Расулға.

Шарифатпен арбаспа!
Ең жаманы мал кетер.
Жалған үшін жандаспа!
Куәлік алған бір жан жоқ,
Ақыретке бармасқа.

Бұдан байқайтынмыз, Әл-Фараби мен А.Үлімжіұлы дүниетанымында бақыт ұғымы философияның да, діннің де түпкі мақсатын құрайды. Философия мен діннің мақсаттары бір болғандықтан, олардың пәндері де ортақ. Екеуі де болмыстың түпкі негіздерін, болмыстың бірінші себебін және адамның өмір сүруінің түпкі мақсатын анықтайды.

Моральдық философияның негізгі құралдарының бірі – дін. Ал, дін дегеніміздің өзі білім мен тәрбие. Әл-Фарабидің ойынша, бақытқа жету үшін адам осы бақытқа қол жеткізген ізгі адамның – пайғамбар немесе философ, сонымен қатар ізгі қаланың басшысы болып табылатын ізгілікті адамның тәрбиесінен өтуі керек. Бұл жөнінде ол былай дейді:

«Жоғары бақытқа жету адам өмірінің мақсатына айналғанда, адам бақыттың не екенін біліп, соны мақсат етіп, жадында ұстауы керек. Сондай-ақ, ол бақытқа жету үшін не істеу керек екенін біліп, оларды орындауы қажет. Адамдарға тән ерекшеліктер туралы айтылғандарды ескере отырып, бақыттың не екенін және ол үшін не істеу керектігін әр адам біле бермейді деп айтуға болады. Ол үшін ұстаз (мұғалім) мен жолбасшы (муршид) керек. Кейбір адамдарға аз басшылық қажет, ал басқаларға көбірек қажет. Оның үстіне адам осы екі мәселеде, яғни бақыт пен соған апаратын амалдарды білуде тура жолға түспесе де, өзіне үйреткен, көрсеткен істерін сыртқы екпінсіз, қозғаушы күшсіз орындамауы мүмкін» [164, 33 б.].

А. Үлімжіұлы еңбектерінде ұстаздың орны мен рөлі баса дәріптеліп, шын бақытқа және Алланың разылығына қол жеткізу үшін міндетті түрде ұстаздың (пірдің) болуы шарт екендігі айтылады. «Ата - анаңды сыйласаң, ұстазыңды пір тұтсаң, басыңа қонар сонда бақ» деп адам баласын бақыт пен соған апаратын амалдарды білуде тура жолға шақыратын ұстаздың орны ерекше екендігі айтылады. Ақыт қажы 1902 жылы жазылған «Кәмәл пір муршид Нақшбанда ахуалы» өлеңінде былайша толғайды:

Пір ұстазын сөйлесе,
Жалған ісі жол қалған.
Тәубе қылса соларға,
Жол ашылып оңдалған [83, 228 б.].

Әл-Фарабидің пікірінше, адамның барлық жетістіктері ойлау қабілетімен байланысты болып келеді. Дұрыс мен бұрысты, жақсы мен жаманды, пайдалы мен зиянды, адамгершілік пен эстетиканы, өнер мен техниканы білу осы қабілеттің арқасында ғана іске асатын құбылыс. Адамда пайда болатын бірінші психологиялық белгі – тамақтану, екіншісі – сезу қабілеті. Сезім мүшелерінде болатын қабылдаулар уақыт өте келе сөне бастағанда, олардың орнын елестету қабілеті басады. Бұл қабілет біріктіру, зерттеу, еліктеу сияқты қасиеттерге ие. Ойлау қабілетінің барлығы қалау

кабілетімен байланысты болғандықтан, адам бойындағы физикалық және рухани бағдарлардың барлық түрлері де ерікті өлшемге ие.

Фарабидің ойынша, адам өз еркімен білім алғаннан кейін бұл кабілеттерді пайдаланады. Осыдан кейін әрекеттегі ақыл (белсенді ақыл) адамның потенциалды ақыл-ойын белсендіру арқылы нақты интеллектуалдық құзыреттілікке жетуге мүмкіндік береді. Жанның ойлау бөлігі кемелденіп, шын мәнінде зердеге айналғанда, ол адам материядан оқшауланады. Материядан толығымен оқшауланған жан шынайы бақытқа жете алады.

Дүниеден алыстап, шынайы бақытқа қол жеткізу мәселесі Ақыт дүниетанымының да негізгі идеясы. Билікке, байлыққа талпынбаған бақыт – шынайы бақыт екенін айта келіп, былай деп жазады:

Қоршаған төңіректі бұлт пен тұман,
Ғылымсыз құтылмайсың тіпті мұнан.
Хан қайқы, биің бүкір, моллаң соқыр,
Мен түзу дегеніңнің бәрі бұраң.
Ғәділет, ғылым менен өнер іздеп,
Бәрінен кұр қалғанша алшы мұнан [83, 228 б.].

Әл-Фараби мен Ақыт философиясындағы материядан абстракциялау арқылы нақты интеллектуалдық құзыреттілікке жету идеясын парапсихологиядағы «телепатия» және «алдын-ала тану» идеяларымен байланыстыруға болады. Телепатия - бес сезім мүшелерінің көмегінсіз жеке адамдар арасындағы ақпаратты беру. Басқаша айтқанда, бұл парапсихологияда зерттелетін паранормальды кабілет және бұл экстрасенсорлық қабылдау арқылы адамдар арасындағы ойларды, идеяларды, сезімдерді немесе бейнелерді тасымалдауға мүмкіндік беретін әсер ету байланысы. Алдын-ала тану болашақ оқиғаларды алдын-ала паранормаль ретінде қабылдауды білдіреді [164, 46 б.].

Бұл кемелдікке барлық адамдардың қол жеткізуі мүмкін болмағандықтан, жоғарыда сипатталған интеграцияға қол жеткізген адам басқаратын ізгі жағдайда өмір сүру және сол басшыға бағыну және ол белгілеген ережелерге бағыну адамдарды дүние және ақырет бақытына жеткізеді.

Моральдық әлеуметтік өлшемі.

Әл-Фараби адамдарды мемлекет құруға жетелейтін үш негізгі себеп бар деп қарастырады:

1. Адамдар өздерінің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін басқа адамдармен ынтымақтастықта болуы керек.

2. Ғаламдағы әрбір тіршілік иесінің жаратылысынан міндеті мен тәртібі бар. Олардың әрқайсысы өз міндеттерін орындау үшін басқа тіршілік иелерімен ынтымақтастықта болуы керек. Қоғамда өмір сүру – бұл ғаламдағы тәртіп қажет ететін жағдай.

3. Адам – өзінің ең жоғары міндеті және теологиялық мақсаты ретінде жалғыз өмір сүру арқылы шынайы бақытқа жете алмайтын болмыс [165, 697-698 б.].

Елдік бірліктің, халықтық ұжымдастықтың берік болуы адалдықта жатыр деп көрсеткен Ақыт қажы Үлімжіұлы Әл-Фараби ілімімен тым арыдан сабақтасады. А. Үлімжіұлы «Талап қыл, елім сөзді ұғар, уақытың жетті орнығар» деп туған халқымен сырласа келіп,

Толғансам көңілім қозады,
Бір ойдан, бір ой озады.
Пайымдап байқап ойлансам,
Патшаның тағы тозады.
Тозбайды халық өседі,
Бір ізде дүние тұрмайды

Ауысып тұрар есебі», – деп философиялық ой толғайды. Шығыс пен Батыс әдебиетіндегі озық көркемдік әдістерін қолдана отырып, Ақыт қажы дүние ғаламның бір орында тұрмайтындығы, қандай да бір тәртіптік жүйенің әсерімен үнемі дамуда болатындығын өлең түрінде жырға қосады.

Ізгі қала.

Ізгі қаланың басшысы – тұқым қуалаушылық дарындылығы арқылы жоғары кемелдікке жеткен пайғамбар немесе философ. Фарабидің айтуынша, ізгі қаланың басшысы мынадай он екі қасиетке ие болуы керек:

1. Олардың мүшелері толық болуы керек
2. Түсіну қабілеті жақсы болуы керек
3. Есте сақтау қабілеті күшті болуы керек
4. Сергек және зерделі болуы керек
5. Оқу мен оқытуды жақсы көру және оқыту әкелетін қиындықтарға шыдамдылықпен қарау керек.
6. Әдемі сөйлеу қабілеті болуы керек
7. Нәпсіге, ішіп-жеуге, нәпсіқұмарлыққа салынбауы керек.
8. Шындық пен шындықтың жақтаушыларын жақсы көру, өтірік пен өтірікшілерді жек көру.
9. Абыройлы, жомарт болып, әр түрлі арсыздықтан аулақ болуы керек.
10. Алтын, күміс сияқты дүниелік нәрселерді қарапайым деп қарау керек.
11. Әділдік пен әділ адамдарды сүю, адамдармен әділ қарым-қатынас жасау, әділетсіздікке талап етілсе қарсы тұра білу керек.
12. Алға қойған мақсатына жетуде жігерлі және батыл болуы керек [166, 16-23 б.].

Ізгі қалада адамдар философ немесе пайғамбар белгілеген дін сенімдерін қабылдап, амалдарын орындайды. Бұл дін өкілдері көптеген ізгі қалалардан тұратын ұлт мөлшеріне жетсе, «ізгі үммет», жер бетіндегі барлық адамдар осы дінді қабылдаса, «ізгі мемлекеті» пайда болады.

Фараби ұсынған басқару стильдері төмендегідей:

1. Жоғарыда аталған 12 шартқа сай келетін басшы құрған мемлекет.

2. Патша мен биден тұратын қос басқару жүйесі.

3. Тізімдегі сын есімдерді 4 және 6 адамнан тұратын комиссияларға бөлу арқылы құрылған жүйе.

4. Ешкімде жоғарыда айтылған қасиеттер болмаса, дәстүрді жалғастырушы, бірақ жаңа заң шығаруға құзыры жоқ басшыға айналады.

Қайырымды қала - шынайы бақыт, ортақ дін, ортақ мақсат, сенім мен іс-әрекеттің арқасында халықтың махаббат пен әділеттілікке негізделген келісімде өмір сүретін қала. Мұндай қаланың ең басты ерекшелігі – адамдар арасындағы «келісім». Ізгі қаланың мүшелері бұл дүниеде ақыл-ой және рухани кемелдікке жеткендіктен өлгеннен кейін шынайы бақытқа жетеді.

А. Үлімжіұлы еңбектерінде «ізгі қала» ұғымы туралы нақты мәлімет кездеспесе де, ізгі мемлекет тұрғындарының немесе шынайы мұсылманның сипаты туралы көптеген өлеңдерінен кездестіруге болады. Мәселен, А.Үлімжіұлы «Ал, жаранлар, тыңдай бер» өлеңі:

Ұрлап тамақ жемендер,
Өлсең-дағы аштан-ай.
Өтірік, ұрлық, парадан,
Пайғамбарлар қашқан-ай.
Ғайбат пенен зинадан,
Қатты болып сақтан-ай.
..... Перғауынды ел сүйді ме,
Бұзықтықпен асқан-ай.
...Насыбай мен арақтан,
Сақтаныңдар бастан-ай.
Әдепті сөз үйренген,
Сыдырып өрген таспадай.
Көз алдау қылмай жұртым-ау,
Құдайдан анық жасқан-ай.

Демек, адам баласының бойындағы ең жақсы әдептер оның имандылық дәрежесінде көрінеді. Нашар пиғылдар мен жаман әдеттер адам психикасының бұзылуына әкеліп соғады.

Ғалым, зерттеуші А.Ж. Әл-Машани еңбегінде Әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлын салыстыра келіп: «Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру, біздің халқымыздың мың жылдық рухани, мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз. Демек бұл зор мақсатты халықтық іс деп білу керек. Ал, осы екі алып тұлғаны жеке-жеке тануда едәуір істер істелгені рас. Бірақ бұлардың арасын жалғастырып тұрған ғажайып нәзік, тамаша берік рухани жіпті біз әлі таба алмай жүрміз: бірақ оның барын анық сезсек те, оны «көрүден» әлі шалғай жатырмыз», - дейді [167, 7 б.].

Осы логикамен қарасақ, Әл-Фараби мен Ақыт Үлімжіұлының да арасын жақындату – халқымыздың сан ғасырлық мәдени үндестігін жандандыруға жол ашары даусыз. Себебі, адамгершілік, бауырластық, адам махаббатын илаһи махаббатпен байланыстыру, ақырет сеніміне сүйену арқылы өлім қорқынышын жою, материалдық және дүниелік құндылықтардан ахлақтық

ізгіліктер мен рухани кемелдікке басымдық беру көзқарастарында екі ойшылдың дүниетанымында ортақ терең сабақтастық жатыр.

4. Дін ғұламалары мен ағартушылардың идеяларымен байланысы

Ақыттың діни-этикалық ойлары қазақтың діни-ағартушы ғалымдары, мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және басқа ағартушылардың еңбектерімен де сабақтас. Олар да діни білімнің маңызын, рухани тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды насихаттап, қоғамдағы моральдық-этикалық мәселелерге көңіл бөлді. Ақыттың шығармаларындағы діни білім мен рухани ағартушылықты таратуға бағытталған идеялар осы ағартушылардың қызметімен де тығыз байланыста.

Ақыт Үлімжіұлының шоқтығы биік өлеңдерінің бірі - «Жиырма тоғыз қаріп өлеңі». Бұл өлең алғашында «Әліпби өлеңі» деп аталып, араб әріптерін тану, еске сақтау және жеңіл үйрену үшін шығарылған. Өлең 1926 жыл Делунде жазылған. Жалпы Ақыт 1890 жылы 22 жасынан бастап, 1910 жылы 42 жасына дейін Моңғолияның Қобда өлкесі Делун ауданында қызмет жасаған. Лайық қажы, Бардам үкірдай ауылдарында мектеп ашып, бала оқытқан. Жуанған гүнге және басқа керей билеріне хатшылық қызметте болған [47, 39 б.]. Ақыттың шығармашылық қалыптасу кезеңі осы кезден басталады.

Ақыт қажы бұл өлеңді жазудағы мақсаты туралы өлең соңында былай деп түсіндіреді:

Жаратқанның біздерге берген сыйы,
Пайғамбар Мұхамедім араб еді,
Құран тілі, ғарасат сұрағы да,
Араб тілімен болары аян еді.
Сол үшін араб тілі қаріптері,
Танып, білсін, елім деп жазып көрдім [68, 109 б.].

Ақыт қажы Үлімжіұлының «Жиырма тоғыз қаріп өлеңі» 1926 жылы ақынның 58 жасында жазылғаны туралы айтып өттік. Өлеңнің бұлай аталуындағы себеп – өлеңнің араб әліпбиіндегі 29 әріптің (араб тілінде 28 әріп бар. 29-әріп ол Әлиф пен Ләм әріптерінің қосарланған «У» түрі) оқылуына сәйкес, әріптерді жаттау және еске ұстауға арналуына байланысты. Бұл ертеден келе жатқан «бір дегенім - білеу, екі дегенім - егеу, үш дегенім - үскі, төрт дегенім - төсек, бес дегенім – бесік ...» деп басталатын қазақтың көне ауыз әдебиетін еске салары хақ.

Жалпы қазақ тарихында, араб әліпбиін рет-тәртібімен өлеңге қосқан ақындар жетерлік. Олардың көш басында тұратындары – көне жыраулар дәстүріндегі сөз шебері Абыл Тілеуұлы (1777-1864), екіншісі – Абай (1864), үшіншісі – Ақыт (1926).

Абыл Тілеуұлының өлеңдері негізінен ауызша таралғанын және «Арғымақ атта сын болмас» атты өлеңінің өзі 1924 жылы алғаш рет баспа бетінен жарық көргенін ескерсек, Ақыттың Абылдың «Араб әліппесі» өлеңін естіген, естімегендігі туралы нақты бір нәрсе айту қиын. Ал, Абайдың «Әліпби өлеңі» 1933 жылы жарияланғанын ескерсек, Ақыт онымен танысып,

өз бетінше жырлаған болуы да мүмкін. Немесе, араб әліпбиін өлеңге қосу дәстүрін шығыс ғұламасы Науайдан алуы да мүмкін.

Жалпы, Ақыттану мәселесі - күрделі тақырып. Ендігі кезекте біз Ақыт Үлімжіұлының «Жиырма тоғыз қаріп өлеңіндегі» иман мәселелері туралы сөз ететін боламыз.

Иман сөзінің шарифаттағы мағынасы – Пайғамбарға (с.ғ.с) Алла Тағаладан жеткен нақты үкімдерді растап, ешбір күмәнсіз қабыл ету, әрі бұлардың хақтығына шын көңілмен сену болып табылады [138, 66 б.].

Ақыттың «Жиырма тоғыз қаріп өлеңі» иманның мұсылман өміріндегі маңыздылығы туралы түсіндіруден басталады. Алдымен «Әғузу ауызға алам бір құдайды» деп Ұлы жаратушы Алланың атымен ниет етіп өлеңін бастайды.

Мұндағы «Әғузу» сөзінің мағынасы: «Қуылған шайтаннан Аллаға сиынамын» дұғасындағы «әғузу» сөзі Құранда «Истиғаза» және «МәғэзАлла» түбір сөздерінен туындаған етістіктің бірінші жағы болып – сыйынамын, пана тілеймін деген мағына береді [168, 7 б.].

Осы шумақтың соңғы тармақтарында ақын «имансыз бұл жалғаннан өткен жанның, түтіні қабырынан бұрқырайды» - деп адам баласын иманды болуға, имансыздыққа ұрынбауға шақырады. Ақынның бұл өлеңі қасиетті Құран Кәрімнің Нахыл сүресінің 106 аятындағы «... сондай-ақ біреу көңілін имансыздыққа берсе, оған Алланың ашуы және оларға зор азап бар» (16.Нахыл-106) - деген ескертуімен сабақтасып келеді.

Өлеңде баса жырланатын келесі бір мәселе – иман мен амал мәселесі. Әһли сүннет жамағатының сенім мектебінің ғалымдары мен мен Ханафи ғұламаларының пікірі бойынша, амал мен иман екеуі екі бөлек нәрсе деп қарастырылады. Мұның дәлелі ретінде Құран Кәрімдегі мына аятты келтіруге болады: «Ал кім иман келтірген түрде ізгі іс істесе, сонда ол жамандықтардың артуынан, жақсылықтардың кемуінен қорықпайды» [88, 20:112]. Ханафи мәзһабы, Матуриди сенімін ұстанушы Ақыт бұл туралы:

Байқарсың иман жәйін аңғарсаң да,
Иманың қабыл болмас жалбарсаң да.
Иман, намаз, ораза тұтпай барсаң,

Қабыл емес, иманыңыз қаж барсаң да – деп әһли сүннет ғалымдарының «амалсыз иман ақыретте пайда бермейді, Иманның кәміл болуы, жетілуі, қуатты болуы - амалға байланысты» - дейтін пікірмен бір ұстанымда екенін көрсетеді.

Өлеңнің кіріспе бөлімінің соңында Ақыт қажы Үлімжіұлы:

Қырық парыз, жеті уәжіп ұққаныңа,
Бүркеніп ажал қоймас бұққаныңа.
Иманың ақыретте азық болар,

Азықсыз ақ көйлекпен шыққаныңда - деп қасиетті Құран Кәрімнің Таһа сүресінің «Ал кім иман келтірген түрде түзу іс істесе, сонда ол жамандықтардың артуынан, жақсылықтарының кемуінен қорықпайды» - деп келетін 112 аятымен сабақтаса жырлайды.

Демек, Ақыт қажы Үлімжіұлының Құран Кәрім негізіндегі иман туралы пайымдаулары ақынның Құран аяттарын терең түсініп тәпсірлегенін көрсетеді.

Осы шумақтардан кейін ақын араб әліпбиін өлеңге қосады. Өлеңнің басқы жолдарын араб әліпбиімен тізбектей келіп, халқына өнеге, өсиет арнайды. Иmandылық жолынан алыстамай, мұсылмандықтың бес парызын өтеуге шақырады.

«Жиырма тоғыз қаріп өлеңінде» сөз болған иман мәселелерін қарастырсақ, өлеңде имандағы жеті парыздың толығымен жырланғанын байқауға болады. Ақыт жәй жырламайды, терең шариғи біліммен, Құран аяттарымен, хадиспен ұштастыра отырып жырлайды. Иманның жеті парызы өлеңде былайша көрініс тапқан:

1) Аллаға иман мәселесі. Ақыт өлеңдеріндегі басты ерекшелік – әр өлеңнің Алланың атымен басталуы дегенді айттық. Бұл Құран стилі. Ақын бұл жолы да дәстүрден таймай, «Әуелі әлиф Алланың аты болар» деп бастайды, «Сәбіт бір Алланың жарлығында, дінің күт шыбын жаның барлығында» - деп Аллаға иман етуге шақыра келіп, «Аллаға құл» болудың адам баласы өміріндегі маңыздылығын баяндайды.

2) Періштелерге иман. Ақынның аталған өлеңінде періште сөзі тек бір-ақ жерде, иәй әрібінде қолданылған. Ақыт өлеңде «жақсы-жаман ғамалыңды жиып әкеп, сұрағы періштенің болар қатты» - деп Алла Тағаланың көркем жаратылысы, нұрдан жаратылған періштелердің бар екендігіне және олардың жаратушы әмірімен қызмет ететіндігіне иман етеді. Айтылған шумақтар «Құл қабірде жерленіп, ағайын-достары кері қайтқанда мәйіт олардың қадамдарының дыбысына дейін естіп жатады. Сосын оған Мұнкар, Нәкир деп аталатын екі періште келеді. Олар мәйітті отырғызып, сұрақ қоя бастайды» деген Пайғамбар хадисімен үндеседі [169].

3) Қасиетті кітаптарға сенім. Алла тарапынан түскен барлық кітаптарға иман ету мұсылмандарға парыз етілген амалдардың бірі. Қасиетті кітаптың Алладан келгендігін жоққа шығарған адам мұсылман болып саналмайды. Халықты имандылық жолына шақырушы Ақыт Құран Кәрімнің Алладан келгендігіне иман ете отырып, халықты адаспауға үндеп:

Бес парыз дін исламға жеті уәжіп,
Оқы деп тәңірім берген Құран жазып.
Отыз пара Құранның сауабы үшін,

Шүкірлік етпей жүрміз жолдан азып – деп жырлай келіп, Алла тарапынан түскен төрт кітаптің есімдері мен оны Алланы танудағы рөлін былайша сипаттайды:

Таурат пе інжіл, забур, осы Құран,
Бұлармен мұсылмандық деген ұран,
Алланы танытуға бәрі бірдей,
Еш қилап таба алмайсыз, сірә мұнан [11, 206 б.].

4) Пайғамбарларға иман. Ақыт Үлімжіұлы хақты, таухидты жырлаған ақын. Сол себепті де, ақын өлеңдерінің кез-келген бөлімінен пайғамбарларға

қатысты жырларды кездестіруге болады. «Жиырма тоғыз қаріп өлеңінде» де Ақыт «Шапағат иесі хақ пайғамбар» деп пайғамбарға иман ете отырып, «Алла Тағала өзі шапағат етуге рұқсат берген адамның басқа адамдарға шапағат ете алады» - деп көрсеткен әли сүннет ғалымдарымен бір ұстанымда екенін көрсетеді.

Алла Тағала алдымен барлық дүниенің бастауы болған тіршілік нұрын жаратып, «Нұр» сүресін де түсірген. Нұр шапағаты Ақыт өлеңінде жүйелі түрде баяндалған. Ол жаратылыс күдіретінің бастауына баланған нұр сипатын жыр жолдарымен былайша кестелейді:

Нұрды жаратыпты әуел бұрын,

Алланың нұрынан пайғамбар нұрын - деп Нұр-шапағат – адамзаттың асыл тәжі болған Алланың соңғы елшісі Мұхаммедке (ғ.с.) нығмет етілгенін, барша бастауға негіз болған нұрдың Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарға ғана тиесілі ұлы нығмет етілгенін баяндайды.

5) Ақырет күніне иман. Ақыт ислам дініндегі сенімнің бір тірегі ақырет күніне иман етуді де өлеңнің негізгі бір мазмұны ретінде жырлайды. «Мәуіт тірі кісі өлмек анық», «Ләм алып біркүні жоқ боларсың, қызарып дүние үшін шоқ боларсың» - деп жұмыр басқа өлімінің түбі бір бар екенін ақиқат деп біліп, «Бес намаз бекер жүріп оқымасаң, барғанда Тәңір алдында шын сөзің бар» деп пенденің бұл дүниедегі барлық іс-әрекеті үшін о дүниеде міндетті түрде есеп беретіндігін ескертеді. Сонымен бірге, ақын «түйені түгімен жұтқандардың, ақыретте жағдайы қиын болатындығын», «ақыретте ғазап көрсе жаны төзбейтіндігін» де ескерте келіп:

Барғанда ақыретке қор болмайды,

Молланың Құдай үшін ізін басқан.

Намазды, оразамен күтіп барсаң,

Көрің жарық, сұрағың болар жеңіл.

Иншалла қияметте қор болмайды,

Нәпісге осы күнде салсаң тиым.

Бұл күнде аш-арыққа жәрдем берсең,

Күнінде ғарасаттың тоқ боларсың – деп Ақыреттегі азаптан тақуа, мүмін жандардың құтқарылатынын айтып, халықты имандылыққа шақырады.

6) Тағдырға иман. Ақыт өлеңдерінде Алладан өзге жаратылыстардың барлығының ғұмырының өлшеулі екендігін айта келіп, бес күндік жалғанда хақты тануға үндейді.

Рақым, үміт қыл құдайыңнан,

Пайда жоқ ойлағанмен уайымнан.

Инәмал ағмалу байна ати,

Табасың не көрсең де ниетіңнен – деп адам баласының не көрсе де, өзінің пиғылынан көретіндігін ескертеді.

7) Өлгеннен соң қайта тірілуге иман. Ақыт исламдағы алты иманнан өзге, өлгеннен соң қайта тірілуге сенуді де иман негіздеріне қатар қосып:

Иманды жеті парыз түгендесе,

Көңілді бөтен жаққа жібермесе.

Мұны білмей мұсылман бола алмаймыз,
Амал қанша шайтаның жүгендесе.

«Бес парыз, дін исламға жеті уәжіп», - деп санап көрсетіп, Алланың хақ жолынан адаспауға шақырады. Ақыретке иман ету мен өлгеннен соң қайта тірілуге сенуді жеке-жеке парыз ретінде қарастырады. Сөйтіп, Ақыт қажы өзінің діни ұстанымының Ханафи мәзһабы, Матуриди ақидасымен бірдей екендігін көрсетеді.

5. Сопылық поэзиясымен сабақтастығы

Қазақ даласына бейбіт таралған ислам дінімен бірге сопылық дәстүр де кеңінен жалпыласты. Осылайша, түркілердің ұлттық идеялогиясын, ұлттық рухани мәдениетінің қалыптасуына жол ашылды. Сопылық қауымдастықтар қазақ даласында ХХ ғасырға дейін жалғаса отырып, қазақ халқы өмірінің, мәдениетінің, болмысының құрамдас бөлігіне айналды. Қазақстандағы сопылық дәстүр сопылық әдебиет үлгісімен де ерекшеленіп, дамып отырды. Тассауф әдебиетін зерттеуші грузиндік ғалым Э.Д. Джавелидзе «ортағасырлық шығыстық «хикметтер» ислам аймақтарындағы барлық лирикалық поэзия радикалды, қарама-қайшылықты сопылық ілімінің қойнауында өсіп шықса да, өзінің мәнісі жағынан қарапайым пенделік сезімдерден толықтай арылған», - деп суреттейді [170, 186 с.].

Дінтанушы ғалым Досай Кенжетай: «Болмыс пен ғашықтық арасында бір байланыс барын тану, оны сөз ету дәстүрі сонау антикалық дәуірлерге дейін созылып жатса да, ешбір ойшыл, батыста да, шығыста да, ол заманды болмыстың мәні – махаббат екендігін айтпған. Мұны ислам өркениет тарихында Халлаж Мансұр, Қожа Ахмет Ясауи, Юнус Эмре сияқты сопылық ойшылдар ғана айтқан» - деп атап көрстеді [171, 180 б.]. Аталған сопылық дәстүрдің ерекшеліктері А.Үлімжіұлы шығармаларында анық көрінеді, әсіресе Аллаға махаббат, жеке адамның рухани кемелденуі, адам бойындағы нәпсіні тәрбиелеп, кемелдікке ұмтылу сияқты бағыттардан көбірек көрініс табады. Бұл тұрғыда ол Омар Хайям, Жәлеладдин Руми, Қожа Ахмет Ясауи қатарлы шығыс классиктерінің дәстүрлерін жалғастырып, қазақы қалыптағы сопылық әдебиеттің дамуына үлес қосты. сопылық дәстүрдің ерекшеліктері анық көрінеді, әсіресе Аллаға махаббат, жеке адамның рухани кемелденуі, адам бойындағы нәпсіні тәрбиелеп, кемелдікке ұмтылу сияқты бағыттардан көбірек көрініс табады. Бұл тұрғыда ол Омар Хайям, Жәлеладдин Руми, Қожа Ахмет Ясауи қатарлы шығыс классиктерінің дәстүрлерін жалғастырып, қазақы қалыптағы сопылық әдебиеттің дамуына үлес қосты.

Шығармашылығының дені имандылық пен адамгершілік атауымен толып тұрған А.Үлімжіұлының өлеңдерінде Құдай бейнесі мен пенденің имандылық дәрежесі қатар үндестік тапқан. Ақыт еңбектеріндегі діни-этикалық ұстанымдар халықтың мәдени және философиялық мұрасымен, сондай-ақ классикалық мұсылман ойшылдарының ой-тұжырымдарымен сабақтас болып, ұлттық мәдениет пен исламдық дүниетанымның үйлесімін көрсетеді.

3.3 Ақыт Үлімжіұлы шығармаларының бүгінгі таңдағы өзектілігі

Ақыт Үлімжіұлының діни-этикалық еңбектері мен рухани мұралары қазіргі заманғы көптеген таластарға, мәселелерге жауап бере алатындықтан, бүгінгі күнде де өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның шығармалары ұлттық және діни бірігейленуге бет бұрған бүгінгі қазақ қоғамының рухани, мәдени және өзге де салаларындағы бостықты толтырып, халық руханиятының халық игілігіне қызмет атқаруы үшін маңызды түйін саналады. Ақыт шығармаларының бүгінгі таңдағы өзектілігін бірнеше негізгі аспектілерде қарастыруға болады:

Бірінші, рухани және моральдық құндылықтарды жандандыру. А.Үлімжіұлы еңбектерінің негізі тақырыбы саналатын рухани және моральдық қасиеттер қазіргі қоғамның дертіне айналған моральдық азғындау, дүниелік (материалдық) құндылықтарға шектен тыс бой ұру мәселелерін шешуге көмектесе алады. Адамгершілік, адалдық, әділеттілік, сабырлылық сияқты құндылықтарды дәріптеу бүгінгі күн үшін де қте өзекті. Сонымен қатар, Ақыт шығармалары жастарды рухани, патриоттық тәрбиеге баулуға, өзін-өзі дамытуға ықпал етеді.

Кез-келген құндылық адам табиғатының басты қасиеті саналады. Әртүрлі арман-тілектегі, әртүрлі ұстанымдағы адамдарда әртүрлі құндылық қалыптасады. Құндылықтар жүйесін ғалым С. Нұрмұратов былайша жіктейді:

1. Өмірлік құндылықтар. Бұған өмір сүру, тәннің саулығы, жеке бас қауіпсіздігі, салауатты өмір салты және адам баласын қоршаған орта жатады;
2. Әлеуметтік құндылық. Бұған кәсіп, атақ пен бедел, әлеуметтік дәреже, бас еркіндігі, қаржы жатады;
3. Саяси құндылық. Конституция, сайлау және сайлану еркіндігі, сөз еркіндігі жатады;
4. Моральдық құндылық. Махаббат, ізгілік, сүйіспеншілік, адалдық, әділдік, туралық жатады;
5. Діни (рухани) құндылық. Сенім, иман, Құдай, періште, тозақ, жаннат жатады;
6. Эстетикалық құндылық. Әдемілік, өнер, мәдениет жатады [33, 12 с.].

Демек, адам бойындағы адамгершілік және имандылық қасиеттерін көрсететін сипаттарға рухани және моральдық құндылықтар жатады. Адамзат тарихы басталғаннан бері барша ғалымдар мен ғұламалардың негізгі мақсаты адам бойына этикалық, адамгершілік қасиеттерді сіңіру болғаны анық. Мұны қазақ даласында туылып, күллі адамзат мәдениетінің ірі өкілдеріне айналған Фараб, Женд, Сығанақ қатарлы қалалардың ғұлама тұлғалары мен қазақ мәдениеті мен әдебиетінің жарық жұлдыздары – Абай, Шәкірім, Ақыт еңбектерінен анық көруге болады. Отыз бірінші қара сөзінде Абай «уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, қайғыға салыну, бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын

ой кеселдерінен қашық болуға, егер кез болып қалса, салынбау керектігін» ескертсе, [109. 56 б.] Абайдың інісі, шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы:

«Мейірім», «Ынсап», «Әділет»,
«Шыдам», «Шыншыл», «Харакет»

Түп қазығы: «Ақ ниет».

Бұл жетеуін ел қылу,
Ешкімге зиян тигізбей,
Көптің көңілін күйгізбей,
Сайтанға беттен сүйгізбей,

Жүрегіңді нұрмен жу, – деп, адам бойындағы рухани және моральдық құндылықтардың ерекше қасиетін атап өтеді [172, 122 б.].

Аталған құндылықтар Ақыт шығармашылығының негізгі тақырыбы десек қателеспейміз. Ақыт Үлімжіұлы рухани және моральдық құндылықтарды бір-бірімен тығыз байланысты деп санайды, өйткені рухани дамыған адам моральдық құндылықтарды жоғары бағалап, оларды күнделікті өмірінде ұстануға тырысады деген ойды ұстанады және мұны былай сипаттайды:

Адамды махаббатпен жаратқан хақ,
Достығын бір Алланың сен де іздеп бақ.
Адамзаттың бәрін сүй баурым деп,
Һәм шарифат жолына ұмтылып бақ [67. 105 б.].

Демек, А. Үлімжіұлы моральдық құндылықтар рухани құндылықтардан құралады деп қарайды. Яғни, мораль иманнан келеді деген пікірді ұстанады. Ақыт өз өлеңдерінде адамгершілік қағидаттарды сақтау, әділдікке ұмтылу, үлкенді құрметтеу және кішіні қорғау сияқты моральдық құндылықтарды ұстануға шақырды. Ол адамдардың өзара қарым-қатынасында мейірімділік, қайырымдылық және жауапкершілік сияқты қасиеттердің маңыздылығын ерекше атап өтеді. Ақынның шығармалары әділдік пен шындықты жоғары бағалайтын, өмірде дұрыс жолды таңдауға бағыт беретін өнегелік мағынаға толы.

Заманың бар болса Алланы ойла,
Пайдасызға ғұмырыңды бекер жойма.
Құлшылық қыла тұрып ғайбат сөйлеп,

Сауабын қамалыңының бекер жойма [67. 105 б.]. – дей келіп, ислам дінінің қағидаттарын насихаттап, халықты діни сауаттылыққа шақырады. Ол дінді рухани құндылықтардың негізі ретінде қарастырып, адамның жүрегін тазарту, Аллаға құлшылық ету және шынайы иманды болу арқылы рухани жетілудің маңыздылығын көрсетеді. Ақыт шығармаларында адамгершілік пен имандылықты өмірдің басты құндылықтары ретінде дәріштеп, адамды адалдық пен әділдікке баулиды.

Ақыт мұралары өзектілігінің тағы бір белгісі – діни білім мен рухани ағартушылықты дамытуға ықпалы. Қазіргі кезеңде жастар арасында діни білімге қызығушылықтың артуы мен рухани сауаттылықтың маңыздылығы күн санап артуда. А.Үлімжіұлы шығармалары ислам дінінің негізгі шарифи

нормаларын түсіндіруге бағыттала отырып, діни білімді кеңінен таратуға және халық арасында дұрыс діни ұстанымды қалыптастыруға өзіндік әсерін тигізеді. Ақыт шығармалары арқылы адамдар дәстүрлі иманның шынайы мәнін және қоғам өміріндегі діни құндылықтардың маңызын ұғына алады.

Қазіргі таңда адамзаттың басынан өткеріп жатқан материалдық және рухани мәселелердің көбі діни білім берудегі кемшіліктер мен салғырттықтан туындап жатқаны белгілі. Дүниедегі уақытша нығметтердің адамды толық қанағаттандыра алмайтыны да жасырын емес. Жалпы алғанда, діни білім адамның дін туралы мағлұматтарын арттырып, ішкі жан дүниетсінің нұрлануына әсер етсе, діни ағартушылық қызмет адамға діни білімді жүйелі алуына оң әсерін тигізеді. А.Үлімжіұлы діни ағартушылығының мәні – халыққа діни білімді ұлттық салт-дәстүр, ұлттық дүниетаным аясында жеткізу. Осы бағытта ақын өмірінің соңына дйін ағартушылық қызметпен айналысты.

Ақыттың ағартушылық идеясына негіз болған өзі өмір сүрген қоғамының әлеуметтік жағдайы. Бұл қоғамды Ақыт «Бұзылды заман қағына, жылпостардың бағына» деп сипаттайды. Жалаң сипаттап қоймайды, қоғамның былыққа батып, құлдырауының нақты себептерін де көрсетеді:

1. Елге тұтқа болған Бейсенбі, Құлбек, Топан, Мәми сынды әділ ел басылырдың санының азаюы және оның орнын басқан байлар мен шешендердің дүниеқұмарлыққа салынуы;

2. Ел ішінде өсек, өтіріктің көптеп белең алуы;

3. Үлкенге құрмет дейтін ізгі дәстүрдің азаюы;

4. Жалқаулық, немқұрайлықтың көбеюі;

5. Ел ішіндегі надандық бұлтының сейілмеуі;

6. Ұрлық, өтірік, бітпес даудың белең алуы.

Аталған себептерді көрсете отырып, А. Үлімжіұлы бұл тоқыраудан құтылудың да өзіндік жолын көрсетеді. Мұны ақын өз өлеңдерінде салыстырмалы әдісін қолдана отырып, қазақ қоғамын өзі барған, көзі көрген шет мемлекеттердің мәдениеті және өркениетімен салыстырады. Салыстыра келіп, өзінің мешеу жұртының бейғам қалпына қатты күйінеді.

Өнер тауып үлгі алмай,

Ғылым қуып үлгі алмай,

Қазақ сенсің құр қалған.

Басқарылмай жолымыз,

Жап-жақсыма сонымыз.

Үйде отырып бұлданған,

Оқып жатқан ғылым жоқ.

Оқыма деген түзім жоқ.

Жылы жүрек, нұрлы ақыл,

Бір-біріңе сену жоқ [67. 537 б.].

Осы жағдай Ақыт Үлімжіұлының ағартушылық идеясы мен қызметінің қалыптасуына негіз болды. Жалпы Ақыт ағартушылығы ислам негіздерінен

бастау алған білім жүйесі. Халықты дін арқылы оята отырып, ақын мына нәрселерге баса мән береді:

1. Ғылым мен техниканы дамытуға мән беру;
2. Халықтың дәстүрлі дүниетанымына реформа жасай отырып, өзге елдермен терезесін теңестіру;
3. Күн сайын дамып отырған замана ағынымен бірге алға басатын өміршең рухты қалыптастыру.

Осы мақсатта қалыптасқан Ақыт ағартушылығында Алла - шынайы болмыс және әлемді жаратушы. Тек Алла ғана мәңгілік. Мәңгілік Алладан басқа абсолютті мәңгілік нәрсе болмайды деген ұстанымда болады. Сонымен қатар, «Нұр құйшы жүрегіме патша құдай, Нұр жарық жамағаттың көзін ашар» - дей келе, адамға ілім беретін, барлық іске себеп болатын да Алла деп көрсетеді [11. 32 б.].

Исламдық негізде қалыптасқан Ақыттың ағартушылық идеясы бүгінгі күн үшін де өзекті. Себебі, біріншіден, Ақыт өз шығармаларында қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға баса назар аударған. Бүгінгі күнде жаһандану процесі қарқынды жүріп жатқанда, ұлттық мәдениетті сақтау маңызды. Ақыттың идеялары ұлттық болмысты нығайту, тіл мен дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үшін үлгі бола алады.

Екінші жағынан, Ақыт халыққа тек діни білім алуға ғана шақырмайды, қайта діни және зайырлы білімнің үйлесімі болғанын қалайды. «Еліңе ерен еңбек етем десең, әуелі, артық өнер, ғылым үйрен» деп зайырлы білімнің де маңызын атап өтеді. Бұл қазір де өзекті, өйткені бүгінгі таңда жастарға ислам құндылықтарын түсіндіре отырып, оларды заманауи біліммен ұштастыру өте маңызды.

Үшінші, Ақыттың ағартушылық идеялары білімнің қоғамды дамытудағы рөліне негізделген. ХХІ ғасырдағы экономикалық және технологиялық өзгерістерге бейімделу үшін білім маңызды құрал болып отыр. Ақыт көтерген білім алуға деген ұмтылыс қазіргі заманғы білім беру жүйесінің де негізінде жатыр.

Ақыт шығармаларының бүгінгі күндегі өзектілігінің үшінші бір белгісі – қазақтың рухани-мәдени мұрасын сақтау, дамытуға қатысты үндеуінде жатыр. Ақыт Үлімжіұлының шығармалары қазақ халқының рухани және мәдени мұрасын көрсететін маңызды дереккөздердің бірі болып табылады. Оның еңбектеріндегі діни-этикалық идеялар мен қазақтың дәстүрлі мәдениеті арасындағы үйлесім қазіргі кезде ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамытуға маңызды үлес қоса алады. Ақыттың шығармалары ұлттық рухты жандандыруға және мәдени мұраға деген құрметті арттыруға ықпал етеді.

Ақыт Үлімжіұлының шығармашылығында қазақтың рухани-мәдени мұрасын сақтау және дамыту тақырыбы айрықша орын алады. Оның өлеңдері мен шығармалары арқылы қазақ халқының дәстүрлері, діни құндылықтары және тарихи жадын сақтау идеясы көрініс тапқан. Ақыттың мұндай бағыттағы өлеңдерінің бірі – А. Үлімжіұлының Абақ керей молқы елінің тәйжісі Жуанған (Жота қажы) Мәйтіұлына аттанарда жазылған

коштасу хаты. Бұл өлеңде ол қазақ халқының рухани байлығы, мәдениеті, дәстүрі мен тарихы жайында ой қозғайды. Ақыт халқына деген сүйіспеншілігін білдіріп, оның өткені мен болашағына деген алаңдаушылығын суреттейді.

Еркін жетіп тұрмай ма,
Ежен ханға хатыңыз.
Ханымызға айтыңыз,
Сақталсын елдік салтымыз,
Лау мен алман қосақтап
Тозбасын қайран халқыңыз.
Басқа түсіп қиындық,
Кедей, пақыр жиылдық [68, 383б.].

Бұл өлеңде ақын қазақтың өткенін құрметтеп, рухани және мәдени құндылықтарын жоғалтпай, ұрпаққа жеткізуді міндет ретінде қояды. Ол үшін дәстүрді сақтап, білім мен руханиятты дамыту қажеттілігін баса айтады. Ақыттың ағартушылық көзқарасы осындай өлеңдер арқылы көрініс табады.

Ақыт Үлімжіұлы еңбегінің төртінші өзектілігі – қоғамдағы діни сауатсыздықты азайтуға әсері. Бүгінде қоғамда діни сауатсыздық мәселесі өзекті болып отыр. Ақыттың шығармалары діни сауаттылықты арттыруға, ислам дінінің шынайы мәнін түсіндіруге және дұрыс діни білім алуға бағытталғандықтан, бұл мәселенің алдын алуға септігін тигізеді. Оның еңбектерінде діни білімнің маңыздылығы, шынайы иман мен дұрыс құлшылық жолдары қарапайым тілмен түсіндірілген, бұл адамдарға дінді дұрыс түсінуге көмектеседі.

Ақыт Үлімжіұлы шығармаларында Алланың ілімін үйренуге, өнер, ғылымға жақын болуға үндеген баяндаулары жетерлік. Ал, шынайы ілімге ие болу жолын Ақыт «Сопымын деп біреу жүр, сұм дүниеге шатылған» деп білім алушыда ең алдымен жан тазалығы болу керектігін ескертеді. Ақынның бұл ойы ислам ойшылы имам Әл-Ғазалимен берік үндестік табады. Имам Ғазали еңбегінде «Білім алушы дүниелік істерден шектелуі керек» немесе «Білім іздеуші ең әуелі жүрегін лас және жаман сипаттардан таза ұстауы қажет» деп бұйырады [173, 115 б.].

Ақыт Үлімжіұлы еңбегінің бесінші өзектілігі – Ақыт шығармалары - діни экстремизмге қарсы тұрудағы әдістемелік құрал.

Діннің қоғамда атқаратын бір қызметі-реттеушілік қызметі. Бұл қоғамның моральдық, этикалық және әлеуметтік нормаларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Ақыт Үлімжіұлының шығармалары діни экстремизмге қарсы тұрудың құралы ретінде де өзекті. Ол исламның бейбітшілік, әділеттілік және рухани кемелдену қағидаттарын насихаттай отырып, діни фанатизм мен радикализмге қарсы тұрады. Ақыттың көзқарастары адамдарды діни ұстанымдарын қалыпты, ортақ жолмен ұстануға шақырып, шектен тыс діни көзқарастардың алдын алады.

Иман демек танымақ бір құдайды,

Құдіретпен жаратты күн мен айды.
Жеті қатты тоқтатқан тіреуі жоқ,
Құдыреті бір құдайдың осындайды.
Бір құдай жоғары емес, төмен де емес,
Еш тамақ алып және жеген емес.
Дегендер: "пәлен жерде" кәпір болар,

Тұрағым сондай жерде деген емес – деген Ақыт Үлімжіұлы «Бір құдай жоғары емес, төмен де емес», «Жаратушы Алланы пәлен жерде деп мекен берген адам кәпір болады» - дей отырып, Аллаға мекен бермеу, Аллаға пенделік, адамдық немесе қандай бір пішін бермеу мәселесінде тағы да Матуриди сенімімен сабақтаса тіл қатады. Сонымен қатар, Ақыт Үлімжіұлы жалғыз, тумаған, туылмаған Жаратушыны мойындамаудың да ауыр күнә екенін ескертіп, бұл идеясы арқылы қазақ даласынан жарық жұлдыз Хусамуддин Әс-Сығанақидің «Жаратушы Алла бар. Оны жаратылған әлем арқылы дәлелдей аламыз. Ал, жаратылған әлем бар болса, оны жаратқан Алланың болмауы мүмкін емес» деген ұстанымымен үндесе тіл қатады [175, 71 б.].

Бұл мәселе қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Өйткені, Аллаға қандай бір мекен немесе адамдық сипат беретін, дәстүрлі діни құндылықтарды терістейтін жат діни топтардың қызметі бүгінгі күнде сәл азайғаны байқалса да, ел арасында әлі де бар екені жасырын емес. Осындай топтармен немесе жекелеген адамдармен дерадикализациялық жұмыстарды жүргізуде қазақ ойшылдарының, әсіресе, қазақы қара өлең түрінде берілген діни насихат жырлардың ықпалының зор болары даусыз. Ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың өз еңбегінде: «Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Дін шарттарын, шарифат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған» [176, 31 б.] – деп жазуының түп негізі осында жатыр.

Халық арасындағы діни адасушылықтың келесі бір себебі - Құран мен сүннетті өз мағынасында түсінбеуден туындауда.

Ислам әлемінде Құран Кәрімнен өзге, мұсылмандарды қоғамдық өмірде басшылыққа алатын, эстетикалық сезіммен жігерлендіретін, жеке адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасына оң ықпал ететін Пайғамбарымыздың сүннеттері бар. Исламдық доктринаның негізгі екі қайнары саналатын Құран мен Сүннетті дұрыс түсінбеуден бүгінгі таңда ел арасында әртүрлі ұстанымдар мен көзқарастар қалыптасқан.

Осындай қате таным мен бұрыс көзқарастарды оңдаудың ең тиімді жолы – қазақ ойшылдарының Құран мен Сүннет аясында баяндаған өлең-жырлары мен еңбектерін халық арасында көп насихаттау. Бұл салада А. Үлімжіұлының еңбектері мен өлеңдерін басшылыққа алуға болады. Өйткені, Ақыт шығармалары Құран мен Сүннетке толық негізделі отырып жырланған. Оның «Мұхаммед пайғамбар туралы жырлар», «Дін таратудағы негізгі

қағидалар жайлы», «Қиямет ахуалы», «Қажы баян» секілді көлемді еңбектерінің барлығы Құранда баяндалған оқиғалар негізінде жырланған.

Құран – күллі адамзатқа жіберілген илаһи шамшырақ. Қасиетті Құран Кәрімде Құранның ерекшелігі туралы былай баяндалады: «Ол Алла, саған Құран түсірді. Оның ашық мағыналы аяттары бар. Солар Кітаптың негізгі ірге тасы. Екінші ұқсас ұғымда аяттар бар. Ал жүректерінде қыңырлық болғандар, бұзақылық іздеп, ұқсас мағыналы аяттардың ұғымын іздестіріп соңына түседі. Оның ұғымын Алла ғана біледі. Сондай-ақ ғылымында озат болғандар: «Бұған сендік. Барлығы Раббымыздың қасынан» дейді. Бұны ақыл иелері ғана түсінеді» [88, 3:7]. Демек, ұғымын тек Ұлы жаратушы ғана білетін және жасырын мағынада келген аяттарды дұрыс түсіне білу, ең әуелі, жеке адамның адаспауының, сосын, қоғамдағы діни тұрақтылықтың кепілі.

Бұл туралы А. Үлімжіұлы өзінің «Дәләйлул ғаклия» атты желілес еңбегінде былайша баяндайды:

Сөзі рас, өзі жалғыз патша Құдай,
Бар сөзі болады рас дайым ұдай.
Көп кітап бір Алладан келіп еді,
Төрт үлкен кітап сөзі келген ыңғай.
Тәурат пен Інжіл, Зәбұр, осы Құран,
Бұлармен мұсылмандық деген ұран.
Алланы танытуға бәрі бірдей
Еш қилап таба алмайсыз, сірә мұнан.
Әмәнтү-белләһи деп айттың иман,
Құдай бір, Құран шын деп дінге ұсынған [11, 206 б.].

Сонымен қатар, қазіргі таңда халық арасында белең алып, біртұтас мұсылман үмбетінің берекесіне сызат түсіріп тұрған мәселе - мәзһаб ұстанбау мәселесі. Аһли сунна уал-жамағат ғалымдары бір ауыздан мәзһаб ұстанудың қажеттілігі мен маңыздылығы туралы қаншама еңбектер қалдырса да, кейбір жат пиғылдағы адамдар мәзһаб ұстанбау, мәзһабпен жүрмеу туралы ойларын кейде ашық, кейде жасырын айтып, ел бірлігіне, ислам шарифатына қайшы әрекеттер жасауда.

Халықты бірілікке, діни тұрақтылыққа, діни білім меңгеруге шақыра отырып, А. Үлімжіұлы мәзһаб ұстану туралы былай деп жазады:

Төрт имам әуел баста имам ағзам,
Солардай жан тумайды мына жаннан.
Имам Мәлік, Имам Шафиғи, имам Ахмет,
Шарифат осылардан бізге қалған [68, 8 б.].

Ақыт еңбектерінің бүгінгі таңдағы өзектілігі туралы тілге алынғанда, келесі бір қозғалатын тақырып – адамның рухани кемелденуі мен өзін-өзі тәрбиелеудің маңыздылығы турасында болмақ. А. Үлімжіұлы шығармаларында нәпсіні тәрбиелеу, өзінің ішкі рухани жан-дүниесін дамыту және тұлғаның рухани кемелденуі қатарлы мәселелер қозғала отырып, қазіргі күндегі тұлғалық даму мен өзін-өзі дамытуға жауап береді.

Қоғамды құрайтын жеке тұлғалардың өзін-өзі дамыту мәселесі басты орында тұратындықтан, кез-келген қоғам үшін тұлғалық жетілу идеялары қазіргі уақытта да, келешекте де басты назарда болып қала береді.

Бұл жерде басты назарға алынатын мәселе тұлға болмысы. Психологтар тұлға мәселесіне қатысты әртүрлі түсіндірмелер жасаған. Бұл пікірлерді келесі негізгі топтарға топтастыруға болады:

- Тұлға – барлық физикалық сипаттамалардың, импульстардың, тенденциялардың және жинақталған тәжірибелердің жиынтығы.

- Тұлға – адамның даму кезеңдерінде жасайтын байланыстарының жиынтығы. Бұл тұтастық қарым-қатынас пен мінез-құлықта көрінетін ерекшеліктерді қамтиды.

- Бұл белгілі бір кезеңдерде тұлғаның, тенденциялардың және тәжірибелердің бірігуі нәтижесінде пайда болатын процесс.

- Тұлға – адамның қоршаған ортаға бейімделу мақсатындағы мінез-құлқының тұтастығы.

- Тұлға жеке ерекшеліктерге негізделген эмоциялар, ойлар, дағдылар, қабілеттер мен әдеттерден тұратын функционалдық тұтастық [176, 23 б.].

Ал, тұлғаның дамуы адам өміріндегі тәртіп пен тұрақтылықтың ең жақсы жүзеге асуын білдіреді. XX ғасырдан бастап адамдар урбанизация мәдениетімен өмір сүре бастады. Урбанизация мәдениеті адам өміріне өз әсерін жан-жақты көрсетті. Өз-өзіне қол жұмсау, ажырасу, қиян-кескі қақтығыстар мен соғыстар – соның бір парасы ғана.

Негізінде олардың жолы Құранда анық көрсетілген. Адамның өзін-өзі дамытуы мен бақытқа қол жеткізу жолы Құранда анық баяндалған. Негізінде, Исламдағы тұлғалық даму адамның адамдығын қалай жүзеге асыратынын дәл көрсетеді. Ол экономикалық немесе әлеуметтік позицияны уәде етпейді.

Исламдағы өзін-өзі дамытудың тағы бір көрінісі – Алла Тағала адам баласын жаратқандағы хикметті сезініп, Алланың қалауымен өмір сүру. Атап айтқанда, Алла Тағала әл-Хаким, үкім мен хикмет иесі. Ол жаратқан және бұйырған барлық нәрсені хикмет және мақсат үшін жаратты. Әрбір адам өзінің жаратылған мақсатын жүзеге асыру үшін құрал-жабдық пен әлеуетке ие. Өзін-өзі жетілдірген адамдар ғана өзін-өзі тани алады. Тағдырдың, яғни Алланың қалауының қайда апарып соғатынын тек өзін-өзі дамытқан адамдар ғана түсіне алады. Демек, тұлғаның өзін-өзі дамытуы – адамның өзін тануы, ал өзін тану – Алланың қалауына сай таңдау жасау.

А. Үлімжіұлы шығармаларында адам баласын дамуға жетелейтін, кемелденуге үндейтін тұстары өте көп. Мысал келтіретін болсақ, Ақыт қажы 1886 жылы жазған «Замананы сөйлейін» атты өлеңінде, Алтай бетіндегі қазақтардың надан, қамсыз қалпына нала отырып, халықты өзін-өзі дамытуға шақырады:

Ғылымның анық ұғып білсең затын,
Сөзімің жек көрсейсің ғибратын.
Өнерің өз басыңнан асса егер,
Әркім-ақ, біле берге атаң атын.

Ішінде берік болсын білім күшің,

Майда тіл, тақапарсыз болса затың [11, 18 б.] – деп адамдарды білім, ғылым меңгеруге, өнер үйренуге, тақапарлық сынды жаман әдеттерден алыс болуға шақырады. Ақынның бұл ұстанымы Құран Кәрімнің Рағд сүресінде баяндаған «Расында бір қауым, өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді. Сондай-ақ, егер Алла бір қауымға бейнет тілесе, Сонда оны ешбір қайтарушы жоқ. Әрі олар үшін Алладан өзге бір жәрдемші де жоқ», - деген аятымен сәйкес келеді. Демек, адам баласының өзін-өзі өзгертуге және өз өмірін жақсартуға деген талпынысының маңызы зор. Ақыт шығармаларының бүгінгі таңдағы өзектілігінің бір көрінісі де осында жатыр.

Келесі бір өзектілік – Ақыт Үлімжіұлы шығармаларының жастардың рухани тәрбиесін дамытудағы әсері мен маңызы.

Бүгінгі таңда жастардың рухани тәрбиесі мен діни сауаттылығын арттыру мәселесі өзекті. Үлкенді-кішілі қауымдастықтарда өмір сүретін тіршілік иелерінің арасында ерекше орынға ие болған адамдар өзге адамдармен берік бірлік орнататын сипаттарға ие. Соның бірі – басқаларды сүйуге және байланыстыруға деген жасырын бейімділік. Бұл тенденция неке арқылы адамзатты дүниеге әкелсе, қоғам мүшелерін бір-бірімен достық, көршілік т.б. ерекшеліктерімен байланыстырады. Өйткені, махаббатсыз толеранттылық, толеранттылықсыз қоғам, қоғамсыз өркениетті орнату мүмкін емес.

Ислам адамдарды табиғатынан өркениетті тіршілік иесі ретінде қарастырып, отбасы мүшелеріне өзара материалдық және рухани міндеттер жүктеп, өркениеттің негізін қалады. Осы дамыған қоғамның болашағы мен тірегі жастар десек, оларды иманды, отаншыл, әділ етіп тәрбиелеу аса маңызды. Исламдағы жастар тәрбиесі туралы Лұқман сүресінде толық ақпарат берілген: «Сол уақытта Лұқман өз ұлына үгіт бере отырып: Әй ұлым! Аллаға серік қоспа! Күдіксіз ортақ қосу зор зұлымдық» деді. Адамдарға ата-анасына қарайласуды бұйырды. Егер екеуі білмеген нәрсеңді Маған ортақ қосуға зорласа, Оларға бағынба! Олармен дүниеде дұрыс жолдас бол да Маған күштар адамдардың жолына түс. Әй ұлым! Намазды толық орында. Дұрыстыққа бұйырып, бұрыстықтан тый. Басыңа келген ауыршылыққа сабыр ет. Рас бұлар маңызды істерден. Адамдарға паңсып, қырындама да жерде кердендеп, жүрме. Расында Алла, бүкіл дандайсыған мақтаншақты жақсы көрмейді. Жүрісінде орташа бол да даусыңды бәсеңдет. Сөз жоқ, дауыстардың ең жаманы есектің дауысы» [88, 31:13-19]

Қазақ жастарының тәрбиесі сайын далада ғұмыр кешкен барлық ойшылдар мен ақындардың негізгі идеялогиялық тақырыбы болды десек қателеспейміз. Соның бірі және бірегейі - Ақыт Үлімжіұлы. Оның шығармалары жастарды имандылыққа, моральдық құндылықтарға және дұрыс діни ұстанымдарға тәрбиелеуге бағытталған.

Ең алдымен, А.Үлімжіұлының әдеби мұрасы жастарды тәрбиелеу барысында эстетикалық мәдениетті, эстетикалық сезімдерді, эстетикалық талғам мен қиялды, наным-сенім мен мұратты қалыптастыруда үлкен рухани

қайнар, сирек қазына қызметін атқарады. Одан кейін, жастарға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде ақын шығармаларының мектепке дейінгі тәрбиеден бастап жоғары оқу орындарында рухани-идеологиялық жұмысты ұйымдастыруға дейінгі қайталанбас жан-жақтылықты тудыруда маңызы зор.

Ақыт Үлімжіұлының жастар тәрбиесі туралы ұстанымдарын бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

Бірінші, рухани кемелдікке жетуге үндеу. Ол Аллаға деген махаббат пен имандылықты адам бойындағы ең басты құндылық ретінде бағалады. Жастарға тек сыртқы келбетті ғана емес, ішкі жан дүниені де дамытуға шақырды. А. Үлімжіұлы тек рухани кемелденуге жеткен адам ғана өзін-өзі тани алады деген ұстанымда болды.

Ғапілет көрпе жамылмай,

Көңіл көзін аш жігіт.

Көңілдің көзі ашылса,

Еліңе өнер шаш, жігіт.

Жомарт бол, жұмсақ, мұлайым,

Атанбай қарау, тас, жігіт [11, 61 б.] – деп А. Үлімжіұлы Рухани кемелдікке жетудің Алланы тану, еліне қамқор болу, жомарт, мейірімді болу қатарлы бірнеше жолын ұсынады.

Жастар тәрбиесіндегі Ақыт ұсынған екінші бір түйін – адам бойындағы нәпсіні жеңу хақында. Нәпсі мәселесі адам жан дүниесінің ішкі қалаулары мен құмарлық сезімі ретінде исламда айрықша қарастырылған. Бұл туралы Құран Кәрімде «Ал енді кім Раббыны алдына тұрудан қорқып, нәпсісі соққан нәрседен тежеген болса, негізінде оның барар жері жұмақ» - деп сипатталады [88, 79:40-41].

Демек, нәпсі – адамның тәндік, материалдық және эмоционалдық сұраныстарын сипаттайтын ұғым. Сондықтан, ол адамның рухани кемелденуін тосатын, адам баласын құрдымға кетіретін, моральдық тұрғыда азғындауға апаратын кедергі және сынақ [177, 12 б.].

Ақыт Үлімжіұлы шығармаларында «Тартасыз ақыретте қатты ғазап, хақ жолында нәпсіні тимасаңыз» деп ескерте отырып, нәпсінің Құран Кәрімде баяндалған нәпсі әммәра (жамандыққа итермелейтін нәпсі), нәпсі ләууама (өзін-өзі айыптаушы нәпсі) және нәпсі мутмаинна (сабырлы, тынышталған нәпсі) қатарлы түрлеріне жеке-жеке тоқталып, олардың мүмін мұсылманның рухани кемелденуіне жасайтын кері әсері мен адамның өз нәпсісін жеңе алуы туралы баяндайды. Тек баяндап қана қоймайды. Сонымен бірге, адам бойындағы нәпсіні тәрбиелеудің өзіндік әдістемесін жасайды:

- Иманында берік болу.

Ақыт шығармаларында нәпсіні жеңудің ең басты тәсілі ретінде Аллаға мойынсұну, Пайғамбарларға, періштелерге, қасиетті кітаптарға, тағдырға, ақырет күніне иман ету және Құран мен хадисте айтылған құлшылық амалдарды толық орындау айтылған.

Имансыз адам оңбайды,

Құдайдан рахым болмайды.

Тырнақтай иман болмаса,

Тозақтан шықпай сорлайды, – бұл жерде Ақыт имансыз адамның үкімі қандай болады деген сұраққа нақты тұжырым береді. Адам баласының жетілуінің негізгі белгісі ретінде имандылықты көрсетеді.

- Ұстаздан тәлім алу.

Білім алу және оны өз бетінше емес арнайы ұстаздан алу мәселесі Ақыт ағартушылығының негізгі идеясы.

Пір ұстазың сөйлесе,

Жалған ісі жол қалған.

Тәубе қылса соларға,

Жолы ашылып оңалған [67, 228 б.] – деп А. Үлімжіұлы тәрбие мен білім берудегі ұстаздың орны мен рөліне жоғары баға береді. Өмірден оқығаны мен тоқығаны мол, білімді ұстаздан тәлім, өнеге алған шәкірттің бағы жанып, жолы ашылатынын баяндайды. Сондай-ақ, ақын өлеңінде «Пірі ойламас жазғанның, Жүрегі қатты тас келер», - шәкірттің өз нәпсісін тек ұстаз тәрбиесі арқылы ғана жеңе алатынын көрсетеді.

- Иманды, діндар адаммен жақын болу.

Аристотель адамды «зоон политикон» (қоғамдық жануар) деп атап, адамның әлеуметтік болмыс екенін, қоғамда өмір сүріп, оның ажырамас бөлігі болатынын «Саясат» кітабында кеңінен қарастырса, Әл-Фараби адамды қоғаммен байланыстырып, оның дамуы мен бақыты қоғамда ғана іске асатынын айтады. Оның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде қоғамның құрылымы мен адамның оның бөлшегі ретіндегі рөлі кеңінен талқыланады. Ал, Ибн Халдунның «Муқаддима» еңбегінде адамның әлеуметтік табиғатын және қоғамның дамуы мен өзгеруіндегі адамның рөлі қарастырылады. Ол адам мен қоғамның өзара тығыз байланыста екенін жазады. Ал, Ислам дінінде адамның қоғамның бір бөлшегі екендігіне қатысты аяттар мен хадистер бар. Мысалы, бір-біріне қамқорлық жасау, дұрыс істерге шақыру мен жамандықтан тыю сияқты бұйрықтар арқылы адам мен қоғамның бірлігін көрсетеді.

Демек, адам - қоғамның бір бөлшегі. Қоғамдағы болып жатқан жағдайлар, әлеуметтік, саяси көзқарастар, діни ұстанымдар белгілі бір дәрежеде адамға ықпал етпей қоймайды. Сондықтан, иманды ортада ғұмыр кешу, тақуа, діндар адаммен дос болу – нәпсіні жеңудің бір жолы. Құран мен хадиске, ойшылдар еңбегіне үндесе отырып, Ақыт Үлімжіұлы:

Жақсының айтқан ақылы,

Сөзі шықпас шашауға.

Бәрі бірдей тоқпақ деп,

Айналдырма қашауға.

Зейінсізді үйреткен,

Салғандай құрық асауға [68, 13 б.] – деп адам бойындағы ізгі қасиеттерді дамытуға, өзін-өзі жетілдіруде ақыл, кеңес айтар, жөн сілтер жақын адамның болуы өте маңызды екенін ескертеді.

- Жат пиғылды адамның ащы сынынан сабақ алып, жігерлену.

Дұшпанның аузынан шыққан ащы сын ренжіту, кемсіту мақсатында айтылса да, оны сабырмен, ақылмен қабылдау рухани кемелдікке жетудің белгісі. «Дәм бітіп, өлшеулі ғұмыр толғанша, әзірейіл жанды алғанша» адам баласының басты мақсаты – жақсыға да, жаманға да сабыр ете білу. Бұл адам бойындағы нәпсіні жеңудің бір әдісі. Осы арқылы адам әрқандай жағдайда өзін ұстай біліп, ахуалды бейтарап бағалай алады.

Қазақ даласына дін мен шарифатты өлең түрінде насихаттаған А.Үлімжіұлы сабыр – иманды жанның белгісі деген ұстанымды ұстай отырып, дұшпанның қаралауы мен жамандауына сабыр етуді ұсынады.

Қызуға бойды жеңдірме,
Жаманды жақын төндірме.
Қайратпенен сабыр қыл
Тәуипік нұрын сөндірме.
Шыдамды, сабыр, қайратты,
Нәпсіні ақыл байлапты.
Жасында тәуба қылған ер,

Шайтанға қатты айбатты – деген А. Үлімжіұлының насихаты Құран Кәрімдегі «Әй мүміндер! Әр нәрсеге сабырлы, жауға шыдамды және қорғанысқа дайын болындар. Сондай-ақ Алладан қорқындар әрине құтыласындар» - деген аятымен үндесіп жатыр [88, 3:120].

- Қайырымдылық жасау және өзгелерге көмектесу.

Нәпсі қашан да өзімшіл ерекшелікке ие. Сондықтан ол адам баласын пайдакүнемдікке, тек өзінің ғана қара басын күйіттеуге итермелейді. Осы індетті жоюдың басты әдісі ретінде А. Үлімжіұлы өзгелерге көмектесу, қайырымды болу, басқаға жәрдем беру арқылы адам бойындағы эгоизмді жеңуді ұсынады. Сонымен қатар, Алла Тағала жек көрген амалдарға жақын болу, әуесқойлық, рияшылдық – адам бойындағы нәпсіні күшейтетін теріс әрекеттер ретінде көрсетеді. Бұл ақынның «дәләйлул ғақлия» өлеңінде былайша сипатталады:

Алланың досын дос көр, дұшпанын жек,
Бұл тахқиқпен иманың болар аман.
Бұған қарсы әуесқой пайда мақтан,
Бұларға үйір болмай қатты сақтан.
Әуесқойлық күнәға батырады,
Жақсылықты жояды рия-мақтан.
Пайдакөстік ынсапты кетіреді,
Мақтаншақ артық сөйлеп есіреді.
Көргенге көзін салған әуесқойлық,
Ақ жолмен ар-ұятты өлтіреді [11, 207 б.].

Ақыттың бай шығармашылық мұрасы жастардың эстетикалық тәрбиесі мен рухани дамуының маңызды факторы болып табылады. Ертеде ата-бабаларымыз жас жеткіншектердің физикалық, психикалық дамуына үлкен мән берген. Бұл жағымды көзқарас жастардың эстетикалық тәрбиесі мен дүниетанымының дамуына үлкен септігін тигізді.

А. Үлімжіұлының көркемдік-эстетикалық мұрасының жастарды адал еңбекпен тәрбиелеуде алатын орны да маңызды. Нақшбандидің «Дәст ба кору, дил ба йор» (Қол жұмыста, Алла жүректе) іліміндегі басты қағидасын ұстану әрбір адамды адал еңбек етуге, отбасының берекесі мен қоғамның дамуына үлес қосуға шақырады. Бұл қағида біздің елімізде азаматтардың қоғамдық белсенділігін арттыруға, материалдық және моральдық өндіріс процесін дамытуға қызмет етеді. Жастардың қиялы, ақыл-ойы, эстетикалық ойлауы олардың философиялық дүниетанымын байытады, ерік-жігерін шыңдап, мінезін қалыптастырады. Мұның өз кезегінде қоғамымыз жастарының білім мен тәрбие процесінде өз бетінше ой-өрісін, шығармашылық қабілетін ілгерілету және үйлесімді дамуы үшін теориялық және практикалық маңызы бар.

Қорыта айтқанда, Ақыт Үлімжіұлының шығармалары ислам шарифатынан нәр алған, қазақы дүниетаныммен үндескен біртұтас жүйе. Атлақ шайқасынан кейін қазақ даласына таралған ислам діні он ғасырдан астам уақыт көшінде жергілікті мәдениетпен үйлесім таба отырып, сабақтасып, өзіндік ерекшелікке ие қазақ философиясын қалыптастырғаны баршаға мәлім. Қазақ даласында ғұмыр кешкен, өлеңдері, шығармалары арқылы қазақ ойының, қазақ философиясының жарық жұлдыздарына айналған әрбір ойшыл мен жыраудың еңбектерінен бұл үдерісті байқамау мүмкін емес. Құқықта Әбу Ханифа, сенімде Матуриди мектебін ұстанған, этикалық нормаларда сопылықтың моральдық қасиеттерін бойына сіңірген қазақы болмысқа тән дәстүрлі ислам ұғымы бүгінде барша қазақтың негізгі дүниетанымына айналып отыр. Ақыт Үлімжіұлының шығармалары ұлттық бірегейлікті нығайтуға, ұлттық сана-сезімді дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, ақын шығармалары өз заманының айнасы ғана емес, бүгінгі күннің де адамгершілік, этикалық, әлеуметтік мәселелеріне де жауап бере алатын өзіндік құндылықтары мен ұстанымдарға толы. Ақыт шығармалары сонысымен құнды әрі бағалы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның тәуелсіздік алуы және Кеңестік кезеңдегі идеологиялық шектеулердің жойылуы нәтижесінде, шетелдегі қазақ диаспорасының тарихы мен мәдениетін терең және кешенді зерттеу мүмкіндігі пайда болды. Осы орайда Қытайда дүниеге келіп, өмірін сонда өткізген және қазақтың көрнекті ақыны әрі ойшылы болған Ақыт Үлімжіұлының діни-ағартушылық қызметі мен діни дүниетанымын зерттеуге мүмкіндік туды. Ақыт Үлімжіұлы Қытайдағы отаршылдық саясаттың қысымына ұшыраған діни қайраткерлердің бірі. Оның діни дүниетанымын зерттеу сол кезеңдегі діни қысымға қарсы рухани күресті және діннің сақталуындағы ұлттық бірегейліктің маңыздылығын айқындауға мүмкіндік береді. Ақыттың шығармашылығында дәстүрлі ислам ілімдері мен халықтық нанымдардың үйлесімі көрініс тапқан, бұл қазақ халқының діни дүниетанымындағы ерекшеліктерді және исламның жергілікті дәстүрлермен байланысын тереңірек зерделеуге жағдай жасайды.

Дүниетаным – дүниені қабылдау мен түсінуді анықтайтын, жеке және ұжымдық көзқарастарды қалыптастыратын және сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу жолдарын қарастыратын құндылықтардың, сенімдердің, идеялардың, философияның негізі болып табылады. Бұл мәдениет, дін, білім және жеке тәжірибе сияқты әртүрлі аспектілерге негізделген бірегей өмір философиясы.

Дүниетанымының әлемнің жартылысы, адам өмірінің мәні туралы діни сенімге негізделген сенімдер, құндылықтар мен тәжірибелер жүйесін зерттей отырып, адамның дүниеге, өмірдің мәніне және жоғары күштерге деген көзқарасын анықтайтын саласы ретінде діни дүниетанымның орны мен рөлі ерекше.

Тұлғаның дүниетанымының қалыптасуына отбасы, қоршаған орта, мәдениет және дәстүр, алған білімі, діни философиялық ойлар және сырттай келетін мәліметтер мен білімдер тікелей әсер етеді. Тұлға дүниетанымында эмоционалдық, құндылықтық, танымдық және іс-әрекеттен тұратын бірнеше компоненті сақталады.

Осыған орай бұл диссертациялық жұмыста Ақыт Үлімжіұлы және оның діни дүниетанымдық идеялары кеңінен талқыланды.

Диссертацияның алғашқы тарауында Ақыт Үлімжіұлының діни көзқарастары қалыптасқан әлеуметтік және тарихи контекст зерттелді. XIX-XX ғасырларда Қытайдағы қазақтардың исламға негізделген мәдениеті мен өмір салтының ерекшеліктері талданды. Сол кездегі отаршылдық саясаттың діни және мәдени өмірге әсері анықталды. Ислам дінінің ханафи мәзһабының қазақ қоғамындағы орны мен оның сақталуындағы қиындықтар көрсетілді. Сондай ақ, Ақыт Үлімжіұлының жеке тұлғасы мен шығармашылығының діни-ағартушылық рөлі, Оның поэзиясы мен еңбектері ұлттық және діни мұраны қорғауға бағытталғаны анықталды.

Екінші тарауда Ақыттың ханафи мәзһабы мен Матуриди ақидасына негізделген діни көзқарастары терең зерттелді. Исламның негізгі принциптері мен діни мәтіндердің интерпретациясы оның шығармаларында қалай көрініс тапқаны анықталды.

Ақыт шығармаларындағы адамгершілік, әділеттілік, сабыр, және рухани жетілу идеялары талданды. Ақынның қазақ қоғамындағы моральдық нормаларды қалай насихаттағаны қарастырылды. Сондай ақ, Ақыттың поэзиясы мен жазбаларының қазақ қоғамында діни білім мен ағартушылықты дамытудағы рөлі зерттелді.

Үшінші тарауда Ақыттың шығармалары қазақ әдебиетіндегі діни жанрдың дамуына қосқан үлесі талданды. Оның шығармалары исламдық білім беру мен мәдениетті насихаттаудың негізгі құралына айналды.

Ақыт шығармаларындағы діни-этикалық идеялардың басқа ойшылдардың еңбектерімен сабақтастығы көрсетілді. Оның ойлары мен көзқарастары қазақ ағартушылары Абай және Шәкәрім идеяларымен үндес екені анықталды.

Ақыт шығармаларының қазіргі қазақ қоғамындағы діни білім беру және рухани тәрбие саласында қолдануға жарамдылығы талданды.

А. Үлімжіұлының рухани мұрасын зерттеу мен Ақыттану бағытын қалыптастыру – қазіргі күннің басты талабы болуы керек. Өйткені, ақынның діни, философиялық өлеңдерінің қазақ халқының рухани жаңғыруына қосқан үлесі өте мол. Қазіргі таңдағы ел арасындағы санаулы азаматтардың ұлттық болмысты жоққа шығару, діни құндылықтарды терістеу әрекеттеріне абыз ақын А.Үлімжіұлы сол кездің өзінде-ақ Құран мен хадиске, ұлттық болмысымызға сай жауап беріп кеткен. Бұл Алланың сипаты, Алланың ақыретте көріну мәселесі, мәзһаб ұстану, т.б. мәселелерде көрініс тапқан. Демек, Ақыт шығармалары халықты имандылыққа, адамгершілікке, шақыра отырып, халықты оқуға, білім алуға үндейді. Сонымен қатар, ел арасындағы бүлікке, алауыздықтан тиылуға шақырады. Ақыт Үлімжіұлының еңбектері оның діни ағартушылықтағы орнын айқындап, қазақ мәдениетінде және рухани өмірінде құнды мұра ретінде қалыптасты. Ол өз заманындағы қазақ қоғамының рухани дамуына орасан зор үлес қосты және діни ағартушы ретінде халық арасында құрметке ие болды. Құран мен сүннетке негізделген, ұлттық менталитет пен қазақ ағартушыларының еңбектері аясында қалыптасқан дәстүрлі ислам жүйесі қазіргі таңда да ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды түйініне айналып отыр.

Қазақ даласына ислам мешіт, медресе салдыру және діни әдебиет арқылы исламды дәріптеу арқылы таралған дейтін болсақ, Ақыт осы аталған екі салада да өндіріп қызмет етті. Көптеген шәкірттер тәрбиеледі және соңына өшпес құнды мұра қалдырды. Ақыт шығармаларында Хақты тану, имандылық, ғибадат, адалдық пен әділеттілік және күнә мен сауап ұғымдары толық түсіндіріледі. Сонымен қатар, ислам фикһында кездесетін шарифи нормаларды адам өміріне қолдану тәсілдері толық түсіндіріледі. А. Үлімжіұлы шығармаларының тағы бір ерекшелігі – дінді ғылыми және

этикалық бағытта түсіндіре отырып, халық арасындағы сауатсыздықты жоюға үлес қосуында жатыр.

Қорыта айтқанда, Ақыт Үлімжіұлының еңбектері мен шығармаларын халықтың діни сауатын арттырып, қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуде әдістемелік құрал ретінде ұсынуға болады. Біз диссертациялық жұмыста ақын және ойшыл Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық көзқарастары толықтай зерттеліп болды деп айта алмаймыз. Бұл әлі де көп ізденісті, көп саралауды қажет ететін күрделі жұмыс. Өйткені, «Ақыт қажыны қазақ әдебиетінің XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы әдебиетіміздің үлкен көрнекті өкілі ретінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихына кіргізуіміз керек» - деп түйіндеген жазушы Тұрсынбек Кәкішев айтқандай, Ақыттың әдеби мұраларын жинақтау, Ақыттану мектебін қалыптастыру – қазақ мәдениеті мен тарихының бір бастығын толтыру болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. 2024 жылғы 15 наурыз. [Электронды ресурс]. – URL:<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (жүгінген күн: 10.10.2024ж.).
- 2 Назарбаев Н.Ә. Таңдамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014. Т. IV (1). – 1999-2002 жж. – 668 бет.
- 3 Ахундов М.Д., Баженов Л.Б. Научное и религиозное мировоззрение в системе культуры (Опыт по-лемики). Физика в системе культуры. – М.: ИФ РАН, 1996. – 231 стр.
- 4 Рассел Бертран. Батыс филолсофиясының тарихы – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 896 бет
- 5 Дильтей В. наброски к критике исторического разума / Вопросы философии. – 1988. – №4. – 195 стр.
- 6 Гегель Г.В. Система наук. Часть первая. Феноменология духа. Москва: издательство социально-экономической литературы (Соцэкгиз). - 1959.- 488 стр
- 7 Гегель Г.В. Лекции по эстетике. Книга первая. Москва: Государственное социально-экономическое издательство, «Полиграфкнига», 1938. - 494 стр
- 8 Гегель Г.В. Лекции по эстетике. Книга третья. Москва: Государственное социально-экономическое издательство, «Полиграфкнига», 1958. - 440 стр
- 9 Hardin, C.D., & Higgins, E.T. Shared reality: How social verification makes the subjective objective. In R.M. Sorrentino & E.T. Higgins (Eds.), Handbook of Motivation and Cognition: Vol. 3. The interpersonal context New York: Guilford Press. – 1996, p. 536.
- 10 Lieberman J.D., Arndt, J., Personius, J., & Cook, A., Vicarious annihilation: The effect of mortality salience on perceptions of hate crimes. Law and Human Behavior, 25, - 2001
- 11 Қарымсақов Ақыт Үлімжіұлы. Ақыт Үлімжіұлы шығармалары. Төрт томдық. Шыңжаң халық баспасы, 2014. Т-1. – 541 бет
- 12 Байтенова Н. Сырғақбаева С., Абжалов С., Джекебаева М. Діни философия. – Алматы: «Қазақ университеті», - 2017. – 228 бет.
- 13 Тұрғынбаев Ә.Х. Философия. – Алматы: «Білім», - 2005, - 304 бет.
- 14 Элиаде М. Космос и история: Избранные работы. – М.: Прогресс, 1987. - 312 стр
- 15 Топоров В.Н. Мифопоэтическая модель мира // Мифы народов мира. Энциклопедия в 2 т. М., 1988. - Т.2. –671 стр
- 16 Мырзалы С. Философия. – Алматы: «Бастау», - 2008. – 355 бет

- 17 Байтенова Н. Мырғақбаева С., Абжалов С., Джекебаева М.. Діни философия. – Алматы: «Қазақ университеті», - 2017. – 228 бет.
- 18 Давыдов И. Кульпабилзация как функция религии. Вестник ПСТГУ. Серия I: Богословие. Философия. 2014. Вып. 2 (52). – 152 стр.
- 19 Tezcan M. Kültürel Antropoloji, Kültür Bakanlığı Yayınları. – 1996. Ankara. - 232 sayfa.
- 20 Алтаев Ж., Фролов А. Ислам философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 554 бет
- 21 Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясына кіріспе – Алматы: Раритет, 2011. – 280 бет.
- 22 Шыңжаң автономиялық районы халық үкіметінің ресми сайты. [электронды ресурс]. (Қытай тілінде). URL:<https://www.xinjiang.gov.cn/xinjiang/xjgk/202407/f92d6fd49e534902b3750dacc7a260b2.shtml>. (жүгінген күн: 25.11.2024)
- 23 ҚХР жетінші Ұлттық халық санағының бюллетені. ҚХР орталық халық Үкіметінің ресми сайты. [Электронды ресурс]. – URL:https://www.gov.cn/guoqing/2021-05/13/content_5606149.htm, (жүгінген күн: 26.11.2024)
- 24 Осман Ғ. Шыңжаңдағы қадимқи динлар хақыда. (ұйғур тілінде). Шыңжаң Қоғамдық пәндер мінбері. – 1991ж. - № - 200 бет.
- 25 Гафуров Б.Г. Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. М., 1972, 384 бет.
- 26 Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. - Алматы: Жалын, 1993. –192 стр.
- 27 Құмарұлы Я. Қазақтың наным-сенім мәдениеті. Шыңжаң халық баспасы. 2013ж. – 509 бет.
- 28 Чынгогуаң. Ислам діні және ертедегі Шыңжаң мәдениеті. Шыңжаң қоғамдық ғылымы журналы.1998. №1. 109 бет
- 29 Мәнжібаев Қ. Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер. Шыңжаң халық баспасы. Үрімжі 2009. – 362 бет.
- 30 Маңғазқызы С., Әйесінұлы А. Таяу және осызаман қазақ оқу-ағарту тарихы. Шыңжаң әсемөнер-фотосурет баспасы, 2015. – 345 бет
- 31 Joseph W., Esherick. Ten Theses on the Chinese Revolution. Modern China: An International Journal of History and Social Science , Volume 21 (1): 32 – Jan 1.
- 32 Исахан М. Абақ Керей хандығы. «Иман» журналы, №9. – Алматы, 2022. 32 бет
- 33 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы, 2000. – 180 бет.
- 34 Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД «Арқаим», 2001. – 252 стр.
- 35 Ғарифолла Е. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 216 бет.

- 36 Үлімжіұлы А. Шығармаларының толық жинағы. 1-Т. Turkiye: Кония: 2011. – 653 бет.
- 37 Сәнік З. Дала мәдениеті туралы толғаныстар. –Үрімжі, «Шыңжаң халық баспасы». – 326 бет.
- 38 Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. Шыңжаң халық баспасы. – 2005. 903 бет.
- 39 Мыңжанұлы Н. Ислам дінінің қазақ халқына таралуы. Шыңжаң қоғамдық ғылымдары журналы. - 1990. №1. 96 бет.
- 40 Балтабаева К.Н. Ислам в жизни казахов России и Китая. Актуальные проблемы исторической науки Казахстана: Материалы Международной научно-практической конференции 29-30 мая 2009 г. – Алматы: 2009. –1041 стр.
- 41 Мыңжанұлы Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Үрімжі: «Халық» баспасы. - 1987. 683 бет.
- 42 Татанайұлы А. Өр Алтай шежіресі. Жұлдыз журналы, №3. – 1998. – 194 бет.
- 43 Мағазұлы Р. Абақия – Алтайдағы алғашқы мектеп. (2017). [Электронды ресурс]. – URL: <https://qazaqtimes.com/article/5525> (жүгінген күн: 18.09.2024ж.).
- 44 Қыдырханұлы У. Өз елім – өзегім. Алматы: Атажұрт баспасы. 2012. – 264 бет.
- 45 Шәкенұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. – 2007. - 240 бет
- 46 Мұқатайұлы Б. Абақия мектебі жайында. «Жастүлек» журналы. №3. – 1997. – 45 бет.
- 47 Ақытұлы Ғ. «Ақыт Үлімжіұлы» атты «Қазақ тарихындағы әйгілі адамдар» ұласпалы жинағы: Алматы. – 2008. – 144 бет.
- 48 Адамбосынов Қ. Қазақстан медреселеріндегі ұлт тарихы. Қазақ ордасы. Алматы, 2003. №1.
- 49 Катанов Н.Ф. Тарджуме-и Акыт Валяд-и Улюмджу Алтайский. (произведение алтайского киргиза Акыта, сына Валяда). Казань, 1897: восточная библиография. Деятель. № 8-9. – Казань. – 1898.
- 50 Ақытұлы Ғ. Ақыт еңбектері мен өміріне толық назар. Ақыттану жинағы. Іле халық баспасы. 2012. – 407 бет
- 51 Ақыт шығармалары (Ғұмырнамалық шығарма). Басп. дайынд.: Б.Бопайұлы. 1-Т. – Алматы. – 2020ж., - 672 бет
- 52 Шәкенұлы Ж. Қытай қазақтарының әдебиеті. Алматы, 2018. – 304 бет.
- 53 Кәкей Ж. Ақыт ақын туралы, Ақыт Үлімжіұлы, құрастырушылар Ж. Кәкей, Қ.Қабидаш, Өлгий. 1994. – 350 бет.,
- 54 Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы (Ежелгі түркі поэзиясы жжәне қазақ әдебиеті бастаулары). – Астана: Елорда, 2000. – 288 бет.
- 55 Күмісбаев Ө. Шығыс шайырлары. III том.– Алматы: «Дәуір». – 2015. – 452 бет.

56 Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі Шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы. Филол.ғ.д. дисс. – Алматы: 1997. – 337 бет.

57 Угур М. Дерман. Мустафа Узун, «бисмилла» //ТДВ энциклопедиясы, Стамбұл, 1992. 5-Т., 528 бет.

58 Топалоғлу Б. Тәуилатул Құран ли Әби Мансур Әл-Матуриди, 10-Т., - 380 бет.

59 Әкімханов А. Әбу Мансур әл-Матуриди және оның «иман» мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары: монография, - Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2019. – 296 бет.

60 Сатершинов Б., Сейтахметова Н., Турганбаева Ж., Жандосова Ш., қатарлы авторлық ұжым. Қазақстандағы діни бірегейліктің инклюзивтілігі мен эксклюзивтілігі мәселелері. Алматы, 2020. – 236 бет.

61 Әділбаев А.Ш. Қазақ салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының ислам шарифатымен үйлесімі: Монография – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 170 бет.

62 Омаров А. Шәкәрімнің діні. Шәкәрімтану мәселелері, 4 том, - Аматы: Раритет, 2007. – 304 бет

63 Қалиұлы Ә. Ақыттың өлеңдері мен толғаулары туралы. Ақыттану жинағы. Іле халық баспасы. 2012. – 407 бет

64 Үлімжіұлы А. Шығармаларының толық жинағы: екі томдық. – Күйтің, 1999. Т-2. - 685 бет

65 Қайратұлы Б. Алтай-Қобданы адақтаған Абай Қасымов. Егемен Қазақстан газеті. 01 Маусым, 2020

66 Имам Ғазали. Ихия улумид-дин. Білім кітабы. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2022. – 224 бет

67 Қарымсақов Ақыт Үлімжіұлы. Ақыт Үлімжіұлы шығармалары 4 том. Шыңжаң халық баспасы, 2-Т. 2014. – 584 бет.

68 Қарымсақов Ақыт Үлімжіұлы. Ақыт Үлімжіұлы шығармалары. Төрт том. Шыңжаң халық баспасы, 2014. 4-Т. – 610 бет.

69 Қазақ Совет энциклопедиясы. 1974. 4-Т. – 622 бет

70 Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: «Ана тілі», 1991. – 240 бет.

71 Мәдібаева Қ. Мұхтар Әуезовтің әдебиет тарихын зерттеу еңбегі. ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы. № 4 (138). 2012ж. -272 бет.

72 Омарұлы Б. Зар Заман әдебиеті. Монография (генезис, типология, поэтика). - Астана: Елорда, 2005. – 372 бет.

73 Күржіманұлы Қ. Мұрат Мөңкеұлы шығармалары – Алматы «Нұрлы Press.kz», 2014. - 288 бет.

74 Қанайұлы Ш. шығармалары: Толғаулар, айтыстар, дастандар. Шортанбай мұрасы: сын-зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2013. – 384 бет.

75 Türkiye Diyanet Vakfı İslam Ansiklopedisi. - İstanbul. 24-Т. – 560 sayfa.

76 Кәпұлы Д. Қалам, сия-көз жасы. Ақыт Үлімжіұлының шығармашылық тұлғасы. Астана, 2018. – 184 бет.

- 77 Кірішбаев А. Ақыт үлімжіұлының жасампаздығы жайында. Ақыттану жинағы. Іле халық баспасы. 2012. – 407 бет.
- 78 Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы Шығармаларының 9 томдық толық жинағы. – Астана: «Сарыарқа», 2013. – Т. 9. – 520 бет.
- 79 Қара Ә. Атақты ақын Ақыт қажы. (2019). [Электронды ресурс]. - URL:<https://erjanibek.kz/archives/4188> (жүгінген күн: 20.11.2024).
- 80 Ержан Қ.С. Матуриди ақидасы. Көкжиек-Б баспасы, 2011. – 176 б
- 81 Кенжетәев Д.Т. Қазақ мұсылмандығы және оның қалыптасу алғышарттары: Монография – Астана. 2018. – 248 бет.
- 82 Нуриддин ас-Сабуні. Матуридия ақидасы (әл-Бидая мин әл-кифая фи әл-әидая фи усул ад-дин), - Алматы-2020. 200 бет.
- 83 Үлімжіұлы А. Жиһаншаһ. Құрастырған: Ж. Шәкенұлы, Қ. Нұртазақұлы.- Алматы. – 2007. – 284 бет.
- 84 Топалоглу Б. Ислам теологиясы. Кіріспе. ауд.: Н.Бәйтенова, С.Абжалов. Алматы. 2014. – 276 бет.
- 85 Үлімжіұлы А. Жиһаншаһ: жыр, толғау, қисса-дастандар. – Баян-Өлгий, 1994.
- 86 Ақыт Үлімжіұлы шығармалары. II том. Іле халық баспасы-1999. – 685 бет.
- 87 Самитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. - Алматы: атажұрт, 2000. – 309 бет
- 88 Құран Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма. Ауд: А.Әкімханов, Н.Анарбаев – Алматы, 2018. – 624 бет.
- 89 Жамалов Қ. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік тағылымы. - Алматы, 2003. – 200 бет.
- 90 Файзулла Г.Ф. Сұлтан Велед көзқарасындағы дүниетанымдық және моральдық негіздер: Философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Алматы. 2010. - 26 бет.
- 91 Байтенова Н. Қазақстандағы діндер. - Алматы: Қазақ университеті. 2011. – 244 бет.
- 92 Бұланұлы Ж. Сопылық ілімі: тарихы, мәні және сипаттамасы. – Алматы. 2023 – 464 бет.
- 93 Абусейтова М.Х. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелер 4 том Мұхаммед Садық Қашғари «Тазкира-йи азизан». Алматы «Дейк-Пресс» 2006, 658 бет.
- 94 Nasrullah B. Büyük islam velisi Muhammed Bahaeddin Şah Nakşibendi hayatı şahsiyeti menkibeleri. İstanbul. 1966. – 144 sayfa.
- 95 Зәріпбай О. Сопы Аллаяр «Сәбатул Ажизин» және Тажүддин Жалшықұл «Рисалаи Азиза» кітаптары, Шымкент: «Ғасыр-ш». 2007. – 360 бет.
- 96 Мухаммад Содик Мухаммад Юсуф. (2011) Тасаввуф хақида тасаввур. - Тошкент: «sharq» нашриёт – 280 бет.

- 97 Мырзақұлов Б.Т. Ақыт Үлімжіұлының «Ғазиз пірлер естелігі (Манакиб пирон ғазизан) кітабының текстологиялық мәселелері. Керуен журналы. №4, 77-Т., 2022. – 340 бет
- 98 Суфизм в Центральной Азии (зарубежные исследования): сборник статей памяти Фритца Майера (1912–1998) / Сост. и отв. редактор А. А.Хисматулин. СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2001. - 394 стр.
- 99 Ақыт Үлімжіұлы шығармаларының толық жинағы: екі томдық. Кония. Т-2. 2011. – 594 бет.
- 100 Рахимов К. Тарикат хваджаган-накшбандийа и семь пиров / пер. с узбек. яз. И.Р. Гибадуллина. – Казань: ИД «МеДДоК», 2020. – 180 стр.
- 101 Татанайұлы А. Тарихи дерек, Келелі кеңес. – Алматы. 2023. – 134 бет.
- 102 Жанасұлы М.Ш. Алтай қазақтарының дін тұтқасы – Мұхаммед Мүһмин хазірет шежіресі. – Нұр-Сұлтан: Өрнек баспасы, 2020. – 166 бет.
- 103 Ebu Davut Suleyman. Es-Sünen. - İstanbul, 1981
- 104 Әл-Мунзири. Мұхтасар Сахих Муслим. 2 томдық. Ауд.: Қ.Спатай. – Алматы: 2013. Т. 2. -780 бет.
- 105 Мухитдинов Р.С. Қазақ тіліндегі ислам діні сөздерінің қолданылу тарихы: Монография. 7 том. – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. –260 бет.
- 106 Ән-Нәсәфи, Әбу Маймун ибн Мұхаммед. Бахрул Кәлам. Дарул фатх. 2014. 265
- 107 Гусейнов А.А., Апресян Р.Г. Этика. – М.: Гардарики, 2000. – 472 стр.
- 108 Аристотель. Соч., в 4 т. М., 1983. Т-4. – 357 стр.
- 109 Абай. Қара сөз. Книга слов. – Алматы: Атамұра, 2016. – 200 бет.
- 110 Кант И. Основы метафизики нравственности // Кант И. Соч. в 6 т. М., 1965. Т. 4 (1). – 274 стр.
- 111 Ғабитов Т.Х. Қазақ этикасы және эстетикасы. Жиырма томдық. 12-том. Астана: Аударма, 2007. – 455 бет
- 112 Bulut Halil İbrahim. Semavi dinlerin ortak ahlak ilkeleri ya da evrensel değerler. Yakın doğu üniversitesi ilahiyat fakültesi dergisi, Yıl 1, Cilt 1, Sayı 1, 2015, 145 sayfa
- 113 Қазақстан Мұсылмандары Діни басқарамасы. Сопылық, - Астана. «Муфтият баспасы», 2023. – 384 бет.
- 114 Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед Әл-Ғазали. Манахиж әл-Ғабидин. Каир: Икра, 1978.
- 115 Сандыбаев Ж.С. Әбу Хамид Әл-Ғазалидің «ахлақ» ілімі: - Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2019. – 240 бет.
- 116 Оқанұлы С. Зекет - Алматы: «Көкжиек» баспасы, 2020. – 88 бет.
- 117 Dönmezer İ. Ailede İletişim ve Etkileşim. 6. Baskı. Ankara, 2009. - 208 sayfa
- 118 Мұтанов Ғ., К. Таджикова К., Ш. Хасанов Ш., т.б. Әл-Фараби және қазіргі заман. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 239 бет.

- 119 Палтөре Ы., Сандыбаев Ж. Толық адам. – Нұр-Сұлтан: «Муфтият баспасы», 2022. – 384 бет
- 120 Сейтахметова Н.Л. Философия исламского образования: история и современность. – Алматы, 2009.
- 121 Кабылова А.С. Әбу Насыр Әл-Фараби мен Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн: тарихи-философиялық сабақтастық. филос.ғ.д. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010.
- 122 Azizüddin Nesefi. İnsan-ı Kamil. 2.Baskı. İstanbul. - 2009. –254 sayfa
- 123 Шығыс Философиясы. Құраст.: Ә.Нысанбаев – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2009. – 480 бет
- 124 Жанбозұлы К. Ақыттың ағартушылық идеясы. Ақтану жинағы. Іле халық баспасы. – 407 бет
- 125 Hamdi Yazır Elmalılı Muhammed. Nak dini Kur'an dili. 2. cilt. – İstanbul, 2021. - 1024 sayfa
- 126 Ержан Қ., Махмет М. Діни білім беру орталықтары: кеше және бүгін. Исламтану және араб филологиясы мәселелері: Халықаралық ғыл.-тәжірибелік конференция материалдары. Т-13. – Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы, 2014. – 262 бет.
- 127 Namidullah M. İslam'a Giriş. Ankara: Beyan yayınları. - 2003. – 368 s.
- 128 Дербісәлі Ә. «Қазақстанның мешіттері мен медреселері», «Аруна» баспасы, - Алматы, 2009. – 495 бет.
- 129 Әділбаев А., Әділбаева Ш. Әбу Ханифа және ханафи мәзһабы. Алматы, 2014. – 400 бет.
- 130 Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. Алматы, 1964. – 265 бет.
- 131 Муминов А.К. Ислам в Центральной Азии: особенности в кочевой среде. Урбанизация и нomaдизм в Центральной Азии: история и проблемы. Материалы конференции. Алматы: Дайк-Пресс. 2004 – 116 стр.
- 132 Құдайбердіұлы Шәкәрім шығармаларының бір томдық жинағы. Жол табалық ақылмен.- А.,: Халықаралық Абай клубы, 2006.- 734 бет.
- 133 Әбдірәсілқызы А. Қазақтың ақидасы. Исламтану және араб филологиясы мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы. – 2014, –261 бет.
- 134 Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. - Алматы. – 2014, –80 бет.
- 135 Литературная энциклопедия терминов и понятий. гл. ред. и сост. А.Н. Николюкин; Рос. акад. наук, Ин-т науч. информ. по обществ. наукам. – [2-е изд., типовое]. – Москва: Интелвак, 2003. – 1596 стр.
- 136 Омарова Г. 2014. Творческое созвучие Абая и Акыта [Электронды ресурс]. URL: <https://mysl.kazgazeta.kz/news/2703> (жүгінген күн: 20.11.2024).
- 137 XV-XVIII asırlardaki Kazak Edebiyatı. Akit Ulimciuli. [Электронды ресурс]. URL:<https://ekitap.ktb.gov.tr/TR-78579/xv-xviii-asırlardaki-kazak-edebiyati.html> (жүгінген күн: 20.11.2024ж).
- 138 Сейтбеков С. Иман негіздері - Алматы; Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. - 376 бет.

- 139 Ахметбекова А. Қазақ дүниетанымы және ислам. Исламтану және араб филологиясы мәселелері. Халықаралық ғылыми симпозиум материалдары, Алматы - 2013.Т.10. – 458 бет.
- 140 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. (2024). [Электронды ресурс]. - URL:<https://www.akorda.kz> (жүгінген күн: 20.11.2024ж).
- 141 Әуезов М. шығармаларының елу томдық толық жинағы. 4-том. 1924-1930–Алматы, Ғылым, 2001, – 452 бет.
- 142 Eraydın S., Tasavvuf ve Tarikat, Marmara Üni. İlahiyat Fak. Yay. İst. 1994. – 518 sayfa
- 143 Levend A.S. Ümmet çağı türk edebiyati. Ankara, 1962, - 107 sayfa
- 144 Бабалар сөзі: көп томдық, 1 том. Діни дастандар. – Астана: «Фолиант», 2002. – 448 бет
- 145 Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам «тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы. 2002. – 208 бет.
- 146 Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2010. – 592 бет.
- 147 Он ғасыр жырлайды. Алматы, 2006. – 408 бет.
- 148 Азибаева Б.У. Казахские народные романтические дастаны. Алматы: Ғылым, 1990. - 140 стр
- 149 Имам Әбу Саид әл-Хасан бин әл-Хусейн бин Убайдулла әл-Сукари. Шарх диуан Кағб ибн Зуһаир. Каир, 1950. – 340 бет.
- 150 Öz Ş. İlk siyer kaynakları ve muellifleri. İstanbul, 2008. - 549 sayfa.
- 151 Пазылов Ә. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы Мұхаммед Пайғамбар бейнесі. [Электронды ресурс]. URL: <https://abai.kz/post/85521> (жүгінген күн: 24.11.2024ж).
- 152 Дүйсенбі А. Оңтүстік Қазақстанның аңыздары мен әпсаналары (Отырар – Қаратау аймағы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис. - Түркістан, 2002. - 148 бет.
- 153 Давутоғлу А., Сахих-и Мүслим аудармасы және түсіндірмесі, Sönmez Neşriyat, Стамбул 1979.
- 154 Алтынсарин Б. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Ақтөбе, 2014. – 64 бет.
- 155 Сахих әл-Бұхари. ауд.: Қ. Спатай. - Алматы, 2018. – 752 бет.
- 156 Мырзаханұлы Ж. Ақыт жасампаздығындағы дәуір тынысы. Ақыттану жинағы. Іле халық баспасы. 2012. – 407 бет.
- 157 Каримуллин А. Казакъ телендәгы басмалар, китап дөнясына сәяхат (Татар басма сүзнең сәхифәләреннан). Қазан, 1979. – 144 бет.
- 158 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том. Ойлар мен толғаныстар – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 210 бет.
- 159 Сейтұлы Қ., Нұрманбетұлы Е. Аллаға иман. – Алматы, 2017. – 120 бет.
- 160 Сейфуллин Д. Көркем мінез: - Алматы, Мұнара баспасы, 2018. – 408 бет.

- 161 Яссауи А. Диуани хикмет: Отбасы хрестоматиясы. Алматы, 2021. – 144 бет.
- 162 Жақсылықбаева Р. Әбу Насыр Әл-Фараби шығармаларында мораль, мінез-құлық, әдептілік нормаларының дәйектелуі. ҚазҰУ хабаршысы. журналистика сериясы, 2011. №2. – 249 бет.
- 163 Aydinli Y. Farabî ve Bağdat Meşşâî Okulu. İslâm felsefesi -tarih ve problemler – 6. bs. – Ankara : Türkiye Diyanet Vakfı, 2018. 879 sayfa
- 164 Әбу Насыр Әл-Фараби. Бақытқа жету жайында. – Алматы, Қазақ Университеті. 2020. – 68 бет.
- 165 Нагорная Н. Телепатия. Секрет чтения мыслей. «Абсолют-Юни», 2017. – 256 стр.
- 166 Сандыбаев Ж.С., Абжалов С.У. Әл-Фарабидің философиясындағы «бірінші басшы» концепциясы. ҚазҰУ Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. №2 (72). 2020. - 242 бет.
- 167 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLIII том / А. Машанов. Әл-Фараби және Абай: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 254 бет.
- 168 Окан С. Үкім аяттардың тәпсірі: Монография – Астана: 2018. – 120 бет.
- 169 Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы, 1995. – 212 бет.
- 170 Джавелидзе Э.Д. У истоков турецкой литературы. Джалаладдин Руми: (Вопросы мировоззрения). - Тбилиси. 1979. – 302 стр.
- 171 Кенжетай Д. Кожа Ахмет Ясауи дуниетанымы. - Алматы: «Арыс», 2008. – 360 бет.
- 172 Шәкәрім. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: «Ел-Шежіре», 2008. – 480 бет.
- 173 Имам Ғазали. Ихия улумид-дин. Білім кітабы. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2022. – 224 бет.
- 174 Хусамуддин Әс-Сығанақи. Әт-Тәсдид фи шарх әт-тәмһид. Алматы, Нұр-Мұбарак баспасы, 2021. – 570 бет.
- 175 Байтұрсынұлы А. Шығармалары. 1 том. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 бет.
- 176 Köknel Ö. Kaugıdan mutluluğa kişilik. Altın Kitaplar Yayınevi. - İstanbul. – 431 sayfa
- 177 Әбу Абдуррахман әс-Сулами. Нәпсі дертінің дауасы. ауд: Б. Әлиұлы. – Алматы, 2021. – 170 бет.
- 178 Саттарұлы С. Қожалар шежіресі. – Алматы, 2016. – 672 бет.
- 179 Үлімжіұлы А. Қисса-и «Манақиб пирон ғазизан». Қазан университеті баспасы. – 1909. – 35 бет.

